

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

---

10

ОКТЯБРЬ

1959

АЛМАТЫ

КАЗАҚСТАННЫҢ КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР БАСПАСЫ

# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIX ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 10

О К Т Я Б Р Ъ

1959

## М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Коммунизмнің жеңісіне қарай алға басайық . . . 3

Н. ЖАНДІЛДИН — Интернационалдық тәрбиенің кейбір мәселелері 10

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚАРСАҢЫНДА

К. МАКИН — Істің тағдырын ұйымдастырушылар шешеді . . . 25

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

XVII тарау — Партияның халық шаруашылығын мықтап көтеру, социализм құрылысын аяқтау жолындағы күресі (1953—1958 жылдар) 32

Қ. ЕГІЗБАЕВ — Ұлы достық (Қытай Халық Республикасының он жылдығы) 90

М. ФАЗЫЛОВ — Неміс жұмысшылары мен шаруаларының тұңғыш мемлекеті 95

## СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ш. ЕСМҰРЗАЕВ — Сәбит Мұқановтың Қытай туралы очерктері 100

Т. ШЕҢГЕЛОВ — Насихатшыларды тәрбиелеу тәжірибесінен 104

С. ДОСЫМБЕКОВ — Қазақ ССР Конституциясы туралы кітапша 106

## БАСПАСӨЗГЕ ШОЛ

Тянақты желі, байсалды сын жоқ . . . 107

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ 111

## ТЕРМИН СӨЗДЕРГЕ ТҮСІНІК

Әлеуметтік-экономикалық терминдер . . . 112

## СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ—Вперед, к победе коммунизма . . . . . 3

Н. ЖАНДИЛЬДИН — Некоторые вопросы интернационального воспитания . . . . . 10

### НАВСТРЕЧУ ПЛЕНУМУ ЦК КПСС

К. МАКИН — Успех дела решают организаторы . . . . . 25

### ИСТОРИЯ КОММУНИСТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ СОВЕТСКОГО СОЮЗА

Глава XVII — Борьба партии за мощный подъем народного хозяйства,  
за завершение строительства социализма (1953—1958 годы) . . . . . 32

К. ЕГИЗБАЕВ—Великая дружба (к десятилетию КНР) . . . . . 90

М. ФАЗЫЛОВ — Первое в истории Германии социалистическое го-  
сударство . . . . . 95

### КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

Ш. ЕСМУРЗАЕВ — Очерки Сабита Муканова о Китае . . . . . 100

Т. ШЕНГЕЛОВ — Из опыта воспитания пропагандистских кадров . . . . . 104

С. ДОСЫМБЕКОВ — Брошюра о Конституции Казахской ССР . . . . . 105

### ОБЗОР ПЕЧАТИ

Мимо главного . . . . . 107

Хроника партийной жизни . . . . . 111

Краткие объяснения социально-экономических терминов . . . . . 112



# Коммунизмнің жеңісіне қарай алға басайық

Енді біраз күндерден кейін жасампаз совет халқы, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері, күллі прогресшіл адамзат Ұлы Октябрьдің даңқты 42 жылдығын тойлайды. Газеттерде КПСС Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 42 жылдығына арнаған Ұрандары жарияланды. Бұл жалынды Ұрандар жер-жерде еңбек өрлеуін туғызып, халқымызды қуаныш-шаттыққа бөледі.

Бұдан 42 жыл бұрын Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі нәтижесінде Россияда капитализм күйретіліп, адамзат тарихында жаңа заман — социализм мен коммунизм заманы басталды. Еңбекшілердің ғасырлар бойғы көкейтесті арманы жүзеге асып, олардың қолы бостандыққа, бақытқа жетті. Біздің елде адамды адам қанауы атымен жойылды, сөйтіп саяси, экономикалық, ұлттық езгі мәңгі келмеске кетті. Россия халықтарының кеудесін кере, еркін дем алып, рахат дәурен сүргеніне, шат-шадыман тұрмысқа қарық болғанына аттай 42 жыл.

Жұмысшылар мен шаруалар өкіметті өз қолына алып, дүние жүзінде тұңғыш социалистік мемлекет құруға кіріскен кезде буржуазиялық қоғамның идеологтары мен саясатшылары «Совет өкіметі бірнеше айдан кейін құлайды» деп сәуегейлік соққан еді. Бірақ олардың сәуегейлігінен түк шыққан жоқ. Совет мемлекеті талай қиян-кескі шайқастарда ішкі-тысқы жауларын қирата жеңіп, міне 42 жылдан бері биік жартастай мызғымастан тұр.

42 жыл — тарих үшін өте аз уақыт. Бірақ осы қысқа мерзім ішінде Совет Одағы өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы жанжақты күшті дамыған, мәдениеті шарықтаған ең қуатты мемлекетке айналды. Ол енді дүние жүзіндегі ірі капиталистік ел — Америка Құрама Штаттарымен тайталасып отыр. Жан басына өнім өндіру көлемі жөнінен Американы қуып жетіп, басып озу — Совет Одағының негізгі экономикалық міндеті.

Совет Одағының бұл қырық екі жыл ішінде қол жеткен табыстары ұшан-теңіз. Біздің ел кәзір жасанды жер серіктері мен космос ракеталарының, атом мұз жарғышының елі, ол — социализм толық та түпкілікті жеңген ел.

Әсіресе 1959 жылдың орны ерекше. Биылғы жыл туысымен-ақ бірінші космос ракетасы ұшырылды да, ол күн серігі болып кетті. 14 сентябрьде ұшырылған екінші космос ракетасы тұн-тура айға жетті. «Советтік Социалистік Республикалар Одағы. Сентябрь, 1959 жыл» деген жазуы, Совет Одағының гербі бар жалау айға барып қоныс тепті. Мұның өзі ражап оқиға, адам баласы бұрын-соңды естіп, білмеген таңтамаша жеңіс. Тек Отанымыздың ұлылығы, совет техникасы мен ғылымының күші, совет оқымыстыларының, конструкторларының, инженер-техник қызметкерлері мен жұмысшыларының ақыл-парасаты арқасында ғана мұндай кереметтерге қол жетті. Бұдан екі жыл бұрын — 1957 жылы 4 октябрьде бірінші жасанды жер серігі, оның ізінше екінші жер серігі ұшырылған еді. 1958 жылдың 15 майында ұшырылған үшінші серік міне күні бүгінге дейін, он жеті ай бойы тоқтаусыз ұшып жүр.

1959 жылы 4 октябрьде радио тағы бір қуанышты хабар әкелді. Үшінші космос ракетасы ұшырылды, оның планетааралық автоматты

станциясы бар. Бүкіл әлем совет халқының асқан ғылыми ерлігіне тағы да қайран қалды. Сөйтіп, аспан кеңістігін адамның игеру дәуірі — біздің дәуіріміз болып отыр. Совет адамдары үшін жер серіктерінің, космос ракеталарының ұшырылуы — олардың өз Отанын көркейтіп, сәулетті болашақ — коммунизм орнату жолындағы, баянды бейбітшілік жолындағы қаһармандық күресінде рух беретін қуатты күш.

Дүние жүзінде бірінші атом мұз жарғышы біздің елімізде жасалып, жүзу сапарына шықты. Н. С. Хрущев жолдастың бейнелі сөздерімен айтқанда: «біздің «Ленин» атом мұз жарғышы мұхиттардың мұзын бұзып-жарып қана қоймай, сонымен бірге «қырғиқабақ соғыстың» мұзын да талқандайды».

Сөз жоқ, мұндай кереметтер тек социалистік құрылысқа, совет қоғамына ғана тән. Өйткені біздің Отанымызда өндіргіш күштердің қаулап өркендеуіне, ғылыми-техникалық прогреске кең жол ашылған. Данышпан Ленин, Коммунистік партия бастаған орыс жұмысшы табы Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасап, миллиондардың шабытты еңбегіне, өнерпаздық дарынына зор мүмкіндік туғызды.

Биылғы жылдың тарихи ұлы оқиғасы — Совет Одағы Коммунистік партиясының XXI съезі. Бұл съезд коммунистік құрылысты кең өрістетудің айқын программасын белгілеп берді. Біз ежелгі мақсатымызға — коммунизмге жақындадық. Съезд бекіткен жетіжылдық жоспар — молшылық пен ырыс-дәулет жоспары, бақытты өмір мен бейбітшілік жоспары. Сондықтан да оны бүкіл совет халқы бірауыздан қостады. Еліміздің барлық еңбекшілері жетіжылдық жоспарды жүзеге асыруға алғашқы күннен жұмыла кірісті. Бізде жетіжылдық сәтті басталды. Жетіжылдықтың алғашқы жылы — 1959 жылдың тапсырмалары өнеркәсіп саласында болсын, ауыл шаруашылығында болсын ойдағыдай орындалуда. Москва мен Москва облысының, Ленинград пен Ленинград экономикалық ауданының, Қазак ССР-інің, Свердлов, Горький, Киев тағы басқа ірі экономикалық аудандардың өнеркәсіп орындары жалпы өнім шығару жөніндегі тоғыз айлық жоспарды мерзімінен бұрын орындады.

Владимир Ильич Ленин жас Совет республикасының бастапқы, ең ауыр жылдарының өзінде-ақ егер біз шаруашылықты ақылға салып, үнемді жүргізсек, советтік құрылыстың барлық мүмкіндіктерін пайдаланып, халықтың творчестволық бастамасына сүйеніп отыратын болсақ, онда қоғамның дамуын тездетудің, экономика мен мәдениетті шарықтатып өсірудің капитализм тіпті арман ете алмаған заманы туады деген болатын. Міне сол заман туды.

Алдағы жеті жыл ішінде елімізде жалпы өнеркәсіп өнімі 80 процент артады. Айталық, революцияға дейінгі Россияның машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібі 1913 жылы қанша өнім шығарған болса, 1965 жылы бір күнде сонша өнім шығарылады. 1958 жылы Отанымызда 55 миллион тоннадай болат қорытылып еді, ал жетіжылдықтың аяғында 91 миллион тонна болат қорытылмақ. 1958 жылы 40 миллион тоннадай шойын алдық, ал 1965 жылы 65—70 миллион тонна шойын өндіріледі. Прокат та соншалық болады.

Біздің елде халық шаруашылық жоспарды 1 процент асыра орындау 11 миллиард сом өсім береді. Үстіміздегі жылдың жоспары 5 процент артығымен орындалайын деп отыр. Сонда жыл аяғында шамамен қосымша 50 миллиард сом өсім алмақпыз. Ал жетіжылдықтың аяқ шенінде бір процент өсім 19 миллиард сом болмақшы.

Социалистік ауыл шаруашылығының күрделі табыстары да — Ұлы Октябрь жемістерінің бірі. Көп жылғы тәжірибе колхозды-совхозды шаруашылықтың артықшылығын дәлелдеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы әсіресе КПСС Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумынан кейін тез өрге басты. Соңғы бес жыл ішінде бізде астық көп

өндірілді. Мәселен, 1953 жылы 82 миллион тонна астық өндірілген болса, 1958 жылы 141 миллион тонна астық өндірілді. Коммунистік партияның тың және тыңайған жер игеру жөніндегі саясаты астық молшылығына жеткізді. Соңғы бес жыл ішінде Отанымызда сиыр малы 15 миллион, шошқа 15 миллион, қой-ешкі 30 миллион көбейді. 1959 жылдың сегіз айы ішінде 1953 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда ет 3 есе, сүт 2,3 есе, жұмыртқа 2,2 есе, жүн 2 есе артты. Біздің ауыл шаруашылығымыздың егіс көлемін онан сайын ұлғайтуға, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыруға, мал шаруашылығын жедел өркендетуге мүмкіншіліктері мен резервтері жетеді. Қазір ауыл шаруашылығының еңбеккерлері таяу жылдар ішінде Америка Құрама Штаттарын жан басына мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінен қуып жетіп, басып озу ұранын жүзеге асыруда. Сүт пен сарымайдың жалпы өнімі жөнінен Совет Одағы 1958 жылдың өзінде Америка Құрама Штаттарын басып озды. Ал бидай, қант қызылшасы, жүн АҚШ-тан әлдеқайда көп алынады.

Жетіжылдықтың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы қыруар міндеттері сөзсіз орындалады. Бұған кеменгер Коммунистік партия мен Совет үкіметінің басшылығы, халқымыздың тасқындаған күш-жігері, тамаша еңбек өрлеуі кепіл. Алдыңғы қатарлы кәсіпорындар жетіжылдық тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауға серт берді. Мысалы, Ленинград қаласындағы озат фабрикалар мен заводтардың коллективтері жаңа техниканы енгізу, өндіріс жұмыстарын түгел механикаландырып, автоматтандыру арқылы жетіжылдықтың еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмасын мерзімінен екі жыл бұрын орындап шығуға ұйғарды. Озат колхоздар мен совхоздар жетіжылдықтың ауыл шаруашылығы саласындағы міндеттерін бес жылда орындаймыз деп жарыс бастады.

Ұлан байтақ Отанымыздың түпкір-түпкірінде коммунистік еңбек бригадаларының қатары көбейіп келеді. Коммунистше еңбек етіп, коммунистше өмір сүру ұранымен жұмыс істеп, еңбекте де, тұрмыста да үлгі-өнеге көрсетіп жатқан өрендерді қалайша мақтан етпессің. Жүздеген адам Социалистік Еңбек Ері Валентина Гаганованың патриоттық бастамасын құптап, артта қалған жұмыс учаскелеріне баруда. «Кішкентай бұлақтардың керемет үлкен, суы мол өзендерге келіп құйылатыны сияқты, миллиондаған жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенттердің еңбегі де халықтың творчествосын айдын-шалқар мұхиттай шалқытуда» (Н. С. Хрущев).

Ұлы Октябрь социалистік революциясы марксизм-ленинизмнің жеңімпаз туы астында жеңіске жетті. Марксизм-ленинизм ілімі, социализм мен коммунизм идеялары дүние жүзінің еңбекшілеріне революциялық ықпал жасауда, отар елдердің бостандық, тәуелсіздік жолындағы күресінде шам-шырақ болуда.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы—социалистік революциялар туралы лениндік теорияны іс жүзіне асырудың асқан үлгісі. Ұлы Октябрь жұмысшылар мен шаруалардың одағынсыз, пролетариат диктатурасынсыз ешқандай революция жеңіске жете алмайтынын көрсетті. Октябрь революциясының басқа қандай да болсын революциялардан айырмашылығы сол, мұнда жұмысшылар өз өкімет органдарын құрды, революциялық өкімет билігінің жаңа формасы—жұмысшы шаруа депутаттарының Советтері пайда болды.

Ұлы Октябрь революциясы дүние жүзі тарихына, адамзат тағдырына орасан зор ықпал жасады. Орыс революциясы империализмнің шынжырын үзіп, дүниежүзілік капиталистік системаны әлсіретті, сөйтіп басқа да елдердің социалистік қоғам құруына даңғыл жол ашты. Социализм жолы—барлық адамзат үшін бірден-бір дұрыс жол екенін Ұлы Октябрінің 42 жылдық тарихы дәлелдеп отыр. Келешек—комму-

низмдікі. Күндердің күнінде бүкіл дүние жүзінде коммунизм туы жел-бірейтінінде сөз жоқ,

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін социалистік елдердің қуатты лагері құрылды. Қазір Совет Одағы бастаған социалистік елдердің бір миллиардқа жуық халқы марксизм-ленинизм туы астында жаңа өмір, социалистік, коммунистік қоғам орнатып жатыр. Бұл елдер Ұлы Октябрь революциясының тәжірибесімен жұмысшылар мен шаруалардың берік одағын құрды, бұл одақтың үстемдігін орнатты. Қытай Халық Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Польшаның, Албанияның, Румынияның, Чехословакияның, Венгрияның, Болгарияның, Монғолияның, Корей Халық-Демократиялық Республикасының, Вьетнам Демократиялық Республикасының еңбекшілері қайыршылық, жоқшылық, жұмыссыздық дегенді білмейді, олар коммунистік, жұмысшы партияларының басшылығымен өз елдерінің экономикасы мен мәдениетін шапшаң өрге бастырып, социалистік даму жолына түсті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін қытай халық революциясының жеңісі адамзат тарихындағы аса зор оқиға болды, қытай тарихында жаңа заманды бастады. Қытай Халық Республикасының құрылуы—марксизм-ленинизм ілімінің тамаша салтанаты. Маркстік-лениндік теорияны басшылыққа ала отырып, оны өз елінің нақты жағдайларына творчестволықпен қолдана отырып, Қытай коммунистік партиясы 650 миллион халықты социализмнің толық жеңісіне қарай батыл бастап келеді.

Екі ұлы халық — совет халқы мен қытай халқы айнымас дос. Қанқұйлы империалистер мен олардың итаршылары — ревизионистер социалистік елдердің арасына іріткі салғысы, ең алдымен совет және қытай халықтарының мызғымас берік достығын бұзғысы келеді. Бірақ бұл достықты ешкім бұза алмайды. Социалистік елдердің туысқандық одағы, халықаралық пролетарлық ынтымақ, коммунистік және жұмысшы қозғалысының бірлігі — халықтардың коммунизм жолындағы күресінде мықты тірек.

Ұлы Октябрь революциясының тарихи маңызы халықтарды бейбітшілікке бастауында. Совет өкіметі орнасымен-ақ оның алқызыл туына бейбітшілік ұраны жазылды. Владимир Ильич Ленин қол қойған тұңғыш тарихи документтердің бірі Бейбітшілік декреті болатын. Сөйтіп Совет мемлекеті өзінің құрылған күнінен бері бейбітшілік жолында табанды күрес жүргізіп келеді.

Ұлы Октябрь екі системаның — социалистік және капиталистік системалардың — бейбіт қатар өмір сүруіне жол салды. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ В. И. Ленин әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принципін ұсынып, теориялық жағынан дәлелдеді. Бейбіт қатар өмір сүрудің осы лениндік принципі— Совет Одағы сыртқы саясатының сара жолы.

Біздің заманымыздың бейбітшілік пен прогресс заманы болатынында күмән жоқ. Бұл күндері КПСС Орталық Комитеті былай деп ұран тастап отыр:

**—Барлық елдердің халықтары! Бейбітшілікті сақтап, нығайту— заманымыздың басты мәселесі! Баянды бейбітшілік және халықтар арасындағы ынтымақ үшін күресіңдер!**

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің басшысы, бейбітшілік жолындағы қажырлы күрескер Никита Сергеевич Хрущев жолдастың осы жылы сентябрьде Америка Құрама Штаттарына жасаған тарихи сапары — халықаралық шиеленісті бәсеңдетуде, баянды бейбітшілік орнатуда, екі мемлекет арасындағы қатынастарды жақсартта беруде, «қырғиқабак соғысты» жоюда аса маңызды қадам. Сонымен бірге бұл— Совет Одағы мен социалистік елдердің бейбітшіл сыртқы саясатының жаңа көрінісі. Он үш күн бойы бүкіл адамзат Совет үкіметі басшысы-

ның сапарына құлақ тігіп отырды. Н. С. Хрущев жолдас Американың ірі қалаларында: Вашингтонда, Нью-Йоркта, Сан-Францискода, Лос-Анжелоста, Питтсбургта, Де-Мойнда сөйлеген сөздерінде америка халқына Совет Одағы мен социалистік елдер туралы шындықты жеткізді, социализмнің ұлы табыстарын айтты, Совет үкіметінің бейбітшілік сүйгіш саясатын түсіндірді. Екі елдің басшысы бірқатар халықаралық өзекті мәселелерді талқылады. Н. С. Хрущев жолдас солардың бәрінде қару-жаракты қысқарту, бейбіт қатар өмір сүру, дүние жүзінде тыныштық орнату мәселелерін алға тартты. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында сөз сөйлеп, Совет үкіметінің атынан қару-сыздандыру туралы ұсыныстар жасады. Бұл ұсыныстардың түйіні: барлық қарулы күштерді тарату, соғыс техникасын, қару-жарактын барлық түрін және соғыс запастарын құрту; ядролық қаруларға толық тыйым салып, олардың запастарын жою; ракета қаруының барлық түрін, оның ішінде соғыс мақсатына арналған космос ракеталарын жасауды толық тоқтатып, құрту; химия және бактериология қаруларына тыйым салу. Міне бұл нағыз бейбітшілік сүйгіш елдің ұсыныстары, бұл сайып келгенде қырғын соғыс болдырмауды, халықтардың бақытты өмір сүруін көздейтін ұсыныстар.

Еңбекшілер бұқарасының шын бақытты өмірге, рахат тұрмысқа қолы тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана жетті. Халықтың әл-ауқат күйін, материалдық тұрмыс халін жақсарту, адамға әрдайым қамқорлық жасау — Коммунистік партияның биік мақсаты.

Совет елінде еңбекші халықтың әл-ауқат дәрежесі шапшаң көтеріліп келеді. Совет өкіметі орнағаннан бергі 42 жылдың 20 жылға жуығы империалистер душар еткен қантөгіс соғыспен және соғыстан кейін бүлінген, қираған шаруашылықты қалпына келтірумен өтті. Бірақ соған карамастан еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі үздік жақсарды. Сан миллион совет халқы социализм мен коммунизмнің ең жақсы тұрмысқа жеткізетінін өз көздерімен көріп отыр. Бізде әрбір адам өзі үшін еңбек етеді, сонымен бірге туған Отанына пайда келтіреді. Бізде капиталистер жоқ. Завод, фабрикалар, жер байлығы, — бәрі де халық игілігінде. Совет адамдары жұмыссыздық дегенді білмейді, қайта бізде жұмыс адамды іздейді.

Совет Одағында тұрғын үй құрылысы кең өріс алуда. Таяудағы жеті жыл ішінде қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жалпы көлемі 650—660 миллион шаршы метр тұрғын үй салынады. Егер пәтермен есептесек, жетіжылдықта — қалаларда 15 миллион пәтер, селолық жерлерде жеті миллион үй салынғалы отыр. Мұның өзі Американың ірі қалаларының бірі Сан-Франциско сияқты жаңадан 50 қала орнайды деген сөз.

Социализм елінде материалдық игіліктердің молаюымен бірге халықтың тұтыну дәрежесі арта береді. Өйткені халық күннен-күнге ауқатты, сәнді тұрғысы келеді. Кәзіргі уақытта Коммунистік партия мен Совет үкіметі ет, май, сүт молшылығын жасауға барынша күш салып отыр. Соңғы алты жыл ішінде қала тұрғындарына ет үш есе, сүт екі еседен артық көп сатылғанын айтсақ та жеткілікті.

Патшалық Россия тұсында халықтың 80 проценттейі сауатсыз болған еді. Ұлы Октябрь жемістерінің нәтижесінде біздің елде сауатсыздық деген мүлдем жойылды. Совет Одағында кәзір әрбір төртінші адам оқиды. Барлық балалар мектепке тартылған. Мектептер мен институт үйлерін салуға жұмсалған қаржыда қисап жоқ. Бізде оқу тегін, қайта студент жастар мемлекеттен стипендия алады. Биылғы оқу жылынан бастап жүзеге асырылып жатқан халық ағарту жүйесін қайта құру ісі оқуды өмірмен байланыстырады. Балаларды, жас ұландарды тәрбиелеуден Совет мемлекеті ешнәрсе аямайды. Қаншама балалар бақшасы



мен ясли, пансиондар, мектеп-интернаттар балалар тәрбиесімен шұғылданады десенізші!

Еңбекшілерге дәрігерлік көмек тегін берілетін ел — біздің ел. 400 мың дәрігер совет адамының денсаулығына қызмет етеді. Дүние жүзінің бірде-бір капиталистік елінде мұндай қамқорлық жоқ. Оларда ауырған, сырқаттанған адам тек ақы төлеп емделеді. Америка Құрама Штаттарында да солай. Совет Одағында жұмысшылар мен қызметшілер, интеллигенттер жыл сайын мемлекет есебінен ақысы төленетін демалыс алады. Совет адамының қайда тынығамын десе де еркі бар. Тамаша санаторийлер мен курорттардың, демалыс үйлерінің есігі шахтерге де, комбайншыға да, малшыға да, мұғалімге де ашық. Қартайғандарды, еңбек мүгедектерін Совет мемлекеті пенсиямен қамтамасыз етіп отырады.

Сан мындаған театрлардың, кино орындарының, клубтардың, кітапханалардың, музейлердің, оқу үйлерінің қызығын еңбекші халық көруде. Кәзір бізде радио қабылдағыштар мен телевизорлар әлдеқайда көп шығарылады.

Коммунистік партияның халық мүддесінен артық мүддесі жоқ. Мұның бір айғағы — қысқартылған жұмыс күні. Жетіжылдық жоспар орындалғанда біздің елімізде дүние жүзіндегі ең қысқа жұмыс күні, ең қысқа жұмыс аптасы болады. Ұлы Октябрь революциясы еңбекшілер бұқарасына саяси бостандық әперумен бірге, олардың еңбек ету, тұрмыс жағдайларын да әбден жақсартты. В. И. Ленин қол қойған алғашқы декреттердің бірі сегіз сағаттық жұмыс күні туралы декрет болатын.

Жақында КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің және Кәсіподақтары Бүкілодақтық Орталық Советінің «Жұмысшылар мен қызметкерлерді қысқартылған жұмыс күніне көшіру және жалмақыны тәртіптеуді аяқтау мерзімдері туралы» қаулысы жарияланды. Бұл қаулы бойынша 1959—1960 жылдар ішінде жұмысшылар мен қызметкерлердің бәрі жеті сағаттық жұмыс күніне (ал жерасты жұмыстарында алты сағаттық жұмыс күніне) көшіп болады.

Қысқартылған жұмыс күніне көшкенде жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы кемімейтіні былай тұрсын, қайта едәуір арта түседі, әсіресе ақыны аз алатындардың жалақысы көбейтіледі. Қысқартылған жұмыс күнінен совет адамы көп пайда көреді. Бәрінен бұрын ол өзінің өмірлік қажеттерін өтеуге мүмкіндік алады. Мәдени дәрежесін көтеруге, рухани жағынан өсіп, өнер-дарынын шарықтатуға, қоғамдық, үй іші қызметін атқаруға оның уақыты көп болады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының арқасында бұрын артта қалған аз ұлттар тарихи қысқа мерзім ішінде экономика мен мәдениет жағынан қарыштап дамып, алға кетті. Мұны Қазақ ССР-інің мысалынан айқын көруге болады. Кәзіргі Қазақстан — бұрынғы Россияның надандық пен қаранғылық жайлаған мешеу өлкесі емес, ол — қуатты өнеркәсібі, көп салалы ауыл шаруашылығы бар алдыңғы қатарлы республика. Совет өкіметі тұсында Қазақстанда ауыр индустрия орталықтары құрылды, оның кәзір қара және түсті металлургия, машина жасау, көмір, мұнай, химия, жеңіл, тамақ өнеркәсібі бар.

Социалистік ауыл шаруашылығының табыстары да қуанарлық. Коммунистік партияның тың және тыңайған жер игеру жөніндегі дана саясаты елімізде астық молшылығын жасауда үлкен көрегендік болды. Соңғы 4—5 жыл ішінде Қазақстанда 23 миллион гектар тың жердің игерілуі — ересен ерлік. Кәзір Қазақстан астық өндіру жөнінен Совет Одағында екінші орынға шықты.

Біздің елімізде барлық ұлттар — орыстар, украиндар, белорустар, қазақтар, өзбектер, грузиндер, түркмендер, латыштар бір-бірімен достату-тәтті тұрады. Достық ынтымағы жарасқан олар бір-бірімен қол

ұстасып, бір сапта коммунизмге бара жатыр. Қазақстандағы қыруар істер, заводтар мен фабрикалар, рудниктер, электр станциялары Коммунистік партия топтастырған орыстар мен қазақтардың, басқа да халықтардың қоян-қолтық еңбегімен салынды. Тың және тынайған жер игеруде қазақ халқына орыстар мен басқа да ұлттар туыскандық көмекке келді.

Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті гүлденіп, көркейді. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Қазақстанда ұлттық интеллигенция өсіп жетілді. Бұрынғы көшпелі қазақтар — кәзір инженер, техник, оқытушы, дәрігер, жазушы, ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері. Революциядан бұрын халқы түгелдей дерлік сауатсыз болған республикада кәзір 9 мыңнан аса мектеп, 27 жоғары оқу орны, 145 техникум, ондаған театр, ұлттық киностудия, мыңдаған кітапхана мен клуб, Ғылым академиясы, Ауылшаруашылық ғылым академиясы, Құрылыс және архитектура академиясының филиалы бар, жүздеген газет-журнал шырып тұрады. Қазақ әдебиеті мен көркемөнері совет өкіметі тұсында биік белеске көтерілді.

Таяудағы жетіжылдықта Қазақстанның экономикасы бұрын болып көрмеген дәрежеде өрге басады. Жетіжылдық жоспар — лениндік ұлт саясатының тағы бір жарқын көрінісі. 1959 — 1965 жылдары республикамызда қара металлургияның жалпы өнімі 9,6 есе, темір рудасын шығару 2,1 есе, болат қорыту 17,8 есе артады. Жетіжылдықта Қарағанды металлургия заводы, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты салынып бітеді. Сол сияқты Павлодар комбайн, алюминий заводтары, Торғай боксит руднигі—жетіжылдықтың күрделі құрылыстары.

Алдағы жылы Қазақ Советтік Социалистік Республикасына қырық жыл толады. Бұл — қазақ халқының үлкен мерекесі. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Қазақ ССР-інің қырық жылдығына әзірлену және оны мейрамдау туралы қаулы алды. Қазақстан еңбекшілері өз республикасының қырық жылға толу мерекесін жетіжылдықтың екі жылының жоспарын орындап, лайықты табыстармен қарсы алуға тиіс.

Ұлы Октябрьдің 42 жылдығы құрметіндегі социалистік жарыста Қазақстан өнеркәсібі тоғыз айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Астық үшін аттаныста да елеулі табыстарымыз бар. Алматы, Жамбыл, Семей, Шығыс Қазақстан облыстары астық тапсыру жөніндегі міндеттемелерін, Павлодар, Қарағанды, Қызылорда облыстары жоспарын орындап, Отан қоймасына миллиондаған пұт астық құйды.

1959 жылы қол жеткен табыстарымыз көп, бірақ алда жауапты да маңызды міндеттер тұр. Егінді, мақтаны, жүгеріні, картопты, овошты, жемісті бір түйірін жерде қалдырмай жинап алу, мемлекетке астық, ет, сүт, май, жүн тапсыру жөніндегі міндеттемелерді мүлтіксіз орындау, берік жемшөп қорын жасау, сөйтіп КПСС Орталық Комитетінің алдағы Пленумын лайықты табыстармен қарсы алу — бүгінгі күннің басты талабы. Өнеркәсіп қызметкерлері әрбір кәсіпорынның, әрбір цехтың жетіжылдық тапсырмаларын ойдағыдай орындау үшін, еңбек өнімділігін арттыру үшін, өндіріс жұмыстарын түгел механикаландырып, автоматтандыру үшін, артта қалған учаскелерді озаттар дәрежесіне көтеру үшін күресуі керек.

КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыра отырып, барлық күшімізді, барлық жігерімізді коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін орындау жолына жұмсайық.

— Ұлы Октябрь социалистік революциясының 42 жылдығы жасасын!

— Марксизм-ленинизм туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

# Интернационалдық тәрбиенің кейбір мәселелері

Н. ЖАНДІЛДИН,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары*

Коммунистік құрылыстың КПСС ХХІ съезі алға қойған міндеттерін орындауда совет адамының коллективизм мен еңбек сүйгіштік, социалистік интернационализм мен патриотизм, коммунистік адамгершілік сияқты тың қасиеттерін дамытып, оларды реакциялық идея мен салт-сананың қандай да болмасын көріністеріне төзбеушілік рухында тәрбиелеуде идеологиялық жұмыс маңызды роль атқарады. Әңгіме келешектің, коммунистік қоғамның адамын тәрбиелеу жайында болып отыр. Бұл міндет ең алдымен барлық еңбекшілердің жоғары саналы болуына жетуді, оларды мәдениеттің ұлы жетістіктерімен кенелтуді, адамдардың тұрмысы мен санасында ескі, қанаушы қоғамнан мұра болып қалған сарқыншақты толық жоюды көздейді.

Дамылсыз күрес жүргізуді қажет ететін ескірген құбылыстарға ұлттық қарым-қатынастың, ұлттық мәдениеттің дамуының маңызды мәселелерін түсінудегі ұлттық тұйықтық, өзінің қызметінде ең алдымен жалпы мемлекеттік, интернационалдық ой-пікірді басшылыққа ала білмеу немесе басшылыққа алғысы келмеу қосылады. Бұл өте ұнамсыз қылық енді адамдардың тек шағын тобына ғана тән. Бірақ, солай бола тұрса да, олар еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне кедергі жасайды. Сондықтан біздің кадрларымызды, бүкіл интеллигенцияны социалистік ұлттар бірлігінің лениндік принциптеріне адал болу рухында, пролетарлық интернационализм мен советтік патриотизм рухында тәрбиелеу — бүкіл идеологиялық жұмыстың маңызды міндеті.

\* \*

\*

Көп ұлтты совет мемлекеті қоғамдық өмірдің аса күрделі мәселелерінің бірін — ұлт мәселесін ең данышпандықпен, ең әділ шешудің үлгісі болды.

Социалистік құрылыстың барысында лениндік ұлт саясатының қалтқысыз жүзеге асырылуы нәтижесінде Совет Одағының барлық халықтары, оның ішінде бұрын артта қалған халықтар да, өзінің экономикасы мен мәдениетінің шын мәнісінде гүлденуіне жетті, тең пайдалыққа, өзара сенушілік пен туыскандық көмекке негізделген құрыштай берік бірлік қалыптасты және ол барған сайын нығаюда. Мысалды алыстан іздеудің керегі жоқ. Ұлт саясатының, туыскандық достықтың және азат халықтардың өзара көмек көрсетуінің лениндік принциптері салтанат құруының тамаша жемістері барлық советтік республикаларда, оның ішінде бізде, Қазақ ССР-інде де бар.

Революцияға дейінгі Қазақстан және қазақ халқы қандай болғаны белгілі. Қазақстанның мол, сарқылмас табиғи байлықтары ғасыр-

лар бойы қозғаусыз жатты. Қараңғы, сауатсыз көшпелі халық өзінің жерінде осындай байлық бар екенін аңғарған да жоқ. Ал білген күнде де оны өз игілігіне пайдалануға шамасы келмес еді.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстан Совет Одағының халық шаруашылығы мен мәдениетінің барлық саласында дерлік үлкен үлесі бар ірі социалистік республикаға айналды. Феодалдық және патшалық езуден Октябрь азат еткен қазақ халқы совет халықтарының туысқандық семьясының тең праволы мүшесі болып, қысқа мерзім ішінде өзінің ғасырлар бойғы артта қалуын жоя білді. Ол бүгін коммунизмнің сәулетті сарайын салып жатқан алдыңғы қатарлы социалистік ұлттардың сапында келеді.

Қазақ халқы кәзір өзінің мақтанышына айналған барлық табыстары үшін ең алдымен Коммунистік партияның ұлттық дана саясатына, еліміздің халықтарының достық семьясындағы ағамыз — ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегіне борышты. Шынында да, шағын көшпелі халық, осыдан қырық жыл бұрын экономикалық және мәдени дамудың ең төменгі сатысында тұрған халық, өте қысқа мерзімде өмірдің алуан саласындағы осындай ұлан-асыр тарихи өзгерістерге өз күшімен жете алар ма еді? Әрине, жоқ.

Коммунистік партия артта қалған жеке халықтар алдыңғы қатарлы социалистік ұлттардың қолдауымен дамудың капиталистік сатысын аттап өтіп, социализмге өте алады деген лениндік ілімді басшылыққа ала отырып, Қазақстанның өркендеу дәрежесін елдің орталық аудандарының дәрежесіне дейін үздіксіз көтеріп отырды, яғни оның экономикасы мен мәдениетінің өсу қарқынының СССР-дегі даму қарқынынан едәуір жоғарырақ болуын қамтамасыз етті. Мысалы, 1958 жылы 1913 жылғымен салыстырғанда жалпы өнеркәсіп өнімі бүкіл еліміз бойынша 36 есе өскенде, Қазақстанда 44 есе өсті. Біздің партиямыздың бұл дана саясаты халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған бақылау цифрларынан тағы да айқын көрініп отыр. Егер СССР өнеркәсібінің жалпы өнімі 1965 жылы 1958 жылғымен салыстырғанда 80 процент ұлғаятын болса, Қазақстанда шамамен 2,7 есе өседі.

Партия жаңа өмір орнатуға және шаруашылық пен мәдениеттің барлық салалары үшін кең көлемде ұлт кадрларын даярлауға еңбекші қазақтарды белсене тартумен қатар, қазақ халқына орыс және біздің еліміздің басқа да халықтары тарапынан үлкен көмек көрсетілуін ұйымдастырды. Ал мұның өзі Қазақстанда өндіргіш күштердің өте тез өсуінің және қазақ социалистік ұлтының таңғажайып гүлденуінің шешуші шарты болды. Ірі заводтар мен фабрикалар, шахталар мен рудниктер, су электр станциялары мен темір жолдар, жаңа өнеркәсіп қалалары мен жұмысшы поселкелері — осының бәрі Қазақстанда орыстардың, қазақтардың және басқа да туысқан халықтар өкілдерінің бірлескен қажырлы еңбегімен салынды. Орыс инженерлері мен жұмысшылары шапшаң өркендеуші өнеркәсіп үшін ұлт кадрларын қамқорлықпен өсіре отырып, өз тәжірибесін, өз білімін қазақтарға зор ықыласпен үйретті.

Немесе мысал үшін тың игеруді алайық. Қазақстанның құнарлы жерлерінің кең аймағы ғасырлар бойы жан басыған құла тұз болатын. Қазақ халқы бір өзі ол жерлерді қоғам игілігіне жарата алмас еді. Тек барлық туысқан халықтардың жалпы күшімен, мемлекеттің зор көмек көрсетуі арқасында асқан ерлік жасалды — үш-төрт жылда 23 миллион гектар жана жер игеріліп, Қазақстан товарлы астық өндіруде СССР-де екінші орынға шықты. Мұның өзі еліміздің халықтарының лениндік достығының жеңілмес күшінің айқын айғағы болды.

Қазақстанның тың жерлерінің игерілуін империализмнің кейбір реакцияшыл идеологтары советтік «отаршылдықтың» көрінісі деп сы-

паттауға тырысады. Олар тың жер қазақ халқының мүдделеріне залал келтіру тұрғысында игерілуде-мыс деп көкиді. Бұл сияқты арандатушылық тұжырымдауды жоққа шығару қиын емес. Буржуазияшыл итаршылардың бұл сөздерінің жалғандығына көз жеткізу үшін тың сендерге не берді деп қазақтардың өздерінен сұрау да жеткілікті.

Тың жерлерді игеру нәтижесінде қазақ халқы аса зор материалдық пайда табумен бірге өзі де саяси және рухани жағынан едәуір өсті. Енбекші қазақтар орыс халқының және басқа туысқан халықтардың өкілдерімен үнемі достық байланыста болуы себепті жұмыстың жоғары стилін—орыстың революциялық қарқыны мен коммунистік іскерлігін үйренді. Дамудың бұрын-соңды болмаған тез қарқыны коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жөніндегі жұмыстардың алып көлемі енді оларға үйреншікті іске, күнделікті өмір мен практиканың ісіне айналды. Оның үстіне бұл уақыт ішінде ауыл шаруашылығы мамандарының тамаша ұлт кадрлары: механизаторлар, мол өнім шеберлері, сондай-ақ партия, совет, шаруашылық қызметкерлерінің көптеген қабілетті шебер кадрлары өсіп жетілді.

Қазақстанның экономика саласындағы табыстарымен бірге мәдениет саласындағы табыстары да адам сүйсінерлік. Бұдан небәрі қырық жыл бұрын түгелінен дерлік сауатсыз болған қазақ халқының бүгін толып жатқан алдыңғы қатарлы, социалистік өз интеллигенциясы бар. Республикада тоғыз мыңнан аса мектеп, ғылым академиясы, ауыл шаруашылық ғылымдарының академиясы, 27 жоғары оқу орны, 145 техникум, ондаған театр, ұлттық киностудия, жүздеген газет, журнал, мыңдаған кітапхана мен клуб, гүлденген көркемөнер мен әдебиет бар.

Бізде енді жыл сайын орта мектепті 18—20 мың қазақ жастары бітіріп шығады, бұл—революцияға дейінгі Қазақстанның барлық мектептерінде оқыған қазақтардың санынан 2,5 есе көп. Революцияға дейін хат танытын барлық қазақтар саны кәзір халық шаруашылығы мен мәдениеттің түрлі саласында жұмыс істейтін жоғары және орта білімі бар маман қазақтар санындай да болмаған еді.

Қазақ халқының мәдени дамуындағы бұл зор табыстар сайып келгенде орыс халқының, Отанымыздың басқа да туысқан халықтарының үздіксіз және үдемелі көмегінің арқасында мүмкін болды. Сондықтан кең пейіл қазақ халқы үшін бұл халықтармен мәңгілік достықта болу оның ұлттық мақтанышының белгісі болып табылады. Ол бұл достықты өз бақытының негізгі көзінің бірі деп біледі.

Мұндай жағдай империализмнің идеологтарына және буржуазиялық ұлтшылдарға мүлде ұнамайды. Олар бізде халықтардың берік достығының орнына ұлт араздығының, социалистік ұлттардың туысқандық өзара көмегінің орнына олардың алақоз болуын көксейді. Сондықтан социалистік ұлттардың бірлігін одан әрі нығайтуға кедергі келтіру үшін олар Коммунистік партияның ұлт саясатына, ұлы орыс халқына ешбір негізсіз жала жабуға, шындықты дөрекі бұрмалауға және тарихтың өнін айналдыруға тырысады.

Империализмнің идеологтары өсек пен жала жабудың бұл барып тұрған сорақы науқанында Орта Азия республикалары мен Қазақстанның шынайы өмірінің өнін айналдырып көрсетуге үлкен орын береді. Олар бұл республикалар советтік құрылыстың ұлы артықшылығы мен лениндік ұлт саясатының жеңілмес күшінің айқын белгісі болып қана қоймай, сонымен бірге өзінің азаттығы мен тәуелсіздігі жолында күресіп жатқан Азия мен Африка халықтарына жол көрсететін жарық жұлдыз екенін де көріп отыр. Дәл осыдан да Отанның түрлі түстегі сатқындары, буржуазиялық ұлтшылдардың қалдықтары империализм елдерінде пана табуда, олар Орта Азия мен Қазақстанды «білгіштер» ретінде СССР-ге қарсы күреске пайдаланылуда. Мысалы, осыдан үш

жыл бұрын Батыс Германияда осындай «білгіштердің» бірі, буржуазияшыл-ұлтшыл өзбек Баймырза Хаиттың «Түркстан XX ғасырда» деген кітап-сымағы басылып шықты. Отанын сатқан бұл опасыз барып тұрған оңбаған зұлымдықпен Орта Азия мен Қазақстанның халықтары «коммунистік зорлық-зомбылықтан жапа шегуде»-мыс, бостандықтан, тәуелсіздіктен және ұлттық ерекшеліктен айрылған деп дәлелдеуге тырысады. Өтіріктің және тікелей тарихтың өңін айналдырудың көмегімен Хаит өзбек, қазақ, қырғыз, тәжік, түркмен халықтарына коммунизм идеясы әр уақытта жат еді, сондықтан олар осы уақытқа дейін орыс коммунистерінің «өктемдігіне» қарсы күрес жүргізуде-міс деп оқушыларды сендіруге тырысады.

Бұл пасық ойдың мүлде қисынсыз екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Ұлтшыл опасыздар совет «отаршылдығы» жөнінде қандай күш салып шу көтергенімен, біздің елімізге қандай жала жапқанымен олар совет халықтарының қасиетті достығы мен туысқандық бірлігін бұза алмайды.

Бірақ бұл, әрине бізге жау буржуазиялық ұлтшыл идеяларға біз төзе аламыз, оларға қарсы күрес жүргізбей отыра аламыз деген сөз емес. Оның керісінше, біз халықтардың достығы мен туысқандық бірлігі Отанымыздың мықтылығы мен қуаттылығының аса зор қайнар бұлағының бірі болып табылатынын есте ұстай отырып, ерекше көреген болуға, халықтар достығының лениндік идеологиясын жат идеялардың енуі мен ықпалынан қырағы сақтауға және қорғауға тиіспіз.

Бұл совет халықтарының достығына империалистік реакцияның үемі қастандық жасауынан ғана қажет болып отырған жоқ, сондай-ақ біздің өз ішімізде ұлттар арасындағы қарым-қатынаста ескі, буржуазиялық көзқарас қалдықтарының—ұлтшылдық қалдықтардың әлі де орын тебуінен де қажет болып отыр. Олар ұлы державалық шовинизмнен де, жергілікті ұлтшылдықтан да көрінуде. Біріншісі—аз ұлттар мәдениетінің, тілінің, дәстүрлерінің маңызын кемсітуге, ұлттық тең праволылық принциптерін елемеуге тырысудан көрінеді, екіншісі—басқа ұлттардан оқшауланып, тар шеңбердегі жергілікті мүдделердің қауызында томаға-тұйық қалып қоюға тырысудан көрінеді.

Халықтардың тең праволылығы толық жүзеге асырылған, түрлі ұлттардың адамдары пролетарлық интернационализм мен халықтар достығының лениндік принциптеріне негізделген бірден бір туысқандық семья құрып отырған советтік қоғамда ұлтшылдық қалдықтар ұлттардың социалистік достығына қарсы ашық күрес түрінде көрінбейді және көріне де алмайды. Практикада бұл қалдықтар ең алдымен жергіліктіліктен көрінеді.

Әрбір совет республикасының экономикасы мен мәдениетінің дамуы, бір жағынан, оның табиғи байлықтарын барынша тиімді пайдалануға, ал екінші жағынан—сол республика мен бүкіл елдің тұтас мүддесін дұрыс ұштастыруға негізделген. Бұл екі жақты және бір мақсатты міндетті ойдағыдай шешуде Коммунистік партияның одақтас республикалардың шаруашылық және мәдени құрылысқа басшылық етудегі праволарын онан әрі кеңейту жөнінде жүзеге асырған шараларының ерекше зор маңызы бар. Бұл шаралар әрбір совет ұлтының инициативасы мен творчестволық белсенділігін кең дамытуға, оның материалдық және рухани күшін гүлдендіруге көмек көрсетіп, шаруашылықтың сол республикада өркендетуге жақсы жағдайы бар салаларын ең алдымен дамытуға мүмкіндік береді.

Одақтас республикалар праволарының кеңейтілуі, шаруашылыққа оперативтік басшылық етудің орталықтан жергілікті жерлерге ауыстырылуы біздің халықтарымыздың достығын онан әрі нығайтуды және өзара көмекті күшейтуді көздейді. Барлық ұлттардың және жеке ал-

ғанда әрбір халықтың мүддесі жөніндегі қамқорлық, сондай-ақ жергілікті мүдделерді бүкіл мемлекеттің мүддесімен ұштастыру енді тек орталықтың ғана ісі емес, сонымен бірге әрбір республиканың да ісі екендігі өткен уақыттың қай кездегісінен болса да айқын сезілуде.

Осыған байланысты партия жергілікшіліктің, жеке республикалардың мүдделерін бүкілодақтық, жалпы мемлекеттік мүдделерге қарсы қоюдың болуы хауінен үнемі сақтандырып келеді. Жасыратыны жоқ, бізде өз көзқарасының томаға-тұйықтығы салдарынан жеке қызметкерлер ведомстволық тар шеңберден немесе ұлттық мүдделерді келте түсінуден жоғары көтеріле алмай келеді. Олар кез келген совет ұлтының экономикасы мен мәдениетін толық және жанжақты дамыту ең алдымен бүкілодақтық, жалпы мемлекеттік маңызы бар міндеттерді бірінші кезекте шешуге байланысты екенін, біздің жағдайымызда іске ұлттық мүдделер мен бүкіл совет қоғамының мүдделерін дұрыс ұштастырмайынша ойдағыдай басшылық етуге мүмкін еместігін көрмейді немесе көргісі келмейді.

Кейбір жерде өндіргіш күштерді дамытуға және өз республикасының табиғи байлықтарын игеруге ашық қарсы болмаса да астыртын қарсы тұратындар да кездеседі, олар бұған басқа туысқан республикалар өкілдерінің қатысуынан қорқады. Мұндай көзқарастар мемлекеттік жалпы мүддеге зиян келтірумен бірге өз ұлтының мүддесіне де зиян келтіреді.

Қандай да болсын республикада табиғи байлықтарды кең көлемде игеру міндеті (коммунизм орнату мүддесі дәл осыны талап етеді) басқа республикалардан жұмысшы күші мен инженер-техник қызметкерлерді қатыстырмайынша ойдағыдай шешілмейді. Сондықтан бұл бүкіл-халықтық іске жергілікті қызметкерлер тарапынан қандай да болмасын тіпті аздаған қарсылықты ұлттық шектелудің көрінісі деп қарап, оған қарсы батыл күрес жүргізу керек. Егер мұндай зиянды бағыт, айталық, бізде Қазақстанда, үстемдік алған болса, онда кең көлемде тын және тынайған жерлерді игерудің жалпы мемлекеттік зор міндеті ойдағыдай шешілмеген болар еді. Бірақ, бақытымызға қарай бұл кеселге тек жеке адамдар ғана шалдығып, ал қазақ халқының басым көпшілігі Коммунистік партияның тың игеру жөніндегі шешімін өзінің төл ісі ретінде зор қуанышпен қарсы алды. Қоян-қолтық алысып тында ұлы ерлік жасаған орыстар мен қазақтардың, украиндар мен белорустардың, латыштар мен өзбектердің, армяндар мен татарлардың, басқа да совет халықтары өкілдерінің коммунизм құрылысшыларының достық бір семьясын құрып, туысқандар сияқты тұратынын және еңбек ететінін енді достар ғана емес, біздің жауларымыз да көріп, мойындап отыр. Мұның өзі Коммунистік партия саясаты даналығының айқын көрінісі, лениндік пролетарлық интернационализм мен халықтар достығы идеяларының салтанаты болып табылады.

Ұлттық шектелушілік кейде кадрларды іріктеп алу мен орналас-тырудың лениндік принциптерін бұзудан да көрініп жүр. Бұдан біраз уақыт бұрын республика жұртшылығы интеллигенцияның жеке өкілдерінің: Қазақстанда жауапты қызметтерде тек қазақ тілін білетін адамдар ғана істей алады, совет өкіметінің алғашқы жылдарында қолданылған аппаратты «жергіліктендіру» саясатына оралу қажет деген топшылауын қатал айыптады.

Бұл сөлекет «теорияның» авторлары, жұқалап айтқанда, ең кемінде екі жағдайды естен шығарды. Біріншіден, Қазақстан көп ұлтты республика болып табылады. Оның халқының құрамында қазақтармен қатар едәуір көлемде орыстар, украиндар, ұйғырлар және басқа ұлттар бар. Біз коммунистер, кадрларды іріктеп алу мен тәрбиелеуде бұл ұлттардың барлығының мүдделерін сақтамай және ескермей қоя ал-

маймыз. Олай етпегенде біздер интернационалистер болып шықпас едік. Екіншіден, Қазақстандағы социалистік құрылыстың барысында, басқа да ұлт республикаларындағы сияқты, түбірлі өзгерістер болып, инженер-техник, шаруашылық, ғылыми-педагог, партия-совет қызметкерлерінің толып жатқан ұлт кадрлары өсіп жетіліп, олар шаруашылық пен мәдениеттің түрлі-түрлі саласында, сондай-ақ мемлекеттік басқару орындарында және партия аппаратында жауапты жұмыстар атқаруда. Демек, кадрларды іріктеп алудың, орналастырудың және тәрбиелеудің отыз-қырық жыл бұрынғы түрлері мен әдістеріне қайта оралудың практикалық ешбір қажеттігі жоқ. Мұндай талап саяси жағынан зиянды болып табылады. Социализм орнатудың алғашқы кезеңінің нақты жағдайларынан туған бұл талап ендігі жерде, еліміз коммунистік құрылыстың программасын іс жүзіне асыруға қолма-қол кіріскенде совет қоғамы дамуы кезеңінің жаңа міндеттеріне сай келе алмайды.

Ұлт кадрларын даярлау мен тәрбиелеуге біздің партия әруақытта зор қамқорлық жасап келді және жасап отыр. Бұл лениндік ұлт саясатының аса маңызды құрамды бөлегі.

В. И. Ленин талай рет атап көрсеткеніндей, түрлі ұлттардың мүдделеріне ерекше көңіл бөлу ісінің кадрларды іріктеп алу мен орналастыру мәселесіне тікелей қатысы бар. Алайда бұл қағиданы біржақты түсінуге болмайды. Орыс коммунистері тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді талап ете отырып, жергілікті ұлттардың өкілдері өз тарапынан өз республикаларындағы орыс және басқа ұлттардың өкілдеріне де асқан ілтипаттылықпен қарауға міндетті.

Ұлт республикалары жағдайында кадрларды іріктеп алудың лениндік принципі істің екі жағын: халықтың ұлттық құрамының қатаң ескерілуін және кадрлардың саяси, іскерлік сапасына қарай іріктеліп алынуын ұштастырып отырады. Бұл екі мәселе өзара тікелей байланысты және оларды бірінен бірін бөле қарауға болмайды. Кадрлардың іскерлік және саяси сапасын ескермей, оларды тек ұлттық көріністеріне қарай іріктеп алуға болмайды. Егер өзінің саяси және іскерлік сапасы жағынан жарамды болса, кез келген жұмысқа кез келген ұлттың өкілі қойыла алады. Сонымен бірге бұл саяси үлкен істе совет адамдарының ұлттық сезімінің кішкентай да болса еленбеуіне ешбір жол беруге болмайды. Мұның өзі сол республикада тұратын барлық ұлттардың бәріне жатады.

Егер бұрын жергілікті жерлердегі ұлт кадрлары нашарлау келіп, айтылған талаптарды қатаң сақтап отыруға әр уақытта бірдей мүмкіндік бола бермесе, енді жағдай өзгерді. Жақсы даярланған кадрлар әрбір республикада жеткілікті мөлшерде бар. Әңгіме тек оларды ойдағыдай зерттеп білуде, оларды коммунистік іскерлік пен партиялық принциптілік рухында тәрбиелеуде болып отыр.

\* \* \*

Ұлтшылдық көзқарас, пролетарлық интернационализмнің лениндік принциптерінен бас тарту фактілері негізінен идеология саласында: ғылымда, әдебиетте және көркемөнерде көрініп қалады. Олар экономикалық, мәдени табыстарда өз ұлтының ролін біраз асырып көрсету мен басқа ұлттардың ролін төмендетуден, өз халқының өткендегісін, оның тұрмысын, дәстүрі мен салтын дәріптеуден, басқа халықтардың мәдениетіндегі барлық жақсыны, алдыңғы қатарлыны пайдаланғысы келмеуден көрінеді.

Бұдан бірсыпыра бұрын біздің республикада тарихи ғылымда, әдебиетте және көркемөнерде буржуазиялық ұлтшылдық сипатта елеулі



қателер жіберілді. Олар патриархтық-феодалдық өткенді дәріптеуден, Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік зор маңызын жете бағаламаудан, өткендегінің кейбір тарихи жағдайларын, атап айтқанда Қазақстанды Россиядан бөліп алуға бағытталған жеке реакциялық, феодалдық-монархтық қозғалыстарды дұрыс, маркстік тұрғыдан баяндамаудан, тағы басқалардан көрінді.

Сонғы жылдары бұл қателерді түзету жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді. «Қазақ ССР тарихының» бірінші томы басылып шығып, кәзірдің өзінде ғылыми қорам мен партиялық баспасөзде негізінен жақсы бағалды. Көп ұзамай Қазақстан тарихының совет дәуіріне арналған екінші томы баспадан шығады. Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты «Қазақ совет әдебиетінің очеркін» басып шығарып, бұл да ғылыми жұртшылық тарапынан жақсы бағалануда. Бұдан басқа монографиялық бірсыпыра зерттеулер дайын болып, оларда Қазақстанның Россияға қосылуының қазақ халқының тарихи тағдыры үшін прогрестік зор маңызы болғандығы айқын көрсетіліп, орыс және қазақ халықтары достығының тарихи тамырлары сипатталды. Әдебиет пен көркемөнердің бірсыпыра шығармалары да осы мәселелерге арналған.

Алайда біз ұлт мәдениетін, ұлт дәстүрлері мен салтын дамыту мәселелерін түсіну мен байымдауда ұлттық шектелушілік фактілеріне, кейде тіпті халық мүддесіне толық сай келетін объективті қалыптасқан жағдайлармен санасқысы келмеу фактілеріне жиі кездесіп жүрміз.

Біздің елде әрбір халықтың білім алу мен мәдениетін өз тілінде жанжақты өркендетуге өте қолайлы жағдайы бар. Біздің республикада, мысалы, қазақ балаларының көпшілігі ұлт мектептерінде өз тілінде оқиды. Сонымен бірге барлық совет халықтарының орыс тілін үйренуге, озық орыс мәдениетінің табыстарын меңгеруге деген табиғи ынтасы жалпыға аян. Ұлы орыс ұлтының тілі еліміздің халықтарының өзара қарым-қатынас жасауының қуатты құралы, осы заманғы ғылымның, техниканың, мәдениеттің шыңына шығудың құралы ретінде оны қазақ халқы да мықтап құрметтейді, ол шыңына келгенде екінші ана тіліне айналды. Сондықтан қазақтар өз балаларына орыс тілін үйретуге өз еркімен және ықыласымен ұмтылады. Кәзір шамамен алғанда қазақ балаларының төрттен бірі сабақ орыс тілінде жүргізілетін мектептерде оқиды. Мұның өзінде тіпті аздап та болса күштеу фактісі сезілген жоқ. Республиканың Жоғарғы Советі жақында қабылдаған «Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және Қазақ ССР-інде халыққа білім беру жүйесін онан сайын дамыту туралы» заңда былай деп жазылған: «Қазақ тілінде немесе басқа тілде оқытатын мектептерде орыс тілін оқып үйрену, сол сияқты орыс тілінде немесе басқа тілдерде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқып үйрену ата-аналардың немесе оқушылардың өздерінің тілегі бойынша жүргізіледі». Заңның бұл қағидасында: ұлы және құдіретті орыс тілі оны әлде біреудің таяқтың астында үйренуге міндетті болуын қажет етпейді деген лениндік нұсқау басшылыққа алынады. Қазақ мектептерінде орыс тілін үйренудің ерікті түрде жүргізілуі біздің жастарымыздың орыс тілін меңгеруге деген ынтасын ешбір нашарлатпайтынына күмән жоқ.

Солай бола тұрса да қазақ балаларының бір бөлегінің орыс мектептерінде оқығысы келетіндігіне және оқитындығына байланысты қайырып, біздің жастарымыздың орыс тілі мен орыс мәдениетін білуге заңды ұмтылуына қарсы шығушы жеке адамдар да бар. Кейбіреулер қазақтардың балалары тек қазақ мектептерінде ғана оқитын тәртіп орнату қажет деп санайды. Мұндай көзқарас буржуазиялық ұлтшылдықтың бір көрінісі, бұған қарсы күрес жүргізілуі керек.

Ұлттардың қарым-қатынасы мен ұлт мәдениетіне марксизмге жат көзқарастың қалдықтары біздің творчестволық интеллигенциямыздың кейбір бөлегіне де тән. Ескіліктің бұл қалдықтарына шырмалып жүргендер, сөз жоқ, коммунизм ісіне берілген адамдар. Алайда, олар ескі әдет-ғұрыптың ықпалымен немесе маркстік-лениндік даярлығының нашарлығы салдарынан, мүмкін, тіпті артта қалған адамдардың ықпалымен ұлт мәдениетінің даму мәселелерін байымдауда осындай қателерге жол береді, олар біздің адамдарымызды жоғары идеялық рухта, социалистік ұлттардың туысқандығы мен мызғымас бірлігі рухында тәрбиелеуге көмек көрсетпейді.

Мысалға ұлттар арасындағы айырмашылық туралы және мәдениеттің ұлттық түрі туралы мәселені алайық. Ұлтшылдық пиғылдары адамдар әруақытта ұлттық ерекшеліктің маңызын әсірелейді де, сонымен бірге жалпы заңдылықтың ролін елемейді, ал жалпы заңдылықтың негізінде совет ұлттарының үнемі жақындасу процесі болып отырады. Олар ұлт мәдениетінің өзгешелігі мәселесін де өзінше байымдайды, бұлай еткенде оны басқа халықтардың мәдениетінен жеке даралану, сол ұлт мәдениетінің «бостандығы» мағнасында, яғни ұлттық томаға-тұйықтық мағнасында түсінеді.

Марксизм-ленинизм ұлттық айырмашылықты, ерекшелікті, ұлт мәдениетінің ерекшелігін жоққа шығармайды. В. И. Лениннің «Мәдени-ұлттық автономияның» реакциялық ұранын батыл айыптай және ұлт мәдениетін дамыту мәселелерін шешуде пролетарлық интернационализм принциптерін қорғай келіп, сонымен бірге «...Интернационалдық мәдениет ұлтсыз емес» деп атап көрсеткені мәлім. Ленин социалистік құрылыста ұлттық өзгешелікті және ұлттық айырмашылықты жоққа шығаруға тырысушылықтың бәрін «сандырақ арман» деп әділ сынаған болатын. Ол әр уақытта ұлттық сезімге және совет халықтары мәдениетінің ұлттық түрлеріне, олардың салты мен дәстүрлеріне ерекше мұқият қарауға шақырған болатын. Лениндік осы идеяларды басшылыққа ала отырып, Н. С. Хрущев жолдас партияның XX съезінде былай деді: «Социализм ұлттық ерекшеліктер мен өзгешеліктерді жоймайтыны былай тұрсын, қайта керісінше, ол барлық ұлттар мен халықтардың экономикасы мен мәдениетін барлық жағынан өркендетіп, гүлдендіре беруді қамтамасыз етеді. Сондықтан біз ол ерекшеліктер мен өзгешеліктерді елеусіз қалдырмауға, қайта оларды шаруашылық пен мәдениет құрылысына басшылық етудегі өзіміздің бүкіл практикалық жұмысымызда мейлінше мұқият ескеріп отыруға міндеттіміз».

Өзінің ұлт саясатында бұл бағытты табандылықпен жүзеге асыра отырып, Коммунистік партия: әрбір халық экономикалық, әлеуметтік, географиялық және басқа белгілі бір тарихи жағдайларда өмір сүріп дамып отырады, мұның өзі басқа халықтардың даму жағдайларынан белгілі бір дәрежеде өзгеше болады деп санайды. Өмірдің осы ерекшеліктері қоршаған ортаның өзгешелігі әрбір халықтың сыртқы дүниені тануына белгілі түр береді. Ұлттардың психикалық салт-санасы мәдениеттің өзіне тән ерекшеліктерден өз көрінісін тауып, оған жеке дара сипат береді, оған өзіне тән ұлттық бояу, ұлттық түр береді.

Мысалға революцияға дейінгі қазақ халқы мен оның мәдениетін алайық. Артта қалушылық, көшпелі өмір сүрушілік, басқа халықтар мен сауда немесе басқа қарым-қатынас жасаудың мүлде дерлік болмаушылығы қазақтардың материалдық және рухани бүкіл мәдениетіне, оның тұрмысына, салты мен дәстүріне, сондай-ақ оның діни көзқарасына өзінің терең ізін қалдырды. Үй мен киім, шаруашылық пен үй бұйымдары, халықтық қол өнері, өлең мен ертегілер, мақалдар мен мәтелдер, эпос пен музыка, салт пен әдет — осылардың бәрі қазақтар-

дың көшпелі тұрмысына сай келді, тұтыну қажеттерін бейнеледі, адамның ақыл-ойы мен психологиясына әсер етті.

Демек, әрбір халықтың ұлттық ерекшелігінің, мәдениетінің, ұлттық түрінің терең тамырлары бар, ол оның ғасырлар бойғы тарихымен байланысты.

Алайда ұлттық ерекшелікті өзгермейтін, бір орында қатып қалған нәрсе деп қарауға болмайды. Ол салыстырмалы түрде алғанда өзінің тұрақтылығына қарамастан, жағдайға, қоғам өмірінің экономикалық және әлеуметтік құрылысына байланысты өзгерістерге ұшырап отырады. Мысалы, социалистік құрылыстың барысында, қазақ халқының өмір жағдайы мен тұрмысының өзгеруіне байланысты оның мәдениетінің ұлттық түрі де дамып, жаңа дәстүрлер пайда болды, бұл бір. Ал екіншіден ұлттық айырмашылықтарды, мәдениет түрінің ұлттық өзіндіктерін мойындау ешбір жағдайда бір ұлтты екінші ұлтқа, бір ұлт мәдениетін екінші ұлт мәдениетіне қарсы қою болып табылмайды.

Халықтар және олардың ұлттық мәдениеті бірінен бірі ешуақытта қытай қамалымен бөлініп көрген жоқ. Халықтардың өмір сүрген жағдайының өзінде ерекшеліктерімен қатар көптеген жалпыға тән, ұқсас, біріне бірі жақын нәрселер болып, бұлар барлық халықтар мен олардың мәдениеттеріне бірдей жалпы заңдылықты белгілейді. Еңбекшілер мен қаналушы бұқараның мүдделері қоғам антагонистік таптарға бөлінген уақыттан бастап, олардың ұлттық көріністеріне қарамастан, әр уақытта негізінен бір жерден шықты. Бұл жағдай олардың жалпы көзқарасын, психикалық құрылысының ұқсас жақтарын қалыптастырып, мұның өзі олардың демократиялық мәдениетінің негізгі мазмұнын белгіледі.

Түрлі ұлттар еңбекшілерінің мінез-құлқындағы бұл жалпы, ұқсас нәрселер социалистік қоғам жағдайында ерекше айқын көрініп отыр. Мұнда халықтардың рухани өмірі саласында бірден екі процесс орын алып отыр: ұлт мәдениеті гүлденуде және олар біртіндеп жақындасуда. Оның үстіне бұл екі процесс өзара тығыз байланысты.

Өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің жойылып, қоғамдық меншіктің орнауы, ұлттық қанау мен теңсіздіктің жойылуы нәтижесінде совет халықтарының экономикалық өмірінің тұтастығы, олардың моральдық саяси бірлігі және халықтардың мызғымас достығы пайда болды. Барлық совет халықтарын бірлестіріп және бір туысқан семьяға топтастырып отыратын бір мақсат, ортақ мүдде және жалпы көзқарас бар. Бұл олардың рухани өміріне — ұлттық мінез-құлқына, мәдениеті мен тұрмысына, әдеті мен дәстүріне өзінің ықпалын тигізбей қоймайды.

Пролетарлық интернационализмнің рухы біздің социалистік шындығымыздың игілікті ықпалымен әрбір халықтың психикалық өміріне, ал ол арқылы рухани мәдениетіне барған сайын тереңенуде. Совет адамдарының мінез-құлқында барлық халыққа тән көріністер мен қасиеттер барған сайын көптеп және айқын көрінуде. Мысалы, коллективизм мен жолдастықтың, еңбекке, қоғамдық меншікке социалистік көзқарастың, жалпы мүддені терең түсінудің, басқа халықтарға сену мен оны сыйлаудың, олардан үйренуге ұмтылудың және басқаларының сезілуі осындай.

Социалистік ұлттардың игілікті рухани бейнесі, олардың психикасы қалыптасуының интернационалдық, жалпы адамгершілік қасиеті совет халықтарының көркем творчествосының шығармаларында бейнеленеді, сөйтіп олардың ұлт мәдениетін жақындастырады. Совет халықтарының формасы алуан түрлі мәдениеті, социалистік интернационализмнің жалпы принциптері негізінде дамып келеді, ал бұл принциптер ұлт

тық дәстүрдің таңдаулы үлгілері мен барлық халық еңбекшілерінің мүдделерін табиғи ұштастырады.

Сонымен ұлттардың ұлттық мінез-құлқы немесе психикалық көрінісі екі факторды: халықтар мен олардың мәдениетін айыратын факторды және оларды жақындастырып, біріктіретін факторды мұқият ұштастырады. Коммунистік құрылысты кең өрістетуде жағдайында осы соңғы фактор шексіз кеңіп даму бағытында отыр.

Марксизм-ленинизм: коммунизм бүкіл дүниежүзілік көлемде жеңгеннен кейін ұлттар, ұлт тілдері және олардың мәдениеті қабысады деп үйретеді. В. И. Ленин өзінің «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген еңбегінде былай деп жазған болатын: «Социализмнің мақсаты: адамзаттың ұсақ мемлекеттерге бөлшектеніп бытырауын және ұлттардың оқшаулану атаулысының қандайын болса да жою ғана емес, тек ұлттарды жақындастыру ғана емес, сонымен бірге оларды біріктіріп қосу болып табылады» (Шығармалар, 22 том, 150-бет).

Бұл талассыз шындықты дұрыс, диалектикалық жағынан түсіну қажет. Ұлттар мен ұлт мәдениетінің қосылуын коммунизм дүние жүзінің барлық елдерінде жеңе салысымен бастала қалатын процесс деп қарауға болмайды. Келешекте бірден бір жалпы адамдық тіл жасалуы және ұлт мәдениеттерінің бір, жалпы адамдық мәдениетке бірігіп қосылуы — бұл өте күрделі, ұзақ процесс, біздің ойымызша оның басы біздің бүгінгі шындығымызда жатыр және әлі де ұзаққа, тіпті коммунизм бүкіл дүниежүзілік көлемде жеңгеннен кейін де созылатын болады. Кейбіреулер мұндай тұжырымдау халықтардың ұлттық ерекшеліктерін елемеуге соқтырып, социалистік ұлттар мен ұлт республикаларының жақын уақыттағы даму перспективалары жөнінде қате, нигилистік көзқарас тудыруы мүмкін деп топшылайды. Біз теория өмірде нақты болып жатқандарды айнадағыдай көрсетуге тиіс деп есептейміз. Ұлттардың шын мәнінде гүлденуімен бірге ұлттар мен олардың мәдениеттерінің жақындасу процесі — нақты факт. Оларды келешектегіден, тіпті, сөзсіз, алыс болса да ұлттардың қосылу перспективаларынан ешбір бөліп алуға болмайды.

Біздің елімізде ұлт тілдері мен ұлт мәдениеттерінің өзара ықпал етуінің және өзара көмек көрсетуінің барған сайын күшеюі, халықтардың үнемі рухани жақындасуы — бұл кездейсоқ көрініс емес, совет қоғамының коммунизмге қарай заңды дамуынан туатын объективтік процесс. Демек, бұл процесс өздігінен кейбір әкімшілік шаралардың көмегімен жүзеге аса алмайды. Бұлай ету біздің партиямыздың лениндік ұлт саясатын өрескел бұзғандық болар еді және коммунистік құрылыс мүдделеріне үлкен нұқсан келтірер еді. Ұлттар арасындағы шектің сөзсіз жойылып, олардың түгел қосылуына адамзат тікелей ұлттық бөлшектенумен емес, ұлттық айырмашылықтарды тікелей жою жолымен емес, ұлттар мен ұлт мәдениеттерінің толық гүлденуден өту жолымен келеді.

Солай бола тұрса да ұлттардың психикалық қалыптасуын, олардың мәдениеттері мен тілдерінің біріне бірінің енуін әкімшілік немесе басқа шаралармен доғаруға немесе тоқтатуға тырысқан әрекеттің қандай болса да реакциялық ұлтшылдықты қайта тудыру болар еді. Алайда біздің республикамызда, ұлт мәдениетінің дамуына томаға-тұйықтықтың шеңберінен шыға алмай, артта қалған көзқараспен қарайтын жеке жолдастар қазақ тілінің басқа ұлттар тілімен заңды қосылу процесіне кедергі жасауға тырысады.

Революциядан бұрын қазақ жазбасы тек басталу жағдайында болғаны мәлім. Ғылыми, техникалық, философиялық ешқандай терминология болған жоқ. Тіл кедей еді. Совет өкіметі жылдарында жағдай түбі-

рінен өзгерді. Социалистік шындықтың жаңа көріністері, экономикалық ғылымның және мәдениеттің шын мәнінде гүлденуі қазақ тілінде өзінің бейнеленуін талап етті. Алайда бұрынғы сөз қорының көлемінде бұл талапты орындау мүмкін болмады. Басқа туысқан халықтардың, ең алдымен орыс халқының тілін пайдалану арқылы қазақ тілінің жаңа сөздермен, жаңа ғылыми-техникалық, саяси-әдеби терминдермен ойды білдіру тәсілімен және қанатты сөздермен байыған үстіне баюға тиісті болғаны табиғи нәрсе. Демек қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ешбір бұзбай, оған табиғи түрде еніп отырған орыс сөздерін және басқа сөздерді қазақ тіліне енгізу—әбден заңды және прогрестік құбылыс. Түрлі тілдердің сөз қорларының өзара баюы—табиғи процесс. Бұл орыс тілінің дамуына да тән. Сондықтан шындықтың өз дамуы өмірге әкелген бұл процеске қандай да болса қарсы тұрушылықтың сөзсіз сәтсіздікке ұшырайтыны айқын.

Солай бола тұрса да мұндай әрекеттер бар. Жақында «Лениншіл жас» газетінде жас филолог Бодаубаевтың «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы» деген мақаласы жарияланды. Автор қазақ тілінде орыс сөздерін қолдануға қарсы шығып, мұны тілді былғау деп санайды. Он-солын білмей ана тілді «қорғаушының» бұл зиянды мақаласына республиканың көрнекті жазушылары мен тіл мамандары батыл тойтарыс берді.

Ана тілін туысқан халықтар тілдерінен енген сөздермен, өздерінің айтуынша, «былғағысы» келмегендіктен жаңа, халыққа мүлде түсініксіз сөздерді ойлап шығаратын адамдар да бар. Олар бұлай еткенде жаман да болса өзіміздікі болсын деген принципті бетке ұстайды.

Мынадай мысал келтірейік. Бұрын қазақтардың ешқандай сахналық өнері болған жоқ. Сондықтан тілде «зритель» деген сөздің болмағаны да табиғи нәрсе. Ол уақытта бұл сөздің қажеті де болған жоқ. Ал енді бұл сөз қажет болып отыр. Белинский былай деп дұрыс жазған еді: «...ұғым жоқта—оны бейнелейтін сөз де жоқ, ұғым пайда болғанда—оны бейнелейтін сөз де қажет болады» («Шешендік өнер туралы» деген орысша жинақтың 104-бетін қараныз, 1959 жылы басылған). Көпшілік халық «өз» сөзін іздеп табуға басын қатырып жатпай-ақ, «зритель» деген орыс сөзін қолданады. Алайда «Қазақ әдебиеті» газетінің кейбір қызметкерлері мұнымен санасқысы келмеді. Олар ешкімге түсініксіз «көрермен» деген сөзді «ойлап тауып», оны қазақ тіліне енгізуге әртүрлі әрекет істеп бақты. Әрине, бұл әуре-сарсаңнан ештеме шыққан жоқ. Сонымен бірге бұл жерде екінші бір қиырға соғып, бір ұлттың тілі басқа тілдердің сөз қоры есебінен ғана дами алады деп ойлауға болмайды. Өз тілінде дұрыс келетін сөз бар жағдайда басқа тілдерден алынған сөздерді балама ретінде қажеті болмаса да қолданушылық кездеседі. Бұлай ету заңды қарсылық тудыра алады.

Қазақ тіліне туысқан халықтардың тілдерінен енген жаңа сөздерді қолдануға қарсы тұрушылар әдетте Белинскийді бетке ұстап, ол да орыс тілінде бөтен сөздерді қолдануға тойтарыс берген еді ғой дейді. Атап айтқанда олар Белинскийдің «преувеличивать» деген сөздің орнына «утрировать» деген сөзді қолдануды мақұлдамағанын айтады. Ал шындығында бұдан жүз жылдан аса бұрын, крепостник заман кезінде өмір сүрген Белинский біздің кейбір жас интеллигенттерімізден гөрі нағыз интернационалист болған еді. Белинский «Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері туралы» деген мақаласында былай деп жазды: «Сөз қандай да болса төл сөз немесе бөтен сөз болсын, тек ондағы ойды бейнелейтін болуы керек, егер төл сөзге қарағанда бөтен сөз жақсы бейнелейтін болса, бөтен сөзді алайық, ал төл сөзді ескі қоқыстың қоймасына апарып тастаңыз» (жөғарыдағы жинақтың 105-беті). Орыстың ұлы революцияшыл демократының бұл тамаша сөздері совет халықта-

ры ұлт мәдениеті мен тілінің өзара ықпал етіп, өзара баюының тоқтаусыз процесін жасанды түрде тежегісі келетін кесірлі интеллигенттерді дәлдеп соғып жатыр.

Соңғы уақытта әдебиет пен көркемөнердің қызметкерлері ұлттық типтің көркем творчествода бейнеленуіне, халықтардың ұлттық салты мен дәстүрлеріне біздің көзқарасымызға байланысты мәселелерді қызу талқылауда. Көптеген қызықты және пайдалы пікір айтылуымен қатар, бірсыпыра қате байымдауларға да жол берілуде.

Әрбір халықтың мәдениеті ұлттық нәрсіз, бояусыз өмір сүрмейтіні, ұлттық мінез-құлықсыз дами алмайтыны белгілі. Бірақ бұл, біздіңше біз әрбір шығармадан ұлттық түрдің барлық белгілерін, ұлттық өзгешеліктің, оның ішінде ұлттық тұрмыстың барлық белгілерін таба беруіміз керек деген сөз емес. Көркем шығарманың ұлттық белгілері онда жасалған тұрмыстық көріністермен ғана емес, сонымен бірге негізінен кейіпкерлерінің ұлттық характерімен, сондай-ақ сол халықтың ұлттық әдебиеті мен көркемөнеріне тән көркем баяндаулармен айкындалады. Гоголь кезінде: нағыз ұлттық дегеніміз сарафанды тәптіштеп суреттеуде емес, жазушының өз отандастарындай сөйлеп, сезіне білуде, солардың өздері сөйлеп, сезініп отырғандай дәрежеге жете білуде деп көрсеткен болатын.

Солай бола тұрса да біздің творчестволық жастарымыздың бірсыпыра бөлегінде, неге екені белгісіз, көркемөнердегі ұлттық нәр, бояу дегенге бұрыс, жеңіл-желпі көзқарас пайда болды. Біздің замандастарымызды тұпа-тұра этнографиялық түрінде көрсетуге бой ұрушылық шықты.

Іс мынада болып отыр: творчестволық интеллигенцияның жеке өкілдері ұлттық ерекшеліктің табиғатын дұрыс түсінбей, оны ұлттық тұрмыстың түрлерінен, оның үстіне ескі, революцияға дейінгі тұрмыстың түрлерінен ажыратпай алады.

Олар өздерінің шығармаларына ұлттық нәр, бояу бергісі келіп, өздерінің кейіпкерлерін — колхозшыларды, жұмысшыларды және тіпті жастарды — міндетті түрде шапан мен бөрік, ескі ұзын көйлек пен камзол киген күйінде көрсетеді. Сол сияқты мұндай шығармалардың міндетті түрдегі ерекше зер салатын нәрселері қазақ үй және жерде отырып, қолмен жейтін ет болып табылады.

Мысалы, Қазақстан суретшілерінің жақында ұйымдастырылған көрмесін үңіле қарағандарға қазақ халқының ескі, революцияға дейінгі тұрмысы осы уақытқа дейін қаймағы бұзылмай қалған екен ғой деген ой туады, ал шындығында жағдай мүлде басқаша. Көрмеде «Жайлауда», «Жайлау таңы», «Жайлау кеші», «Жайлаудағы демалыс», «Жайлаудағы мал» деген сияқты суреттер көп. Жайлау — малдың жазғы жайылымы. Енді онда Қазақстандық екінші тынның ерлері — малшылар өмір сүреді, жұмыс істейді. Біздің тамаша шопандарымыздың, малшыларымыздың, сауыншыларымыздың, жылқышыларымыздың және мектеп бітіріп, игілікті істе жақсы еңбек етіп жүрген біздің тамаша жастарымыздың өмірі мен қажырлы еңбегі жайында бейнелеу өнерінің шығармасын жасау — құрметті іс. Алайда, бір қынжыларлық жері, жоғарыда аталғандардың ішінен көптеген суреттер замандастарымыздың бейнесін жасаудан, ескі, революцияға дейінгі қазақ аулына мүлде ұқсамайтын бүгінгі колхозды және совхозды ауылдың өмірі мен тұрмысын көрсетуден аулақ жатыр. Бұл суреттердің авторларының ойы бойынша біздің шопанымыз негізінен — бұрынғы патриархалды-феодалдық қоғамнан қалғандардың бәрін сақтаушы кәрия ғана. Біздің кейбір

кинофильмдеріміздің, әдебиет пен театр өнерінің жеке шығармаларының кейіпкерлері де осылай суреттеледі.

Сонымен өмір мен тұрмыс тудырып отырған жаңалықтардың, алдыңғы қатарлылардың бәрін насихаттауға тиісті көркемөнеріміз кейде тіпті әлдеқашан күні өткенді таратуға жол береді. Ал бұл біздің жастарымызды тәрбиелеуге зиянын тигізеді.

Біздің көз алдымызда совет халықтарының өмірінде аса зор өзгерістер болып жатыр. Өлкеміздің бейнесі күн сайын құлпырып, адамдар, олардың тұрмысы мен салты, еңбек тәсілі өзгеріп келеді. Егер біздің Қазақстанды алатын болсақ, ол енді бұрынғысынан мүлде басқаша, ал қазақ халқы мұнан отыз-қырық жыл бұрынғысына мүлде ұқсамайды. Сондықтан да көркемөнердің міндеті, ең алдымен осы өзгерістер мен жана өмірді көрсету, біздің шындығымызды өз дамуында көрсету болып табылады.

Жеке жолдастар өздерінің сөздерінде ұлт киімін көптеп шығарудың ерекше қажеттігі бар дегенді жиі айтады. Сонымен бірге оның «артықшылығы» түрліше дәріптеледі. Әрбір халықтың ұлттық өз киімі болған және бар. Ұлттық киімнің алуан түрлері орыс халқында да болды. Тарихи әдебиетте Россияның шаруалары азат етілгенге дейін еркектер бас киімінің оннан аса түрі болғаны көрсетілген. Осы киімдер бойынша олардың иелерінің қай жерлік екенін айыруға болатын еді. Ал бұдан жиырма-отыз жыл өтісімен-ақ бұл сияқты және басқа түрліше халық киімдері музейде сирек кездесетін нәрселерге айналды. Жеке адамдардың ұлттық тұрмыстың ұсақ көріністеріне (орыстың квасына, орыс киіміне және басқаларына) тұпа-тура жүгінушілігін, «өзінікінің» бәрін көз жұмып мақтаушылықты Россияның алдыңғы қатарлы адамдары сол кездің өзінде-ақ оған «квас патриотизмі» деген ат тағып, катал масқаралаған болатын. Біздің заманымызда орыс жолдастардың арасынан ешкімге: ұлт киімдерінің Пушкин заманындағы немесе тіпті ХХ ғасырдың басындағы түрлеріне оралу жайында ой кіріп тешікпейді. Ал бұдан орыс халқы тіпті де орыс халқы болудан қалып отырған жоқ, оның ұлттық мінез-құлқының өзіндігі, оның ұлт мәдениетінің ерекшелігі жоғалып отырған жоқ.

Халықтың өзі мүлде ерікті түрде тастаған немесе тастап жатқан ескі тұрмысты, ескі салт пен дәстүрлерді жасанды түрде ұстау, сақтап қою немесе қайта жанғырту табиғи ағымға қарсы шығудың қандай түрі болса да еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне елеулі нұқсан келтіреді.

Әрбір халықтың ұлттық ерекшеліктерін, ұлт мәдениетінің ерекшеліктерінен көрінетін оның психикалық өзіндіктерін Коммунистік партияның мойындауын және қолдауын ұлттық нәрсенің бәрі, оның қандай нәрсе екеніне қарамастан, өзгертуге болмайтын нәрсе екен деп ешуақытта да санауға болмайды. Оның үстіне творчестволық жас интеллигенция қатарындағы жеке жолдастардың ойлайтынындай, тек революцияға дейінгі уақытта болғандар ғана ұлттық болып табылады деп түсінуге болмайды.

Әрбір халықтың өзінің ұлттық дәстүрлері бар. Олар өмірдің түрліше экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайларының ықпалымен ғасырлар бойы қалыптасты. Бір дәстүр қанаушы таптар өмірінің ерекшеліктерінен шығып, солардың мүддесін білдірді, екіншісі — еңбекші бұқара тұрмысынан шығып, олардың азаттық жолындағы күресін білдірді. Демек, әрбір халықтың пайдаланып, одан әрі дамытуды керек ететін жақсы дәстүрлері де, сондай-ақ біздің жағдайымызда өткеннің ұнамсыз қалдықтары ретінде ғана көзге түсіп отырған дәстүрлері де бар.

Бұл мәселе бойынша біздің республикада бірсыпыра кітапша және көптеген мақала жазылды. Оларда сөз жоқ, жақсы және пайдалы нәрселер көп. Алайда сонымен бірге бұл еңбектердің көбіне жалпы кемшіліктер мен қателіктер тән болып отыр. Біздің ойымызша ондайлар үшеу.

Біріншіден, біздің жеке зерттеушілеріміз және көркемөнер интеллигенциясының жеке өкілдері ұлттық жақсы дәстүрлерді ескі қоғамның зиянды қалдықтарынан бөліп ала алмай, бәрін бір төбеге үйеді.

Екіншіден, ұлттық дәстүрлер көптеген адамдар тарапынан өзгермейтін, мәңгі бақи қатып қалған құбылыс ретінде қаралады. Өткендегінің тіпті ең жақсы халықтық дәстүрлері де, егер оларды бұдан 40 — 50 жыл және одан да көп уақыт бұрынғысындай қалпында түсініп, пайдаланылатын болса, совет адамдарының осы заманғы өмір жағдайына сай келмейтіні ескерілмейді. Демек, біз өткендегінің жақсы дәстүрлерін пайдалану туралы айтқанда, олардың совет адамдарының жаңа жағдайына және өскелең рухани талаптарына сәйкес өркендетілуін есте ұстаймыз.

Үшіншіден, жеке жолдастар халық дәстүрлері деп, неге екені белгісіз, тек ескі дәстүрлерді ғана санайды. Сондықтан тек солар туралы ғана айтады және жазады. Оның бер жағында социалистік құрылыстың, коммунизм жолындағы күрестің барысында барлық халықтардың ұлттық жақсы дәстүрлерінің шын мәнінде гүлденуімен қатар социалистік ұлттардың жаңа дәстүрлерінің пайда болуы мен дамуына жағдай жасалды. Совет халықтарының, оның ішінде қазақ халқының да, коммунизм орнату жөніндегі жанқиярлық еңбегі, ең жоғары дәрежедегі коллективизм, социалистік Отанды қорғауды өзінің ең қасиетті борышы деп түсінуі, советтік патриотизм, совет халықтарының мызғымас достығы, туысқандық бірлестігі, өзара көмегі және басқа осылар сияқты тамаша дәстүрлері — мұның бәрі социалистік құрылыс жағдайында пайда болған жаңа типтегі дәстүрлер болып табылады. Бұл дәстүрлердің тәрбиелік зор маңызы бар. Алайда, бір қынжыларлық жері, жоғарыда аталған кітапшалар мен мақалаларда дәл осы жаңа дәстүрлер, әдетте, ауызға алынбайды, ал ауызға алынса тек жол-жөнекей ғана сөз болады.

Мұның бәрі жастардың бір бөлегінде халық дәстүрлері жайында өңі айналдырылған, бұрыс көзқарас тудырып, оларды біздің социалистік шындығымыздың жаңа, прогрестік құбылыстары жөнінде емес, ең алдымен өткендегі туралы көп ойлауға мәжбүр етуі мүмкін. Ал іс жүзінде бұлай болмауы керек. Біз жастарымызды олар өткенді де ұмытпай, оның үстіне әруақытта артқа емес, алға қарайтындай етіп тәрбиелеуге міндеттіміз.

Коммунистік партия өзінің бүкіл даңқты тарихының барысында біздің еліміздің халықтарын пролетарлық интернационализмнің ұлы туының төңірегіне топтастыра және бірлестіре отырып, оларды бірлік пен достық рухында тәрбиелеп келеді. Ерікті ұлттардың қуатты одағы мен туысқандығының лениндік идеялары толық жеңіске жетті. Азаттық пен бақыт жолындағы күресте бірге төгілген қанмен шындалған совет халықтарының достығы кәзір қай уақыттағыдан да берік. Социалистік ұлттардың семьясында бұл қасиетті достықты кәстерлемейтін бірде-бір халық жоқ.

Алайда бұл ұлтшылдық қалдықтарға қарсы күресті күн тәртібінен алып тастамайтыны былай тұрсын, оны күшейту қажеттігін бұрынғыдан да арттырады. Егер оларға қарсы күрес жүргізілмесе, онда олар еңбекшілерді, ең алдымен біздің жастарымызды интернационалдық тәрбиелеуде елеулі кедергі болуы мүмкін. Сонымен бірге сөз жоқ,



ұлтшылдық қалдықтарға қарсы күрес үлкен шеберлік пен даналықты қажет ететінін ескеру керек. Совет адамдарының ұлттық сезімдеріне тиюге, сондай-ақ оны қорлауға ешбір болмайды.

Орыс коммунистері негізгі назарды ұлы державалық шовинизмнің көріністеріне қарсы күреске аударуды өздерінің борышы деп санап отырғанда, жергілікті ұлтшылдықпен күресу, бұрын қанауда болған барлық ұлттарды туысқандық пен олар арасындағы достық рухында, ұлы орыс халқына шексіз берілгендік пен оны ардақтау рухында тәрбиелеу, ең алдымен сол ұлттар коммунистерінің бірінші кезектегі міндеті болып табылады. Ұлтшылдық қалдықтарға қарсы күрес туралы мәселені ленинше қоюдың мәні осында.

«Коммунист» № 13, сентябрь  
1959 ж.



# КПСС Орталық Комитеті Пленумының қарсаңында

Істің тағдырын ұйымдастырушылар шешеді

К. МАҚИН,

*Павлодар облыстық партия комитетінің секретары*

Коммунистік партиямыз күнделікті жұмысында қалың бұқарамен біте қайнасып, миллиондаған еңбекшілердің шексіз сеніміне ие болып отыр. Бұл сенім партиямыздың халық мүддесі үшін соңғы жылдары жүзеге асырған аса зор шаруашылық, саяси шаралары нәтижесінде бұрынғыдан да нығая түсуде. Елімізде коммунизм орнатуды кеңінен өрістету программасы, жетіжылдық жоспар, КПСС XXI съезінің тарихи шешімдері бұқараның Коммунистік партияға деген сүйіспеншілігін бұрынғыдан бетер арттырды.

КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумында Н. С. Хрущев жолдас атап айтқандай, кәзіргі кезеңде бұқара арасында қабылданған қарарларды жүзеге асыру жөнінде жанды ұйымдастыру жұмысын жүргізудің ерекше зор маңызы бар. Ұйымдастыру жұмысының маңызы кәзір жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын толық және асыра орындау ең түбегейлі міндет болып отырған шақта, одан сайын күшейе түсуде.

Соңғы жылдары Павлодар облысының экономикасы күрт өсті. Өнеркәсіптің жыл сайынғы өнімі екі жарым есе, облыстың халық шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржының мөлшері 4,6 есе артты. Мұнда Павлодар—Екібастұз өнеркәсібінің қуатты торабы салынып жатыр. Еліміздегі аса ірі кәсіпорындар—комбайн, алюминий, мұнай айыру және ферросплав заводтарының іргетасы қаланып, қабырғалары көтерілуде.

Ауыл шаруашылығында болған өзгерістердің көлемі бұдан да зор. 1958 жылы облысымыз мемлекетке 155 миллион пұт астық берді. Сонымен бірге малдан өнетін өнімдерді алу және оны мемлекетке тапсыру мөлшері айта қаларлықтай ұлғая түсті. Биылғы жеті ай ішінде ет 1953 жылғыдан екі есеге жуық көп тапсырылды.

КПСС Орталық Комитетінің ноябрь-декабрьде болатын кезекті Пленумында елде ауыл шаруашылығын ілгері дамытудың аса маңызды мәселелері талқыланып, бұл жөнінде басқалармен бірге Қазақстан Компартиясының есебі тыңдалады. Мұның өзі республика партия ұйымдарына зор жауапкершілік жүктейді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде Қазақстан келешекте де өзінің лайықты орнын алуға тиіс.

Пленумды татымды табыстармен қарсы алу—әрбір колхоздың, совхоздың, бригаданың, ферманың құрметті борышы. Осы мақсатпен социалистік жарысқа кеңінен қосылған облыс еңбекшілері елеулі табысқа ие болып отыр. Облыс колхоздары мен совхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, Отан қоймасына 80 миллион пұт астық құйды. Кәзір жоспардан тыс астық өткізу үшін күрес жүргізіліп жатыр. Ет тапсырудың жылдық жоспары 1 августқа дейін орындалды. Сүт, жүн өткізу міндеттемелерінің өтелуі де жаман емес.

Облысымызда болған мұндай үлкен өзгерістер Коммунистік партия мен Совет үкіметінің тың және тынайған жерлерді игеру жолында көп жұмыс жүргізуінің, облыстың еңбекшілеріне мемлекеттің материал-

дық-техникалық, адам күші жағынан орасан зор көмек көрсетуінің нәтижесі. Соңғы бес жылда облыс бойынша үш миллион гектарға жуық тың және тыңайған жер игерілді. Бұл уақытта социалистік өнеркәсіп облысқа колхоздарды, совхоздарды және техниканы жөндеу станцияларын жабдықтауға 10 мыңнан астам трактор, 11 мыңдай комбайн, бес мыңдай автомашина берді. Ұлан байтақ Отанымыздың тұс-тұсынан бізге тұрақты жұмыс істеуге жүз мың адам келді. Олардың көпшілігі жігері жалын атқан жастар. Міне осы күштердің бәрін орын-орнына дұрыс пайдаланып, партия белгілеген ұлы істерді жүзеге асыруға ұйымдастырушы, күрескер болған облыс партия ұйымы екендігі белгілі.

Партия бізді әрбір істің табысты болуын адамдар, кадрлар шешеді деп үйретеді. Кадрлар—мемлекет пен партияның алтын қоры. Партияның саясаты, ұйымдастыру басшылығы кадрлар арқылы жүзеге асырылады. Облыстың ауыл шаруашылығының алдына қойылған соны да күрделі міндеттер біздің үлкенді-кішілі барлық басшы қызметкерлерімізге елеулі сын болып есептеледі. Бұл сыннан өзінің ұйымдастырушылық қабілеті жеткілікті, жаңалықты сезгіш, өндірісті жетік біліп, адамдармен жұмыс істей алатын кадрлар ғана сүрінбей өте алады.

Егіншілік пен мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді арттыру жөніндегі алға қойылған орасан зор міндеттерді жүзеге асыру біздің барлық жұмысымызды түбірінен өзгертіп, қайта құруды талап етті. Жаңа жағдайда жаңаша құлаш сермеп, жаңаша басшылық ету қажет болды.

Партия, совет және шаруашылық аппаратының жұмысын қалай қайта құрудың жайын КПСС XXI съезінің айқындап бергені мәлім. Съезд басшылықтың негізгі салмағын істі нақты ұйымдастыруға, адамдар арасындағы жұмысты жақсартуға бағыттады. Партияның XXI съезінің материалдарын терең үйрену облыс партия активінің өз жұмысында бұрын орын алып келген кемшіліктерді көре білу, сол кемшіліктерді түзету, сөйтіп, ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту бағытында ілгері қадам жасауға мүмкіншілік берді.

Жасыратыны жоқ, КПСС XXI съезіне дейін облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің күнделікті жұмысында елеулі кемшіліктер болып келді. Мәжілісқорлық, қағазбастылық орын алды. Мәжілістер жиі-жиі өткізіліп, онда шектен тыс көп мәселе қаралып, құлаш-құлаш қаулылар қабылданды, содан барып нақты ұйымдастыру жұмысына көңіл бөлінбей қалып отырды. Мәжілісқұмарлық жағына келгенде, алуан түрлі есептер, анықтамалар жазу жағына келгенде облыстың басты ұйымдарынан көптеген аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттері де қалыспайтын.

Жұмыстың осындай жарамсыз стилінен үзілді-кесілді арылу керек болды. Ең алдымен облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінде өткізілетін мәжілістердің және оларда қаралатын мәні шамалы мәселелердің саны мейлінше азайтылды. Мұның өзі аппараттың көп қызметкерлерінің қолын кеңседегі жұмыстан босатып, олардың жергілікті жерде тікелей ұйымдастыру ісімен шұғылдануына жол ашты.

Егер бұрын қызмет бабымен жергілікті жерлерде болып қайтқан нұсқаушыдан немесе бөлімнің меңгерушісінен облыстық партия комитеті ауданда, колхозда немесе совхозда қандай кемшіліктер көргендігін ғана сұрайтын болса, енді олардан жұмыстың сол осал жерлерін ондау үшін қандай шаралар қолданғаны сұралатын болды. Мұның өзі нұсқаушыны немесе бөлімнің меңгерушісін жұмыстағы кемшіліктерді жинап-терушінің ролінде қалып қоймай, шынайы ұйымдастырушы болуына, кездескен кемшіліктерді сол жердің өзінде түзетуіне жауапкершілік сезімін күшейтті. Облыстық партия комитетінің жанынан теория-

лық семинар құрылды. Семинардың сабағына облыстық ұйымдардың басшы қызметкерлері, бүкіл актив қатысып отырады.

Кадрларға қойылатын талапты күшейтудің, олардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттырудың, нұсқау беруді жолға қоюдың, басшы қызметкерлердің саяси және экономика саласындағы білімін көтеруге қамқорлық жасаудың нәтижесінде олардың іске қабілеттілігі арта түсті, соның арқасында облыстық партия комитетінің ұйымдастырушылық ролі күшейді. Егер бұрын аудандық партия комитеті, колхоздар мен совхоздардың басшылары облыстық партия комитеті қызметкерінің келуін шүбәлана қарсы алып, осының аяғы бюроньың талқысына түсу емес пе екен?—деп сезіктене бастайтын болса, енді олар облыстық партия комитетінің қызметкерлерін ақылшы, кеңесші есебінде қабылдап, олардан нақты көмек алып отыратын болды.

Өзінің қызметкерлерін нақты іске, ұйымдастыру жұмысына үйрете отырып, облыстық партия комитеті олардың бірсыпырасын өздігінен жұмыс істеп, тапсырылған міндетті ойдағыдай атқарып, шешу дәрежесіне жеткізді. Облыстық партия комитетінің бюросы облыстық партия комитетінің нұсқаушылары Х. Демесінов пен Қ. Әбеновты аудандық атқару комитетінің председателдігі, Б. Хазыровты облыстық атқару комитетінің жауапты секретарьлығы қызметіне жоғарылатты.

Облыстық партия комитеті совет және шаруашылық аппаратының, аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін, іскерлік дәрежесін арттыру ісіне үнемі қамқорлық жасауда. Облыстық партия комитеті совет және шаруашылық органдары үшін жұмыс істеуден, олардың ісіне орынсыз араласудан бас тартты. Керісінше, бұл органдарға үлкен сенім артып, олардан жұмысты қатаң талап етіп отыратын болды. Сонымен қабат қолынан іс келмейтін кейбір басшы қызметкерлер жұмыс орындарынан босатылып, олардың орнына іскер де жігерлі адамдар жіберілді. Бұл арада облыстық партия комитетінің кадрларды ауыстыруды қайдағыбір науқанға айналдырып жібермегенін де атап көрсеткен жөн. Өмір өрісінен, оның талабынан артта қалған, басшылықтың жаңа әдістерін жүзеге асыра білмейтін, адамдармен жұмыс істей алмайтын кадрлар ғана ауыстырылып жанартылуда.

Трусов жолдас жеті жыл бойы Лозов аудандық атқару комитетінің председателі болып істеді. Ол тапсырылған іске жауапкершілік сезімінен, әсіресе соңғы жылдары айрыла бастады, өмір тілектерінен, партия қойған талаптардан кенже қалып қойды. Аудандық атқару комитетінің ауыл шаруашылығына басшылық дәрежесі партияның Орталық Комитеті қойған жаңа міндеттерге сәйкес болмады, мемлекеттік жоспарларды орындау жолында, егіннің шығымдылығын, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолында қажырлы күрес жүргізілмеді. Ауданда бар мол мүмкіндіктер толық пайдаланылмады. Трусов жолдас мұның үстіне, жұмыста тамыр-таныстыққа, принципсіздікке жол берді, сөйтіп, ауданның жауапты қызметкерлері арасында мемлекеттік тәртіптің әлсіреуіне себепші болды. Аудандық атқару комитетінің жұмысындағы осындай елеулі олқылықтар мен қателерді ашып, облыстық партия комитеті Трусов жолдасты қызметінен босатты, оның орнына қолынан іс келетін адамды жіберді.

Қолынан іс келмейтін, тозған басшыларды қызметтен босата отырып, облыстық партия комитеті партия, совет және шаруашылық аппаратын анағұрлым тәжірибелі және келешегі мол, жігерлі жас кадрлармен нығайтуда. Аудандардағы басшы қызметке жоғарылатылған адамдардың бірсыпырасы облыс партия ұйымында тәрбиеленген жас кадрлар. Бұлар шаруашылықты басқару әдісіне машық, өздеріне тапсырылған істі тәуір атқаруда.

Өткен жылы облыстық партия комитеті И. И. Баюк жолдасты Лозов аудандық партия комитетінің бірінші секретарының қызметіне жоғарылатты. Ол бұдан бұрын Цюрупа аудандық партия комитетінің екінші секретары болып істеген. Баюк жолдас бірінші секретарь болып істеген уақыттың ішінде, қолынан іс келетін, талап қойғыш, істі жақсы білетін басшы екендігін көрсете білді. Аудандық партия комитетінің Баюк бастаған бюросы ауданның экономикасын жанжақты зерттеп, оған үңіле қарайды, колхоздар мен совхоздарды саралап, нақты басқарады, шаруашылықтардың мүмкіншіліктерін ашып, пайдаға асыру ісіне ерекше көңіл бөледі, коммунистер мен еңбекшілерді ауданның алдына қойылған саяси-шаруашылық міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға жұмылдырып келеді.

Аудандық партия комитеті шаруашылықты басқару стилі мен әдістерін партияның Орталық Комитеті қойған талаптарға сәйкес жетілдіре түсуде. Аупартком бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысына қатты зер салып отырады. Аупарткомның бюро мүшелері, аудандық атқару комитетінің мүшелері және басқа қызметкерлер колхоздарда жиі және ұзақ уақыт болып, іске нақты көмек көрсетеді, партиялық-саяси жұмыс жүргізіп отырады, олар әсіресе ұйымдастыру жұмысына баса назар аударады. Аупартком социалистік жарыстың қалың бұқараның игілігіне айналуын және жария болуын қамтамасыз етті.

Аупартком ауданда партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайту жолында күнбе-күн күресіп, төменгі қызметкерлерге талапты, олардың тапсырылған іске, мемлекеттік тапсырмалар мен социалистік міндеттемені орындауға жауапкершілік сезімін күшейтті. Бұрын мұнда партиялық және мемлекеттік тәртіп біраз әлсіреп кеткенін айта кеткен жөн.

Ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмысты күшейтудің, басшылықтың стилі мен әдістерін жақсартудың негізінде аудандық партия комитеті ауданның 1959 жылға белгіленген мемлекеттік тапсырмаларды орындауда елеулі табысқа ие болуына жетті.

КПСС Орталық Комитетінің алдағы болатын Пленумын лайықты табыстармен қарсы алуды көздеген социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, аудан астық дайындау жоспарын облыста бірінші болып мерзімінен бұрын орындап шықты. Мемлекетке 7 миллион пұттан аса астық тапсырды. Кәзір ол астықты жоспардан тыс өткізуде. Қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыру бағытында да ауданның қол жеткен табыстары айтарлықтай. 1 сентябрьге дейін мемлекетке ет тапсырудың жылдық жоспары 106,5 процент орындалды. Социалистік міндеттеме жүн дайындау жөнінде—109 процент, жұмыртқа дайындау жөнінде—113 процент, сүт тапсырудың жылдық жоспары 80 процент орындалды. Үстіміздегі жылдың сегіз айы ішінде былтырғы осы кездегімен салыстырғанда мемлекетке 13 мың центнер ет, 4,5 мың центнер сүт артық тапсырылды.

Аудан еңбекшілері бар күшін ауыл шаруашылығын өркендету күресіне, 1959 жылға—жетіжылдықтың тұңғыш жылына қабылдаған социалистік міндеттемелерін КПСС Орталық Комитетінің алдағы Пленумы ашылатын күнге дейін толық және артығымен орындап шығуға жұмсауда.

Маман кадр мәселесінде бізге КПСС Орталық Комитеті аса зор көмек көрсетті. Тың және тыңайған жерлер игеру кезінде облысқа 1288 агроном, зоотехник, мал дәрігері, 398 инженер, механик келді.

Аудандарды, шаруашылықтарды басқаруға іскер жана адамдардың келуі игілікті нәтиже беруде. Облыста шаруашылық жағынан артта қалып келген Павлодар ауданын кадрлармен нығайту мақсатын көздеп, облыстық партия комитеті В. И. Куриленко жолдасты осы ауданға бірінші секретарь етіп ауыстырды. Өзінің іскер, басшы екенін ол

әрдайым нақты ісімен көрсетіп келеді. Аудандық партия комитеті малшылар арасындағы саяси-ұйымдастыру жұмысын жақсартты. Ауданда зоотехниктер, мал дәрігерлері, фермалар мен бөлімшелердің басшылары кездесіп, өзара тәжірибе ауысып отырады. Озат сауыншылар, шопандар, бақташылар, құс өсірушілер «Малшылар күніне» ай сайын жиналып, онда өздерінің келелі мәселелерін талқылайды. Озат шаруашылықтарға экскурсиялар жиі ұйымдастырылатын болды.

Аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің (председателі Қ. Әбенов жолдас) адамдармен жұмыс істей білуінің, шаруашылықты шебер басқара білуінің арқасында аудан, әсіресе мал шаруашылығын өркендетуде облыста бірінші орынға берік ие болып келеді. Аудан көзірдің өзінде 37 мың центнер ет (1958 жылғы осы уақыттағыдан 3,6 есе көп), 106 мың центнер сүт, 3 063 центнер жүн тапсырды. Үстіміздегі жылдың жеті айы ішінде ауданда әрбір сиырдан 1 700 килограмнан сүт сауылды. Ал 1957 жылы әрбір сиырдан жыл бойына 1 267 килограмнан ғана сүт сауылған-ды. Сол сияқты астық өндіруде де аудан елеулі табысқа ие болып отыр. Биыл аудан мемлекетке астықты 1957 жылғыдан үш еседен артық сатты.

Куйбышев ауданының басшылары жөнінде де осыны айтуға болады. Ол бұрын облыстағы экономикасы кенже қалған аудандардың бірі болып саналатын.

Облыстық партия комитеті 1957 жылдың күзінде аудандық партия комитетінің бірінші секретарьлығына Махмет Қайырбаевтың кандидатурасын ұсынды. Совет Одағының Батыры, осы партия ұйымының түлегі Махмет Қайырбаев бұған дейін ауыл шаруашылығын басқарудың үлкен мектебінен өткен болатын. Совет Армиясының қатарынан қайтқаннан кейін ол осы облыста он жыл бойы аудандық атқару комитетінің секретары, аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары, аудандық атқару комитетінің председателі болып істеп, басшылықтың біраз тәжірибесіне ие болды. Осының бәрін ескеріп, облыстық партия комитеті өзінің осы жігерлі жас кадрына үлкен сенім көрсетті, зор үміт артты.

М. Қайырбаев істі ауданның бұрынғы басшыларынан мүлде басқаша жаңа тәсілмен бастады. Ең әуелі ол ауданда басшы қызметкерлердің бірінің шаңын бірі басып озып, бос шапқылай берушілігін жойды. Аудандық партия комитетінің бюро мүшелері, аудандық атқару комитетінің мүшелері өздері барған шаруашылықтың жұмысының ілгері басуына тікелей жауап беретін болды. Аупартком ең алдымен талапты шаруашылық басшыларына дұрыс қоя білді. Олардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыруға ерекше назар аударды. Шаруашылық басшыларының уәкілдерге иек сүйеп кетіп, өзін босан ұстамауы, сөйтіп жұмысты ақсатып алмауы үшін, аупартком аудан активінен колхоздар мен совхоздарға адамдарды ұйымдастырушы, баяндамашы, лектор, ақылшы, кеңесші ретінде жіберіп отырады.

Енді аудандық партия комитеті мамандармен, механизаторлармен қоян-қолтық ақылдаса, кеңесе, келісе отырып, егіншіліктің мәдениетін арттыру ісіне қатты назар аударатын болды. Өткен жылды бұл ауданның еңбеккерлері берекелі гектар жолындағы іждаһатты жарыспен өткізді. Бұл жарыс өз нәтижесін берді. Аудан бойынша орта есеппен мемлекетке әрбір гектар егіндік жерден бір тоннадан астық өткізілді. Сөйтіп, Куйбышев ауданы әрбір гектар жерден мемлекетке берілген астықтың көлемі жөнінен облыста бірінші орынға ие болды.

Бұрын Куйбышев ауданы басшылары малшылар арасына сирек баратын еді. Оларда, әсіресе қазақ малшыларына лекция оқып, баяндама жасау деген ілудебір кездесетін. Енді аудандық партия комитетінің мүшелерінің, бюро мүшелерінің, аупартком мүшелерінің малшылар ара-

сында болып, лекция оқып, баяндама жасап қайтуы ардақты іске айналды.

Куйбышев ауданының еңбекшілері биыл мемлекетке кемінде 10 миллион пұт астық сатуды өздерінің алдына мақсат етіп қойды. Астық үшін аттаныстың негізгі межесі осы болып отыр.

Кәзір ауыл шаруашылығына басшылық ету ісінде ұйымдастыру жұмысының алар орны мейлінше күшейіп отыр. Селода, әсіресе артта қалған колхоздарда, совхоздарда, аудандарда ұйымдастыру жұмысын күшейту үшін ең алдымен кадрларды дұрыс іріктеп, дұрыс орналастыра білу шарт. Іскер де алғыр ұйымдастырушылар керек. Ауыл-селодағы ұйымдастыру жұмысының табысты болуы аудандарды, колхоз, совхоздарды басқарып отырған адамдарға, бригадирлерге, ферма менеджершілеріне, агроном, зоотехниктерге, бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына тікелей байланысты.

Н. С. Хрущев жолдас партияның Орталық Комитетінің июнь Пленумында сөйлеген сөзінде «Біз колхоздардағы кадрларды күшейтуіміз керек, ең алдымен колхоздарды тәжірибелі председателдермен, шебер ұйымдастырушылармен нығайтуымыз керек. Партия тамаша кадрлар тәрбиелеп өсірді. Бізде талантты адамдар көп, оларды батыл жоғарылату, олармен ортақ тіл таба білу керек» деді.

Облысты тұтас алғанда колхоз, совхоз басшыларының құрамы мынадай. 84 совхоз директорының 31-нің жоғары, бесеуінің жоғарыдан төмен, 42-нің орта білімі бар. 14 совхоз директоры 5—10 жылдан, 10 директор 10 жылдан аса уақыттан бері жұмыс істеп келеді. 72 колхоз председателдерінің 37-інің жоғары және орта білімі бар. Бірақ колхоз, совхоз басшылары арасында арнаулы ауылшаруашылық білімдері бар мамандар санаулы ғана болып отыр. Мысалы, 4 колхоз председателінің ғана жоғары ауылшаруашылық білімі бар.

МТС-тердің қайта құрылуына байланысты ауыл-селода механизатор кадрлардың құрамы өзгерді. Бұрынғы МТС-тердегі тракторшы, комбайншылардан, бригадирлерден 4650 адам колхоздарға, 660 адам совхоздарға тұрақты жұмысқа ауысты.

Патриот Валентина Гаганованың игілікті бастамасынан үлгі алушылар қатары облыста барған сайын көбейіп келеді. Озат колхоздардан, бригадалардан, фермалардан ауыл шаруашылығының артта қалған учаскелеріне кәзірдің өзінде 80 адам ауысты. Олар жанға жайлы жағдайдан бас тартып, өндірістің қиын да және кенже қалған буындарына барып жемісті еңбек ете бастады.

Жақсы қызметкерді таңдап қою—бұл істің басы ғана. Қызметкер таңдалып қойылғаннан кейін оның бір орында тұрып қалмай, одан әрі өсе түсуіне, іскерлігін жетілдіре беруіне, сөйтіп, бұқараның нағыз ұйымдастырушысы болуына қамқорлық жасап, көмектесіп отыру қажет.

Павлодар ауданына қарасты Киров атындағы ауылшаруашылық артелінің өткен жылғы табысы 12 миллион 226 мың сом болды. Бұл шаруашылықтың барлық саласы бірдей өркендеген өнегелі колхоз. 1959 жылдың көктемінде колхоздың сауыншылары сиырдан сүтті мол сауу жөнінде ұран тастады. Олар өз фермасында 400 сиырдың әрқайсысынан 4000 килограмнан сүт саууға міндеттенген-ді. Бұл сәтті артель мүшелерінің ойдағыдай орындайтындығына ешбір күмән жоқ.

Бұл өнегелі шаруашылықты шебер де іскер басшы, алғыр ұйымдастырушы Георгий Андреевич Шимпф басқарады. Шимпф жолдас әрқашанда бұқара арасында болып, оның мұн-мұқтажына үнемі құлақ асып, тұрмыстағы кемшіліктерін тез түзетуге көмектесіп отырады. Мұнда колхозшылардың мәдениетті демалуына ойдағыдай қамқорлық жасалған. Тамаша зәулім клуб бар. Клуб жанында көркемөнерпаздар коллективі жұмыс істейді.

Бұл колхоздың тұрғын үйлері де, мал қоралары да бүгінгі күннің талаптарына сай келтіріліп салынған, колхозда қоғамдық тамақ дұрыс жолға қойылған. Тамақ колхоздың орталығындағы асханада әзірленеді. Колхоз бөліп қойған екі автомашина күніне үш мезгіл тиісті уақытында далада агрегатта жұмыс істеп жүрген механизаторларды, колхозшыларды дәмді тағамдармен қамтамасыз етіп отырады.

Іскер жетекші Шимпф жолдас басқарған колхоздағы жағдай осындай. Ал осы колхозбен іргелес Ленин атындағы ауылшаруашылық артелін мысалға алайық. Бұл екі шаруашылықтың жер жағдайы да, мүмкіндігі де бірдей. Бірақ бұлардағы істің қорытындысы жер мен көктей деуге болады. Мысалы, Киров атындағы колхоз 1958 жылы әрбір сауын сиырдан 3 060 килограмнан сүт-сауса, Ленин атындағы колхоз әрбір сиырдан 1 395 килограмнан ғана сүт алды. Киров атындағы колхозда шаруашылыққа жарамды әрбір 100 гектар жерге шаққанда 65 центнер сүт өндірілген. Ал ана колхозда ол 16 центнерден ғана. Жүз гектар жерге балап өндірілген ет алғашқы шаруашылықта 13,5 центнерден болса, соңғысында небәрі 3 центнерден ғана, ал жүн алғашқысында 36,4 килограмм да, соңғысында 23 килограмм болып отыр.

Іргелес жатқан бұл екі колхоздың шаруашылық көрсеткіштерінің осындай түрліше болуы оларды басқару ісіндегі адамдарға байланысты екендігінде сөз жоқ. Ленин атындағы колхозды басқарып келгендердің бірі кезінде отызмыншылардың қатарында жіберілген Ф. Богданов облыстық партия комитетінің сенімін ақтай алмады. Ол істен гөрі бос сөзге әуес адам болып шықты. Богдановтың бұл кемшіліктерін аудандық партия комитеті де, колхоздың бастауыш партия ұйымы да дер кезінде көрсетіп отырды. Бірақ бұл ескертпелерге құлақ асқан ол жоқ. Ақырында колхозшылар оны өздерінің басшысы етіп сайламай тастады.

Өмір фактілері осындай. Бұл фактілер кәзіргі заманда ұйымдастыру жұмысының ролі қандай екендігін дұрыс түсінген көптеген кадрлармен бірге ұйымдастыру жұмыстарына икемсіз бос мылжындардың да бар екендігін көрсетеді.

Халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары облыстың жарқын болашағын белгілеп берді. 1965 жылға дейін Павлодар өңірі республиканың ірі өнеркәсіп орталықтарының біріне айналады. Екіншілік пен мал шаруашылығы қауырт өркендейді. Мысалы, 1965 жылы облыста 160—170 миллион пұт астық өндірілуге тиіс. Сол сияқты жетіжылдықтың аяғына дейін облыста 484 мың ірі қара мал болуға тиіс. Қой мен ешкінің саны 1958 жылмен салыстырғанда 3,5 есе, шошқа—2,8 есе, жылқы—2 есе, құс—5,6 есе артпак.

Облысты тұтас алғанда жетіжылдықтың аяғында ет 1958 жылғыдан 4,8 есе, сүт 2,6 есе көп, жүн 4,2 есе көп өндірілмек. Колхоздар мен совхоздардың әрбір жүз гектар жерінен 113,3 килограмм жүн (1958 жылғы 28 килограмм орнына), 42,5 центнер сүт (12,2 центнер орнына), 4 мың жұмыртқа (1 400 орнына), малдың тірідей салмағымен есептегенде 16,3 центнер ет (4,7 центнер орнына) өндірілетін болады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру барлық еңбекшілердің қажырлы еңбегін, біздің бұқара арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмысты онан әрі жақсартта түсуімізді тілейді. Ал ұйымдастыру жұмысының дәрежесін арттыруда кадрларды әсіресе колхоз, совхоз басшыларын дұрыс іріктел алудың, дұрыс орналастырып, тәрбиелеудің, олардың іскерлігін арттырып, жетілдіруінің үлкен мәні бар. Мұны қатты ескере отырып, облыстың партия, совет ұйымдары кадр мәселесіне ерекше көңіл бөліп, ұйымдастыру жұмысын мықтап жақсартады, сөйтіп ауыл шаруашылығы саласында КПСС Орталық Комитетінің кезекті Пленумын лайықты табыстармен қарсы алады.



# Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы

## XVII ТАРАУ

### Партияның халық шаруашылығын мықтап көтеру, социализм құрылысын аяқтау жолындағы күресі

(1953—1958 жылдар)

#### 1. 1953 — 1958 жылдардағы халықаралық жағдай. Партия мен Совет мемлекетінің халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы күресі

1953 — 1958 жылдары Совет Одағының өмірінде, партияның жұмысында, оның СССР-де коммунистік қоғам орнату жолындағы және бейбітшілік сақтау жолындағы күресінде ірі-ірі оқиғалар болды.

Халықаралық жағдай бұл қарсаңда әбден шиеленіскен еді. Капитализмнің позициялары онан әрі нашарлап, оның барлық қайшылықтары шиеленісіп, отарлық системаның ыдырауы тездеп отырған жағдайларда СССР-дегі коммунистік құрылыс пен халықтық демократия елдеріндегі социалистік құрылыстың табыстары, социалистік елдердің бірлігінің нығаюы, олардың халықаралық ықпалының өсуі империалистік билеуші топтардың өз үстемдіктерінен айрылып қаламыз ба деген қорқынышын, олардың демократия мен социализм күштеріне деген өшпендігін күшейте түсті. Жетекші империалистік державалар, ең алдымен Америка Құрама Штаттары саясатының агрессияшылдығы күшейе түсті, әсіресе Солтүстік Атлантика соғыс блогы құрылғаннан кейінгі жерде, американ империалистері Кореяда соғыс бастап жібергеннен кейінгі жерде күшейе түсті.

Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының және бүкіл социалистік мемлекеттер лагерінің бейбітшіл дәйекті саясатының арқасында бейбітшілік сақтап қалынды, бірақ та оны баянды бейбітшілік деп есептеуге болмайтын еді. Адамзатқа үшінші дүниежүзілік соғыс қаупі төніп тұрды.

Дүниені ядролық қырғын соғыстан аман алып қалу үшін СССР-дің тағы да күш-жігер салуы қажет болды, оның бейбітшіл саясатын онан әрі күшейте түсу, шетелдердегі бейбітшіл күштермен байланысты, қарым-қатынасты кеңейте түсу қажет болды. Бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі лениндік принциптен тайбайтын Совет мемлекеті КПСС-тің басшылығымен халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы батыл, алдына мақсат қойған күресті өрістетте түеті.

Өзінің үнемі өсіп отырған қуатына, барлық социалистік мемлекеттер мен халықаралық жұмысшы табының қолдауына сүйене отырып, СССР бейбітшілікті нығайтуға бағытталған бірсыпыра маңызды шаралар қолданды.

Халықаралық шиеленісті біраз басу үшін ең алдымен Корея мен Үнді Қытайдағы кантөгісті тоқтаттыру керек болды.

Совет Одағы Қытай Халық Республикасы мен Корей Халық-Демократиялық Республикасымен қарым-қатынасты жақсарту мақсатымен

мократиялық Республикасының Кореядағы соғысты тоқтатуға деген күш-жігерін барынша қолдады. Американдық агрессорлары уақытша бітім келіссөздерінен екі жыл бойы нәтиже шығартқызыбай келді. Ақыры 1953 жылы уақытша бітім жасалды. Елеулі халықаралық шиеленіс қаупін туғызған Кореядағы соғыс американдық агрессиясының басталған жерінің шегінде аяқталды. Американдық империализмінің бұл аудандағы басқыншылық жоспары іске аспай қалды. Сөйтіп соғыстың бір ошағы сөндірілген-ді.

1954 жылы Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының белсенісімен кірісуінің арқасында Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Камбоджаның, Лаостың демократиялық күштері американдық империалистерінің жанталасқан қарсылығына қарамастан Үнді-Қытайда соғыс қимылдарын тоқтату туралы Франциямен келісімге келе алды. Бейбітшілік күштердің бұл жеңісі Вьетнам, Лаос, Камбоджа халықтарының мүдделеріне де, француз халқының мүдделеріне де сай келді. Соғыстың екінші ошағы сөндірілді.

Совет Одағы Европадағы шиеленісті бәсеңдетуге де шаралар қолданды. 1955 жылы Совет Одағының бастауы бойынша ақырында Австрияның түпкілікті бейтарап болуы негізінде Австрия мәселесі жөнге салынған болатын. Совет елі жағының бастауы бойынша СССР мен Герман Федеративтік Республикасының арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнатылған болатын.

КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметі СССР мен Югославияның арасындағы дауды жою жөнінде инициатива көрсетті. Сөйтіп 1955 жылы екі ел арасындағы қарым-қатынастар жақсартылған болатын.

Партия коллективті қауіпсіздік системасын жасау жолымен баянды, ұзақ бейбітшілік орнатуды қамтамасыз етуге болады деп есептеді. Коллективті қауіпсіздік системасы бейбітшілікті сақтау мақсатымен жер шарының белгілі бір ауданындағы барлық мемлекеттердің күш-жігерін біріктіруге негізделген система және мемлекеттерді бір-біріне қарама-қарсы тұрған томаға-тұйық дұшпан топтарға бөлетін империалистік соғыс блоктары системасына мүлде қарама-қарсы система.

1954 жылы Совет үкіметі Европа мемлекеттеріне, сонымен қатар Америка Құрама Штаттарына да «Европада коллективті қауіпсіздікті сақтау туралы жалпыевропалық договордың» жобасын ұсынды. СССР-дің бұл инициативасын қалың халық бұқарасы барынша ұнатып қарсы алды. Сөйтсе де батыс державалар Совет Одағының ұсыныстарын қабылдаудан бастартты. Батыс державалар 1954 жылдың октябрінде Батыс Германияны қайта қаруландырып, оны Солтүстік Атлантика соғыс блогына тартуды көздейтін келісімдерге қол қойды.

СССР, сондай-ақ өзге де социалистік елдер, жаппай бейбітшілік үшін аса қауіпті бұл сияқты фактілерді елемей тұра алмады. Европада пайда болған жаңа жағдайда Совет үкіметі халықтық демократия елдерінің үкіметтерімен қосылып бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде жаңа шаралар әзірледі. 1955 жылы май айында Варшавада СССР мен халық демократиясының европалық елдері арасында Достық, ынтымақтастық және өзара көмектесу туралы договорға қол қойылды. Варшава договорына қатысушы елдер договорға қол қойған елдердің әйтеуір біреуіне қарулы шабуыл жасала қалған күнде қарулы күшті қолдануға дейін барлық құралдармен сол елге дереу көмек көрсетуге міндеттеме алды. Қытай Халық Республикасының үкіметі қабылданған шешімдерге толық қосылатындығын және бұл шешімдерді қолдайтындығын мәлімдеді.



Варшава договоры Европада ең маңызды тұрақтандырушы факторға айналды. Ол бейбітшілік сүйгіш елдердің қорғаныс шарасы, Европа халықтарының қауіпсіздігіне және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік сақтауға қызмет етеді. Империалистік державалардың соғыс блоктарын құру жөніндегі договорларынан өзгеше, Варшава договорына өздерінің қоғамдық құрылысына қарамастан өзге мемлекеттердің де қосылуына жол ашық. Европада коллективтік қауіпсіздік системасы құрылған күнде Варшава договоры өзінің күшін жояды.

Солай бола тұрса да Батыс Германияда милитаризм қалпына келтіріле берді. Бонн үкіметінің қарулы күштерінің басына бұрынғы Гитлер генералдары қойылды. Кек алу насихаты үдетіле берді. Осының бәрі герман мәселесін шешуде жоюға қиын кедергілер жасай берді. Алайда Совет Одағы бұрынғысынша герман мәселесінің тез ретке салынуына күш-жігерін салды. СССР Германиямен бітім договоры жасалуын және оның жерінен барлық шетел әскерлерінің әкетілуін жақтап шықты. Ол герман халқының бейбітшіл және демократиялық негіздерде елдің екі бөлегінің де ұлттық бірігуіне ұмтылған талабын қолдап отырды. Германияның территориясында қоғамдық құрылысы мүлде өзгеше екі түрлі дербес неміс мемлекеті болып отырған жағдайда Германияны біріктіру ісін Германияның бір бөлегін оның екінші бөлегіне қалай болса солай жай қоса салумен жүзеге асыруға болмайтын еді. Оны Герман Демократиялық Республикасы мен Германияның Федеративтік Республикасының арасында келіссөз жүргізу арқылы неміс халқының өзі ғана қоса алатын еді. Совет үкіметі Германияның ұлттық бірлігін қалпына келтіру жолындады бірінші қадам ретінде екі герман мемлекетінің конфедерациясын құру туралы Герман Демократиялық Республикасы үкіметінің ұсынысын қолдады.

АҚШ, Англия мен Франция үкіметтері, сондай-ақ Германияның Федеративтік Республикасының үкіметі де, Батыс Германияда милитаризмді қалпына келтіріп, Германияның екі бөлегіндегі немістердің арасында келіссөздер жүргізілсін деген ұсыныстарды қабылдамағанда, герман мәселесін шешудің жолдарын жауып тастайды. Олар Германияны екіге жарылған күйінде қалдыра тұруды артық көреді.

Бейбітшілік жолындағы және халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы күресте КПСС пен Совет үкіметі қарусыздану мәселесіне үздіксіз көңіл бөліп отырды. КПСС пен Совет үкіметі қару-жарак пен қарулы күштерді шағындау, атом, сутегі қаруына және оны сынауға тыйым салу жолындағы күресті, осы шаралардың барлығының орындалуына халықаралық қатаң бақылау қою жолындағы күресті бұрынғыдан да бетер күшейте түсті. Қарусыздану туралы халықаралық келісімге келу жолын жеңілдетуге ұмтылып, Совет үкіметі Батыс державалардың бұл жөндегі бірсыпыра ұсыныстарымен келіскен болатын, бірақ та Совет үкіметі қарусыздану мәселесінде өз тарапынан онан да гөрі елеулі шешімдер қабылдауды дұрыс көрген болар еді. Мысалы, бұрын СССР ұлы державалардың қарулы күштерін үштің біріндей шағындауды ұсынған болса, ал 1955 жылы ол батыс державалардың: АҚШ, СССР және Қытай қарулы күштерін 1 — 1,5 миллионға дейін шағындайтын болсын, Англия мен Франция 650 мыңға дейін шағындайтын болсын деген ұсынысын қабылдады.

Бірақ Совет үкіметі батыс державалардың белгілі бір ұсынысын қабылдасымен-ақ, олар не кейін шегіншектеп, өздерінің ұсыныстарынан безе бастады немесе бұл ұсыныстарын толып жатқан ескертулермен қиындатып отырды. Сөйтіп батыс державалары өздерінің қарусыздану ісін нәтижесіз қалдыруға ұмтылатындықтарын сездіріп алды. Қарусыздану туралы бос мылжынды бетке ұстап, олар халықты алдады да, үсті-үстіне қарулана берді.

АҚШ-тың, Англия мен Францияның қарусыздану проблемасы жөнінде Совет Одағының тілегеніндей аса елеулі шешім алатын ниеттері жоқ екені айқын еді. Совет үкіметі қарусыздану туралы келіссөздерді тұйықтықтан шығару үшін бірде-бір мүмкіншілікті жібермеуге тырысып, бұл мәселені біртіндеп шешу жөнінде бірсыпыра ұсыныстар енгізді. Бірақ мұнда да Совет Одағы өзінің шын қарусыздану жөніндегі барлық қадамдарына Батыс державаларының саботаж жасағанын көріп отырды.

Қарусыздануды шын ниетімен жақтайтындар тек Совет Одағы мен социалистік лагерьдің басқа да мемлекеттері екендігіне, тек солар ғана барлық елдердің еңбекшілерін қарулану ауыртпалығынан, ядролық соғыс қаупінен құтқаруға ұмтылатындығына халықтардың барған сайын көзі жете түсті.

Империализмге қарсы күресте Азия мен Африканың өз тәуелсіздігін қорғаушы халықтарымен СССР-дің байланысын ұлғайта түсуі Совет елінің бейбітшіл сыртқы саясатының ірі табысы болды. Бұл халықтармен байланыстың күшеюіне СССР-дің басшы қайраткерлерінің Шығыс елдеріне барып қайтулары, сондай-ақ бұл елдердің саяси басшыларының Совет Одағына көптеп келіп кетулері едәуір себепкер болды. Латын Америкасының халықтарымен де қарым-қатынас ұлғая түсті.

1953 — 1958 жылдары империализмнің отарлық системасының дағдарысы мейлінше шиеленісе түсті. Ұлт-азаттық қозғалысы барынша өрледі. Азия мен Африкада, отарлық езгіден азат болған елдерде, толып жатқан тәуелсіз ұлттық жаңа мемлекеттер құрылды. Соғыстан кейінгі жылдары мемлекеттік тәуелсіздіктерін жеңіп алған Сирияның, Ливанның, Индияның, Бирманың, Индонезияның ізінше, бұрын ағылшын империализмінің тәуелділігінде болған Египет, Ирак азаттыққа жетті, Судан мен Гана сияқты бұрынғы отарлар, сондай-ақ бірсыпыра басқа да елдер азаттыққа жетті. Тәуелсіздіктерін жеңіп алған халықтардың оны тек бұрынғы отарлаушылардан — Англия мен Франциядан ғана қорғауларына тура келіп отырған жоқ. Бұлар екінші бірінде кәзіргі кезде империализмнің отарлық системасының басты тірегі, отарлық және нәсілдік езгінің негізгі ұрығын жаюшы болып отырған Америка Құрама Штаттарының отарлаушылығынан да қорғанбасқа амалы жоқ.

Шығыс елдері халықтарының отарлаушыларға қарсы күресінде оларды СССР қатты қолдап отырады. СССР мен бейбітшілік позициясында тұрған Азия, Африка мемлекеттерінің арасында достық пен ынтымақтастық байланыстары үздіксіз нығаюда. Совет Одағының империализм мен агрессияға қарсы қажымай-талмай күрес жүргізуі езілген және тәуелді халықтарға өздерінің саяси азаттыққа жетуінде орасан зор көмек көрсетті, ал сонан кейін олардың жеңіп алған мемлекеттік тәуелсіздігін отарлаушылардың толып жатқан оқталуларынан қорған кездерінде де көмектесті.

Совет Одағы саяси тәуелсіздікке жеткен елдерге сонымен қатар өздерінің экономикалық дербестікке жетуі жолындағы күресінде де мүмкін болған көмектің бәрін көрсетіп отыруда. СССР оларға толық теңправдылық, олардың ішкі істеріне қол сұқпау негіздерінде, қандай да болсын саяси немесе әскери шарттар қоймай-ақ көмектесуде. Бұл көмектің сипаты АҚШ пен басқа да отарлаушылардың көмегі делінетін көмектің кіріптарлық негіздеріне мүлде қарама-қарсы. Қанаушы империалистер бола тұрса да, экономика жағынан нашар дамыған елдердің позициялары Совет Одағының арқасында нығая берді, отарлаушылардың бұл елдерге кіріптарлық шарттар таңуының мүмкіншілігі кеми берді. Осының бәрі де Азия мен Африканың бейбітшілік позициясында тұрған мемлекеттерінің халықаралық ролінің өсуіне себепкер болды.

Сонымен қатар СССР мен соғыс блоктарына кірмейтін Европаның бейтарап мемлекеттері арасындағы қарым-қатынас та дамып, нығая берді.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті АҚШ, Англия, Франция, Италиямен және басқа да капиталистік мемлекеттермен екі арадағы қарым-қатынастарды жақсарту жөнінде талай рет бастама жасады. СССР халықаралық өзара сенімді нығайту, сыртқы сауданы дамыту, қандай да болсын қорлаушылықты жою, мәдениет пен ғылым саласындағы байланыстар мен ынтымақты кеңейту жағын көздеп отырды. Н. С. Хрущевтің мәлімдегеніндей, «...біздің еліміз соғысқа қарсы, бейбіт қатар өмір сүру позицияларында тұрған мемлекеттердің бәрімен де жақсы қарым-қатынастарда болуды тілер еді, біз осындай қарым-қатынас орнату үшін қолдан келгеннің бәрін істеп те жатырмыз» («Правда», 7 ноябрь, 1957 ж.).

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің бейбітшілікті нығайту жолында қолданған шаралары халықаралық жағдайға оңды әсер етті. 1955 жылдың жазында Женевада СССР, Америка Құрама Штаттары, Англия және Франция үкіметтері басшыларының кеңесін шақыру мүмкін болып шықты. Пікір алысудың нәтижесінде төрт державаның үкімет басшылары халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге өз үлестерін қосқысы келетіндіктерін мәлімдеді. Алайда сонан былайғы жерде тек Совет үкіметі ғана өз мәлімдемесін іспен — бейбітшілікті нығайтуға бағытталған іс жүзіндегі шаралармен дәлелдеді.

Женева кеңесінен кейін Совет үкіметі халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы, мемлекеттер арасындағы ынтымақты кеңейту жолындағы күресті бұрынғыдан да күшейте түсті, сөйтіп ізгі ниетте екендігін тағы да айқын дәлелдеді. Совет үкіметі Америка Құрама Штаттарымен, сондай-ақ Англиямен және Франциямен екі арадағы қарым-қатынастарды түбірінен жақсарту жөнінде маңызды қадамдар жасап көрді. Совет үкіметінің бұл күш-жігерін батыс державалардың реакцияшыл билеуші топтары қолдамады. Сөйтсе де, әлгі реакцияшыл топтардың жасаған кедергілерін жеңе отырып, Совет үкіметі халықаралық сауда қарым-қатынастары мен мәдениет байланыстарын едәуір кеңейте түсті. Жапониямен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды. 1955 жылдан бері өзінің Қарулы Күштерін екі миллионнан астам адамға азайтуы Совет Одағының қару-жарақты шағындауға ұдайы ұмтылатындығының айқын дәлелі еді.

Совет Одағының бейбітшілік инициатива көрсетуі — дүниежүзілік саясаттың ең маңызды факторы. Бұл инициатива халықаралық қатынастардың күллі барысына барған сайын зор әсер етіп отырды. Бейбітшілік күштері өсіп, ұйымдаса берді. Агрессияшыл империалистік топтардың оқшау қалдырылуы күшейе түсті. Халықтардың соғысты болдырмауға мүмкін болатындығына сенімдері нығая берді. Мұның өзі бейбітшілік күштердің ірі жеңісі болды. Совет Одағының беделі мен ықпалы орасан зор артты.

Алайда халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетудің нақты перспективасы мен бейбітшілікті нығайту ісі империалистік билеуші топтардың мүдделеріне сай келмеді. Бейбітшілік монополиялардың пайдаларын азайтады. Қоғамдық екі системаның бейбіт экономикалық жарысы социализмнің пайдасына шығып келеді. Совет Одағының, Қытайдың, барлық халық демократиясы елдерінің экономика мен мәдениет жағынан тез өсіп, олардың бірлігінің нығая түсуінің нәтижесінде дүние жүзіндегі күштердің арасалмағы үздіксіз капитализм зиянына өзгеруде. Империализм позициясын отарлық системаның дағдарысы әлсірете түсуде.

Империалистік мемлекеттердің билеуші топтары халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге әрқашан қарсы тұрып келді, бірақ Женева ке-

несінің тұсында олар өздерінің «қырғи-қабак соғысты» күшейтуге, агрессияны дайындауға алған бағыттарын бүркемелеуге тырысып бақты. Көп ұзамай-ақ олар өздерінің бейбітшіл бет пердесін жұлып тастап, «күш көрсету» саясатын қайтадан ашықтан-ашық жүргізе бастады. Олар социализм орнату жолына түскен елдерде капитализмді қарудың күшімен қайта қалпына келтіру, отарлаушылардың өктемдігін халықтары лақтырып тастаған жерлерде отарлық езгіні қайта орнату ниеттерінен бастартпады.

Халықаралық шиеленісті бәсеңдету және бейбітшілікті нығайту жолында күресе отырып, КПСС империализмнің реакцияшыл күштерінің қаруын тастамағанын, олардың қандай авантюраға болса да баратындығын, сондықтан да үнемі қырағылық керек екендігін ешуақытта есінен шығарған емес.

1956 жылдың күзінде Англия, Франция және Израиль Египетке қарсы шабуыл жасады, сөйтіп оған отарлық тәртіпті қайта таңбақ болды.

Дәл сол күндері империализмнің реакцияшыл топтары, әсіресе Америка Құрама Штаттарының реакцияшыл топтары, Венгрияда контрреволюциялық бүлік ұйымдастырды. Империалистер дәл сол кезде басқа да социалистік елдерге қарсы бүлдіру жұмыстарын кеңінен өрістете бастаған болатын. Империалистер социалистік елдерді жарғыштауға жанталаса күш салған болатын. Олар Совет Одағының саясатына арпалыса шабуыл жасап, оған қалай да кір келтіруге тырысып бақты. Олар социализм идеясын мұқату үшін зұлымдық тәсілдердің ешқандайынан да тайынып қалмады. Соғыс қаупі қайтадан күшейді. Сонымен қатар реакцияшыл күштердің капиталистік елдердегі коммунистік партияларға қарсы күресі де күшейе түсті. Мұнда империалистер бұл партияларды іштен бүлдіруге — ревизионист элементтердің әрекеттерін жандандыру жолымен бүлдіруге зор үміт артты.

Соғыс қаупі қайта ұлғайып келе жатқан жағдайда Совет Одағы өзінің экономикалық және әскери қуатына сүйене отырып, социалистік елдердің қолдауы мен барлық бейбітшіл халықтың қатты тілектестігіне сүйене отырып, бейбітшілікті тағы да қорғап шықты. Ол Египетке қарсы агрессияның тоқтатылуын үзілді-кесілді талап етті. Бұл талапты ескере отырып, сонымен қатар египет халқының ерлік қарсылығына, дүние жүзінің демократияшыл жұртшылығының қатты тасыған ашу-ызасына тап болып, ағылшын, француз және израиль үкіметтері амалсыздан агрессияны тоқтатып, өз әскерлерін Египеттен алып кетуге мәжбүр болды. СССР бастаған бейбітшілік күштері египет халқының өз тәуелсіздігін қорғап қалуына көмектесті.

Совет Одағы, Венгрия үкіметінің өтініші бойынша, өзінің интернационалдық борышын орындап, контрреволюциялық бүлікті жоюда туысқан венгер халқына айтарлықтай көмек көрсетті. Мұнымен Совет Одағы Венгрияда капитализм мен фашизмнің қайта орнауына және оны Европаның орталығында империалистік агрессияның плацдармына айналдыруға жол бермеді.

СССР агрессорлардың жоспарларын орындатқызбай тастады, сондықтан олар еріксіз кейін шегінді. Мұның өзі зор тарихи жеңіс еді. Бұл жеңіс бейбітшілікті жақтаушылар мен соғысты жақтаушылар арасындағы күштердің арасалмағының бейбітшілікті жақтаушылардың пайдасына қарай едәуір өзгергенін көрсетеді, бұл жеңіс агрессияны болдырмаудың жаңа перспективаларына жеткізді.

Империалистік топтардың социалистік елдерді жарғыштамақ болған зұлымдық жоспарларының бәрі де толық күйреді. Пролетарлық интернационализм принциптерін қатаң сақтай отырып, Совет үкіметі 1956 жылғы 30 октябрьдегі декларациясында толық тең праволылық,

территориясының бүтіндігін, мемлекеттік тәуелсіздігі мен суверенитетін қадірлеу, ішкі істеріне араласпау, туысқандық ынтымақ пен өзара көмектесу негізінде халық демократиясының барлық елдерімен достық байланыстарын оған әрі нығайтудың программасын ұсынды. Реакцияның шабуылына қарсы бірлесіп күрескенде Совет Одағының Қытаймен, халық демократиясының барлық басқа да елдерімен қарым-қатынасы бұрынғыдан да бетер тығыз, шын жүректен шыққан, достық қарым-қатынасқа айналды. Социалистік елдердің туысқандық ынтымағы, олардың экономикалық, саяси және мәдени салаларда өзара бір-біріне жәрдемдесуі ойдағыдай өрістеді. Социалистік лагерьдің бірлігі әрбір социалистік елдің ұлттық тәуелсіздігі мен суверенитетінің сенімді кепілі болып табылады.

Египет пен Венгриядағы империалистік агрессияға қарсы күресте жеңіп шығып, СССР бейбітшілік ісін оған әрі қорғай берді. Совет Одағы Таяу Шығыс пен Орта Шығыстағы жаңа агрессия қаупіне үзілді-кесілді қарсы шықты. Америка Құрама Штаттары Түркияны және басқа елдерді Сирияға айдап салып, Сирияның тәуелсіздігіне қарсы заговор ұйымдастырған кезде, Совет Одағы Сирияның өзіне төнген қауіптен құтылуына көмектесті. 1958 жылы Совет Одағы американдық, ағылшын агрессиясының Иракты және осы өңірдің басқа да елдерін шарпуына жол бермеді, Ливан мен Иордания халықтарына өздерінің жеріне басып кірген американдық әскерлерінен құтылуға көмектесті. Халықтар СССР-ді өз тәуелсіздігінің ең сенімді тірегі деп біледі.

1958 жылдың екінші жартысында АҚШ-тың Қытай Халық Республикасына қарсы агрессиялық әрекет жасауының нәтижесінде Қиыр Шығыста — Тайвань аралы мен Тайвань бұғазының маңында — қауіпті жағдай туды. Соғыс шығып кету қаупі болды. Қытай халқы агрессорларға дұрыстап соққы беруге дайын тұрды. Өзінің борышына берік Совет Одағы өзінің ұлы досы, одақтасы және көршісі болған Қытай Халық Республикасына шабуыл жасау СССР-ге шабуыл жасағандық болатынын, егер АҚШ Қытай Халық Республикасына қарсы агрессия жасайтын болса, онда өзі Қытай Халық Республикасына көмек беретіндігін мәлімдеді. Бұл мәлімдеме асқақтап кеткен американдық агрессорларының желігін басуына себепкер болды. Қытай Халық Республикасының бейбітшіл саясаты Тайвань ауданында жағдайдың оған әрі шиеленісуіне жол бермеді.

Империалистік агрессорлардың сәтсіздікке ұшыраулары социалистік лагерьдің, сондай-ақ басқа да бейбітшіл күштердің күш-қуатынын өсе түскендігін айқын көрсетеді. Соғысты болдырмаудың, империалистік агрессорлардың халықтарды жаңа соғыс авантюрасына ұрындыруына жол бермеудің нақты мүмкіншілігі туып, барған сайын нығая түсті. Алайда, бейбітшілік жолындағы күрес сияқты ұлы істің табысты болуы үшін соғысқа қарсы күштердің бәрінің қырағы болуы, жұмылуы болуы қажет, олардың бірыңғай майдан болып қимылдауы, өздерінің күресін, күш-жігерін бәсеңсітпеуі қажет.

Бейбітшілік жолында, халықаралық шиеленісті бәсеңсіту жолында, халықтар арасындағы достықты нығайту жолында күрес жүргізу СССР мен барлық социалистік мемлекеттердің сыртқы саясатының негізі болды және бола бермек. Совет үкіметінің түрлі халықаралық мәселелер жөнінде жасап отырған барлық ұсыныстарының мәнісі де дәл осында.

1958 жылдың март айында СССР Жоғарғы Советі қарусыздану ісінде жаңа инициатива көрсетті. Жоғарғы Совет атом қаруы мен сутегі қаруын сынауды Совет Одағының біржақты тоқтатуы жөнінде шешім қабылдады. Совет Одағы осындай қаруы бар басқа мемлекеттерге үндеу арнап, оларды осы сияқты шаралар қолдануға шақырды, мұнымен қатар егер ядро қаруы бар басқа елдер оны сынауын тоқтатпай-

тын болса, онда Совет Одағының сынақты амалсыз қайта бастайтындығын оларға атап ескертті. Совет үкіметінің ұсынған Германиямен бітім договорының жобасы және Батыс Берлинге еркін қала статутын беру жобасы, сондай-ақ тұтқиылдан шабуыл жасатқызбау жөніндегі совет ұсыныстары да бейбітшілікті нығайтуға, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бағытталып отыр. Совет үкіметі халықаралық даулы мәселелердің келіссөз жүргізу жолымен шешілуіне барынша ұмтылып отырды, бұдан былай да ұмтыла бермек. Халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің ең жақсы жолы үкімет басшыларының кеңесі болар еді, Совет үкіметі осындай кеңестің шақырылуын ұсынып та отыр.

СССР-дің гуманизмге, бейбітшіл сезімге бөленген осы шараларының бәрін де дүние жүзі жұртшылығының қалың топтары қатты ұнатты. Бірақ та АҚШ, Англия және Франция үкіметтері халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолына түсуден бастартып келеді, ал бейбітшіл күштердің бәрі де оларды осы жолға шақыруда.

Партия мен Совет үкіметінің 1953 — 1958 жылдардағы сыртқы саясат жұмысындағы ең маңызды нәтижелерінің бірі Совет Одағының халықаралық байланыстарының өрістей түскендігі болды. Басқа елдермен байланысты кеңейтудің нәтижесінде Совет Одағында капиталистік елдер халқының барлық топтарының көптеген өкілдері болып қайтты. Совет Одағының бейбітшілікті сүйетіндігіне, ізгі ниеттілігіне олардың айқын көздері жетті, Совет елінің аса ұлы тарихи жетістіктерін өз көздерімен көрді. Сонымен қатар шетелдерге де барып қайтқан совет азаматтары да аз емес. Осының бәрі де империалистік реакцияның жақорлық, советке қарсы насихатының тамырына балта шабуға себепкер болды, совет халқының шын ниетімен бейбітшілікке ұмтылатындығына шет елдегі қалың жұртшылықтың көзін жеткізді, дұшпандық насихаттың ойдан шығарып алып жүрген «советтік агрессия» дейтін өсек-аянның әшкерелеп берді. Империалистік реакцияның қоғамдық пікірге СССР-дің жағдайы туралы зорлап теріс түсінік бермек болған әрекеттері күйрей берді. СССР — социализмнің тұңғыш елі туралы шындықты көпке тарату үшін Совет Одағының Коммунистік партиясы бұл жылдардың ішінде өте көп нәрсе істеді. Осының нәтижесінде бүкіл дүние жүзінде социалистік құрылыстың капиталистік құрылыстан артықшылығын түсінген адамдардың тобы едәуір көбейді. Совет Одағы достарының қатары көбейді, оның саясатын қолдайтын қоғамдық күштер арта түсті. СССР капиталистік дүниемен қарым-қатнас жасағысы келмейді дейтін «темір шымылдық» жөніндегі өсек-аян талқандалды.

1953 — 1958 жылдарда Коммунистік партия мен Совет мемлекеті бейбітшілік жолындағы, агрессияны болдырмау және СССР-дің халықаралық позицияларын онан әрі нығайта беру жолындағы күресте асқан зор белсенділік көрсетті. Сыртқы саясатта лениндік сара жолды дәйектілікпен жүргізе отырып, партия халықаралық жағдайда пайда болып отырған жаңа нәрселердің бәрін ескеріп отырды, сөйтіп өзгерген жағдайларға сәйкес өзінің бейбітшіл саясатын жүзеге асырудың бірден бірге жаңа әдістері мен жолдарын тауып отырды. Бұл дәуірде партияның сыртқы саясат саласындағы творчестволық инициативасы орасан күлаш сермеді. Партияның даналық жұмысының нәтижесі СССР-дің халықаралық беделінің бұрынғыдан да өсе түскендігі, агрессияға тойтарыс беру мүмкіндіктерінің бұрынғыдан да өсе түскендігі болды. Агрессияшыл топтардың шеттетілуі күшейе түсті.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі бейбітшілік саясатын дәйектілікпен жүргізуді СССР-дің қорғаныс қуатын онан әрі нығайтумен ұштастырып отырды. СССР-дің қаулап өскен күш-қуаты — соғыс қаупіне қарсы ең сенімді кепілдік, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік болуының күдіретті факторы.



## 2. Партияның жұмысын партия тұрмысының лениндік нормалары негізінде қайта құру. Жеке адамға табынушылықтан туған қателіктер мен кемшіліктерді түзету. Ауыл шаруашылығын шұғыл көтеру және өнеркәсіпте техникалық прогресс жасау жөніндегі шаралар

Совет қоғамы өзінің ішкі дамуында 1953—1958 жылдары коммунистік құрылыс міндеттері партия мен халықтың тікелей практикалық міндеттеріне айналған дәуірге енді. Партияның басшылығы арқасында халқымыз совет қоғамдық және мемлекеттік құрылысын онан әрі нығайту жөнінде; өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр индустрияны мықтап өркендету жөнінде; ауыл шаруашылығын шұғыл көтеру, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту жөнінде ірі-ірі саяси және шаруашылық шараларды жүзеге асырды. Бұл жылдары партия жеке адамға табынушылыққа қарсы шықты, совет қоғамы өмірінің барлық салаларында оның зардаптарын жойды. Жеке адамға табынушылықтың зардаптарын жою үстінде жана тарихи міндеттерге толық сай түрде партиямыз сыннан өткен лениндік дәстүрлердің негізінде партия, мемлекет және қоғам ұйымдарының жұмысын қайта құруды ұйымдастырып, өзінің басшылық ролін арттыра түсті.

Партия совет қоғамының алға қарай басуына бөгет болған және лениндік дәстүрлерге жатпайтын нәрселердің бәрін де батыл жойып отырды. Партия лениндік принциптерді қалпына келтіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар ол принциптерді жаңа тарихи жағдайларға тапқырлықпен қолданып отырды, басшылық етудің жаңа формаларын шығарып отырды, басшылықтың бұл формалары ленинизмнің рухына толық сай келе отырып жаңа жағдайдың талаптарын бейнеледі, жинақталған аса бай тәжірибені ескерді. Совет қоғамының өміріндегі жаңа тарихи кезеннің неғұрлым маңызды жақтары және партияның осы бес жыл ішіндегі жұмысының сипатты ерекшеліктері міне осындай.

Партиямыз бұқараны коммунистік құрылыстың міндеттерін шешуге жұмылдыра отырып, партия, мемлекет және шаруашылық жұмысындағы елеулі кемшіліктерді батыл әйгілеп, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптегі жағдайды сын көзімен бағалап, осы кемшіліктерді жою жолындағы, социалистік экономиканың онан әрі қаулап өсуі жолындағы күресті өрістете түсті.

Партияның өміріндегі қолайсыз жағдай ең алдымен жеке адамға табынушылықтың салдарынан партиялық өмірдің лениндік нормалары мен большевиктік басшылық принциптерінің бұзылып отырғандығы болды. Орталық Комитеттің, Орталық Комитет Саяси бюросының жұмысында ұзақ уақыт коллективтілік болмай келді, тиісті дәрежедегі сын мен өзара сын болмады.

Халық шаруашылығына, әсіресе ауыл шаруашылығына басшылық етуде де ірі қателер жіберілді, социализм принциптерінің бұзылуы салдарынан ауыл шаруашылығында ауыр жағдай туды. Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру еліміздің өсе түскен керектерінен қатты артта қалып отырды. Өндірісті басқару ісінде шаруашылықты жүргізудің лениндік принциптері толық сақталынбай келді. Халық шаруашылығына басшылық етудің және оны жоспарлаудың тым орталықтандырылып жіберуінен, экономикалық стимул жасау ісін жете бағаламаушылықтан келіп өндірістің өсуінің нақты мүмкіншіліктері мен оның резервтері нашар есепке алынып отырды, ал бұқараның творчестволық бастамасы құлаш жайып өрістей алмады. Кәсіпорындардың техниканы дамытуға ұмтылуына нашар стимул жасалып отырды. Осының салдарынан өнеркәсіптің бірсыпыра тараулары дүниежүзілік техниканың дәрежесінен кейін қалып отырды.

Социалистік заңдылықты және совет азаматтарының демократиялық праволарын өрескел бұзуға жол берілді.

Марксизм-ленинизм рухына жат И. В. Сталиннің жеке басына табынушылықпен байланысты, теория мен практикада кең тараған басқа да қателіктер мен кемшіліктер болды. Партия жаңа жағдайларда әсіресе төзуге болмайтын бұл сияқты теріс құбылыстарға төзіп отыра алмады.

Партия мен мемлекет жұмысының барлық саласында жеке адамға табынушылықтың зардаптарын жою бұл дәуірдің ең маңызды саяси міндеті болды, партияның басшылық ролін көтерудің, советтік қоғам құрылысы мен мемлекет құрылысын онан әрі нығайтудың, партия және мемлекет жұмысын қайта құрудың негізгі шарты болды.

Партия, оның лениндік Орталық Комитеті Н. С. Хрущевтің бастамасы бойынша И. В. Сталиннің жеке басына табынушылықтың зиянды жақтарын және сонымен байланысты қателер мен кемшіліктерді ашып, бұларға қарсы қажырлы күрес жүргізді.

Совет құрылысын нығайту, социалистік демократияны дамыту, жеке адамға табынушылықтың зиянды зардаптарын жою үшін партия мен халықтың нағыз қас жауы саяси авантюрист Берияны әшкерелеудің зор маңызы болды. Берия мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басында отырып алып, бұл органдарды партия мен үкіметтің үстінен қарайтын етуге тырысты, партия мен оның басшылығына қарсы, СССР үкіметіне қарсы пайдалануға тырысты. Дүшпандық мақсаттармен ол адал қызметкерлерге қарсы жалған айыптау материалдарын жасап, совет заңын өрескел аяққа басты.

Партияның Орталық Комитеті Берия мен оның шабармандарының қылмысты әрекетіне балта шапты. Партия тап жауының қауіпті агенттерінен арылып, өзінің қатарын едәуір нығайтты және Совет мемлекетін онан әрі баянды ете түсті.

Партияның Орталық Комитетінің 1953 жылы июльде болған пленумы Берия мен оның сыбайластарының қылмысты әрекеттерін жою жөніндегі батыл шараларды мақұлдады. Пленум мемлекеттік аппараттың барлық буындарына партия басшылығын күшейту жөнінде, барлық органдар мен ведомстволардың, соның ішінде мемлекеттік қауіпсіздік органдарының да жұмысына күшті бақылау орнату жөнінде шаралар қолданды.

Орталық Комитет В. И. Ленин жасап берген, тәжірибеде сыннан өткен партия өмірі нормаларын, ең алдымен коллективтік принципін қалпына келтіріп, онан әрі дамытуға берік бағыт алды. Бүкіл партияның коллективті саяси тәжірибесі ғана, делінген июль пленумының шешімінде, өзінің жұмысында марксистік-лениндік теорияға және басшы кадрлар мен партия бұқарасының бастамасы мен белсенділігіне сүйенетін Орталық Комитеттің коллективтік даналылығы ғана партия мен елге дұрыс басшылық берілуін, партия қатарының мызғымас бірлігі мен ұйымшылдығын, коммунизмді ойдағыдай құруды қамтамасыз ете алады, делінген.

Орталық Комитет демократиялық централизм принципін дәйекті жүргізу негізінде партияның ішкі демократиясының елеулі түрде кеңейтілуін қамтамасыз етті. Партия, мемлекет және қоғам ұйымдарының жұмысына лениндік басқару әдістері мен стилі енгізіліп отырды, басқарудың бұл әдістері мен стилі өмірді терең, нақтылы білуге, бұқарамен тығыз байланысты болуға, бұқараның тәжірибесін мұқият ескеріп, пайдаланып отыруға, еңбекшілердің творчестволық белсенділігі мен бастамасын қолдап отыруға негізделген.

Партияның орталық органдарының жұмысын қайта құрудың бірінші дәрежелі маңызы болды. Ұзақ уақыт үзілістен кейін Орталық Комитеттің жұмысындағы коллективтік принципін қалпына келтірілді.

Партияның уставына сәйкес Орталық Комитеттің пленумдары үзбей шақырыла бастады. Партияның съездер арасындағы ең жоғарғы басшы органы, идеялық-саяси және ұйымдық басшылықтың орталығы болып табылатын КПСС Орталық Комитетінің ролі артты. Орталық Комитет қайтадан үнемі жұмыс істейтін коллективтік органға айналды.

Жаңа жағдайларға сәйкес КПСС Орталық Комитетінің басшы органдарының құрылымы да өзгертілді. Екі органның — Президиумның және Президиум Бюросының орнына бір орган — партия уставының белгілегеніндей — КПСС Орталық Комитетінің Президиумы болсын деп шешілді. Орталық Комитеттің Бірінші секретары қызметінің белгіленуі қолайлы деп танылды. 1953 жылдың сентябрінде КПСС Орталық Комитетінің Бірінші секретары болып Н. С. Хрущев сайланды.

Жергілікті партия ұйымдарында да басшылықтың коллективтік принципі дәйектілікпен жүзеге асырыла бастады. Партия жұмысында әкімшілік ету әдістері батыл жойылып отырды. Партия активінің құрамы кеңіп, оның ролі көтерілді. Партия және шаруашылық өмірінің негізгі мәселелері партия активі мен коммунистер жиналысының кеңінен талқылауына үзбей беріліп отырды. Партияның ішкі демократиясын онан әрі күшейту үшін, Орталық Комитет кәсіпорындар мен басқа да ұйымдардағы Орталық Комитеттің ұйымдастырушылары қызметін жойды, ондай қызмет болған жердің бәрінде жойды, темір жол транспортындағы, өзен және теңіз флотындағы, балық өнеркәсібіндегі саяси бөлімдерді жойды. Жергілікті партия органдарының осы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жұмысына жауапкершілігі артты. Партия аппаратының қызметкерлері шағындалды. Орталық Комитет коммунистік құрылыстың түбірлі проблемаларын партия ұйымдарында талқылау жолымен қатардағы коммунистерді партия саясатын әзірлеуге үнемі кеңінен қатыстыра бастады.

Партия барлық шараларды қолданып, жергілікті партия, совет органдарының іскерлігі мен бастамасына кең өріс беріп отырды, еңбекшілердің қалың бұқарасының творчестволық белсенділігін көтеріп отырды. Партия еңбекшілердің қоғамдық ұйымдарының — кәсіподақ, комсомол, кооператив, ғылым, мәдениет және басқа ұйымдарының — еліміздің саяси өміріндегі ролін көтеруге ұмтылып отырды.

Социалистік заңдылықтың өрескел бұзылу реттерін ашып, соларды жоя отырып, Орталық Комитет «Ленинград ісі» дейтінді тексеріп қарады, міне сонда бұл істі Ленинград партия ұйымын әлсірету, оның басшы кадрларына кір келтіріп, айып тағу мақсатымен жаулардың, мансапқорлардың өтірік тұрғызған ісі екені анықталды. 1937 — 1938 жылдары және басқа жылдарда өтірік жасалған күдікті деген істердің бәрі тексеріліп шықты. Халық жауы деп жарияланып, сотталып кеткен адал, партия, совет, шаруашылық, әскер қызметкерлері және басқа қызметкерлер ақталды. Бұл акт партияның саяси күшін, оның марксизм-ленинизмге адалдығын, халықтың мүдделеріне берілгендігін тағы да айқын көрсетті.

Лениндік ұлт саясатының Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі бұрмаланулары жойылды. Балқарлардың, қалмақтардың чечендердің, ингуштардың, карачайлардың ұлттық автономиялары қалпына келтірілді, сөйтіп СССР халықтарының туысқандық семьясында олардың барлық жағынан өркендеп жетілуіне жағдай жасалды. Мұның өзі совет халықтарының достығы мен социалистік интернационализмін нығайтуға жақсы әсер етті.

Партия мен Совет үкіметі Совет мемлекетінің өмірі мен жұмысының барлық саласында социалистік заңдылық нормаларының мүлтіксіз орындалып отыруына батыл шаралар қабылдады. Мемлекеттік қауіпсіздік, сот және прокуратура органдары ысылған кадрлармен нығайтылды; бұл органдардың жұмысына партия бақылауы қайта орнатыл-

ды. Партия совет азаматтарының Конституцияда белгіленген праволарын бұзудың қандайына болса да түгел тыйым салды. Совет азаматтарының алаңсыз тұрып, советтік социалистік демократияның барлық игіліктерімен пайдалануына мүмкіндігі болуы үшін қажетті нәрсенің бәрі де жасалды.

Партия өмірінің лениндік нормаларының қалпына келтіріліп, ілгері дамытылуы, партия және мемлекет жұмысының осы негізде қайта құрылуы партияның өз қатарының жауынгерлігін күшейте түсуіне, бұқарамен байланысын арттыруына, өзінің басшылық ролін көтеруіне мүмкіндік берді.

Партия жеке адамға табынушылықтың экономикалық саладағы зардаптарын, елеулі кемшіліктерді жою жөнінде үлкен жұмыс жасады.

Партия негізгі күш-жігерін ауыл шаруашылығының артта қалғандығын жоюға бағыттады. Ауыл шаруашылығының артта қалуы салдарынан социалистік экономикада өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасында алшақтық туды, мұның өзі елдің өркендеуі үшін елеулі кедергіге айналып кетуі, халық шаруашылығының онан әрі өрлеуін кідіртуі, еңбекшілердің әл-ауқатының көтерілуін, еліміздің коммунизмге қарай ілгерілеуін кідіртуі мүмкін еді.

1953 жылы сентябрьде КПСС Орталық Комитетінің пленумы ауыл шаруашылығындағы жағдайды жан-жақты талқылап, оны көтеру шараларын белгілеп берді. Орталық Комитеттің пленумы кәзіргі кезеңдегі ең шұғыл, ең маңызды халықшаруашылық міндет — ауыр индустрияны барынша өркендете беріп, ауыл шаруашылығының барлық салаларын мықтап көтеру екенін атап көрсетті. Пленум ауыл шаруашылығын өркендетудегі бетбұрыс пункт болды. Ауыл шаруашылығының мәселелері КПСС Орталық Комитетінің февраль-март, июнь (1954 жыл) және январь (1955 жыл) пленумдарында қаралды. Ауыл шаруашылығының мәселелері жөнінде пленумдарда Н. С. Хрущев баяндама жасап отырды. Партияның Орталық Комитеті республикалардың, өлкелер мен облыстардың басшы қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы озаттарының қатысуымен еліміздің түрлі аймақтарында бірсыпыра кеңестер өткізілді, бұл кеңестерде тиісті аудандарда ауыл шаруашылығын шұғыл көтеру шаралары әзірленген болатын.

Орталық Комитеттің пленумдарының шешімдерінде ауыл шаруашылығының күйіне сын көзімен қарап баға берілді, оның артта қалуының объективтік те, субъективтік те себептері ашылды. Объективтік себептер мынадай еді: социалистік экономиканың негіздерінің негізі болған ауыр индустрияны да, ауыл шаруашылығын да, жеңіл өнеркәсіпті де бір мезгілде жоғары қарқынмен өркендетуге бұрын мүмкіндік болмады. Ауыл шаруашылығына соғыстың тигізген елеулі зияндарының да әсері болды.

Ауыл шаруашылығының артта қалуының субъективтік себептері басшылықтың кемшіліктерінде болды. Көп жылдар бойы ауыл шаруашылығындағы жағдай нашар зерттеліп келді. Ауылшаруашылық өндірісінің кейбір салаларындағы істің шын жайы жақсартып көрсетіліп отырды. Қуатты техника қанағаттанғысыз пайдаланылды. Көптеген колхоздар, МТС-тер мен совхоздар іс білетін басшылар мен мамандар жағынан қажетті кадрлармен қамтамасыз етілмеді. Жоспарлау ісінің тым орталықтандырылып жіберілуі жергілікті қызметкерлердің инициативасын бөгеп, ауылшаруашылық өндірісінің өркендеуін қиындата түсті. Ауыл шаруашылығының өнімін арттыруға колхоздар мен колхозшыларды материалдық жағынан ынталы ету жөніндегі лениндік принциптің бұзылуы ауыл шаруашылығына зор зиян келтірді. Көптеген ауылшаруашылық өнімдерінің дайындалу, сатып алу бағалары сіндірілген еңбекке сай бола бермеді, сондықтан да ондай өнімдердің өндірілуіне онша жағдай жасалмады. Көп колхоздарда еңбек күнге тө-

ленетін ақы төмен болды. Дайындалатын өнімдерді гектарға қарай есептеу принципі бұрмаланып отырды. Мемлекеттік тапсырмалардың артта қалушы колхоздар орындай алмаған бөлегі алдыңғы қатарлы, жұмысты жақсы істейтін колхоздардың мойнына салынып отырды.

КПСС Орталық Комитеті ауыл шаруашылығын мықтап көтеру жөнінде толып жатқан шаралар белгілеп, жүзеге асырды.

Партия мен үкімет ең алдымен ауылшаруашылық өнімін көп өндіруге колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығын күшейтті. Партия мен үкімет бұлай еткенде В. И. Лениннің социалистік міндеттерді ойдағыдай шешкенде «энтузиазмнің тікелей өзіне сүйеніп емес, қайта ұлы революция туғызған энтузиазмнің көмегі арқылы, жеке адамның мүддесіне, жеке адамның ынталануына сүйене отырып...» шешуге болады деген белгілі нұсқауына сүйенді (Шығармалар, 33 том, 41-бет).

Ауыл шаруашылығының бірсыпыра маңызды-маңызды өнімдерін дайындау және сатып алу бағалары едәуір арттырылды. Колхоздардың астық, овощь, картоп, майлы дақылдардың тұқымдарын, ал колхозшылардың мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі міндетті тапсырмаларының мөлшері азайтылды. Жұмысты жақсы істейтін колхоздарға мемлекеттік тапсырмалардың барлық ауыртпалықтарын артып келген төзгісіз практикаға тыйым салынды. Еңбекке материалдық стимул жасаудың прогресті жаңа формалары енгізілді. Колхозшыларға ай сайын және тоқсан сайын аванс беріп тұру кең тарады, мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға және еңбек тәртібін нығайтуға себепші болды. 1956 жылы бұлай аванс беруді еліміздің колхоздарының үштен екі бөлегі қолданды.

Үкімет ауыл шаруашылығының шұғыл мұқтаждарына жұмсала-тын қаржыны едәуір көбейтті. 1954 — 1955 жылдары мемлекеттің ауыл шаруашылығына жұмсаған күрделі қаржысы 34,4 миллиард сом болды — бүкіл төртінші бесжылдықтың ішінде жұмсалған қаржыдан 38 процент артық. Ауыл шаруашылығының техникалық базасы нығайтылды. 1954 — 1955 жылдары колхоздар, МТС-тер мен совхоздар 404 мың трактор (15 ат күші есебімен), 227 мың жүк автомашинасын, 83 мың астық комбайнын және көптеген басқа да техника алды. Ауылшаруашылық өндірісіне жерді ұқсатудың, егісті күтудің жаңа, прогресті әдістері енгізілді; бұлар: картоп отырғызылғанда, жүгері себілгенде шаршы-ұялы әдіспен отырғызылып, егілуі, овощь дақылдардың шаршы әдіспен егілуі.

Бұл жылдардағы ең маңызды шаралардың бірі колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың мамандармен және басы қызметкерлермен нығайтылуы болды. Партияның шақыруы бойынша 1954 — 1955 жылдары 20 мыңнан аса коммунист қалалардан деревняға жіберіліп, колхоздардың председателдері жұмысына ұсынылды.

Орталық Комитет ауыл шаруашылығының мамандарын пайдалануды тәртіпке салды. Сол кезде ауылшаруашылық органдарында болған жоғары және орта дәрежелі білімі бар 350 мыңнан астам маманның тікелей колхоздарда істегені 18,5 мың ғана болды. Партия мен үкіметтің шешімі бойынша қалалар мен аудан орталықтарынан колхоздарда жұмыс істеу үшін ауыл шаруашылығының 120 мыңнан астам маманы жіберілді.

Жертілікті жағдайлар мен мүмкіншіліктерді пайдалануда колхозшы бұқараның өздігінен іс бастауын барынша өрістетуге бұрынғыша бағыт ұстап, Орталық Комитет пен үкімет ауыл шаруашылығын жоспарлаудың тәртібін өзгертті. Колхоздарға егіс көлемдерінің мөлшерін және жеке ауылшаруашылық дақылдарының түсімін, мал басы мен мал шаруашылығы өнімділігінің мөлшерін өздерінің жоспарлауына право берілді. Мемлекеттік органдар колхоздардың мемлекетке тапсы-

ратын және сататын өнімдерінің мөлшерлерін белгілейтін болды. Қалалар мен өнеркәсіп орталықтарын жабдықтауға, сыртқы сауда мұқтаждарына және қор жасауға қажетті мөлшерде негізгі өнімдерді өндіру ісін бақылап отыру мемлекеттің қолында болды. Жоспарлаудың жаңа системасы ауыл шаруашылығына басшылық етудегі бюрократиялық бұрмалауларды жоюға жағдай жасады және колхоздардың творчестволық бастамасын өршіте түсті.

Бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылатын астық шаруашылығын көтеруге партия ерекше көңіл бөліп отырды. Дәнді астық өндірілуін қауырт көбейту ең шұғыл, бірінші кезектегі міндет болды.

Ол дәуірде астық өндірісін көбейтудің негізгі буыны тың және тыңайған жерлерді игеру болды, мұның өзі зор, оның үстіне тез жақсы нәтиже берді. Алғашында Қазақстанда, Сибирьде, Поволжьеде, Солтүстік Кавказда және еліміздің басқа да аудандарында 13 миллион гектар тың жер жыртылмақшы еді. Бірақ бұдан кейін партия мен үкімет, халық бұқарасының еңбектегі белсенділігі мен бастамасының қаулап өрлеуіне сүйене отырып, 1956 жылға қарай кемінде 28 — 30 миллион гектар жаңа жер игерілсін деп шешті.

Коммунистік партия орасан зор саяси және ұйымдастыру жұмысын өрістете түсті. Орталық Комитет жастарды Қазақстан мен Сибирь аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеруге белсене қатысуға шақырды. Партияның шақыруы бойынша тың жерлерге жүз мыңдаған жаңа қоныстанушылар, соның ішінде 350 мыңнан астам жас жігіттер мен қыздар барды. Олар коммунизм құрылысшыларына лайықты еңбек ерлігін көрсетті. Тың игеретін аудандарға 1954 — 1955 жылдары 200 мың трактор (15 ат күші есебімен), мыңдаған басқа да машиналар мен құралдар жөнелтілді. Бұл аудандарда 425 жаңа совхоз құрылды, толып жатқан МТС, мемлекеттік қоймалар мен элеваторлар салынды, мыңдаған километр тас жолдар мен темір жолдар салынды. Үш жылдың ішінде 36 миллион гектарға жуық тың және тыңайған жер игерілді.

Көп жылдар бойы артта қалып келген мал шаруашылығын көтеру көп қиыншылыққа байланысты болды. Мал шаруашылығының өркендетілуі негізінен алғанда жем-шөп базасының жетіспеуінен тежеліп отырды. Партия жем-шөп базасын ұлғайту жөнінде бірсыпыра шаралар жүргізді; жүгері егістері көбейтілді. Мұның өзі қысқа мерзім ішінде мал шаруашылығындағы істің жайын ондауға мүмкіндік берді.

Екіншілік пен мал шаруашылығында еңбек өнімділігін көтеру үшін партия ұйымдары ауылшаруашылық ғылымы мен озат тәжірибенің жетістіктерін насихаттауды күшейте түсті.

Партия ауыл шаруашылығына басшылықты түбірінен жақсартты. Деревнямен байланысты партия, совет органдарының, әсіресе аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің жұмысында елеулі өзгеріс болды. Партия оларды тәжірибелі, дайындығы мол кадрлармен нығайтты. Партия қызметкерлерінің қатарына жаңа күштер келіп қосылды. Колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылық етудегі кеңесшіл-бюрократтық әдістер жойылды. Партия кадрлары ауылшаруашылық өндірісінің экономикасы мен техникасын зерттеп білуді қолға алды, колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға істі біле біліп, нақтылы басшылық ете бастады.

Деревняның өмірінде колхоздардың партия ұйымдары мен комсомол ұйымдарының ролі артты. 1941 жылдың басында партия ұйымдары колхоздардың 12 процентінде ғана болды, ал 1956 жылы колхоздардың 93 процентінде партия ұйымдары болды. 1954 жылдан 1958 жылға дейін колхоздардағы коммунистердің саны 230 мың адамнан аса көбейді.

Село коммунистері, ауыл шаруашылығын көтеру жөніндегі партия шешімдерін орындау жолында күресе отырып, колхоздар мен совхоздардағы жаппай социалистік жарысты бастап отырды. Астық, сүт, май, ет және басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіру жөнінде жоғары міндеттемелер алу, оларды орындау жолындағы патриоттық қозғалыс пайда болды. Колхозшылардың, МТС пен совхоз жұмысшыларының қалың көпшілігі ауылшаруашылық өндірісін өркендету жөніндегі нақты шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға қатыстырылды.

Партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын көтеру жөнінде ірі шаралары, социалистік қаланың деревняға барынша көмек көрсетуі, колхозшылардың, МТС-тер мен совхоз жұмысшыларының жанқиярлық еңбегі көп ұзамай оңды нәтижелерін берді. Қысқа мерзім ішінде бұрын артта қалып келген мыңдаған колхоздар алдыңғы қатарлы колхоздарға айналды. 1954 жылдың өзінде-ақ, еліміздің бірсыпыра аудандарына зардабы тиген құрғақшылыққа карамастан, астықтың жалпы өнімі артты. Астық дайындау жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Ауыл шаруашылығының барлық тарауларын мықтап көтеруге совет экономикасындағы диспропорцияны жоюға осылай жағдай жасалды.

Халықтың материалдық әл-ауқатын үздіксіз көтеру үшін партия еңбекшілердің азық-түлік товарларымен қатар өнеркәсіп товарлары жөніндегі де қамтамасыздығын арттыру міндетін қойды. Орталық Комитет пен үкімет халық тұтынатын товарларды көп өндіру және совет саудасын жақсарту туралы шешімдер қабылдады. Халық тұтынатын товарлардың шығарылуы үнемі арта берді.

Халық шаруашылығының барлық тарауларының үйлесімді дамуын көздей отырып, партия ауыр өнеркәсіпті басымырақ өркендету жөніндегі лениндік бағытты бұлжытпай жүргізіп отырды.

Өнеркәсіптің барлық тарауларының, ең алдымен ауыр өнеркәсіптің жұмысын жақсартуда КПСС Орталық Комитетінің июль пленумы (1955 жылғы) шешімдері үлкен роль атқарады. Орталық Комитеттің осы пленумында және өндірістің басшы қызметкерлерінің, өндіріс жаңашылдарының, өнеркәсіп орындарының инженерлері мен техниктерінің қатысуымен өткізілген кенестерде өндірісті ұйымдастыруды жақсарту, ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін енгізу негізінде өнеркәсіптің онан әрі мықтап өсуін қамтамасыз ететін шаралар белгіленген болатын.

Өнеркәсіпте техникалық прогреске жету — еліміздің экономикалық дамуының қарқындарын арттырудың, еңбек өнімділігін өсірудің, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың ең маңызды құралы. Совет елі ғылым мен техниканы дамытуда ірі табыстарға жетті. Халық шаруашылығына жаңа техника енгізіліп отырды. Энергетикада, қара металлургияда және машина жасау өнеркәсібінде өндірісті автоматтандыруға көшу күшейе түсті. Совет Одағы атом қуатын бейбітшілік мақсаттарына пайдалана бастаған бірінші ел болды. СССР-де атом қуатымен жүргізілетін дүние жүзіндегі ең бірінші электр станциясының жасалуы тарихта жаңа, ең ірі ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік революцияның жаршысы болды, мұның өзі коммунизм орнату заманының тілектеріне сай келеді.

Партияның Орталық Комитеті осы үлкен жетістіктермен қатар өнеркәсіптің кейбір тарауларының техникалық даму жағынан артта қалып қойғандығын атап көрсетті. Көптеген басшы шаруашылық қызметкерлері жаңа техниканы енгізумен нашар шұғылданды, техникалық саясатта перспективасынан, бағытынан айрылды, техниканың үнемі дамытыла беруге тиіс екенін, ескі техника жаңасымен, ал жаңасы ең жаңасымен ауыстырылып отырылуға тиіс екенін естерінен шығарды. Отандық ғылымның жетістіктері екінің бірінде пайдаланылмай қалдырылып отырды, іске аспай жатты, ал шетел ғылымы мен техникасы-

ның жетістіктері еленбей келді. Осының бәрі техникалық процеске жа-ман әсер етті.

Пленум социалистік өнеркәсіп қызметкерлерінен жайбарақаттық пен дандайсушылық ниеттерінен арылуды, ғылым мен техниканың, соның ішінде шет ел ғылымы мен техникасының да жетістіктерін үнемі және терең зерттеп отыруларын, техниканы үздіксіз алға бастырып отыруларын талап етті. Үздіксіз техникалық прогресс жасап отыру, жоғарғы техникаға бағыт түзеу, осының негізінде еңбек өнімділігін онан әрі көтеру — міне өнеркәсіпті өркендетудегі ең маңызды бағыт осындай.

Орталық Комитеттің пленумы өнеркәсіп өндірісін жетілдірудің басқа да толғағы жеткен мәселелерін шешті. Пленум өнеркәсіптің мамандандырылуы мен кооперациялануын барынша дамыту міндетін қойды, еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеу жағын жетілдіру шараларын белгіледі, өнімнің сапасын арттырып, оның өзіндік құнын төмендетудің жолдарын белгілеп берді.

Өнеркәсіпке басшылықты жақсарту үшін, Орталық Комитет пен үкімет мемлекеттік және шаруашылық аппаратты өндірістің мұқтаждарына жақындату мақсатымен, оның құрылымына өзгерістер енгізді. Қатарласып жұмыс істейтін көптеген керексіз шаруашылық ведомоство-лары мен мекемелері жойылды. 1954—1955 жылдарда әкімшілік-басқару, дайындау жұмыстарындағы және өндірісте істемейтін басқа да қызметкерлердің саны 750 мың адамға жуық қысқарды.

Партия ұйымдары кәсіпорындарда көпшілік-саяси жұмысты күшейте түсті, социалистік жарыстағы формализмді жойып отырды. Москва мен Ленинградтың алдыңғы қатарлы кәсіпорындары жұмысшыларының бастауымен бесінші бесжылдықтың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолында 1954 жылы басталған қозғалыс еңбек өнімділігін көтеру жолындағы күресті бұрынғыдан жоғары сатыға көтерді. Техникалық прогресс жолындағы және ішкі резервтерді: өндіріс орындарын, жабдықтарды, шикізатты, т. б. неғұрлым кең пайдалану жолындағы күрес өрістетіле жүргізілді. Кәсіпорындарында техникалық білімдер мен озаттардың тәжірибесін насихаттау жақсара түсті.

Орталық Комитеттің партия мен совет халқы қатты қолдаған, ба-тыл бастаған істері өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында едәуір табысқа жеткізді. Партия кертартпа ниеттегі қызметкерлердің қарсылығын жеңіп отырды, бұлар өмірдің қойып отырған жаңа талаптарын түсінбей, коммунистік құрылыс міндеттеріне керенау, догмалық көзқараста болып, қайта құрылыс ісіне бөгет жасады, жұмыстың ескі әдістерінен айрылғылары келмеді.

Партия, оның Орталық Комитеті алға басуға кедергі болған нәрсе-нің бәріне де қарсы лениндік принциптілікпен күрес жүргізіп отырды. Олар үнемі жаңалық іздеуде болды, коммунистік құрылыстың өмірден шыққан мәселелерін алға қойып, сеніммен шешіп отырды. Жаңа міндеттер қоюда, СССР-дің ішкі саясаты мен сыртқы саясатының түбірлі проблемаларын творчестволықпен әзірлеуде КПСС-тің XX съезі аса көрнекті роль атқарды.

### 3. Партияның XX съезі және оның тарихи маңызы

1956 жылдың февралында партияның XX съезі болды. Съездің делегаттары 6 795 896 партия мүшесі мен 419 609 кандидатының өкілдері болды. Съезге қонақ ретінде 55 шет елдің коммунистік және жұмысшы партияларының делегациялары келді.

Съезд партияның басшы органдарының есепті баяндамаларын және СССР халық шаруашылығын өркендетудің алтыншы бесжылдық



жоспары (1956 — 1960 жылдары) жөніндегі директиваларды талқылады.

КПСС Орталық Комитетінің Н. С. Хрущев жасаған есепті баяндамасында СССР-дің халықаралық жағдайы мен ішкі жағдайына жан-жақты талдау жасалды, партияның XIX съезден кейінгі дәуірдегі істеген жұмысына қорытынды жасалды, коммунистік құрылыстың перспективалары белгіленді.

Қабылданған үлкен қарарда съезд Орталық Комитеттің саяси бағыты мен практикалық жұмысын бірауыздан ұнатты, партияның жуырдағы жылдардың ішіндегі міндеттерін белгіледі.

Кәзіргі заманның негізгі белгісі социализмнің бір ел шеңберінен асып, оның дүниежүзілік системаға айналғандығы екенін съезд ерекше баса көрсетті. Мұның өзі ішкі және халықаралық проблемаларды шешуге жаңа жағдайлар жасады.

Есепті баяндамада бір-біріне қарама-қарсы дүниежүзілік екі қоғамдық системаның: социалистік система мен капиталистік системаның даму қорытындыларына айқын сипаттама берілген. Екі съездің арасындағы дәуірде СССР-дің, барлық социалистік елдердің экономикалық күш-қуаты онан әрі шұғыл өрледі. СССР, Қытай және барлық социалистік елдер экономикасы өсуінің ерекше белгісі — өркендеудің жан-жақты болуы және бейбітшілік бағытында болуы. Социалистік системаның артықшылықтары және коммунистік партиялардың дұрыс саясат жүргізуі социалистік елдерде өнеркәсіп өндірісі өсуінің жоғары қарқындарын қамтамасыз етті, мұның қарқындары капиталистік мемлекеттердің қарқындарынан әлдеқайда асып түседі. Мұның өзі социализм капитализммен экономикалық жарысқа түскенде социализмнің жаңа табыстарға жететіндігінің нақты кепілі. Социализмнің индустриялық негізі барған сайын қуатты бола берді. Дүниежүзілік өнеркәсіп өнімінің жалпы мөлшерінде социализм елдерінің өнеркәсіп өнімі үлесінің үнемі арта беруі капиталистік қанау саласы шарындалып, социализмнің дүниежүзілік позициялары ұлғайып отырған прогрестік тарихи процестің материалдық көрінісі болып табылады. Есеп беріліп отырған дәуірде социалистік лагерьдің өркендеуінің ең маңызды қорытындысы социалистік мемлекеттердің экономикалық байланыстарының ұлғайып, достығының нығая түскендігі болды. Осының бәрінде социализмнің жеңімпаздықпен алға басып бара жатқандығын көрсетті.

Капиталистік дүние елдерінде оқиға мұның керісінше дамыды. Дүниежүзілік капитализм экономикасы бұрынғыдан да бетер тұрақсыз бола түсті, оның әркелкі дамуы күшейе түсті, капиталистік системаның іріп-шіруін күшейтті. Рынок проблемасы жылдан жылға шиеленісуде, империалистік елдердің арасындағы қайшылықтар өсе түсуде. Жұмысшылар мен барлық еңбекшілердің империалистік езгіге қарсы күресі барған сайын күшейіп, қатулана түсуде. Капиталистік елдерде күштер онан әрі қайта топтасып, мұның өзі реакцияшыл, агрессияшыл топтарды бұрынғыдан бетер шеттете түседі. Дүниежүзілік капитализмнің позициялары әлсірей береді.

КПСС XX съезі дүние жүзіндегі ең жаңа құбылыстарды терең талдап, ғылыми қорытып шықты, халықаралық дамудың түбірлі проблемалары жөнінде марксизм-ленинизм теориясын байытқан бірсыпыра жаңа қағидалар ұсынды.

Съезд қоғамдық системалары түрліше елдердің бейбіт қатар өмір сүруінің лениндік принципін бір-біріне қарама-қарсы дүниежүзілік екі лагерь болып отырған кәзіргі заманға сәйкес ілгері дамытты. Бейбіт қатар өмір сүру дегеннің мәнісі түрліше системадағы елдердің шаруашылық және мәдени құрылыс майданында бейбіт жарысуы деген сөз. Идеологиялық салада олардың арасында қатты күрес жүре береді.

Марксизм барлық елдерде социализм сөзсіз жеңіп шығады деп үйретеді, бірақ социализм жеңгенде революцияны «экспорттау» нәтижесінде жеңбейді, қайта әрбір капиталистік елде ішкі қайшылықтардың және таптық антагонизмдердің дамуы нәтижесінде жеңеді, революцияны «экспорттау» мүмкін емес және тарихи процесті марксистік тұрғыдан түсінуге жат нәрсе.

Социалистік өндіріс әдісінің капиталистік өндіріс әдісімен жарысында социалистік өндіріс әдісінің жеңіп шығатындығына коммунистердің кәміл сенетіндігі социалистік системаның капиталистік системадан шешуші артықшылығы бар екендігіне негізделеді.

КПСС XX съезі кәзіргі халықаралық жағдайларда соғысты болдырмауға нақтылы мүмкіншілік бар екені туралы қорытынды жасады. В. И. Ленин империализм заманында соғыс болмай қоймайды деген тезисті тұжырымдағанда, біріншіден, капитализм барлығын түгел қамтыған бірыңғай дүниежүзілік система болып тұрған кезде және, екіншіден, соғысты көздемейтін және оған қарсы шыққан қоғамдық, саяси күштер әлсіз болып, жеткілікті ұйымдаспаған кезде, міне осы себепті империалистерді соғыстан бастартқыза алмаған кезде тұжырымдаған болатын.

Әлбетте, империализм өмір сүріп тұрғанда соғыстардың шығуына экономикалық негіз де бола береді, сондықтан мұның өзі барлық бейбітшіл күштерден қырағы болуды талап етеді. Бірақ социализмнің қуатты лагері қалыптасып отырған, барлық елдерде бейбітшілік жолындағы бүкілхалықтық қозғалыс күшейіп отырған, социалистік елдермен қатар басқа да бейбітшілік сүйгіш мемлекеттер болып отырған жаңа жағдайларда империалистердің дүниежүзілік жаңа соғысты бастап жіберуіне жол бермеуге нақты мүмкіндіктер бар. Ал егер олар соғысты бастамақшы болса, онда қуатты қоғамдық және саяси күштер агрессорларға қирата соққы бере алады, олардың авантюристік жоспарларын жүзеге асыртпай тастай алады, оларды жеңіліске ұшыратады. Сөйтіп, мұның өзі бүкіл капитализм системасына шешуші соққы болып тиеді. Халықтар өздерін соншалық ауыр азапқа, құрбандыққа тап қылатын құрылысқа енді мұнан әрі төзе бермейді.

Дүниежүзілік жұмысшы қозғалысы мен коммунистік қозғалыстың тәжірибесін, СССР мен халықтық демократия елдерінің тәжірибесін қорыта келіп, КПСС XX съезі түрлі елдердің социализмге өту формаларының түрлі-түрліше екені туралы және социалистік революцияның бейбіт даму мүмкіндігі туралы лениндік қариданы ілгері дамытып, тереңдете түсті. Дүние жүзінде болған түбірлі өзгерістер, қуатты социалистік лагерьдің ныраюы, оның өзіне тартушы күшінің өсуі, жұмысшы және ұлт-азаттық қозғалысының өсуі, капиталистік системаның әлсіреуі әзірге капитализм үстем болып отырған елдердің социализмге өтуі үшін неғұрлым қолайлы жаңа жағдай туғызды. Мұның өзінде егер В. И. Ленин революцияның бейбіт дамуы тым сирек болуы мүмкін нәрсе десе, ал кәзіргі жағдайларда революцияның бейбіт даму мүмкіндігі кеңейе түсуде. Бұдан былайғы жерде жеке елдердің социализмге өтуінің нақтылы формалары неғұрлым әралуан болмақшы.

Бірсыпыра капиталистік елдерде өзінің алдыңғы қатарлы бөлегі коммунистік партия бастаған жұмысшы табының еңбекші шаруаларды, интеллигенцияның қалың топтарын, барлық патриот күштерді өз басшылығы астына біріктіруге нақтылы мүмкіндігі бар. Халықтың көпшілігінің қолдауына сүйене отырып, капиталистермен, помещиктермен ымыраға келу саясатынан бастарта алмайтын оппортунист элементтерге батыл соққы бере отырып, жұмысшы табы реакцияшыл, халыққа қарсы күштерді жеңіп шыға алады, парламентте берік көпші-

лікке ие болып, оны буржуазияның таптық мүдделеріне қызмет ететін органдан нағыз ықпалды халық тілегінің құралына, яғни еңбекші халыққа қызмет ететін құралға айналдыра алады. Түбірлі саяси және экономикалық өзгерістерді бейбіт жолмен жүргізуге осылайша ғана жағдай жасалуы мүмкін.

Буржуазияның күшті әскери-полициялық машинасы бар, қанаушы таптары соғысқұмарларға және реакцияшыл-бюрократиялық аппаратқа арқа сүйеп, еңбекшілерді еріксіз қарулы күреске шығаруға дейін барып олардың еркіне қарсылық білдіре бастайтын капиталистік елдерде жұмысшы табы мен барлық еңбекшілер буржуазия өкіметін қарулы күш жұмсау жолымен құлатуға мәжбүр болады. Бұл жағдайда тап күресінің қатандық дәрежесі, социализмге өтерде күш қолдану немесе қолданбау пролетариаттан гөрі реакцияшыл топтардың халықтың басым көпшілігінің еркіне қарсылық көрсету күшіне, социализм жолындағы күрестің белгілібір кезеңінде осы топтардың күш қолдануына байланысты болады.

Социализмге өтудің нақтылы формалары қаншалықты әралуан болғанымен социалистік құрылысты ойдағыдай жүргізудің міндетті және шешуші шарты — коммунистік партия бастаған жұмысшы табының саяси үстемдігінің орнауы, басқаша айтқанда пролетариат диктатурасының орнауы.

КПСС XX съезі социализмге өтудің бейбіт жолының мүмкін екендігін, соның ішінде пролетариаттың парламенттік мекемелерді жеңіп алу арқылы да өтуі мүмкін екендігін коммунистердің мойындайтындығын пролетариат диктатурасын теріске шығаратын, қоғамды революциялық жолмен қайта құрудың орнына ұсақ реформалар жүргізуді жақтайтын және іс жүзінде капиталистік құрылысты жоюдан, саяси өкімет билігін жұмысшы табының жеңіп алуынан бастартатын реформистердің көзқарастарымен шатастыруға болмайтынын баса көрсетті. Капиталистік құрылысты қорғаушылар ретінде реформистермен батыл күрес жүргізілуге тиіс.

Қазіргі халықаралық принциптік күрделі мәселелер жөнінде партияның XX съезінің талдап шешіп берген негізгі қағидаларының теориялық және практикалық зор маңызы бар. Бұл қағидалар марксизм-ленинизмнің творчестволықпен дамытылуы болып, бұқараның көкейтесті өмірлік мәселелеріне жауап береді, коммунистік партияларға бейбітшілікті сақтап, баянды ету жолындағы күрестің жаңа жолдары мен құралдарын, капитализмді революциялық жолмен социализмге айналдырудың жаңа перспективаларын айқындап ашып береді. Бұл қағидалар жұмысшы табының басшылығымен барлық прогресшіл күштерді ұйымдастырудың мүмкіншіліктерін, коммунистік партиялар мен социалистік партиялардың, сонымен қатар іс жүзінде бейбітшілікті қорғап қалғысы келетін, империалистік езгіге қарсы күрескісі келетін, өз халықтарының ұлттық мүдделерін, демократия мен тәуелсіздігін қорғағылары келетін басқа да партиялардың арасында қимыл бірлігі мен іс байланыстарын орнатудың мүмкіншіліктерін кеңейте түседі.

Орталық Комитеттің есепті баяндамасында КПСС-тің XIX съезінен кейінгі өткен уақыттың ішінде СССР-де жүргізілген коммунистік құрылыстың қорытындылары шығарылды. Бесінші бесжылдық жоспар (1951 — 1955 жылдар) өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі жөнінен 4 жыл және 4 айдың ішінде орындалды. Сөйтіп совет халқы СССР-дің экономикалық және қорғаныс қуатын нығайту жолындағы, өзінің коммунизмге қарай онан әрі алға басуы жолындағы күресінде тағы да ірі табысқа жетті.

Бесінші бесжылдықтың ақырғы жылында бүкіл өнеркәсіптің жалпы өнімі 1950 жылдың жалпы өнімімен салыстырғанда 85 процент көбейді (өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру — 91 процент көбейді). Ха-

лық тұтынатын заттарды өндірудің бесжылдық жоспары асыра орындалып, соғыстан бұрынғы дәрежесінен екі еседен астам асып түсті. Ауыл шаруашылығы ойдағыдай өркендеді.

Жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы артты, колхозшылардың табыстары көбейді. Бесжылдықтың ішінде қалалар мен жұмысшы поселкелерінде салынған тұрғын үйлердің жалпы көлемі 150 миллионнан аса шаршы метр болды. Бесжылдықтың аяғында еліміздің жоғарғы оқу орындарында екі миллиондай студент болды — мұның өзі Европаның барлық капиталистік елдеріндегіден екі еседен аса көп. Съезд экономика жағынан бейбіт жарысу жолында СССР-дің негізгі экономикалық міндетін — халықтың жан басына шаққанда өнім өндіру жағынан неғұрлым дамыған капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу міндетін тарихи ең қысқа мерзімде шешу үшін табандылықпен күрес жүргізе беруге директива берді. Шаруашылықтың социалистік системасының артықшылықтары, қоғамдық дамудың СССР-де қолжеткен дәрежесі бұл тарихи міндетті ойдағыдай шешуге нақты жағдай жасады.

Партияның XX съезі негізгі экономикалық міндетті тездетіп шешудің басты-басты бағыттарын көрсетіп берді:

бұдан былайғы жерде де ең алдымен ауыр индустрияны — қара және түсті металлургияны, мұнай, көмір, химия өнеркәсібі мен машина жасау өнеркәсібін өркендете беру;

елді электрлендіру жөніндегі Ленин өсиетін дәйектілікпен іс жүзіне асырып отыру, энергетикалық қуаттардың басымырақ өсуін және өнеркәсіпке электр энергиясының онан әрі енгізілуін қамтамасыз етіп отыру, транспорт пен ауыл шаруашылығының неғұрлым кеңінен электрлендірілуін жүзеге асырып отыру;

өнеркәсіпте күрделі құрылыстың, тұрғын үй құрылысының және мәдени-тұрмыс үйлерін салудың қажеттерін толық қамтамасыз ете алатын құрылыс индустриясын барынша өркендетіп, жетілдіре беру;

еліміздің аса бай табиғат ресурстарын неғұрлым тиімді пайдаланып отыру, өндіріске шикізаттың, отынның, электр энергиясының жаңа көздерін пайдаланып отыру, таяудағы 10 — 15 жылдың ішінде еліміздің шығыс аудандарында көмір шығаратын және электр энергиясын өндіретін аса зор база жасау, жылына 15 — 20 миллион тонна шойын өндіретін қуатты үшінші металлургия базасын жасау, сондай-ақ машина жасау өнеркәсібінің жаңа орталықтарын салу;

техникалық прогресті тездету бағытын табандылықпен жүргізіп отыру: ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін, жоғары өнімді жабдықтар мен озат технологияны өндіріске енгізіп отыру, жұмыстарды механизациялау қарқындарын арттыру, өндіріс процестерін автоматтандыруды кеңінен қолданып отыру, атом энергиясын бейбітшілік мақсаттарында толығырақ пайдалану, өндірістің жаңа тараулары мен түрлерін барынша дамытып отыру, темір жол транспортын техника жағынан қайта жабдықтау;

өнеркәсіптегі мамандандыру мен кооперациялауды ұлғайту негізінде өндірісті ұйымдастыруды жетілдіре түсу;

халық тұтынатын заттар өндірісін дамытудың қарқынын тездету, киім-кешек, аяқ киім, тұрмыс қажетінің заттарын жасап шығару үшін жасанды және синтетикалық торқалар өндіруді, пластикалық массалар және басқа синтетикалық материал өндіруді барынша көбейту;

ауыл шаруашылығын көтеру жөніндегі жұмысты қызу жүргізе беру, бүкіл ауылшаруашылық өндірісін комплексті механизациялауды ең қысқа мерзімде жүзеге асыру, агрономиялық ғылымның жетістіктері мен озат тәжірибені кеңінен пайдалану, ауылшаруашылық өнімінің белгілі бір мөлшерін өндіруге жұмсалатын еңбек пен материалдық құрал-

дарды ықшамдау, барлық дақылдың түсімін және мал шаруашылығының өнімділігін мықтап арттыру;

енбекшілердің материалдық дәрежесінің онан әрі көтерілуіне жету: жұмысшылар мен қызметшілердің, ең алдымен ақыны аз алатындарының нақты жалақысын көбейту, колхозшылардың табысын көбейту, жалақысын кемітпей жұмысшылар мен қызметшілерді бірте-бірте қысқарған жұмыс күніне көшіру, пенсияның мөлшерін көбейту, басқа да әлеуметтік шараларды іске асыру;

енбек өнімділігін арттыру жолындағы күресте еңбекшілердің творчестволық белсенділігі мен бастамасын барынша өрістетіп отыру, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мәдени-техникалық дәрежесін үнемі көтеріп отыру, оқуды өндірістегі еңбекпен тығыз байланыстыру негізінде мамандар даярлаудың сапасын жақсарту, мектептердегі оқыту ісін өмірге жақындата түсу;

совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының жұмысын үнемі жақсартып отыру және еліміздің шаруашылық өмірінде олардың ролін көтеріп отыру.

Шаруашылық құрылысында партияның бүкіл ұйымдастырушылық жұмысын жақсарту бұл міндеттерді ойдағыдай орындаудың кепілі екенін ХХ съезд баса көрсетті.

«Партия ұйымдары шаруашылық құрылысқа нақты басшылық ету мәселелеріне қауырт бет бұрып, өнеркәсіп орындарының, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың жұмысына істі жете біліп басшылық ету үшін, олардың техникасы мен экономикасын зерттеуді күшейтуге тиіс» («Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХ съезі. Стенографиялық есеп», II том, 455-бет).

Съезд СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1956—1960 жылдарға арналған алтыншы бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларды қабылдады.

КПСС ХХ съезінің жұмысында марксизм-ленинизмге жат жеке адамға табынушылықты және оның зардаптарын жою мәселесі маңызды орын алды. Съезд партия тұрмысының лениндік нормасын қалпына келтіру және партияның ішкі демократиясын күшейту жөнінде Орталық Комитеттің жүргізген үлкен жұмысын мақұлдады. Съезд И. В. Сталиннің жеке басына табынушылыққа байланысты қателерді принципті сынға алып, оның зардаптарын толық жоюды қамтамасыз ететін шаралар белгіледі.

Жеке адамға табынушылықты сынағанда партия халық бұқарасының, партияның және жеке адамның тарихтағы ролі туралы, саяси басшының сіңірген еңбегі қандай ұлы болғанымен де оның жеке басына табынушылықтың теріс екені туралы марксизм-ленинизмнің белгілі қағидаларын басшылыққа алды.

Жеке адамға табынушылыққа байланысты жіберілген қателерді ашықтан-ашық сынауды жаулар Совет еліне қарсы мақсаттарда пайдалануға тырысатынын партия жақсы білді. Бірақ партия бұл қадамға барғанда принциптік пікірлерге, коммунистік құрылыстың мүдделеріне сүйеніп барды. Партия жеке адамға табынушылықты сынау кейбір уақытша қиыншылықтар тудыратын болса да, халық мүддесі тұрғысынан, жұмысшы табының түпкі мақсаттарының тұрғысынан қарағанда мұның өзі, даусыз, дұрыс нәтиже береді дегенді негізге алды. Жеке адамға табынушылыққа қарсы шыққанда ең алдымен бұдан былайғы жерде партия мен ел ішінде бұл сияқты жағдайдың ешқашан да болмауына, партия басшылығы коллективтілік принципі негізінде, марксистік-лениндік дұрыс саясат негізінде, миллиондаған еңбекшілердің творчестволықпен белсене қатысуы арқылы жүзеге асырылып отыруына берік кепілдік жасау үшін қарсы шығу керек болды. Партияның онан әрі нығаюы үшін, марксизм-ленинизмді творчество-

лықпен дамыту үшін, социалистік демократизмді күшейте түсу үшін, сонымен қатар бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыс үшін жеке адамға табынушылықты сынаудың зор маңызы болды.

Съездің шешімдерінде және КПСС Орталық Комитетінің «Жеке адамға табынушылықты және оның зардаптарын жою туралы» 1956 жылғы 30 июньдегі қаулысында партия жеке адамға табынушылықтың пайда болу себептері жөніндегі, оның біліну түрлері мен оның зардаптары жөніндегі мәселелерге айқын жауап берді.

И. В. Сталиннің жеке басына табынушылық белгілібір нақтылы-тарихи жағдайларда пайда болды. Басқа елдерге қарағанда артта қалған аграрлы елде, империалистік соғыс пен азамат соғысы күйзелткен және барлық жағынан түгел капиталистік жау мемлекеттер айнала қоршаған елде, сырттан үнемі шабуыл жасалу қаупі бар жағдайда социализм орнату орасан зор қиыншылықтарды жеңуге байланысты болды. Шиеленіскен халықаралық және ішкі жағдай темірдей берік тәртіп болуын, үнемі қырағылықты күшейтіп отыруды, басшылықты барынша орталықтандыруды керек етті. Империалистік мемлекеттер жанталаса шабуыл жасап жатқан жағдайларда совет қоғамының демократияға уақытша кейбір шек қоюына тура келді. Совет мемлекеті нығайған сайын және бүкіл дүние жүзінде демократия мен социализм күштері өрістеген сайын бұл шектеулер жойылып отырды. Осындай жағдайларда СССР-де социализмнің жеңіп шығуы Коммунистік партия бастаған совет халқының бүкіл дүниежүзілік тарихи ерлік ісі болды.

Бұл жылдары И. В. Сталин партияның Орталық Комитетінің бас секретары қызметінде болып, партия мен Совет мемлекетінің басқа да басшы қайраткерлерімен бірге Ленин өсиеттерін жүзеге асыру жолында белсене күресті. Оның қызметі СССР-де орасан зор социалистік қайта құрылыстарды жүзеге асырумен байланысты еді. Аса көрнекті теоретик, ұйымдастырушы болған И. В. Сталин троцкистерге, оншыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға, капиталистік қоршаудың тіміскі әрекеттеріне қарсы жүргізілген күресті бастап отырды. И. В. Сталин СССР-де социализмнің жеңуін қамтамасыз етуде ғана емес, сонымен қатар дүниежүзілік коммунистік қозғалыс пен азаттық қозғалысын өрістетуге ісінде де аса ірі еңбек сіңірді. Мұның өзі, әрине, И. В. Сталинді зор бедел мен данққа ие қылды. Алайда бертін келе, партияның басшылығы арқасында Совет елінің қолы жеткен табыстарының бәрін И. В. Сталиннің жеткізген табыстары деліне бастады. Сөйтіп бірте-бірте И. В. Сталиннің жеке басына табынушылық туа бастады.

Жеке адамға табынушылықтың өршуіне едәуір дәрежеде И. В. Сталиннің мінезіндегі кезінде В. И. Ленин назар аударған кейбір теріс қасиеттері себеп болды. Коммунистік партия мен Совет халқының қолы жеткен табыстары, И. В. Сталиннің атына айтылған мақтаулар оның басын айналдырып жіберді. Өз ролі мен еңбектерін шамадан тыс асыра бағалап, ол қателеспеймін деген сенімде болды, өзін мадақтауды көтермелей бастады. Оның сөзі ісіне барынша қайшы келе берді. Өмірінің соңғы жылдарында И. В. Сталиннің жеке басына табынушылық әсіресе партия және мемлекет басшылығы ісіне елеулі зиян келтірді.

Жеке адамға табынушылықтан туған қателер мен кемшіліктер совет қоғамының дамуын бөгеді, оған үлкен зиян келтірді, бұқараның творчестволық бастамасының өршуіне кедергі жасады, бірақ ол қателер мен кемшіліктер, социализм жауларының өтірік өсектеуіне қарамастан, советтік құрылыстың мейлінше демократиялық, нағыз халықтық сипатын өзгерте алмады және өзгерткен жоқ. Партияның жүргізген саясаты дұрыс саясат болды, ол саясат халықтың мүддесін көздеді.

Жеке адамға табынушылықты партиялық сынға алудың мәнісі партия мен еліміздің өмірінде И. В. Сталиннің атқарған дұрыс ролін

беталды жоққа шығару емес еді, оның мәнісі қайта осы табынушылықтың зиянды зардаптарын жою, сөйтіп социализмнің позицияларын нығайту еді. Коммунистік партияның және И. В. Сталин жетекші роль атқарған оның Орталық Комитетінің басшылығы арқасында Совет Одағы өзінің дамуында орасан зор дүниежүзілік-тарихи табысқа жетті. И. В. Сталин Совет елі үшін, КПСС үшін, бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысы үшін көп пайдалы іс істеді. «Сталин жолдастың қызметінің, — деді Н. С. Хрущев, — екі жағын: өзіміз қолдап, жоғары бағалап отыратын жақсы жағын және өзіміз сынап, айыптап, керексіз деп отыратын теріс жағын көреміз... Партиямызбен бірге, біз бәрімізде партия ісіне, халық ісіне елеулі зиян келтірген өрескел қателіктер мен бұрмалаушылықтар үшін Сталинді қатты айыптаймыз» («Правда», 28 август, 1957 ж.).

Партия, жеке адамға табынушылықтың зардаптарын жоя отырып, бұқараның белсене жұмыс істеп, творчестволық бастама көрсетуіне кең жол берді, Совет Одағының халық шаруашылығы мен мәдениетін дамытуда қысқа мерзім ішінде ірі табыстарға жетті, дүние жүзінде социализм позицияларын елеулі түрде бекем етті. Партияның ленинше шындалып шыныққандығы осыдан тағы да толық көрінді.

КПСС XX съезі совет қоғамдық және мемлекеттік құрылысының, совет қоғамының моральдық-саяси бірлігінің және халықтар достығының едәуір нығайғандығын атап көрсетті және де мезгілі жеткен талаптарға сәйкес социалистік демократизмді онан әрі дамытудың жолдарын белгілеп берді.

«Коммунистік құрылыстың ұлы міндеттері еңбекшілердің творчестволық белсенділігі мен бастамасын онан әрі күшейтуді, бұқараны мемлекетті басқаруға, оның бүкіл ұйымдастыру-шаруашылық жұмысына онан сайын кеңінен қатыстыруды талап етеді. Мұнын үшін советтік демократизмді мейлінше өрістете беру керек, орталықта және жер-жерде барлық совет органдарының жұмысын қажырлылықпен жақсартып, олардың бұқарамен байланысын нығайта білу керек» («Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі. Стенографиялық есеп», II том, 442 — 443 - беттер).

Съездің шешімдерінде ұлт саясатының мәселелері жөнінде принципті нұсқаулар берілген. Одақтас республикалардың праволарын кеңейту жөнінде Орталық Комитеттің қабылдаған шараларын мақұлдап, съезд бұл бағытта жаңа қадамдар жасалуын ұсынды. Республикалардың экономикасы өркендеп, нығайған толып жатқан ұлт кадрлары өсіп шыққан жаңа жағдайларда шаруашылықты мемлекеттік басқарудың жаңа түрлерін әзірлеп шығудың қажет екені айқын бола түсті, басқарудың мұндай жаңа түрлері орталықтан болатын басшылық пен республикалардың дербестігін дұрыс байланыстырған болар еді, коммунизм орнатуда халықтардың ортақ мүдделері мен ұлт айырмашылықтарын, ұлт ерекшеліктерін ескерген болар еді, халықтар достығын онан әрі нығайтуға себепкер болар еді.

Съезд мәдениет құрылысының, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің кең программасын белгіледі, оқыту ісін өнімді еңбекпен неғұрлым тығыз байланыстыра түсу негізінде өсіп келе жатқан ұрпаққа тәрбие, білім берудің бүкіл жүйесін елеулі түрде жақсарту қажеттігі туралы мәселе қойды.

Партия қатарын онан әрі нығайту, Совет мемлекетіндегі оның жетекшілік ролін күшейту, партиялық ұйымдастыру жұмысын жақсарту жөнінде елеулі шаралар белгіленді.

КПСС XX съезінде идеологиялық жұмыстың кемшіліктері, ең алдымен идеологиялық жұмысты коммунистік құрылыстың практикалық міндеттерінен қашықтату, догматизм мен жаттампаздық сияқты кемшіліктер қатты сынға алынды. Съезд бұл кемшіліктерді жою, бүкіл

идеологиялық жұмысты негізінен жақсарту, теориялық жұмысты, насихат пен үгітті коммунизм жолындағы күрестің ең керекті қажеттерімен тығыз байланыстыру міндетін алға қойды.

Съездің шешімдерінде маркстік-лениндік теорияның кіршіксіз таза болуын көздің қарашығындай сақтау, буржуазиялық идеологияның көріністері атаулының бәріне қарсы ымырасыз күресіп отыру, кадрларды марксистік-лениндік жағынан шынықтыра түсу идеологиялық майдан қызметкерлерінің, партия ұйымдарының міндетті борышы екені баса көрсетілді.

Съезд КПСС уставына партия құрылысының практикасынан туған бірлі-жарым өзгерістер енгізді және партияның жаңа программасын әзірлеу туралы қаулы алды.

КПСС XX съезі партия тұрмысында, Совет елінің дамуында, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысында маңызды жаңа кезең бастаған ең ірі тарихи оқиға болды. Съезд СССР-дегі коммунистік құрылыстың нақтылы міндеттерін белгілеп берді, совет құрылысын дамытып, нығайтудың жолдарын белгіледі. Съезд кәзіргі халықаралық дамудың ағымдағы оқиғалардың барысын да, алдағы перспективаларды да көрсетіп беретін бірсыпыра түбірлі, принципті мәселелерін жаңаша алға қойып, шешіп берді.

Съезд кәзіргі тарихи жағдайдың жаңа құбылыстарын ғылыми қорытып шықты және марксизм-ленинизмді творчестволықпен дамытудың үлгілерін көрсетіп, революцияшыл теорияны партияның ішкі және халықаралық саясаты мәселелеріндегі жаңа қорытындылармен, қағидалармен байыта түсті. Съезд партияның, оның Орталық Комитетінің коллективті саяси және ұйымдастырушы орталық қана болып қоймай, сонымен қатар маркстік теориялық ой-пікірді дамытудың коллективті орталығы екендігін айқын көрсетті.

Съездің шешімдері партияның бүкіл өміріне, советтік социалистік қоғамның коммунизм жолымен алға басып өркендеуіне орасан әсер етті.

#### 4. Социалистік демократияны өрістету. Партияның жетекшілік ролін көтеру және оның бірлігін нығайта түсу. Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру

КПСС XX съезінің тарихи шешімдерін бүкіл партиямыз бірауыздан мақұлдады, совет халқы қызу қолдады. Халық бұқарасы бұл шешімдерді социалистік экономика мен мәдениетті дамытуда, халықтың әл-ауқатын көтеруде жаңа табыстарға жету жолындағы күрестің жігерлендіре түсетін программасы деп білді. Съездің шешімдерін тезірек жүзеге асыру жолында бұқараның ерлік қозғалысы басталды.

Халық белсенділігі өсе түсті, мұның өзі социалистік жарыстың онан әрі өрістеуінен көрінді. Москва мен Москва облысының бірсыпыра кәсіпорындары коллективтерінің бастамасы бойынша ел ішінде алтыншы бесжылдықтың бірінші жылының өнеркәсіп жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолында жарыс басталды. 1957 жылдың басында партияның басшылығымен жан басына сүт, май және ет өндіру жөнінде таяудағы жылдардың ішінде Америка Құрама Штаттарын қуып жетіп, басып озу жолында қуатты қозғалыс басталды.

Халық бұқарасы белсенділігінің тез өсуі, коммунистік құрылыс көлемінің ұлғаюы социалистік демократияны онан әрі өрістетіп түсуді, партия басшылығының дәрежесін көтере түсуді, мемлекеттік, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының барлық жұмысын жақсартуды керек қылды. Партия қоғамдық қажеттерге сәйкес бұқара ішіндегі ұйымдастыру, тәрбие жұмысын кенінен өрістетіп түсуді, мемлекеттің шаруашылық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбие жұмысына



бұқараны тікелей қатыстырудың ескі формаларын жетілдіріп, жаңа формаларын табуды өз міндеті деп білді.

Партия бұл міндеттерді шешкенде істі коммунистердің белсенділігі мен партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін күшейтуден, партия басшылығын, партия ұйымдарының бүкіл жұмыс стилін жақсартудан бастады. Партия ұйымдарының өміріндегі жаңа және ең бір ерекше нәрсе мынадай еді: олардың жұмысы экономиканы терең, нақтылы білуге негізделіп отырды, озат тәжірибені, ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалана білуге негізделіп отырды. Партия кадрлары экономикалық процестерді ойдағыдай танып біле бастады, колхоздардың, совхоздардың, аудандардың, облыстар мен республикалардың шаруашылық дамуының негізгі бағыттарын айыра біліп отырды. Мұның өзі олардың өндірістің жаңа резервтерін іздеп тауып, іске қосып отыруына мүмкіншілік берді.

Орталық Комитет аудандық партия ұйымдарына ерекше көңіл бөліп отырды, өйткені ауыл шаруашылығын мықтап көтеру жолындағы күрестің табысты болуы көбінесе солардың жұмыс дәрежесіне байланысты еді. Басшы қызметкерлердің аудандық буыны тәжірибелі, қолынан іс келетін, шаруашылықты жақсы білетін қызметкерлермен, бұқараны ұйымдастыра алатын жігерлі қызметкерлермен нығайтылды. Орталық Комитет аудандық партия комитеттерінің жұмысын едәуір жақсартқызды.

XX съездің шешімдерін орындай отырып, партия коммунистердің идеялық-саяси тәрбие алуын жақсартты, партия оқуы жүйесін қайта құрды. Насихат жұмысын коммунизм құрылысының практикасынан алшақ жүргізу сияқты зиянды жай батыл жойылып отырады. Партияның теориялық жұмысы едәуір жемісті түрде жандана түсті. Жаңа жағдайларда кадрларды дұрыс тәрбиелеуде, партия саясатын ғылым жолымен негіздеуде догматизм едәуір қауіпті нәрсе болды, догматизм нақтылы, үнемі дамып отыратын марксистік-лениндік ілімді қатып қалған схемаға айналдырып жібереді, теорияны практикадан айырады, теорияны творчестволықпен дамытуға кедергі жасайды, коммунистік құрылыстың ең маңызды мәселелерін ғылыми жағынан әзірлеп, практика жүзінде шешуге бөгет жасайды. Партия теория мен практикадағы догматизмге қарсы, партияның кейбір мүшелеріндегі ревизионистік көзқарастардың көріністеріне қарсы өрістете дәйекті күрес жүргізді. Партия марксистік-лениндік теорияның өмірмен тығыз байланыстырыла отырып, творчестволықпен дамытылуын қамтамасыз етті.

Партия кейбір мәдениет қызметкерлерінің жіберіп жүрген идеологиялық былықтарын табанды түрде, бірақ әдепмен жеңіп отырды. Кейбір әдебиетшілер жеке адамға табынушылықты партиялық сынға алудың мәнісін түсінбеді, социализм құрылысындағы қателер мен олқы жақтарды ғана іздейтін болды, идеологиялық салада партияның жетекшілік ролі болуы қажеттігін теріске шығара бастады. Ғылымда, әдебиет пен искусствода партиялылық, идеялылық болуына қарсы, олардың коммунистік құрылыстың толғағы жеткен міндеттерімен байланысты болуына қарсы үн көтерушілер болды, совет әдебиеті мен искусствосының негізгі әдісіне—социалистік реализм әдісіне күмән келтіруге әрекет жасалып отырды.

Партия, оның Орталық Комитеті ғылым, әдебиет, искусство қайраткерлерінің арасында зор жұмыс жүргізді, оларға марксистік-лениндік идеологияның мәнісін түсіндіріп отырды. Партия совет мәдениетін шындап көркейтудің бірден-бір құралы—оның өмірмен байланысты болуы, халық ісіне, коммунизм орнатуға қызмет етуі екендігіне жұрттың көзін тағы да жеткізе түсті.

КПСС XX съезінің қойған талаптарына сәйкес, партия ұйымдары бұқара арасындағы тәрбие, үгіт жұмысын қайта құрды, оны коммунист-

тік құрылыстың міндеттерімен тығыз байланыстыра жүргізді. Партия жұмысшы табымен, колхозшы шаруалармен, совет интеллигенциясымен өзінің байланысын бұрынғыдан да нығайта түсті, олардың тәжірибесін неғұрлым толық, терең зерттей, қорытып отыратын болды. Осы негізде партия, оның Орталық Комитеті программалық маңызы бар, социализмнің коммунизмге ұласу жолдарын көрсетіп беретін бірсыпыра ірі-ірі саяси және экономикалық шараларды теория жүзінде негіздеп, іс жүзіне асырып отырды.

Партия совет органдарының жұмысын жақсарту жөнінде шаралар қолданды. «Еңбекшілер депутаттары Советтерінің жұмысын жақсарту және олардың бұқарамен байланысын күшейту туралы» шешімінде (1957 жылғы январь) КПСС Орталық Комитеті Советтердің жаңа жағдайдағы негізгі міндеттерін белгілеп берді; олар: шаруашылық және мәдени құрылыста жергілікті Советтердің ролін күшейту, олардың жұмысын жандандыра түсу, олардың бұқарамен байланысын нығайтып отыру, Советтердің комиссиялары мен басқа да бұқаралық бастамашы органдарының жұмысына еңбекшілерді барынша қатыстырып отыру. КПСС Орталық Комитеті одақтас республикалардың партия, совет органдарына: жергілікті Советтердің праволарын кеңейту жөнінде, ең алдымен халық шаруашылығын жоспарлаудағы, жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп өнімдерін өндіру, бөлу ісін жоспарлаудағы праволарын кеңейту жөнінде, тұрғын үй, мәдени-тұрмыс құрылыстары мен жол құрылысы жұмыстарын ұйымдастырудағы, құрылыс материалдары мен отын шығаруды өрістетудегі, финанс-бюджет мәселелерін шешудегі праволарын кеңейту жөнінде практикалық шаралар қолдануды тапсырды.

Шаруашылық және мәдениет құрылысында еңбекшілер депутаттары Советтерінің белсенділігі арта түсті. Советтердің сайлап қойылатын органдарының ролі және олардың шаруашылық, мәдени және басқа совет ұйымдарының жұмысына бақылау жүргізуі едәуір күшейе түсті. Советтердің депутаттары неғұрлым белсене жұмыс істей бастады. Советтердің саяси және шаруашылық жұмысы молығып, алуан түрлі бола бастады, олардың бұқараны ұйымдастырушылар ретіндегі маңызы күшейе түсті.

Партияның ең ірі шаруашылық-саяси шараларының бірі өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру, шаруашылық жүргізудің социалистік принциптерін жетілдіру болды.

Партияның күш-жігері шаруашылық құрылыстағы өзінің саясаты мен тиісті шаралары арқылы өндірістің барлық салаларында социализмнің экономикалық заңдары ықпалының барынша өріс алуын қамтамасыз етуге бағытталды. Шаруашылық жүргізудің ұйымдық формаларын зерттей келіп, Орталық Комитет халық шаруашылығын арнаулы орталық министрліктер мен ведомстволар арқылы басқару системасының заманы өтіп, өндірістің қол жеткен дәрежесі мен көлемдеріне сай емес деген қорытындыға келді. Елімізде 200 мыңнан аса өнеркәсіп орындары мен 100 мыңнан аса құрылыс болды. Осыншама көп, оның үстіне еліміздің кең байтақ территориясына орналасқан кәсіпорындар мен құрылыстарға бірнеше жалпыодақтық министрліктер мен ведомстволардан нақтылы және қолма-қол басшылық беріп отыруға болмайтын болды. Аудандардың, кәсіпорындардың, құрылыстардың барлық ерекшеліктерін бір орталықтан толық есепке алып, олардың жұмысына қатысты мәселелерді осы ерекшеліктерді ескере шешіп отыру мүмкін болмады.

Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін ұйымдастырғанда еліміздің өндіргіш күштерін дамытудың қажеттеріне анағұрлым сай келетіндей етіп, социалистік құрылыстың резервтерін толығырақ пайдалануға мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастыру қажет болды.

Кәзіргі жағдайдың керек қылып отырғанын ескере отырып, партия өнеркәсіп пен құрылысты басқарудың формалары мен әдістерін түбірінен өзгерту мәселесін алға қойды. КПСС Орталық Комитетінің февраль пленумы (1957 жыл) осы мәселеге арналған болатын, бұл пленум «Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін ұйымдастыруды онан әрі жетілдіру туралы» қаулы қабылдады.

Орталық Комитет өнеркәсіпке басшылық ету ісін қайта құрудың негізгі бағыттарын белгілеп берді, басқарудың жаңа системасы орталықтан болатын мемлекеттік басшылықтың республикалық және жергілікті совет, шаруашылық органдарының праволарын кеңейте түсумен, еңбекшілердің қалың бұқарасының өндірісті басқару ісіне бұрынғыдан да белсене қатысуымен ұштастырылуына негізделіп құрылуға тиіс екенін айқындап берді. Халық шаруашылығын өркендету бұрынғыша бірыңғай мемлекеттік жоспар бойынша белгіленіп отырды, бірақ қолма-қол басшылық етудің негізгі салмағы жергілікті жерлерге — еліміздің негізгі экономикалық әкімшілік аудандарында ұйымдастырылатын халық шаруашылығының советтеріне көшірілді. Жергілікті жерлерде маман, тәжірибелі кадрлардың үлкен армиясының болуы бұл үшін қажетті жағдайлар жасады.

Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру мәселесі үлкен мемлекеттік маңызы бар мәселе болған себепті бүкіл халықтың талқылауына салынды. Бұл мәселені талқылауға жиналыстарда және баспасөз бетінде 40 миллионнан аса адам қатысты.

1957 жылы майда болған СССР Жоғарғы Советінің сессиясы заң қабылдады, бұл заңда КПСС Орталық Комитеті әзірлеп, бүкіл халық мақұлдаған шаралар жазылды.

Партияның басшылығымен өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру тез, қолма-қол және ұйымдасқан түрде жүзеге асырылды. Қысқа мерзім ішінде экономикалық әкімшілік аудандары құрылды, халық шаруашылығының советтері құрылып, оларға маман кадрлар алынды, өнеркәсіпке тікелей басшылық етуді бұл советтер өз қолына алды.

Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру ең маңызды революциялық шара болды. Оның маңызы мынада: бұл қайта құру басшылықты өндіріске жақындата түседі, оны неғұрлым нақтылы, жедел, орамды басшылық етеді, жергілікті қызметкерлердің бастамасына барынша өріс береді, шаруашылық құрылысты басқару ісіне еңбекшілерді кеңінен қатыстыруға мүмкіндік береді. Басқару ісін қайта құру өнеркәсіп орындарына басшылық етуде одақтас республикалардың, жергілікті партия және совет органдарының ролін бұрынғыдан да көтере түсті, экономикалық аудандардың комплексті өркендеуі үшін, халық шаруашылығындағы мамандандыру мен кооперациялауды жақсарту үшін көп мүмкіншіліктер берді.

Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру шаруашылық құрылыстағы демократиялық централизмнің лениндік принципін тапқырлықпен ілгері дамытқандық болды. Басқарудың түрі нақтылы-тарихи жана жағдайларда орталықтан болатын жоспарлауды басшылық етудің демократиялық әдістерімен барынша дұрыс үйлестіреді, басқарудың бұл түрі шаруашылықтың социалистік системасының артықшылықтарын неғұрлым толық пайдалану және өндірісті басқару ісіне еңбекшілер бұқарасын көбірек қатыстырылуы негізінде халық шаруашылығын басқаруды барынша нәтижелі етуге мүмкіндік береді.

Халық бұқарасының екпінділігін күшейтуге, қоғамдық істер мен өндірісті басқаруда олардың ролін көтеруге бағытталған ірі шаруашылық-саяси шара колхоз уставының жеке ережелерін колхоздар мен колхозшылардың өзгертіп, толықтырып отыруына право беру болды. Орталық Комитет пен СССР Министрлер Советінің ауылшаруашылық

артелінің уставы және колхоз өндірісі мен артель істерін басқаруды ұйымдастыруда колхозшылардың бастамасын онан әрі өрістетуге туралы шешімінде деревняда қуатты материалдық-техникалық база жасалғаны, коллективті шаруашылықты ұйымдастырып, жүргізудің бай тәжірибесінің жинақталғаны атап көрсетілді. Колхозшы шаруалардың саяси саналылығы артты. Колхоздарда қоғамдық шаруашылықты дұрыс жүргізу қолынан келетін тәжірибелі, саяси жағынан жетілген кадрлар бар. Мұның өзі өндірісті ұйымдастыруда, артель істерін басқаруда — жалпы халық мүдделері мен колхоздардың мүдделерін дұрыс байланыстыру негізінде колхоз өмірінің мәселелерін шешуде колхоздардың дербестігінің онан әрі арта түсуіне барлық жағдайлар жасады. Партия мен үкімет колхозшыларға ең басты міндетті — егіншілік пен мал шаруашылығын шұғыл көтеруді қамтамасыз ету міндетін — негізге ала отырып, жергілікті жағдайларды ескере отырып, артельдің қабылдаған уставының жеке ережелерін өздерің толықтырып, өзгертіп отырындар деп кеңес берді.

Бұл шараның жүзеге асырылуы — колхоз демократиясын өрістетудегі, социалистік демократизмді кеңейтіп, тереңдетудегі маңызды қадам болды. Бұл шараның елеулі экономикалық және саяси маңызы бар, бұл шара колхозшылардың шаруашылықты дұрыс, үнемді түрде және өнімді етіп жүргізуге деген бастамасы мен ынтасын өршіте түседі, ауылшаруашылық өндірісінің өсуіне жаңа мүмкіншіліктер жасайды.

Бұқараны өндіріс пен мемлекетті басқару ісіне тарту жөнінде XX съездің алған бағытын ілгері жүргізе отырып, партия кәсіподақтардың жұмысын жақсарту жөнінде маңызды шаралар қабылдады. Бірсыпыра партия документтерінде, ең алдымен КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1957 жылғы) пленумының шешімдерінде коммунистік құрылыста кәсіподақтар ролінің үздіксіз өсіп отырғандығы сыпатталған, олардың саясат, экономика, мәдениет және тәрбиелеу міндеттерін шешуге қатысуының түрлері көрсетілді, кәсіподақтардың жұмысын жаңа жағдайларда қайта құрудың жолдары белгіленді.

СССР-дің кәсіподақтарына бұқараны өндірісті басқару ісіне қатыстыру жөнінде, социалистік жарысты онан әрі жақсарту жөнінде, жұмысшылар мен қызметшілерді мемлекеттік жоспарларды орындауға және асыра орындауға жұмылдырып отыру жөнінде, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде, кәсіпорындар мен құрылыстарды басқарудың әдістерін жетілдіру жөнінде үлкен міндеттер жүктелді. Партия еңбекшілерді өндірісті басқару ісіне кеңінен қатыстырудың анағұрлым қолайлы түрі өндірістік кеңестер екенін атап көрсетті. Өндірістік кеңестерді жұмысшылардың, қызметшілердің, партия, әкімшілік орнының, комсомол ұйымдарының ғылыми-техникалық қоғамдардың өкілдерін қамтитын және өзінің жұмысын жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілердің белсене қатысуымен жүргізетін тұрақты кеңестерге айналдыру қолайлы деп танылды.

Коммунизм құрылысында кәсіподақтардың ролін күшейту үшін кәсіподақ ұйымдарының атқаратын қызметтері кеңейтілді. Оларға кәсіпорындардың өнеркәсіп-финанс жоспарларын дайындауға, еңбекті нормалау және жалақыны ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысып отыруға, еңбек заңдарының орындалуына бақылау жүргізіп отыруға право берілді. Кәсіподақтар еңбек заңдарын үнемі бұзып отыратын және коллективтік договорлар бойынша алған міндеттемелерін орындаудан бұлтартып отыратын шаруашылық қызметіндегі басшыларды орнынан алу туралы мәселе қоя алады, басшы қызметтерге жоғарылатылатын кандидатуралар туралы өзінің пікірін айта алады. Жұмысшылар мен қызметшілер фабрика-завод комитеттері мен жергілікті комитеттер келіссе ғана жұмыстан шығарыла алады.

Партияның шешімдері негізінде совет кәсіподақтары өз жұмыстарын жақсартты. Олардың шаруашылық құрылыстағы ролі артты, олардың ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмысының дәрежесі көтерілді, кәсіподақ демократиясы кеңейе түсті, кәсіподақ мүшелерінің белсенділігі артты.

Партияның басшылығы арқасында комсомол мен оның барлық ұйымдарының жұмысында үлкен өзгерістер болды. Олардың жұмысы едәуір жандана түсті, жаңа мазмұнмен молықты, неғұрлым белгілі бір мақсатты көздейтін болды. XX съездің шешімдері жастарды жігерлендіре түсті, олардың батыл ізденуіне, творчестволық қайрат-жігер көрсетуіне кең жол ашты. Комсомол ұйымдары партияның бастаған істерінің бәрінде оған белсене көмектесіп отырады, партияның шешімдерін жүзеге асыруда белсене көмектесіп отырады. Комсомол ұйымдары коммунизмнің ең маңызды, қиын деген құрылыстарын қамқорлыққа алып отырды. Партияның шақыруы бойынша комсомол ұйымдары тын және тынайған жерлерді игеруге, көмір шахталары, домна және мартен пештері, электр станциялары, химия заводтары құрылысына еркімен тіленген жүз мыңдаған адамдарын жіберіп отырды. Село комсомолецтері колхоз өндірісіне бұрынғыдан да белсене қатыса бастады. Партия комсомолецтердің бастамасы мен талапкерлігін өрістетуде, формализмді, думанды, даурықпаны жойып отыруда, жастар арасындағы тәрбие жұмысының дәрежесін көтеруде комсомолға көмектесіп отырды.

Социалистік демократияны өрістетуге, партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ ұйымдарының және басқа қоғамдық ұйымдардың жұмысын жақсарту негізінде бұқараның еңбектегі өрлеуі халық шаруашылық жоспарларының ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етті. 1956 — 1957 жылдардың ішінде 1 600-ден аса ірі өнеркәсіп орындары іске қосылды, соның ішінде дүние жүзіндегі ең ірі Ленин атындағы Волга ГЭС-і іске қосылды. Өнеркәсіп өнімін шығару едәуір артты. Өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін тараулардың өнімі 24 процент көбейді. Ауыл шаруашылығының еңбекшілері ірі табыстарға жетті. 1956 жылы астықтың жалпы өнімі сонан бұрынғы жылдардағының бәрінен де ең жоғары болды. Мұның өзі мемлекеттің 3 304 миллион пұт астық дайындауына мүмкіндік берді. 1957 жылы, еліміздің бірсыпыра аудандарында ауа райы нашар бола тұрса да, 1953 жылғыға қарағанда астық 263 миллион пұт, сүт пен сүт өнімдері 10 миллион тоннадай, ет 1 450 мың тонна артық дайындалды.

Партияның XX съезінен кейін совет адамдарының әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесін көтеруде маңызды шаралар жүзеге асырылды. Демалыс күндері мен мейрам күндерінің алдында жұмыс күні екі сағат қысқартылды, әйелдердің жүкті кезі мен босағанда алатын демалыстары көбейтілді, жасөспірімдер үшін жұмыс күні 2 сағатқа кемітілді, өнеркәсіптің бірсыпыра тарауларында жұмыс күні жеті және алты сағатқа көшірілді. Орта мектептердің жоғарғы кластарында, арнаулы орта дәрежелі және жоғарғы оқу орындарында оқу ақысы жойылды. Қартайғанда және мүгедек болғанда берілетін пенсия едәуір көбейтілді.

Партия Орталық Комитеттің басшылығымен КПСС XX съезінің шешімдерін жүзеге асырып, халық шаруашылығын өркендетуде, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін көтеруде елеулі табыстарға жетіп отырғанда партияның ұстаған жолына қарсы шығушы адамдар болды. Бұл Орталық Комитет Президиумының ішінде құрылған Г. М. Маленков, Л. М. Каганович, В. М. Молотовтың антипартиялық тобы еді.

Антипартиялық топ КПСС XX съезінің ішкі және сыртқы саясаттағы лениндік бағытына қарсы тұрды, партияның ұстаған саяси жолын

өзгертуді, оның шараларын жүзеге асыртпай тастауды өзіне міндет етіп қойды.

Антипартиялық топтағылар одақтас республикалардың шаруашылық және мәдениет құрылысындағы праволарын кеңейтуге қарсы шықты, мемлекеттік аппаратты қысқарту, бюрократизммен күресу жөніндегі партияның қабылдаған шараларына қарсы тұрды. Бұлар өнеркәсіппен құрылысты басқару ісін қайта құруды жүзеге асыртпауға тырысты.

Антипартиялық топ колхозшы шаруалардың ауылшаруашылық өндірісін ұлғайтуға материалдық ынталылығын күшейту қажеттігін мойындамады, ауыл шаруашылығындағы жоспарлаудың ескі тәртібін жаңа тәртіппен ауыстыруға, колхозшылар үйінің мемлекетке міндетті түрде ауылшаруашылық өнімдерін тапсыруын жоюға қарсы болды. Бұл топ жан басына сүт, май және ет өндіру жөнінде жуырдағы жылдардың ішінде Америка Құрама Штаттарын қуып жетіп, басып озу жолындағы колхоздарда туған, партия белсене қолдаған қозғалысқа қарсы шықты. Топқа қатысушы Молотов практикада сынап көрілген, еліміздің экономикасында зор маңыз алған ең маңызды шараның жүзеге асырылуына — тың және тынайған жерлерді игеруге қарсы тұрды. Антипартиялық топ партияның сыртқы саясат жөнінде ұстаған бағытына қарсы шықты, партияның бұл бағытының мақсаты халықаралық шиеленісті бәсеңдету, бейбітшілік ісін баянды ету, ынтымақтастықты өрістету және халықтар достығын нығайту еді.

Маленков, Каганович, Молотов жеке адамға табынушылықтың зардаптарын жою жөніндегі партияның шараларына қарсылық жасап отырды. Мұның өзі кездейсоқ нәрсе емес еді. Өздері партия ішінде жоғары орындарда болғандықтан, жеке адамға табынушылықтан туған қателерге олардың да қатысы болды.

Орталық Комитеттің Президиумы мен Орталық Комитет антипартиялық топтағылардың қателеріне қарсы табандылықпен күресіп отырды, қателерін түзетіп отырды; Орталық Комитет бұлардың қателерін сынағаннан кейін бұлар сыннан тиісті қорытынды шығарып, партияның бүкіл басшы коллективімен бірге болады деп сенген еді. Бірақ бұл топтағылар партияға қарсы, лениндік емес позицияларға қарай сырғи берді, партия басшыларына қарсы фракциялық күрес жүргізу жолына түсті. Олар антипартиялық негізде бірігіп алып, күрестің бақастық тәсілдерін қолданып, олар партияның Орталық Комитетіне қарсы жасырын сөз байласты. Фракциялық әдістерді пайдаланып, Маленков, Каганович, Молотов және соларға қосылып кеткен Шепилов партияның басшы органдарын ауыстыруды көздеп, партияның саясатын өзгертпекші болды, партияны КПСС XX съезі қате деп мінеген басшылықтың теріс әдістеріне қайта оралтпақшы болды.

Бұл фракцияшыл топта іс жүзінде Н. А. Булганин де болған еді. Ол өзінің партияға қарсы зұлымдық қылығымен антипартиялық топтың батылы барып партияның лениндік жолына қарсы бас көтеруіне көбірек себепші болды.

1957 жылғы июньде Орталық Комитеттің Президиумында антипартиялық топқа қарсы табан тірескен, барынша қатты күрес жүрді. Бұл күрестің барысында Н. С. Хрущев, Президиум мүшелері мен мүшелігіне кандидаттар, Орталық Комитеттің секретарьлары: А. Б. Аристов, Н. И. Беляев, Л. И. Брежнев, А. И. Кириченко, Ф. Р. Козлов, А. И. Микоян, Н. А. Мухитдинов, П. Н. Поспелов, М. А. Суслов, Е. А. Фурцева, Н. М. Шверник, сонымен қатар Орталық Комитеттің мүшелері Н. Г. Игнатов, О. В. Куусинен, Д. С. Коротченко, Я. Э. Калинин, А. П. Кириленко, А. Н. Косыгин, К. Т. Мазуров, В. П. Мжаванадзе, Н. В. Подгорный, Д. С. Полянский және басқалары антипартиялық топқа батыл қарсы шығып, ол топтың партияның лениндік жолына жә-

не оның Орталық Комитетіне жанталаса жасаған шабуылына қирата соққы берді.

КПСС Орталық Комитетінің 1957 жылғы июньде болған пленумы антипартиялық топ туралы мәселені қарады. Орталық Комитеттің барлық мүшелері мен кандидаттары, Орталық тексеру комиссиясының мүшелері жікшілдердің қылығын бірауыздан теріс деп тапты. Шығып сөйлеген адамдар оларға ең қатаң партиялық жаза қолданылсын деді. Пленум антипартиялық топтың фракцияшылдық жұмысын бірауыздан айыптаған қаулы алды.

Пленум антипартиялық топтың партия уставын және X съездің «Партияның бірлігі туралы» В. И. Ленин әзірлеп берген шешімін бұзғанын атап көрсетті. Бұл топтағылар ескі ұғымдардың және жұмыстың заманы өткен әдістерінің жетегінде кетті. Олар партия мен елдің өмірінен қол үзді, жаңа жағдайларды, жаңа ахуалды көрмеді, кертартпалық жасады, коммунистік құрылыстың мәселелері жөнінде догмалық көзқарастарда болды, жұмыстың заманы өткен, коммунизмге қарай алға басу мүдделеріне сай келмейтін формалары мен әдістерінен айрылғысы келмеді. Осының бәрі олардың ұстаған антипартиялық позициясының негізі болды. Олар партияны кері сүйреуге тырысты, сөйтіп өмірден туған және совет қоғамын дамыту мүдделерінен, бүкіл социалистік лагерьдің мүдделерінен туатын нәрселердің бәрін қабылдамай тастап отырды.

«Ішкі саясат мәселелерінде де, сыртқы саясат мәселелерінде де, — делінген Орталық Комитет пленумының шешімінде, — олар сектанттар және догматиктер болып табылады, олар марксизм-ленинизмге жаттампаздық, енжарлық тұрғыдан қарап келеді. Олар кәзіргі жағдайда іс жүзіндегі пәрменді марксизм-ленинизмнің мәні, коммунизм жолындағы күрестің мәні — партияның XX съезінің шешімдерін жүзеге асыру, бейбіт қатар өмір сүру, халықтар арасындағы достық үшін күресу саясатын, социалистік лагерьді барынша нығайту саясатын қажырлылықпен жүргізуде, өнеркәсіпке басшылықты жақсартуда, ауыл шаруашылығын жанжақты өрге бастыру, өнімдердің молшылығын жасау, тұрғын үй құрылысын кеңінен өрістету, одақтас республикалардың праволарын кеңейту, ұлттық мәдениеттерді көркейту, халық бұқарасының инициативасын барынша дамыту үшін күресуде екенін түсінбейді» («Правда», 4 июль, 1957 ж.).

Орталық Комитеттің июнь пленумы антипартиялық топтың іс-әрекетін Коммунистік партияның лениндік принциптерімен сыйыспайтын әрекет деп тапты. Орталық Комитеттің пленумында ашылған мойын бұрғызбайтын фактілерді көре отырып, антипартиялық топқа қатысушылар өздерінің фракцияшыл, антипартиялық әрекеттерінің зияндылығын мойындап, партияның шешімдеріне бағынамыз деп міндеттеме алды.

Пленум Маленковты, Кагановичті, Молотовты және Шепиловты Орталық Комитеттің құрамынан және Орталық Комитет Президиумының құрамынан шығарды.

Н. А. Булганинге қатаң сөгіс жарияланып, ақырғы рет ескертілді. Булганин өзінің өрескел қателерін түзетемін, партияның жолы үшін белсене күресемін деп уәде берді. Бірақ өмір оның өз уәдесін орындамағанын және Орталық Комитет Президиумының мүшесі ретінде өзіне жасалған сенімді ақтамағанын көрсетті. Сондықтан кейінірек Орталық Комитеттің пленумы Булганинді КПСС Орталық Комитеті Президиумының мүшесі міндетінен босатты. Одан бұрынырақта ол СССР Министрлер Советінің Председателі міндетінен босатылған болатын.

Антипартиялық топқа қарсы күрес жүргізіліп жатқан кезде М. Г. Первухин мен М. З. Сабуровтың теріс, ауытқушы позиция ұстап, Орталық Комитеттің пленумында ғана өз қателерін мойындап, анти-

партиялық топтан араларын аулақ салуына байланысты Первухин Орталық Комитет Президиумы мүшелігінен Президиум мүшелігіне кандидат қатарына көшірілді, ал Сабуров Орталық Комитет Президиумы мүшелігінен шығарылды.

Орталық Комитеттің Маленков, Каганович, Молотов, Булганин және соларға қосылып кеткен Шепилов тобының фракцияшыл, антипартиялық әрекетін әшкерелеп, айыптауы партияның лениндік бірлігін бұрынғыдан да нығайта түсті, оның сара жолының жаңа жеңісі, творчестволық марксизм-ленинизмнің жеңісі болды. Орталық Комитет пленумының шешімін партия мен бүкіл совет халқы бірауыздан мақұлдады. Коммунистер мен партияда жоқтар, партия мен бұқарадан қол үзген, жападан жалғыз адамдардың күйіне түскен антипартиялық топтағыларды батыл мінеді. Коммунистер, барлық совет адамдары КПСС XX съезінің тарихи шешімдерін ойдағыдай жүзеге асыру үшін лениндік Орталық Комитеттің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түсті.

Партия марксизм-ленинизмнен шегінушілікпен, басшылық етудің лениндік принциптерін бұзу атаулының бәрімен күрес жүргізе отырып, партия Совет Армиясы мен Флотындағы партиялық-саяси жұмыстың елеулі кемшіліктерін ашты. Г. К. Жуков, қорғаныс министрі болып тұрған кезінде, СССР-дің Қарулы Күштеріне басшылық етудің лениндік принциптерін бұзғандығы анықталды. Ол әскердегі партия ұйымдары мен саяси органдардың, әскери советтердің жұмысын шағындау, Қарулы Күштерге партияның, оның Орталық Комитетінің және Совет үкіметінің басшылығын, бақылауын жоюға бағыт ұстады. Совет Армиясында Жуковтың өз басының катысуымен оның жеке басына табынушылық жайыла бастады, Ұлы Отан соғысындағы оның ролі шамадан тыс мадақталып отырды. Сөйтіп соғыстың шын тарихы бұрмаланды: совет халқының жұмсаған күш-жігері, Қарулы Күштердің көрсеткен ерлігі, коммунистер мен саяси қызметкерлердің ролі, совет қолбасшыларының соғыс өнері кемітілді, Коммунистік партияның жетекшілік және жігерлендіруші ролі кемітілді.

КПСС Орталық Комитетінің 1957 жылы октябрьде болған пленумы «Совет Армиясы мен Флотындағы партиялық-саяси жұмысты жақсарту туралы» қаулысында Қарулы Күштерге басшылық етудің лениндік принциптерін өрескел бұзушылықты айыптап, Жуковты партияның басшы органдарынан шығарды.

Пленум еліміздің Қарулы Күштерін ұйымдастыруда Коммунистік партияның басшылығының шешуші маңызы бар екенін баса көрсетті. Совет Армиясы мен Флотының күш-қуатының негізгі көзі олардың ұйымдастырушысы, жетекшісі мен баулушысы Коммунист партиясы екендігінде, делінген пленумның шешімінде. Қарулы Күштерді нығайтуда дара басшы командирлермен қатар армия мен флоттың әскери советтері, саяси органдары мен партия ұйымдары маңызды роль атқарады, бұлар Коммунистік партияның саясатын бұлжытпастан, дәйекті түрде жүзеге асырып отыруға міндетті. Пленум Совет Армиясы мен Флотында партиялық-саяси жұмысты күшейтудің шараларын белгіледі.

Партияның коммунистік құрылыстағы басшылық ролінің өсе түсуі партияның орталық органдарының саяси және ұйымдастырушы ролін күшейте түсуді, олардың жұмысындағы коллективтілікті нығайта түсуді керек қылды. Осы мақсаттарды көздеп, КПСС Орталық Комитеті Президиум мен Секретариаттағы адамдардың санын көбейтті. КПСС Орталық Комитеті Президиумының мүшелері болып сайланғандар: А. Б. Аристов, Н. И. Беляев, Л. И. Брежнев, К. Е. Ворошилов, Н. Г. Игнатов, А. И. Кириченко, Ф. Р. Козлов, О. В. Куусинен, А. И. Микоян, Н. А. Мухитдинов, М. А. Суслов, Е. А. Фурцева,



Н. С. Хрушев, Н. М. Шверник; Президиум мүшелерінің кандидаттары болып сайланғандар: П. Н. Поспелов, Д. С. Коротченко, Я. Э. Калиберзин, А. П. Кириленко, А. Н. Косыгин, К. Т. Мазуров, В. П. Мжаванадзе, М. Г. Первухин, Н. В. Подгорный, Д. С. Полянский. КПСС Орталық Комитетінің Секретариаты кеңейтілді. Орталық Комитеттің секретарьлары: Н. С. Хрушев (бірінші секретарь), А. Б. Аристов, Л. И. Брежнев, Н. Г. Игнатов, А. И. Кириченко, О. В. Куусинен, Н. А. Мухитдинов, П. Н. Поспелов, М. А. Суслов, Е. А. Фурцева.

Россия федерациясының республикалық ұйымдарының, облыстық, өлкелік партия, совет және шаруашылық органдарының жұмысына неғұрлым нақты басшылық ету үшін, шаруашылық және мәдени құрылысының мәселелерін неғұрлым тез шешіп отыру үшін КПСС Орталық Комитетінің РСФСР жөніндегі Бюросы құрылды.

Партияны онан әрі нығайту және партия, мемлекет жұмысын қайта құру жөнінде Орталық Комитеттің жүргізген шаралары партия туралы лениндік ілімнің ілгері дамытылуы, совет қоғамының жетекші және бағыттаушы күші болған партия ролінің үздіксіз артып отырғандығының көрінісі болды. Еліміздің экономикалық, саяси және мәдени өмірінде партияның жетекшілік ролінің арта түсуі социалистік қоғам дамуының заңы болып табылады, коммунистік құрылыс өрістете жүргізілген сайын бұл заңның күші арта түседі.

Социализмнен коммунизмге өту жағдайларында, субъективтік фактордың, қоғамға саналы басшылық етудің маңызы арта түскен жағдайда, марксизм-ленинизм теориясымен қаруланған партия коммунизм принциптері негізінде экономикалық және саяси жаңа қатынастар жасауға басшылық етуге міндетті.

Совет халқының ең ұйымдасқан, саналы бөлегі болып табылатын партия өзінің қажымас ұйымдастырушылық, саяси жұмысы арқылы бұқараны топтастыра түседі, бүкіл халықтың ерік бірлігі мен қимыл бірлігін қамтамасыз етіп отырады, оны коммунистік қоғам орнату ісіне жігерлендіріп отырады. Асқан зор моральдық-саяси беделі бар Коммунистік партия коммунизм құрылысының кәзіргі кезеңінің ең қиын, ең күрделі міндетін орындауды — қоғамның барлық мүшелерін коммунистік рухта тәрбиелеуді, капитализмнің қалдықтарын адам санасынан толық жоюды, бұқараның саналылығы мен белсенділігін үздіксіз арттырып отыруды қамтамасыз етеді.

Партия СССР халықтарының идеялық-саяси байланысын күшейтіп отыратын, оларды коммунизм жолындағы күресте топтастырып отыратын беделді, ықпалды күш болып табылады.

КПСС — Совет мемлекетінің жетекші және бағыттаушы күші. Тек партия ғана қоғамдық ұйымдарға (кәсіподақ, жастар ұйымдарына және басқа ұйымдарға) ойдағыдай басшылық ете алады, бұл ұйымдардың жұмыс істеу саласы кеңейде, қоғам өміріне ықпалы күшейде. Партия олардың жұмысын коммунистік құрылыстың жалпы арнасына салып отырады.

##### **5. Совет халқын бастаған партияның 40 жыл ішіндегі жұмысының қорытындылары. Коммунистік партиялардың ынтымағы мен олардың байланысының баянды етілуі**

1957 жылдың ноябрінде Совет халқы, барлық елдердің еңбекшілері, бүкіл прогресшіл адамзат Ұлы Октябрь социалистік революциясының қырық жылдығын салтанатты түрде атап өтті. СССР Жоғарғы Советінің мерекелі сессиясында депутаттармен және совет жұртшылығының өкілдерімен қатар шет елдерден келген қонақтар — барлық социалистік елдердің партия-үкімет делегациялары, 64 туысқан коммунистік және жұмысшы партиясының өкілдері, әртүрлі мемлекеттердің

қоғамдық, мәдени, ғылыми ұйымдарының көптеген делегациялары, халықаралық ірі-ірі кәсіподақ, жастар және әйелдер ұйымдарының өкілдері қатынасты.

Мерекелі сессияда Н. С. Хрущевтің жасаған баяндамасында ұлы қайта құрылыстардың бүкіл дүниежүзілік-тарихи қорытындылары шығарылды, Совет Одағының қырық жыл ішіндегі шаруашылық және мәдени құрылысындағы тамаша жетістіктері көрсетілді. СССР-дің экономикалық және мәдени өмірінің барлық салаларындағы орасан зор табыстар социализмнің капитализмнен асқан зор артықшылықтары бар екенін айдан анық, көзді жеткізе көрсетті. Совет Одағы халықтың творчестволық қабілеттерінің социализм тұсында ғана барынша кең өрістей түсетінін бүкіл дүние жүзіне көрсетті.

Социализм бір елдің шеңберінен шығып, дүниежүзілік системаға айналды. Бұл—халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының ұлы жеңісі. Бұл жеңіс жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың жүргізген ерлік күресінің нәтижесі, бұл күреске коммунистік және жұмысшы партияларының басшылық етуінің нәтижесі, бұлардың өз елдерінің нақтылы жағдайларына марксизм-ленинизм ілімін творчестволықпен қолдана білгендігінің нәтижесі болып табылады. Дүниежүзілік социалистік лагерь орасан зор, үздіксіз өсіп келе жатқан күш болып табылады.

СССР Жоғарғы Советінің мерекелік сессиясы Совет Одағының халықтарына үндеу қабылдады және барлық елдердің барлық еңбекшілеріне, саяси және қоғамдық қайраткерлеріне, ғылым мен мәдениет өкілдеріне, парламенттері мен үкіметтеріне Үндеу қабылдады.

СССР Жоғарғы Советінің мерекелік сессиясының документтері мен материалдарында партия, совет халқы Совет Одағының күресі мен жеңістеріне қорытынды жасай келіп, социализм негізінде жасалған әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістердің асқан зор бейнесін көрсетіп берді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының қырық жылдық жұмысының ұлы қорытындылары негізінен алғанда мыналар:

1. КПСС-тің басшылығы арқасында Совет елінде жұмысшы табы еңбекші шаруалармен одақтасып тарихта тұңғыш рет өкімет билігін өз қолына алды. Халық бұқарасының жеңісін баянды ету үшін, қанаушыларды ауыздықтап, еліміздің тәуелсіздігін сақтау үшін, жаңа қоғам орнату үшін еңбекшілерге өзінің күшті және берік мемлекеті болуы қажет екендігін партия жақсы түсінді. Партия мұндай мемлекетті құруға елді басқару тәжірибесі де болмай, дайындалған кадрлары да болмай кірісті, сонда да болса партия бұл міндетті тамаша орындап шықты.

Партия жаңа өкіметтің таптық мазмұнына — жұмысшы табының диктатурасына және оның әлеуметтік негізі — жұмысшы табы мен шаруалар одағына ғылыми анықтама берді. Партия бұқараның революциялық тәжірибесін қорыта келіп, қоғамның саяси ұйымының жаңа формасын, пролетариат диктатурасының мәнін көрсететін формасын — Советтер республикасын тапты. Ескі мемлекеттік аппарат қиратылды. Халықтың тілегін орындайтын жаңа мемлекеттік аппарат құрылды.

Партия пролетариат диктатурасының механизмін, яғни халықтың мүдделерін неғұрлым толық білдіретін мемлекеттік ұйымдар (Советтер) мен қоғамдық (кәсіподақ, кооператив, жастар және басқа) ұйымдар системасын ойлап тапты. Советтер арқылы партия әрбір еңбекшінің мемлекетті басқару ісіне нақты және тікелей қатысуын қамтамасыз етті.

Пролетариат диктатурасы орнағаннан бастап буржуазиялық демократияның күйреу заманы, нағыз шын халық билігінің — социалистік демократияның заманы басталды.

2. Пролетариат диктатурасы орнатылғаннан кейін коммунистердің барлық қайрат-жігері Лениннің социалистік жаңа қоғам орнату жоспарын жүзеге асыруға бағытталды. Бұл міндетті шешіп шығу қай ел үшін болса да орасан қиыншылыққа түсер еді, ал Россия үшін бұл қиыншылық әлденеше есе арта түсті.

Дүниежүзілік революциялық қозғалыстың социализмді орнату тәжірибесі болмады, қоғамдық өмірді жаңа негізде ұйымдастыру формаларын, социалистік экономиканы басқару әдістерін білмеді. Социализм теория ретінде ғана, идеяларда болды. Социализмді тұңғыш рет ұсақ товарлы өндірісі басым, экономика жағынан мешеу елде құруға тура келді. Өнеркәсіп өнімінің дәрежесі жағынан Россия дамыған капиталистік елдерден 50 — 100 жыл артта қалған еді. Ал мұның үстіне империалистік соғыс пен азамат соғысының салдарынан елді сұмдық бүліншілік жайлаған болатын. Социализмді кадрларымыз болмаған, халықтың мәдени дәрежесі өте төмен жағдайда құруға тура келді. Құлатылған қанаушы таптар социалистік құрылысқа жанталаса қатты қарсылық көрсетті. Қиыншылықтарды терендете түскен нәрсе—Советтік Россия жалғыз ғана социалистік ел еді, капиталистік қоршауда тұрған еді. Империалистік мемлекеттер еңбекшілердің жеңісіне көңілдері келмеді, халық өкіметін соғыс жолымен, экономикалық блокада жасау арқылы, дипломатиялық қысым жасау арқылы құлатпак болды, шантажға, бәле-жалаға барды. Осының бәрі ел ішінде тап күресін шелеңсізге түсті, ұсақ буржуазияның ауытқуын күшейте түсті. Партияның ішіндегі троцкистер мен өзге де оппортунистер Россияда социализм орнату мүмкіндігін теріске шығарды, жаңа қоғам құруға бөгет жасады.

Коммунистер партиясы халықты қоғамдық дамудың мүлде жаңа, соны жолдарымен алға бастады. Қоғамдық өмірдің барлық жақтары — саяси және экономикалық құрылыс, қоғамның таптық құрылымы, мемлекеттік аппарат, право, мораль, адам көзқарастары — марксистік-лениндік теория негізінде негізінен қайта жасалды.

Өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктенушілік туғызған, мыңдаған жылдар болып келген, сондықтан да мәңгілік, мызғымас болып көрінген саяси, әлеуметтік және экономикалық қатынастар 15 — 20 жылдың ішінде өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік болуына негізделген социалистік қатынастармен ауыстырылды. СССР-де социалистік қоғам орнатылды. Қанаушы таптар мәңгі жойылды. Совет елінде бір-біріне дос екі тап—жұмысшылар мен шаруалар және солардың ортасынан шыққан интеллигенция тұрады, еңбек етеді. Елдің барлық байлығы халықтың меншігінде. Ешкім де өзіне басқа кісінің еңбегінің нәтижелерін иемденіп кете алмайды. Материалдық және мәдени игіліктердің алынатын бірден-бір көзі еңбек болып алды. «Кім де-кім жұмыс істемесе, ол ішіп-жемейді» деген ардақты принцип орнығып алды. Социализм жүздеген жылдар бойындағы арманнан, Маркс пен Энгельс болжап айтқан ғылыми болжаудан қоғамдық дамудың тарихында тұңғыш рет нақты бар нәрсеге, халық бұқарасы өмірінің мазмұнына айналды.

СССР-де социализмнің орнауы Коммунистік партия мен совет халқының аса ұлы жетістігі болып табылады. Мұның өзі партия саясатының нағыз шын салтанат құрғандығы, оның идеологиясының жеңіп шығандығы, халық бұқарасына оның дана басшылық еткендігінің нәтижесі.

3. Партия еңбекшілердің саяси және экономикалық үстемдігіне, нағыз шын халық билігіне жетті. Адамдар мен халықтар арасындағы қатынастарда нағыз шын бостандық, теңдік пен тубысқандық орнады, бүкіл халық үшін шын бақытты тұрмыс орнады. Капиталистік қоғамдары экономикалық қатынастар өзінің негізінен шын демократияға

қайшы келеді. Бірде-бір буржуазиялық мемлекетте халықтың шын праволары мен бостандықтары жоқ және бола да алмайды. Капиталистік елдерде парламент сайлауы ұйымдастырылғанда парламенттерге не тек буржуазияның өкілдері ғана сайланатын болып немесе буржуазияға басым көпшілік қамтамасыз етілетін болып ұйымдастырылған. Мәселен, американдық конгресінде бір де жұмысшы, бір де еңбекші фермер жоқ. Онда өнеркәсіп иелері, капитал шонжарлары мен олардың шабармандары мәжіліс құрады.

Социалистік демократия Совет елінің барлық азаматтарына шын сөз бостандығын, баспасөз бостандығын, жиналыс жасау, митингілер мен манифестациялар өткізу бостандығын жариялап қана қоймайды, сонымен қатар бұларды материалдық жағынан қамтамасыз етіп отырады, әрбір азаматтың еңбек ету, дем алу, білім алу, әлеуметтік қамтамасыз етілу правосына кепілдік жасайды.

Совет халқы — өз елінің бірден-бір қожасы, өз тағдырының иесі. Бүкіл еліміздің көлемінде алғанда да, республикаларда, облыстарда, қалаларда, аудандарда, селоларда да бүкіл өкімет билігі түгелімен еңбекшілер депутаттары Советтерінің қолында. Советтер жалпыға бірдей, тең, төте сайлау правосы негізінде дауысты жасырын беру жолымен сайланады. Советтердің депутаттары тек қана еңбекшілер. Совет елінде еңбекшілердің халық шаруашылығын басқару ісіне шындап қатысуы қамтамасыз етілген, мұндай жағдай ең демократияшыл деген буржуазиялық республикада да жоқ және болуы да мүмкін емес.

4. Өкімет билігін өз қолына алуға дайындалғанда, партия халыққа қайыршы және әлсіз елді күдіретті социалистік державаға айналдырамыз деп уәде етті. Буржуазия қайраткерлері большевиктердің бұл уәделерін табалай келемеж етті. Большевизм бір нәрсе жасауға қабілетсіз, ол тек қиратып, бүлдіруді ғана біледі, деді буржуазия қайраткерлері. Совет еліне тілектес болғандардың арасында да большевиктік жоспарлардың шындығына күманданған, ол жоспарларды іске аспайтын қиял деп есептеген адамдар да болды. Коммунистік партия осы өтірік есеппен күманданушылықты іспен теріске шығарды.

Партияның жемісті жұмыс жасаған дәуірі үлкен дәуір емес — небәрі қырық жыл. Осы қырық жылдың ішінде, ал шын мәніне келгенде 22 жылдың ішінде, өйткені 18 жыл империалистердің душар еткен соғыстары мен сонан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру ісіне кетті, міне осы 22 жылдың ішінде Совет Одағы экономикалық жағынан капиталистік елдердің тұтас бір ғасырда өтетін аралығын өтті.

Еліміз мешеуліктен өнеркәсіптік гүлденуге қарай орасан алып қардам жасады. Совет Одағы өнеркәсіп өнімінің көлемі жағынан Европада бірінші орынға және дүние жүзінде екінші орынға шықты. СССР-дің өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 1913 жылғымен салыстырғанда 1957 жылы 33 есе көбейді, ал 1917 жылғымен салыстырғанда 46 есе көбейді. Мұның өзінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 1913 жылғымен салыстырғанда 75 есе өсті.

1913 жылы Россия 29,1 миллион тонна көмір шығарған еді. 1957 жылы Совет Одағында 463 миллион тонна көмір шығарылды. Мұндай өсу дәрежесіне жету үшін Европаның барлық капиталистік елдеріне 65 жылдай уақыт керек болды. 1913 жылы Россияда 4,2 миллион тонна шойын қорытылған еді, ал 1957 жылы СССР-де 37 миллион тонна шойын өндірілді. Мұндай өсу дәрежесіне жету үшін Европаның барлық капиталистік елдеріне 75 жылдай уақыт керек болды. 1913 жылы Россияда 4,2 миллион тонна болат қорытылған болатын. 1957 жылы СССР-де қорытылған болат 51 миллионнан аса тонна болды. Англия, Франция, Жапония және Швеция бәрі қосылып қанша болат қорытамын болса, кәзір СССР сонша болат қорытады.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі жағынан дүние жүзінде екінші орынға шығып, СССР капиталистік елдермен экономикадағы жарыста бірінші жеңіске жетті. Кәзір совет халқы партияның басшылығымен жана ұлы міндетті — жан басына өнім өндіруде неғұрлым дамыған капиталистік елдерді ең қысқа тарихи мерзім ішінде қуып жетіп, басып озу міндетін іс жүзінде шешіп жатыр. Россия бұл жөнінен шынында да сұмдық артта қалып қойған еді. 1913 жылы Россия өнеркәсіп өнімін Америка Құрама Штаттарына қарағанда жан басына 13 — 14 есе аз өндірді. Партия мен халықтың күш-жігері арқасында бұл артта қалушылық едәуір кеміді. 1957 жылы СССР өнімді Америка Құрама Штаттарына қарағанда жан басына 2,6 есе ғана аз өндірді.

5. Партия шаруа мәселесін шешіп, жеке-дара шаруашылықтан коллективті шаруашылыққа көшу негізінде тарихта тұңғыш рет шаруаларды бақытты тұрмысқа жеткізді.

Шаруа мәселесі қанаушы қоғам туғызған «ежелгі» және ең ауыр мәселелердің бірі. Капитализм тұсында жеке-дара ұсақ өндірістің жағдайларынан, қайыршылықтан және деревня өмірінің бүкіл тұрмыс салтынан жаншылған, бірі-бірінен окшауланып, ұйымдары болмаған село пролетарлары мен жартылай пролетарлары түгелімен помещиктердің, кулактар мен капиталистердің билігінде болады.

Шаруалардың күйі патшалық Россияда өте-мөте ауыр, азапты болған еді. Шаруашылық жүргізудің мейлінше жабайы, аз өнімді түрлері және қанаудың өте-мөте қатты болуы шаруалардың өмірін тым азапты етті. Помещиктер табын жою, жерді национализациялау және оны шаруалардың пайдалануына беру деревня еңбекшілерінің күй-жайын өзгертті. Бірақ бұл да әлі шаруа мәселесін толық шешкендік болмады.

Партия шаруалар үшін қанаудан азат қамтамасыз тұрмыста тұрудың бірден-бір мүмкін жолын — өндірістік кооперация жолын іздеп тапты. Тұрпайы техникасы бар ұшан-теңіз ұсақ шаруалар шаруашылығының орнына шаруалардың өз еріктерімен бірігуі негізінде коллективті ірі шаруашылықтар (колхоздар) ұйымдастырылды. Жеке шаруалар шаруашылығында үстем болған соқаның, плугтың және ағаш тырманың орнын колхоздарда тракторлар, автомашиналар, комбайндар, күрделі ауылшаруашылық машиналары басты.

Қанаушы қоғам туғызып, ғасырлар бойы болып келген қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылық жойылды. Жұмысшылар мен шаруалардың одағы мызғымас берік одақ болып алды.

Әлеуметтік қайта құрылыстардың барысында деревняның тұрмыс қалпы негізінен өзгерді, ұсақ меншікшілік әдет-ғұрыптарымен қосып ескі шаруа тұрмысының мындаған жылдар бойындағы негіздері күйреді, шаруалардың санасы мен психологиясында үлкен өзгеріс болды. Шаруаның мүлде жана типі — колхозшы пайда болды. Қанаудан арылған, сауатты, білімнен хабары мол колхозшы өз тағдырының толық қожасы болып отыр.

Коммунистік партия совет шаруаларын социализмнің данғыл жолына алып шықты.

6. Партия ұлттық езгі бұғауларын талқандап, адамзат тарихында тұңғыш рет халықтар арасындағы қатынастар проблемасын шешіп берді, халықтар арасында туысқандық достық қатынастар орнатты.

Таптық қатынастар дамыған сайын күшейе түскен ұлттық езгі ұзақ уақыт орын теуіп келді. Капитализм тұсында, әсіресе империализм заманында, күш жұмсауға, аяусыз қанау мен езуге, кіріптарлыққа түскен ұлттардың правосыздығына негізделіп құрылған мемлекеттер аз пайда болған жоқ. Патшалық Россияны мекендеген көптеген халықтардың көрген күні де осындай болды. Ұлт мәселесі кәзіргі заманның ең көкейтесті, ең маңызды мәселелерінің біріне айналды.

Коммунистік партия ұлт мәселесінде мүлде жана, әділетті принциптерді әзірлеп, жүзеге асырды. Партиямыз теңдік, ұлттық дербестік және өзара көмектесу жөніндегі прогресті принциптер негізінде еліміздің толып жатқан халықтарын тату семья етіп топтастырды. Ондаған халықтарды біріктіретін Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылды. СССР-дің құрамында әрбір халыққа толық ұлт бостандығын, саяси теңдігін, сонымен қатар теңдік атаулының бәрінің де материалдық негізі болып табылатын іс жүзіндегі экономикалық теңдігін қамтамасыз етті.

Партия бұрын анағұрлым артта қалған халықтарды тездеп өркендету саясатын жүргізді. 1913 жылғымен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі 1957 жылы Армян республикасында 49 есе, Қырғыз республикасында 46 есе, Қазақ республикасында 40 есе көбейді. Закавказье мен Орта Азиядағы Совет республикалары өнеркәсіп жөнінен өздерімен көршілес отырған Түркия мен Ираннан әлдеқайда озып кетті.

Партия түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің барлық жағынан көркеюін қамтамасыз етті. Әрбір халықтың мәдениеті басқа халықтардың мәдениетіне әсер етуде, советтік социалистік мәдениет жасаудың бәріне ортақ процесіне қатысуда.

Халықтар өміріндегі түбірлі өзгерістердің нәтижесінде бұрынғы буржуазиялық ұлттар Совет Одағында социалистік ұлттарға айналды. Бұрыннан бар халықтар мен этнографиялық топтардың негізінде жана ұлттар құрылып, бұлар әуел бастан-ақ социалистік ұлттар ретінде қалыптасты. Ұлттар үздіксіз жақындасуда, олар үздіксіз бірін-бірі байытуда. Елімізде СССР-дің барлық халықтарын бір бүтін тұлға етіп біріктіретін материалдық, саяси және идеологиялық негіздер жасалып, дамып келеді.

7. Партияның басшылығымен СССР-де өте қысқа мерзім ішінде мәдени революция—адамдардың рухани қарым-қатынастары саласында барынша терең және барынша зор өзгеріс жасалды.

Партия халықтың қолын білімге жеткізді. Патшалық Россия халқының көбі оқи да, жаза да білмеген-ді. Революцияға дейін балалар мен жасөспірімдердің бестен бір бөлегі ғана мектепте оқитын. Орта дәрежелі білім, әсіресе жоғары білім алуға тек ауқатты адамдардың ғана қолы жететін еді. Халықтың көпшілігі кітап, газет, журнал дегенінді білмеген. Совет өкіметінің алғашқы он бес жылының ішінде сауатсыздық негізінен жойылды. Міндетті түрдегі төрт жылдық оқу, ал сонан кейін жеті жылдық оқу енгізілді. СССР-де жыл сайын орта есеппен 50 миллионнан аса адам оқиды. Совет өкіметінің тұсында ондаған мың кітапхана ашылды, мыңдаған клуб, кинотеатр салынды, ел ішінде он мыңдаған көшпелі кино жұмыс істейді. Кітаптардың жылдық тиражы 10 еседен аса көбейді, газеттердің бір жолғы тиражы 18 есе көбейді. Халқының мәдениеті мен сауаттылық дәрежесі жағынан Совет Одағы дүние жүзінің барлық капиталистік елдерін басып озды.

Халықтың ішінен шыққан, халықпен мүдделері, міндеттері ортақ жана интеллигенция жасалды. Революцияға дейін интеллигенцияның саны аз еді, оның көпшілігі помещиктік-буржуазиялық таптардың қызметін атқарып келген-ді. 1913 жылы Россияның бүкіл халық шаруашылығында жоғары білімі бар 136 мың маман жұмыс істеген болатын. СССР-де 1957 жылы ондай мамандар 2 805 мың болды, яғни 21 есе көп болды. Техникалық интеллигенцияны әзірлеу үшін капиталистік елдерге 100 жыл шамасы керек болды. Совет елінде бұл міндет 15—20 жылдың ішінде шешілді. Инженерлер дайындау қарқыны жағынан Совет Одағы дүние жүзінің барлық капиталистік елдерін көптен басып озды.

Адамзаттың қазіргі мәдени дамуындағы жоғарғы кезең болып табылатын мүлде жана, социалистік мәдениет жасалды. Социалистік мәдениеттің айырықша белгілері — оның нағыз шын гуманизмі, прогрес-

шілдігі халықтық сипаты. Мәдени мұрадағы құнды, прогресті және дұрыс деген нәрсенің бәрін жұмысшы табы қамқорлықпен, ұқыптылықпен іріктеп алып, сын көзімен қайта өңдеп, жана, нағыз халықтық, социалистік мәдениетті жасауға іргетас ретінде пайдаланды және мұнымен бірге реакцияшыл, ғылымға жат, әдебиетке жат нәрсенің бәрін жолынан лақтырып тастады. Ешбір басқа тап мұндай орасан зор қайта құрушы жұмысты жүзеге асырған емес, асыра да алмады.

Партия ғылымның орасан зор прогресс жасауын қамтамасыз етті. Советтік ғылым көп көрсеткіштері жағынан дүние жүзінде бірінші орынға шықты. Ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қанаушы қоғам тудырған қарама-қарсылық жойылды. Миллиондаған адамдардың жұмысы саналы түрде істелетін, творчестволық сипат алды; социалистік мәдениетті атап айтқанда бұқараның өзі жасайды.

Партияның қайта құрушы жұмысының нәтижесінде қоғамдық дамудың асқан ұлы күштері — халық пен мәдениет, бұқара мен ғылми-техникалық білімдер, — ұштасты, бұлар мыңдаған жылдар бойына бір-бірінен аулақ болып келген-ді. Мұның өзі совет қоғамының прогресін едәуір тездетті.

8. Партия әрбір адамның материалдық және мәдени тілектері толық қанағаттандырылатын, адамның барлық жағынан бірдей, мінсіз жетілуі қамтамасыз етілетін қоғамдық құрылыс жасауды өзіне мақсат етіп қойды. Партияның бүкіл әртарапты жұмысы осы асқан ұлы мақсатқа жету ісіне бағындырылған. Халық игілігінің қамын жеу партияның өмір сүруінің мәні, оның жұмысының ең жоғарғы заңы болып келді, болып отыр және бола бермекші.

Капитализм өзінің жаратылысынан еңбекшілерді бақытты, ауқатты тұрмысқа жеткізе алмайды.

Коммунистік партияның басшылығымен СССР-де жүзеге асырылған әлеуметтік төңкеріс еңбекшілерді сарқылмас игілікке жеткізді. Социализм халықтың әл-ауқатының үздіксіз көтеріле беруін қамтамасыз етеді. Қала мен деревня еңбекшілеріне қатерлі тажал — жұмыссыздық мәңгі жойылды. Әрбір совет адамының істейтін жұмысы бар, ертеңгі күніне сенімі кәміл. Совет адамдары жылдан жылға жақсы тамақтанатын, жақсы киінетін болды, мәдениеттің барлық игіліктерімен пайдалануда. Жұмысшылардың нақтылы жалақысы, жұмыссыздықтың жойылып, жұмыс күнінің қысқартылуын қоса есепке алғанда, 1913 жылдан 1956 жылға дейін бес есе дерлік көбейді, ал шаруалардың нақтылы табыстары алты еседей көбейді. Көпшілік тұтынатын товарлардың бағасы үнемі арзандатылуда. Бастауыш, орта дәрежелі және жоғарғы мектептерде оқу тегін оқытылады. Ол ол ма, техникумдар мен жоғарғы оқу орындары оқушыларының көпшілігіне стипендия беріледі.

Азаматтардың денсаулығын толып жатқан медицина мекемелері сақтайды. СССР-де 10 мың адамға 17 дәрігер келеді, Америка Құрама Штаттарында — 12, Жапонияда — 10, Францияда — 10, Англияда — 9, Түркияда — 3, Иранда — 1 дәрігерден келеді. Совет елінде медициналық қызмет көрсету мен емдеу тегін жүргізіледі. Толып жатқан санаторийларда, демалыс үйлерінде, турист базаларында жылма-жыл миллиондаған еңбекшілер тегін немесе аз ғана ақыға емделіп, дем алып отырады. Миллиондаған балалар жылма-жыл пионер лагерьлерінде, балаларға арналған санаторийларда жазғы демалыстарын өткізеді.

Кісі өлімінің азайғандығы халық тұрмысының жақсарғандығының маңызды көрсеткіші болады. Революциядан бұрынғы Россияда халықтың өлімі Америка Құрама Штаттары мен Англиядағы кісі өлімінен екі еседен аса, Франциядағыдан бір жарым есе артық болды. Соңғы жылдары СССР-де кісі өлімі өте аз болып отыр, ал халықтың табиғи өсуі капиталистік елдердің басым көпшілігіндегіден жоғары тұр. СССР

халқының орташа жасы 1955 — 1956 жылдары революцияға дейінгі орта жаспен салыстырғанда екі еседен аса артты.

СССР-де — дүние жүзіндегі ең жақсы әлеуметтік қамсыздандыру системасы бар. СССР азаматтары қартайғанда, ауырып қалғанда, еңбекке қабілетінен айрылғанда материалдық жағынан қамтамасыз етіліп отырады.

Мектеп, аурухана ұстауға, тегін оқытуға, тегін емдеуге және әлеуметтік қамтамасыз етуге мемлекет жылма-жыл көп сома жұмсап отырады. 1957 жылы бұл мақсаттарға 200 миллион сомнан аса ақша жұмсалды — шамамен алғанда мемлекеттік бюджеттің бүкіл шығыс бөлігінің үштен біріндейі жұмсалды.

Қырық жылдың ішінде ондаған миллион адам жақсы жасалған жаңа пәтерлер алды. СССР-дегі пәтер ақы (коммуналдық қызмет көрсету ақысын қоса есептегенде) дүние жүзіндегі ең аз ақы. Бұл жұмысшы семьясы бюджетінің төрт-бес проценті болады.

Партия совет халқын толық молшылық жасауға, ал сонан кейін тұтыну бұйымдарының молшылығын жасауға бастауда.

9. Партияның жасампаз жұмысының ең маңызды жетістіктерінің бірі — жаңа рухани бейнедегі адамды баулып шығарғандығы. Қанаушы құрылыс мындаған жылдар бойына халық таланттарын жаныштап, тұншықтырып келді, жұртты азғындатты, олардың арасындағы қатынаста айуандық, адамды жек көрушілік әдет-ғұрыптардың ұрығын егіп келді.

Түбірлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің барысында, партияның табанды түрдегі, бір мақсатқа бағындырылған тәрбие жұмысының нәтижесінде совет адамдарының рухани бейнесінде, олардың моралінде, коллективке және бір-біріне қатынастарында өте терең революциялық өзгерістер болды. Жоғары идеялылық, коммунизм ісіне, социалистік Отанға шексіз берілгендік, қоғамдық мүдделерді ең жоғарғы мүдде деп білушілік, еңбекке және социалистік меншікке саналы көзқарас, жоғары гуманизм, патриотизммен тығыз байланысты интернационализм, барлық үлкенді-кішілі халықтарды барынша қадірлеу және олардың ұлттық тәуелсіздігіне ешкімнің қол сұқпайтындығын мойындаушылық — совет адамының бойына біткен ерекше қасиеттері осындай. Көп адамдар үшін еңбек тек қана күн көру құралы болудан қалған. Еңбек тіршіліктің мазмұны, қуаныш пен рахаттың негізі болып алды. Күнделікті, дағдылы жұмыс СССР-дің көптеген еңбекшілері үшін — ерлік пен тасыған творчествоның қайнар бұлағы, өйткені коммунистік қоғам жасау жөніндегі бұл жұмыс барлық адамдардың игілігіне арналған.

Совет өкіметінің өмір сүруінің қырық жылының ішінде Коммунистік партияның басшылығымен Совет халқының істеген жемісті жұмысы қанаушылардың еңбекшілер ақыл-ой жағынан тар өрісті, саясат жағынан күнсыз келеді деген реакцияшыл ертегісін батыл теріске шығарды.

Өкімет билігі халықтың қолына көшкен соң және өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік болуының негізінде материалдық өндіріс ұйымдастырылғаннан соң бұқара қоғамдық қатынастардың барлық жағына тура және тікелей әсер етуіне мүмкіндік алды. Социализм тұсындағы әлеуметтік, экономикалық және мәдени прогрестің тажап тез қарқындарының сарқылмас көзі де міне осында.

10. Коммунистік партия ең қауіпті, мындаған жылдар бойына болып келген қоғамдық апатты — адамды адамның әлеуметтік езуін, қанаушы таптың қаналушы тапқа зорлық жүргізуін жойды.

Прогресс жауларының социализмді зорлық қоғамы деп көрсетуге жандары құмар, бұл ретте олар капитализмнен социализмге өту көп құрбандық керек қылатынын дәлелге алады. Ал шындығына келгенде



зорлық нақ капитализмнің өзіне біте қайнасып кеткен нәрсе, сондықтан капитализмнің дағдылы, «бейбіт» өмір сүруі адамзатты қоғамның прогресті дамуында болмай қоймайтын социалистік революцияның құрбандығынан өлшеусіз көп құрбандыққа душар етеді. Мұны қырық жылдың ішіндегі оқиғалар барынша анық көрсетіп отыр.

Капитализм халықтарды орасан құрбандыққа, керемет азап пен жоқшылыққа тап қылатын соғыстарды туғызады. Октябрь революциясы жеңіп шыққаннан кейінгі қырық жылдың ішінде бірінші дүниежүзілік соғыстың ақтық ұрыстары болды, сонымен қатар адам баласына бұрын-соңды белгілі болған барлық соғыстардың ішіндегі ең қантөгіс соғыс — екінші дүниежүзілік соғыс болды. Осы екі соғыстың арасында және екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жана соғыс ошақтары жер шарының біресе бір жерінде, біресе екінші жерінде туып отырды. Дүниежүзілік екі соғыстың өзінде ғана 40 миллионнан аса адам оққа ұшты. Ал егер бұған басқа соғыстарда, революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстарын капиталистер басып-жаныштағанда оққа ұшқандарды, жараланғандарды, ашаршылықтан өлген адамдарды қосатын болсақ, онда құрбан болғандардың саны әлденеше рет артып шығады.

Социализм өзінің жаратылысы жағынан соғыс дегенді білмейді. Капиталистік елдерге қарама-қарсы СССР өзі мұрындық болып бірде-бір соғыс бастаған емес. Совет халқының жүргізген соғыс қимылдарының бәрін (интервенттер мен ішкі контрреволюцияға, жапон милитаристеріне, неміс-фашист басқыншылары мен олардың қол шокпарларына қарсы соғыс қимылдарын) империалистер туғызып, совет халқына еріксіз таңған еді. Социализм халықтарды бейбітшілікке жеткізеді, қантөгіс соғыстардан құтқарады. Егерде ең ірі капиталистік елдердің пролетариаты бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін өкімет билігін қолына ала алған болса, онда халықтар екінші дүниежүзілік соғыс пен көптеген басқа да соғыстардың сұмдықтарын көрмеген болар еді.

Совет елінің тарихи тәжірибесінің үйрететіні — егер халықтар әлеуметтік езгі мен зорлықты жойып, сол зорлықтан туатын құрбандықтарды болдырмағысы келсе, капитализмді құртуы керек.

11. Коммунистік партия мен Совет мемлекеті ел-елдің арасындағы қарым-қатынастардың мүлде жана принциптерін әзірлеп, жариялап, дәйекті түрде іс жүзіне асыруда; бұл принциптер: ұлт суверенитеті мен территория тұтастығын өзара құрметтеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік және өзара тиімділік, сыртқы саясаттың құралы ретінде соғыстан бастарту және әртүрлі әлеуметтік-экономикалық системадағы мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі.

1917 жылы туған социалистік Совет мемлекетінің ең алғашқы заң жүзіндегі актысы Бітім туралы декрет болды. Сол кезден бері қарай Совет елі бейбітшілік ісін дәйекті түрде, үнемі қорғап келеді, милитаристерді ауыздықтап отыруда, қарулы күштерді өзара ықшамдау, ал онан кейін жою жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Совет Одағының халықаралық қарым-қатынастарда империалистік мемлекеттердің агрессияшыл, басқыншылық саясатына тура қарама-қарсы жана принциптер жариялауының адамзат тағдыры үшін өмірлік зор маңызы бар. СССР-дің сыртқы саясаты — дүниежүзілік жана соғысты болдырмаудың, бейбітшілікті қорғаудың ең қуатты факторларының бірі.

Империалистік елдердің билеп-төстеуші топтары совет сыртқы саясатының бейбітшіл принциптерін қабылдамай отыр, агрессия мен соғыс авантюрасы саясатын жүргізуде. Сондықтан Совет мемлекеті бейбітшілік жолында қажырлы күрес жүргізе отырып, еліміздің тәуелсіздігінің, коммунистік құрылыстың кепілі ретінде өзінің қорғанғыс қабілетін тынбастан нығайта беруде.

Қырық жылдың ішінде Совет Одағы Коммунистік партияның жолбасшылығымен өзінің қорғаныс қуатын таныта алды. Совет халқы 1918 — 1920 жылдары шетел интервенттерін талқандап, бейбіт социалистік құрылыс жүргізуге мүмкіндік алды. Совет халқының жеңіп алған социалистік жеңістеріне қол сұғуға батылдары барған неміс-фашист басқыншыларына онан да зор қирата соққы берілді.

Партияның жолбасшылығымен Совет мемлекеті ең жана техникамен жабдықталған, қандай агрессияға болса да тойтарыс бере алатын қуатты Қарулы Күштерін жасады.

12. Октябрь революциясы жеңіп шыққаннан кейінгі қырық жылдың ішінде Коммунистік партия мен Совет халқы өздерінің ел ішінде жүргізген қайта құрушы жұмысымен дүниежүзілік тарихтың бүкіл барысына, адамзаттың тағдырларына зор әсер етті. Пролетарлық интернационализм принциптеріне адал Коммунистік партия мен совет халқы өздерін әрдайым да халықаралық коммунистік азаттық қозғалысының құрамды бөлегі деп қарап келді және солай деп қарайды. Совет Одағы өзінің әлеуметтік-экономикалық қайта құрылыстары, шаруашылық табыстары арқылы тарихи прогреске басты ықпал етіп отыр. Толғағы жеткен әлеуметтік проблемалардың прогресті жолмен шешіліп отыруы және экономикалық дамудың орасан зор қарқындары социализмнің капитализмнен артықшылығын көрсетеді, социализмнің тартымды күшін арттыра түседі, капитализмнің позицияларын әлсіретіп, бүлдіре береді, адамзаттың прогресс жолымен дамуын тездетеді. СССР басқа елдер үшін социализмге баратын даңғыл жол салып берді.

Екінші дүниежүзілік соғыста неміс-фашист басқыншыларын талқандау — Коммунистік партия мен совет халқының бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы бар асқан ұлы жеңісі. Бұл СССР-дің адам баласы алдында сіңірген ұлы еңбегі. Фашизмді соғыста күйретіп және моральдық-саяси жағынан жеңе отырып, совет халқы партияның басшылығы арқасында өзінің тәуелсіздігі мен социалистік жеңістерін ғана қорғап қалған жоқ, сонымен қатар Европа, Азия, Африка, Американың халықтарын гитлерлік құлдыктан немесе фашистердің кіріптарлыққа салу қаупінен құтқарды, миллиондаған адамдарды қырғыннан, ал адамзат мәдениетінің жетістіктерін жойылудан аман алып қалды.

Дүниежүзілік майданда күштердің арасалмағы капитализмнің зиянына шығып, социализм пайдасына өзгерді, мұның өзі басқа елдерде революциялық төңкерістер болуына, Қытай еңбекшілерінің, халық демократиясы республикаларын құрған Европа мен Азияның бірсыпыра елдері еңбекшілерінің жеңісіне қолайлы жағдайлар жасады. Соғыста прогресшіл күштердің жеңіп шығуының арқасында империализмнің езілген халықтардың соққысымен ыдырай бастаған отарлық системасының дағдарысы тереңдей түсті.

Совет өкіметі өмір сүруінің қырық жылы ішінде партия мен халықтың істеген жұмысының негізгі қорытындылары осындай.

Совет Одағының қырық жылдық жолына көз жібере келіп, коммунистер партияның программалық мәлімдемелері орындалып отырды және абыроймен орындалуда деп заңды мақтанышпен айта алады. Бұл жылдардың ішінде партияның басшылығымен Совет елінде қоғамдық өмір барынша терең қайта құрылды, бұл қайта құрылыстардың бүкіл дүниежүзілік маңызы бар және бұлар совет халқы мен Коммунистік партияның тарих алдындағы сіңірген өшпес еңбегі болып табылады. КПСС-тің қырық жылдық тәжірибесі социализм жолының бүкіл адамзат үшін бірден-бір дұрыс жол екендігін барынша дәуіс айқын дәлелдеп отыр.

Жасаушы халық, батыр халық деген даңққа ие болған совет халқы күшінің ең маңызды қайнар бұлағы — оның бостандық пен бақыт жолындағы, коммунизм жолындағы күресін ұлы Ленин ұйымдастыр-

ған, ұрыстарда шыныққан Коммунистік партияның басқарып отырғандығы. Совет халқы өзінің бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістеріне партияның дұрыс саясатының арқасында, оның революциялық күш-жігері мен ұйымдастырушылық жұмысының арқасында жетті.

«Құрыштай берік, біртұтас партиясыз, қоғамдық даму заңдары білімімен қаруланған партиясыз, марксизм-ленинизмнің ұлы принциптеріне шын берілген партиясыз жұмысшы табы, еңбекші шаруалар, бүкіл халқымыз өкімет билігін жеңіп ала алмаған болар еді, өздерінің жауларын талқандап, социалистік қоғам орната алмас еді және бірте-бірте коммунизмге өтуді ойдағыдай жүзеге асыра алмаған болар еді, — мұны Совет мемлекетінің бүкіл қырық жылдық тәжірибесі үйретіп отыр» (Н. С. Хрущев. Ұлы Октябрь социалистік революциясының қырық жылдығы, 36-бет).

Халық ішінде партия беделінің өсе түсуінің, оның бұқарамен байланысы нығайуының айқын көрінісі совет адамдарының өз тағдырын партияден байланыстыруға ұмтылатындығы, партияның туы астында күресуге ұмтылатындығы. Ұлы Октябрь социалистік революциясын дайындау дәуірінде партияның өз қатарында 240 мың мүшесі болған еді. Содан бері қырық жыл өтті, міне кәзір Совет Одағының Коммунистік партиясы сан миллион адамы бар партияға айналды. 1958 жылы оның қатарында 7 800 мыңнан аса адам болды. Партия халық бұқарасымен екі арадағы байланысты кеңейтіп, нығайту үшін қолдан келгеннің бәрін істейді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының қырық жылдығын мерекелеу совет халқының Коммунистік партияның төңірегіне тығыз топтасқандығының айқын көрінісі болды. Совет халқы Коммунистік партияны өз мүдделерін көксеуші, жұрт таныған және сыннан өткен көсемі мен басшысы деп біледі.

Октябрь революциясының қырық жылдығын мерекелеу социалистік елдердің, барлық коммунистік және жұмысшы партияларының ұлы бірлігі мен топтасқандығын барынша айқын көрсетті. Шетел коммунистік және жұмысшы партияларының делегациялары мен халықаралық қоғамдық ұйымдар делегациялары басшыларының мерекелік сессиядағы сөйлеген сөздері бүкіл дүние жүзі еңбекшілері ынтымағының арта түскендігін көрсетті. Қытай Халық Республикасы партия-үкімет делегациясының басшысы Мао Цзэ-дун өзінің сөйлеген сөзінде былай деді: Октябрь революциясының қырық жылдық мерекесіне арналған СССР Жоғарғы Советінің салтанатты мәжілісіне түрлі елдердің жұмысшы табы мен қалың халық бұқарасы өкілдерінің қатысуының өзі ақ «дүние жүзі халықтарының барынша топтасқанын» көрсетеді, «халықаралық социалистік қозғалыстың өрлеп, дамығанын бейнелеп көрсетеді» деді («Правда», 7 ноябрь, 1957 ж.).

Ұлы Октябрь социалистік революциясының қырық жылдығын мейрамдауға қатысқан коммунистік және жұмысшы партияларының делегациялары өздерінің Москвада болуын кездесу үшін және барлық туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары ынта қойып отырған мәселелерді талқылау үшін пайдалануға ұйғарды. 1957 жылғы 14—16 ноябрьде социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің кеңесі болды, ал 16—19 ноябрьде дүние жүзінің 60-тан аса елінің коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің кеңесі болып өтті. Мұның өзі коммунистік қозғалыстың бүкіл тарихындағы ең өкілді кеңестер болды, коммунистік қозғалыстың қатарында 1957 жылы 33 миллионнан астам коммунист болды. Халықаралық жағдай мен дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың ең маңызды мәселелері жөнінде пікір алыса келіп, социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің кеңесіне қатысушылар Декларация қабылдады, ал 64 коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің

«Егер, — делінген Бейбітшілік манифесінде, — бейбітшілікті ардақтап отырғандардың барлығы да өздерінің күш-жігерін біріктіріп, соғыс өртін тұтандырушылардың тіміскілеу әрекеттері жөнінде қырағылығын арттырса, қатер үстінде тұрған бейбітшілікті қорғау жолындағы күресті күшейту өздерінің қасиетті борышы екенін ақырына дейін түсінетін болса, тек сонда ғана бейбітшілікті сақтауға болады».

Коммунистік және жұмысшы партиялары кеңестерінің Декларация мен Бейбітшілік манифесін бірауыздан қабылдауы дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың ең ірі идеялық және саяси жеңісі болды. Бұл бірауыздылықтың зор маңызы болатын себебі де бар, өйткені халықаралық реакция коммунистік қозғалысқа жік салу үшін аз күш жұмсаған жоқ. Коммунистік және жұмысшы партияларының ноябрьдегі кеңестері реакцияның жоспарларына қирата соққы берді.

Дүние жүзінің барлық коммунистік және жұмысшы партиялары кеңестер әзірлеп шыққан программалық документтерді — Декларация мен Бейбітшілік манифесін қуаттап, мақұлдады.

Тек Югославия коммунистер одағының басшылары ғана Декларацияның барлық коммунистер мойындаған қағидаларымен келіспеді, сөйтіп өздерін халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы қойды. Югославия коммунистер одағының делегациясы социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдері кеңесінің жұмысына қатысудан бас тартты және кеңесте қабылданған Декларацияға қол қоймады. Мұның өзі Югославия коммунистер одағы басшыларының өздерінің антилениндік көзқарастарынан арылмағанын, Коммунистер одағымен қарым-қатынасты марксизм-ленинизмнің принциптік негізінде жолға қоюға ұмтылған КПСС пен басқа да марксистік партиялардың ізгі ниетін аяққа басып отырғанын көрсетті. Марксизм-ленинизмнен безушілік 1958 жылы Югославия коммунистер одағының VII съезінде қабылданған программадан барынша толық көрінді. Дүние жүзінің барлық коммунистік және жұмысшы партиялары бұл программаны ревизионистік программа деп бағалады. Совет Одағының Коммунистік партиясы Югославия коммунистер одағы басшыларының қате көзқарастардың ауыр жүгінен арылуына көмектесуге тырысып, программаның марксизмге жатпайтын қағидаларын жолдастық сынға алды. Дүние жүзі жұмысшы қозғалысының мүдделерін, марксизм-ленинизмнің салтанат құру мүдделерін көздей жүргізілген бұл сынды барлық туысқан партиялар бірауыздан қолдаған болатын. Бірақ Коммунистер одағының басшылары бұл сынды қабылдамады, КПСС пен басқа да туысқан партияларға қарсы жаңадан дұшпандық пікірлер айтты, сөйтіп халықаралық коммунистік қозғалыстың қатарынан оқшау қалып қойды.

Декларация социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партияларының күдіретті идеялық қаруы болды, халық бұқарасын социализмнің жеңуі жолында онан әрі ойдағыдай күрес жүргізуге жігерлендірді.

Халық демократиясы елдері еңбекшілерінің жемісті жұмысын олардың марксистік-лениндік жауынгер партиялары бастап отыр: Албания Халық Республикасында — Албан еңбек партиясы, Орталық Комитетінің бірінші секретары Э. Ходжа; Болгария Халық Республикасында — Болгар Коммунистік партиясы, Орталық Комитетінің бірінші секретары Т. Живков; Венгер Халық Республикасында — Венгер социалистік жұмысшы партиясы, Орталық Комитетінің бірінші секретары Я. Кадар; Вьетнам Демократиялық Республикасында — Вьетнам еңбекшілер партиясы, Орталық Комитетінің председателі Хо Ши Мин; Герман Демократиялық Республикасында — Германияның біртұтас социалистік партиясы, Орталық Комитетінің бірінші секретары В. Ульбрихт; Корей Халық-Демократиялық Республикасында — Кореяның еңбек партиясы, Орталық Комитетінің председателі Ким Ир Сен;

Қытай Халық Республикасында — Қытайдың Коммунистік партиясы, Орталық Комитетінің председателі Мао Цзэ-дун; Монғол Халық Республикасында — Монғол халық-революциялық партиясы, Орталық Комитетінің бірінші секретары Ю. Цеденбал; Поляк Халық Республикасында — Поляк біріккен жұмысшы партиясы, Орталық Комитетінің бірінші секретары В. Гомулка; Румын Халық Республикасында — Румын жұмысшы партиясы, Орталық Комитетінің бірінші секретары Г. Георгиу-Деж; Чехословак Республикасында — Чехословакияның Коммунистік партиясы, Орталық Комитетінің бірінші секретары А. Новотный.

Коммунистік және жұмысшы партияларының ноябрьдегі (1957 жылғы) кеңестері, бұл кеңестердің қабылдаған документтері, сонымен қатар Югославия басшыларының ревизионизмін туысқан партиялардың сынауы — коммунистік және жұмысшы партияларының мызғымас бірлігінің, ұйымшылдығының және марксизм-ленинизмнің идеялық негізінде тығыз бірлесіп іс істеуінің айқын дәлелі, халықаралық коммунистік қозғалыстағы идеялық және саяси зор өрлеудің көрінісі болды. Бұл кеңестер дүниежүзілік коммунистік қозғалысты өрістетуде, социалистік лагерьдің қуатты күштерін онан әрі нығайтуда, барлық халықтардың бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресінде жаңа перспектива ашты.

#### **6. Партияның СССР-дің негізгі экономикалық заңын тездетіп шешу жолындағы күресі. Колхоз құрылысын дамыту жолындағы шаралар. Бірте-бірте коммунизмге өту проблемаларын зерттеп шешу**

Совет өкіметінің қырық жылы ішінде совет халқының қолы жеткен табыстарына сүйене отырып, партия еліміздің шаруашылығы мен мәдениетін мықтап дамыту жөнінде XX съездің алған бағытын табандылықпен жүзеге асыра берді. Кәзір, халық шаруашылығы мен мәдениетті көтеруде СССР тамаша табыстарға жетіп отырған кезде, коммунистік қоғам орнату партияның, совет халқының тікелей практикалық міндетіне айналды.

Партия, еліміздің ресурстары мен резервтерін есепке алып, кәзіргі кезде уақыт ұтып, СССР-дің негізгі экономикалық міндетін жүзеге асыру мерзімдерін қысқартуға нақтылы мүмкіндік бар деген қорытындыға келді. Негізгі экономикалық міндетті тездеп шешуге бағыт алынды, мұның өзі совет қоғамының ішкі қажеттерінен, дүниежүзілік социализмнің мүдделерінен, бейбітшілік жолындағы күрестің міндеттерінен туып отыр. Өндіргіш күштерді барынша дамыту негізінде ғана, жан басына өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруде неғұрлым дамыған капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озғанда ғана, капитализммен екі арадағы жарыста жеңіп шығуға болады, халықтың әл-ауқатын мықтап көтеруге болады, оның мәдени дәрежесін көтеруге болады, әуелі тұтыну заттарын әбден жеткілікті етуге, ал сонан кейін олардың молшылығын жасауға, коммунизмге өтуге жағдайлар жасауға болады. СССР-дің экономика жағынан қуаттылығының арта түсуі, оның ғылымы мен техникасының көркеюі барлық социалистік елдердің даму қарқынын тездетеді, халықаралық майданда социализмнің беделі мен ықпалын күшейтеді, оның позицияларын нығайтады, миллиондаған адамдардың социализмге ұмтылуын күшейте түседі. Социалистік елдердің ұлы лагеріне кіретін, маңдайалды Қарулы Күштері бар Совет мемлекетінің құдіреттілігі ұзақ және берік бейбітшіліктің сенімді кепілі болып табылады. СССР-дің экономика жағынан тез өркендеуіне бүкіл прогресшіл адамзаттың мүдделі болатын себебі де міне осыдан.

Осы қажеттер мен міндеттерге сәйкес партия елімізді экономика жағынан өркендетудің жаңа программасын жасауға кірісті, таяудағы 15 жылдың ішінде өндірісті өсірудің негізгі бағыттары мен көлемін белгілеп берді.

Осы мерзім ішінде өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өнімдері зор мөлшерде көбейтілмекші, жылма-жыл 75 — 85 миллион тонна шойын қорытылып, 100 — 120 миллион тонна болат қорытылмақшы; көмір шығару 650—750 миллион тоннаға дейін жетуге тиіс, мұнай шығару 350 — 400 миллион тоннаға дейін, электр қуатын шығару 800 — 900 миллиард киловатт-сағатқа жетуге тиіс.

Партия, осы ұлы жоспарларды жүзеге асыруға бұқараны ұйымдастыра отырып, материалдық ресурстардың дұрыс пайдаланылуын, техниканың үнемі жетілдіріле беруін, өндіргіш күштердің дұрыс орналастырылуын көздеп отырды. Адамның табиғатқа билігін күшейтетін, еңбек өнімділігін шұғыл көтеретін, технологиялық процестерді жақсартатын, шикізат ресурстарын неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз ететін, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды тездететін өндіріс тараулары баса өркендетілуде.

Бұл жөнінен химия өнеркәсібін тез көтерудің маңызы басымырақ. Химияны қолдану технологиялық процестерді орасан тездетеді, өндірістің интенсивтілігін мықтап арттыруға мүмкіндік береді. Химия өнеркәсібін өркендету — коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасын жасаудың ең маңызды шарты болып табылады.

КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылы майда болған пленумы химия өнеркәсібін өркендету, әсіресе халық шаруашылығының мұқтаждары мен халықтың керектерін қанағаттандыру үшін синтетикалық материалдар өндіру, олардан бұйымдар жасап шығару жөніндегі шаралардың тұтас бір системасын белгіледі. Жеті жылдың ішінде химия өнеркәсібінің және соған байланысты тараулардың 250-ден аса кәсіпорны салынады және қайта құрылады. Химия өнеркәсібіне байланысты күрделі құрылысқа 100 миллиард сомнан аса қаржы бөлінді.

Партия еңбекшілердің әл-ауқатын көтеру жөнінде ұдайы қамқорлық жасауда. Таяудағы бес — алты жылдың ішінде халықтың мата, киім, аяқ-киім және басқа да көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары жөніндегі керектерін жеткілікті етіп қамтамасыз етуге ұйғарылды. Бұл іске асатын жоспар. Экономикалық дамудың СССР-де қол жеткен дәрежесі ауыр өнеркәсіптің басымырақ өсуіне және еліміздің қорғаныс қабілетінің артуына нұқсан келтірместен әсіресе химия өнеркәсібін өркендетудің нәтижесінде халық тұтынатын товарлар өндірісін неғұрлым тез қарқынмен көбейту үшін керекті алғышарттың бәрі жасалды.

Тұрғын үй мәселесін шешуде ірі қадам жасалды. Патшалық Россияның билеуші таптары Совет қоғамына тұрғын үйден өте аз мұра қалдырды, оның үстіне мұраға алған тұрғын үйлердің көбісінің күйі нашар еді. Ондаған миллион адам барактарда тұрды, ал көп жұрт тіпті жер үйлерде тұрды. Революциядан кейін СССР-де аз үй салынған жоқ. Пәтер-үй жағдайы біраз жақсарды. Бірақ соғыстың салдарынан тұрғын үй мәселесі қайтадан өте қиын болып алды. Гитлершілдер жүздеген қалаларды, мыңдаған селоларды қиратып, 25 миллиондай адамды баспанасыз қалдырды. Осы зиянның орынын толтыру үшін аз күш-жігер керек болған жоқ; тұтас бір қалалар, мыңдаған селолар қайтадан салынып шықты. Алайда СССР азаматтары әлі де болса тұрғын үй жағынан едәуір мұқтаждық көріп келеді. Кәзір СССР-дің экономикалық қуатының тез өсуінің нәтижесінде тұрғын үй мәселесін шешу үшін материалдық жағдайлар жасалды. Партия мен үкімет тұрғын үй құрылысының кең программасын жасады. Бұл программада таяудағы 10 — 12 жылдың ішінде елімізде тұрғын үйдің жетіспеушілігін

жою қаралып отыр. 1960 жылы тұрғын үй көлемінің жылма-жылғы өсуі 100 миллион шаршы метрге жетеді.

Партия ауыл шаруашылығын мықтап көтеру жөнінде, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде АҚШ-ты қуып жетіп, басып озу міндетін шешуде өте маңызды шараларды іске асырды.

Партияның дұрыс саясатының, партия ұйымдарының үлкен ұйымдастырушылық жұмыс жүргізуінің және колхозшы шаруалардың жан-қиярлық еңбегінің нәтижесінде 1953—1957 жылдары деревнядағы экономикалық жағдай өзгеріп кетті. Колхоз құрылысы дамудың жаңа кезеңіне енді, бұл кезеңнің негізгі сипаттары мынадай:

Колхоздар ірі, экономика жағынан қуатты социалистік шаруашылықтарға айналды. Бұлар өндірісті кәзіргі заманның техникасын, ғылымы мен озат тәжірибені кеңінен қолдану негізінде жүргізеді.

Ірілендірілген колхоздардың коллективті иелігінде кәзіргі заманның әртүрлі техникасы бар; көптеген колхоздар электр станцияларын, өнеркәсіп орындарын салып алды.

Колхоздарда кәзір егіншілер, малшылар, электротехниктер, механизаторлар, құрылыс мамандары, колхоз өндірісінің басшылары мен ұйымдастырушылары сияқты көптеген маман кадрлар өсіп шықты.

Колхоздардың табысы едәуір өсті, колхозшылардың материалдық әл-ауқаты артты. Мысалы, 1949 жылы орта есеппен әрбір колхоздың 111 мың сом ақшалай табысы болған болса, 1957 жылы — 1 250 мың сом болды.

Ауыл шаруашылығындағы жаңа жағдайға сәйкес колхоз өндірісін ұйымдастыру және оған басшылық ету ісін мықтап қайта құратын мезгіл жетті. КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылы февральда болған пленумы алдыңғы қатардағы колхоздардың тәжірибесін қорыта келіп, «Колхоз құрылысын онан әрі дамыту және машина-трактор станцияларын қайта құру туралы» шешім қабылдады.

Пленум колхоз құрылысын ұйымдастырып, баянды етуде, ауыл шаруашылығын техникамен жабдықтауда және жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайтуда машина-трактор станцияларының тарихи роль атқарғанын атап көрсетті.

Жаңа жағдайларда колхоздарға өндірістік және техникалық қызмет етудің бұл формасы колхоздардың онан әрі өрлеуін бөгей бастады, колхоздар мен колхозшылар инициативасына тұсау бола бастады. Шаруашылықты бір жерде екі бірдей социалистік кәсіпорын — колхоз бен машина-трактор станциясы жүргізіп отырған жағдайдың қолайсыз зардаптары барған сайын көбірек біліне бастады. Мұндай жағдай өндірісті ұйымдастыру және техниканы пайдалану ісінде екінші бірінде несіздік туғызып отырды, егіннің шығымдылығын арттыруға колхоздардың да, МТС-тердің де жауапкершілігін төмендетті, әкімшілік аппараттың қатарласып істейтін буындарын ұстауға керексіз көп шығын шығартты.

Осының бәрі колхоздарға өндірістік-техникалық қызмет етудің сол кездегі формасын өзгертуді мейлінше талап етті. КПСС Орталық Комитетінің пленумы машина-трактор станцияларын жөндеу-техникалық станциялары (РТС) етіп қайта құруды, МТС-тердің техникасын аудандардың ерекшеліктеріне қарай түрлі мерзімдерде колхоздарға сатуды қолайлы деп тапты. Тракторлар мен басқа да машиналар алуға мүмкіндіктері болмаған, ал бастысы күрделі техниканы дұрыс пайдалана алмаған колхоздар жөнінде оларға МТС өндірістік-техникалық қызмет етудің бұрынғы тәртібі уақытша сақталатын болды.

КПСС Орталық Комитетінің пленумы ұсынған шараларды бүкіл халық талқылады. Мәселені талқылауға 50 миллионға жуық адам қатынасты. Коммунистік партия әзірлеген және бүкіл халық мақұлдаған

шаралар 1958 жылы мартта Жоғарғы Советтің сессиясында заң күшін алды.

Дәл осы сессияда КПСС Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша Жоғарғы Совет депутаттарының бірауыздан шешуімен Н. С. Хрущев СССР Министрлер Советінің Председателі болып тағайындалды. КПСС Орталық Комитеті Н. С. Хрущевті Орталық Комитеттің бірінші секретары қызметінде қала береді деп шешті.

Машина-трактор станцияларын қайта құру — ең маңызды революциялық адым болды. Колхоз құрылысы жеңгеннен кейінгі жерде мұның өзі социалистік ауыл шаруашылығының құрылысындағы ең ірі және ең елеулі оқиға болды. Колхоздарға мәңгі бекітіліп берілген жер және ауылшаруашылық машиналары енді бір қолға — колхоздарға жиналды. Ауылшаруашылық өндірісін тез арттыру үшін орасан зор қосымша мүмкіншіліктер табылды.

Колхоздарға өндірістік-техникалық қызмет етудегі өзгерістер мемлекет пен колхоздар арасындағы экономикалық байланыстардың жаңа формаларын талап етті. Ең алдымен ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың тәртібі мен шарттарын өзгерту керек болды. КПСС Орталық Комитетінің июнь пленумы (1958 жылғы) өнім дайындаудың кәзіргі системасына жан-жақты талдау жасады. Орталық Комитет мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін гектар есебінен өткізу тәртібінің орасан зор стимул жасайтын маңызы бар екенін атап көрсетті. Ал бүтіндей алғанда өнім дайындау системасы қиындатып, ауырлатып жіберілген, көп сатылы, өнім дайындау түрлері толып жатқан, дайындау бағалары сан алуан еді. Бұл система екінші бірінде социалистік қоғамның экономикалық заңдарымен қайшы келіп қалып отырды. Орталық Комитеттің июнь пленумы өнім дайындау түрлерінің көптігін жойып, экономикалық жағынан дәлелді, ел өміріне қарай жіктеліп қойылған бірыңғай баға бойынша, сатып алу тәртібі бойынша мемлекет үшін ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың бірыңғай формасына көшу керек деп шешті.

Жаңа сатып алу бағаларының дәрежесін белгілерде, өндірістің орта өмірлік жағдайларын, еңбек өнімділігінің өсуін, өнімнің өзіндік құнының кемуін және ұлғаймалы ұдайы өндіріс үшін қажетті қор жасап алуды негізге ала отырып, колхоздардың шығарған шығындарының орнын толтыру қажеттігі ескерілді.

МТС-терді қайта құру және ауылшаруашылық өнімдерін дайындау тәртібі мен шарттарының өзгертілуі — совет қоғамының коммунизм жолымен алға басуын тездететін ең маңызды саяси-экономикалық шаралар. Бұл шаралар жұмысшы табы мен шаруалардың одағын бұрынғыдан да нығайта түседі, колхоз өндірісін және тұтас алғанда бүкіл халық шаруашылығын тездеп өркендетуге алғышарт жасайды. МТС-терді қайта құру колхоздардың бөлінбейтін қорларының өсуіне себепші болады, колхоз-кооператив меншігін нығайтады және оның жалпыхалықтық меншікке үздіксіз жақындай беруін қамтамасыз етеді. Бөлінбейтін қорлардың өсіп, нығаюы — колхоз-кооператив меншігінің бірте-бірте жалпыхалықтық меншікке ұласуының ең маңызды алғышарттарының бірі.

Орталық Комитеттің февраль және июнь пленумдарының шешімдері колхоз құрылысы дамуының перспективасына, коммунистік құрылыстағы оның роліне, колхоз меншігін жалпыхалықтық меншіктің дәрежесіне дейін көтеру және меншіктің бірыңғай коммунистік түрін жасау жолдарына теория жүзінде терең сыпаттама береді.

Партия шаруашылық құрылысының міндеттерімен қатар еңбекшілерге, әсіресе жасөспірім ұрпаққа коммунистік тәрбие берудің мезгілі жеткен мәселелерін де шешті. Совет қоғамының коммунизм жолымен



материалдық және рухани дамуы үшін елімізде халыққа білім беру ісін қайта құрудың зор маңызы бар.

Совет мектебі социалистік құрылысқа белсене қатысушы білімді, мәдениетті сан миллион азаматтарды даярлап шығарды, шаруашылықтың, мәдениеттің, ғылымның барлық салаларында тамаша маман кадрларды тәрбиелеп өсірді. Бірақ осы табыстардың бәріне қарамастан жалпы білім беретін мектеп пен жоғарғы мектептің жұмысы коммунистік құрылыстың талаптарынан артта қалып қойды, оның жұмысында елеулі кемшіліктер көбейді. Партияның Орталық Комитеті ашқан басты кемшілік мынада болды: мектеп теориялық білім бере тұрып, жас ұрпақты практикалық іске нашар даярлады, оған еңбек дағдыларын үйретпеді, жастарды материалдық өндіріс саласында еңбекке тарту ісіне қажетті көңіл бөлмеді. Оқудың өмірден осы белгілі дәрежеде қол үзгендігі коммунистік құрылыстың міндеттеріне қайшы келді және мұнан былайғы жерде төзуге болмайтын іс болды.

Партия орта дәрежелі және жоғарғы білім беру ісін қайта құру туралы мәселе қойды. Мектепті қайта құрудың негізгі қағидалары Н. С. Хрущевтің КПСС Орталық Комитетінің Президиумына жолдаған хатында, ал сонан кейін КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және СССР-де халыққа білім беру жүйесін онан әрі дамыту туралы» тезистерінде айтылды.

Халыққа білім беру ісін қайта құрудың бүкіл совет халқының мүдделеріне қатысы болды. Бұл мәселе бүкіл халықтың талқысына салынды. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің баспасөзде жарияланған тезистеріне миллиондаған азаматтар кеңінен үн қосып, барынша мақұлдайтындығын білдірді. Совет жұртшылығы мектепті қайта құру ісін мезгілі жеткен міндет деп таныды. Тезистердің бүкіл совет халқы мақұлдаған негізгі қағидалары СССР Жоғарғы Советінің сессиясы 1958 жылы декабрьде қабылдаған заңда баяндалып етілді.

Мектепті қайта құрудың негізінде алынған нәрсе оқытуды өнімді еңбекпен, коммунистік құрылыстың практикасымен ұштастыру болды. Мектептің басты міндеті — жасөспірім ұрпақты өмірге, қоғамға пайдалы еңбекке баулу, жалпы білім беру мен политехникалық білім берудің дәрежесін көтеру, терең білімді, ғылымдар негізін жақсы білетін адамдарды даярлап шығару, жастарды социалистік қоғам принциптерін терең қадірлеу рухында, коммунизм идеялары рухында тәрбиелеу. Коммунистік қоғам құрылысшыларының жас ұрпағы қоғамға пайдалы жұмысқа қатыса отырып, шамасы келетін және нағыз алуан түрлі дене еңбегіне араласып отыруға тиіс.

Осы талаптарға сәйкес жалпыға бірдей міндетті түрдегі жетіжылдық білім алудың орнына жалпыға бірдей міндетті сегіз жылдық білім алу тәртібі белгіленді. Сегізжылдық мектептегі оқу-тәрбие жұмысы ғылымдар негізін үйрену, политехникалық оқу мен еңбекке баулу, қоғамға пайдалы еңбектің мектеп оқушыларының жасына қарай қолынан келетін түрлеріне оларды кеңінен қатыстыру ісімен ұштастырылатын болып құрылуға тиіс. Осыдан кейін жастар қоғамға пайдалы еңбекке араласуға тиіс, сөйтіп жастардың бүкіл сонан былайғы жердегі оқуы (жұмысшы және шаруа жастарының мектептерінде, өндірістік оқуы бар жалпы білім беретін орта дәрежелі политехникалық еңбек мектептерінде, техникумдарда және басқа арнаулы оқу орындарында) өнеркәсіптегі немесе ауыл шаруашылығындағы өнімді еңбекпен байланыстырылып отыратын болады.

Фабрика-завод оқуының мектептері, еңбек резервтерінің қолөнер, темір жол, кен өнеркәсіп, құрылыс училищелері және ауыл шаруашылығын механизациялау училищелері, халық шаруашылығы советтері мен ведомстволардың кәсіптік-техникалық мектептері, фабрика-завод шәкірттігінің мектептері және басқа да кәсіптік оқу орындары бірте-бірте қалалық және ауыл-селолық кәсіптік-техникалық училищелерге айналдырылып қайта құрылатын болады. Бұл училищелер сегізжылдық мектепті бітіргеннен кейін өндіріске баратын жастардың есебінен толықтырылып, өзінің оқу-тәрбие жұмысын оқушылардың өнімді еңбекке белсене және ұдайы қатысып отыруы негізінде, кәсіпорындармен, құрылыстармен, совхоздармен және колхоздармен тығыз байланыс жасай отырып жүргізетін болады.

Жоғарғы оқу орындарына толық орта білім алған адамдар қабылдануға тиіс. Бұларда мамандар даярлау ісі оқуды қоғамға пайдалы еңбекпен ұштастыру негізінде жүргізілетін болады. Оқудың практикамен, еңбекпен ұштастырылуының нақты формалары жоғарғы оқу орнының беретін мамандығына қарай, студенттердің құрамына қарай, сонымен қатар ұлттық және жергілікті ерекшеліктерге қарай белгіленетін болады. Кешкі және сырттан оқу ісін барынша жақсартып, кеңейтіп отыру, университеттік білім беруді дамытып отыру, студенттердің теориялық және практикалық дайындығын күшейтіп отыру қажетті деп танылды.

Орта және жоғарғы мектепті материалдық өндіріспен және өнімді еңбекпен тығыз байланыстыру негізінде қайта құрудан партияның жас ұрпақты тәрбиелеуге деген қамқорлығын, елімізде білім беруді онан әрі кеңейтіп, жақсартуға деген, барлық жағынан дайындалған, ой еңбегі мен дене еңбегін қоғамдық еңбектің бірыңғай процесінде мінсіз ұштастыратын жаңа адамды қалыптастыруға деген қамқорлығын көруге болады. Сөйтіп, жалпы білім беретін мектеп пен жоғарғы мектепті қайта құру ісі дене еңбегі мен ой еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықты жоюда, еліміздің коммунизмге өтуіне қажетті жағдайларды жасауда үлкен роль атқаруға міндетті.

КПСС XX съезінің қарсаңында және съезден кейін партияның жүзеге асырған саяси және шаруашылық шараларының совет халқының коммунизм орнату жолындағы күресінде, негізгі экономикалық міндетті шешуде орасан зор тарихи маңызы бар. Бес жылдың ішінде (1954—1958 жылдарда) Совет Одағы экономикалық және мәдени даму жағынан, халық бұқарасының әл-ауқатын көтеру жағынан әлдеқайда алға кетті.

Социализмнің капитализммен бейбіт жарысындағы жаңа, ең тамаша нәрсе — СССР ең дамыған капиталистік елді — Америка Құрама Штаттарын даму қарқындары жөнінде ғана емес, сонымен қатар темір рудасы, көмір, мұнай, шойын, болат, цемент, жүн маталары сияқты өнеркәсіп өнімінің ең маңызды түрлерінің өсуі жөнінде де басып озды.

1953 жылдан 1957 жылға дейін өнеркәсіп өнімінің жылдық орта өсуі мынадай болды: темір рудасы СССР-де — 6,1 миллион тонна өсті, ал АҚШ-та 3 миллион тонна азайды; шойын СССР-де 2,4 миллион тонна өсті, ал АҚШ-та 0,8 миллион тонна өсті; болат СССР-де 3,25 миллион тонна өсті, ал АҚШ-та 0,3 миллион тонна өсті; көмір (тас көмірге айналдырғанда) СССР-де 30,6 миллион тонна өсті, ал АҚШ-та 6,2 миллион тонна өсті; цемент СССР-де 3,2 миллион тонна өсті, ал АҚШ-та 1,2 миллион тонна өсті.

СССР-дің бүкіл өнеркәсібінің 1958 жылғы жалпы өнімі өнеркәсіптің 1953 жылғы жалпы өніміне қарағанда 1,7 есе артты. Осы уақыттың ішінде шойын, болат, прокат, металл кесуші станоктардың өндірілуі

1,5 есе дерлік өсті, көмір шығару — 1,5 еседен артық өсті, мұнай — 2 еседен артық өндірілді, электр қуатын өндіру — 1,73 есе өсті. Жұмысшылардың еңбек өнімділігі 1953 жылдан 1958 жылға дейін 1,4 есе артты.

Ауыл шаруашылығында аса тамаша табыстарға қол жетті. Оның бес жыл ішіндегі (1954 — 1958 жылдардағы) өркендеуінің қорытындылары КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылы декабрьде болған пленумында шығарылды.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь пленумы Орталық Комитеттің сентябрь пленумынан кейінгі өткен дәуірдің тарихи маңызы бар екенін бірауыздан атап көрсетті. Партия әзірлеген шаралардың жүзеге асырылуы ауыл шаруашылығының артта қалуын қысқа мерзімде жойып, колхоздар мен совхоздардың, бүкіл социалистік системаның экономикасын нығайтуға мүмкіндік берді.

Бес жылдың ішінде ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен дайындау едәуір көбейді. 1958 жылы астықтың жалпы түсімі 8,5 миллиард пұт болды — 1953 жылғыға қарағанда 69 процент көп. Астық дайындау жоспары артығымен орындалды. Мемлекет қоймаларына 1953 жылы 1 899 миллион пұт астық құйылған болса, 1958 жылы — 3,5 миллиард пұт астық құйылды. Мемлекет ешқашан да осыншама көп астық дайындап көрген емес.

Техникалық дақылдар мен овощь дақылдарының жалпы түсімі және товарлық өнімінің шығуы айта қаларлықтай артты. Қант қызылшасының жалпы түсімі бес жылдың ішінде 2 еседен аса артты, зығыр торқасы — 2,5 еседен аса артты, овощь — 1,4, картоп — 1,2, шитті мақта — 1,2 есе артты.

Партия белгілеген шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде соңғы жылдардың ішінде ауыл шаруашылығының өмірлік ең маңызды тарауы — мал шаруашылығының ұзақ уақыт артта қалып келгендігі жойылды. Мұның өзі партияның, бүкіл совет халқының өте-өте зор табысы. 1958 жылы ірі қара малдың саны 1953 жылғымен салыстырғанда 24 процент өсті, шошқа саны — 41 процент, қой саны — 29 процент өсті. Малдың өнімділігі мықтап артты. Сүт өндіру 1958 жылы 1953 жылғымен салыстырғанда 1,6 есе, ет өндіру (мал басының өсуін қоса есепке алғанда) — 1,4 есе көбейді. Қоғамдық мал шаруашылығының өсуі ел ішіндегі бүкіл мал шаруашылығының орта өсуінен асып түсті. Мал шаруашылығы өнімдерін жалпы дайындауда колхоздар мен совхоздардың үлес салмағы едәуір артты. Мемлекетті мал шаруашылығының өнімдерімен қамтамасыз етуде колхоздар мен совхоздар шешуші күшке айналды. Мұның өзі ауыл шаруашылығының, бүкіл коммунистік құрылыс ісінің тамаша жеңістерінің бірі болды.

Өнеркәсіптегі сияқты, ауыл шаруашылығында да негізгі экономикалық заң ойдағыдай шешілуде. Партияның қолданған шараларының нәтижесінде СССР ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің өсу қарқындары жағынан Америка Құрама Штаттарын басып озды. Төрт жылдың ішінде (1950 — 1953 жылдары) ауылшаруашылық өнімінің жылдық орта өсуі СССР-де 1,6 процент болса, АҚШ-та — 1,7 процент болды. Ал сонан былайғы бес жылдың ішінде (1954 — 1958 жылдары) ауыл шаруашылығы өнімінің жылдық орта өсуі СССР-де 8 проценттен астам болса, АҚШ-та — 2 проценттен азырақ болды. СССР-де ауыл шаруашылығының бірсыпыра өнімдерін өндіру дәрежесі оларды АҚШ-тың өндірген дәрежесіне жақындады, ал кейбір аса маңызды өнімдер жөнінде бұл дәрежеден асып түсті. СССР сүт пен май өндірудің жалпы мөлшері жағынан АҚШ-ты қазірдің өзінде-ақ қуып жетті. СССР бидайды АҚШ-тан 2 есе көп жинайды, қант қызылшасын 4 есе көп жинайды, жүнді 2,3 есе көп өндіреді, картопты әлдеқайда көп өндіреді.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстарға баға бере келіп, Н. С. Хрущев пленумда жасаған баяндамасында былай деді:

«КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумынан бергі өткен бесжылдықтың маңызы партия қолданған шаралар нәтижесінде колхоз құрылысы кемеліне келіп, оның резервтерінің іске қосылғанында, ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау және еліміздің ауыл шаруашылығында анағұрлым жоғары еңбек өнімділігіне жету міндетінің нақты негізге қойылғанында болды. Мұның коммунистік құрылыс ісі үшін, халықтың әл-ауқатын жақсарту беру үшін ерекше маңызы бар».

Ауыл шаруашылығының соңғы бесжылдықтың ішіндегі өркендеуіне қорытынды жасай келіп, Орталық Комитеттің пленумы жалпы табыстардан келіп жеке облыстардың, өлкелер мен республикалардың жұмысындағы кемшіліктерді, жеке колхоздардың, тіпті тұтас бір аудандардың артта қалып отырғандығын көрмей кетуге болмайтынын атап көрсетті. Пленум кейбір жергілікті партия ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерді қатты сынға алды. Пленум қол жеткен табыстар ауылшаруашылық өндірісін жаңадан, бұрынғыдан да мықтап көтеруге қозғау болуға тиіс екенін баса көрсетті. Өткен бесжылдықтың тәжірибесінен бай сабақ алған жергілікті партия ұйымдары зор жігер салып ауыл шаруашылығының еңбекшілерін, бүкіл совет халқын ауылшаруашылық өндірісін бұрынғыдан да мықтап көтеру жолындағы күреске ұйымдастыруға тиісті.

Орталық Комитеттің пленумы ауыл шаруашылығын онан әрі көтерудің программасын жасап берді, ауыл шаруашылығының 1959—1965 жылдарға арналған бақылау цифрларын мемлекеттік тапсырма ретінде мақұлдады. Астықтың жалпы түсімі 1965 жылы 10—11 миллиард пұтқа дейін, ет өндіру малдың сойылғандағы салмағымен есептегенде 16 миллион тоннаға дейін, сүт 100—105 миллион тоннаға дейін жеткізілетін болып белгіленді. Бұлардан басқа да ауылшаруашылық өнімдерін өндіру едәуір көбейтіледі.

Орталық Комитеттің декабрь пленумы колхоздар мен совхоздардың бұл тапсырмаларды орындап қана қоймай, сонымен қатар әлдеқайда артығымен орындауға да барлық мүмкіндіктері бар екенін атап көрсетті. Ауыл шаруашылығын өркендетудің қолымыз жеткен дәрежесі ең маңызды ауылшаруашылық өнімдерін жан басына өндіру жөнінде таяудағы жылдардың ішінде АҚШ-ты қуып жетіп, басып озуда мүмкіндік береді.

Пленумның шешімдерінде: алдағы жетіжылдықтың ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің өсуі егіннің шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолымен, ауыл шаруашылығын онан әрі механикаландыру және электрлендіру негізінде еңбек өнімділігін едәуір көтеру жолымен қамтамасыз етілуге тиіс екені көрсетілген. Басты міндет—еңбек пен қаражатты барынша аз жұмсап, өнімді барынша көп беруде болды. Астық, ет, сүт, май және басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру үшін социалистік ауыл шаруашылығының қолында бар резервтер мен мүмкіншіліктердің бәрін де жұмылдыру керек болады. Жергілікті партия ұйымдары әрбір колхоз бен совхозда жетіжылдықта ауыл шаруашылығын өркендетудің жоспарларын әзірлеуді ұйымдастыруға тиіс, бұл жоспарларда жоғарыда айтылған резервтердің барынша сарқа пайдаланылатын болуы қарастырылсын.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь пленумы—партияның, бүкіл еліміздің өміріндегі маңызды оқиға. Ауыл шаруашылығының күйі жөнінде партияның халық алдында берген саяси есебі болған пленумның жұмысын барлық еңбекшілер шын жүректерінен қарсы алды. Орталық

Комитет пленумының шешімдері ауыл шаруашылығында жаңа табыстарға жету жолында, елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау жолында бүкіл халық күресін ұйымдастыруға шақырған қуатты шақыру болды.

Өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісін мықтап көтеру жолында партияның, бүкіл совет халқының жүргізген күресі совет адамдарының тұрмыс дәрежесінің көтерілуіне жақсы әсерін тигізді. Совет халқының материалдық әл-ауқаты жылдан-жылға жақсарып келеді. Жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысы едәуір өсті, колхозшылардың табыстары көбейді.

Совет Одағы мәдениетті, ғылым мен техниканы дамытуда аса көрнекті табыстарға жетті. Совет елі дүние жүзінде бірінші болып қуаты 5 мың киловаттық тәжірибелік атом электр станциясын салды. Бірсыпыра ірі-ірі атом электр станцияларының құрылысы өрістетіле жүргізіліп жатыр. Салынып жатқан 600 мың киловаттық қуаты болатын атом станциясының бірінші кезегі іске қосылды. Белгіленген қай нысанға болса да бара алатын континентаралық баллистика ракетасы жасалды. Атом мұз жарғыш, қуатты реактивті әуе кемелері, атом ядросын зерттейтін дүние жүзіндегі ең ірі машина (синхрофазотрон) жасалды. Ғылым мен техника жетістіктерінің ең шыңы Жердің жасанды серіктерінің, күн системасының жасанды планетасының жасалып, ойдағыдай ұшырылуы болды.

Соңғы бесжылдықтың ішінде экономика мен мәдениетті дамыту жолында совет халқының жүргізген күресінің негізгі қорытындылары осындай.

Бұл жетістіктер — совет халқының жанқиярлық жасампаз еңбегінің нәтижесі. Коммунистік партияның, оның Орталық Комитетінің жүргізген зор саяси және ұйымдастырушылық жұмысының нәтижесі болды. Коммунистік құрылыстың міндеттерін ойдағыдай шешуде Орталық Комитеттің басшылығы бойынша халық шаруашылығы мен мәдениетті мықтап көтеру жолындағы бұқараның күресін бастап отырған одақтас республикалардың, өлкелердің, облыстар мен аудандардың жетекші партия органдары, бастауыш партия ұйымдары ең маңызды роль атқарады. Орталық Комитет барлық партиялық, мемлекеттік және басқа да қоғамдық ұйымдардың жұмысына жұмыстың лениндік стилі мен әдістерін табандылықпен енгізіп отырды.

Терең білімі, тәжірибесі бар, өмірдің жаңа талаптарын түсінетін, өздеріне тапсырылған іске жауапкершілігін білетін жетекші партия қызметкерлері жұмысқа большевиктік жігер енгізеді, барлық күші мен білімін халық игілігі үшін жұмсайды, өздерінің қажымас және жанқиярлық жұмысымен партияның лениндік сара жолының жүзеге асырылуын қамтамасыз етіп отырады.

Коммунистік партияның жолбасшылығымен совет халқы жүзеге асырған орасан зор өзгерістер, халық шаруашылығы мен мәдениетті дамытудағы зор табыстар СССР-дің дамудың жаңа, ең маңызды дәуіріне — коммунистік қоғам құрылысын кенінен өрістету дәуіріне кіруіне барлық алғышарттар мен мүмкіншіліктерді жасады.

### ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

1953 — 1958 жылдар Коммунистік партияның өміріндегі, оның социалистік Отанның қуатын нығайту жолында, коммунистік қоғам орнату жолында, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолында жүргізген күресіндегі аса көрнекті жаңа кезең болды. Жүргізілген саяси және экономикалық шаралардың маңыздылығы жағынан, партияның творчестволық ісінің құлаш жаюы мен бұқараның қоғамдық белсенді-

лігінің дәрежесі жағынан бұл дәуір — Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихындағы ең маңызды дәуірлердің бірі.

XX съездің шешімдерінде, Орталық Комитеттің қаулыларында және партияның басқа да документтерінде партия ел ішіндегі жағдайға, кәзіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктеріне лениндік принципшілікпен, терең және барлық жағынан бірдей баға берді. Шаруашылық пен мәдениеттің барлық салаларында совет халқының қолы жеткен орасан зор табыстарын атап көрсете келіп, партия мұнымен қатар партиялық, мемлекеттік, шаруашылық және мәдени өмірдегі елеулі кемшіліктерді де әйгілеп ашты, ол кемшіліктерді жоюдың жолдарын белгілеп берді, социализмнен бірте-бірте коммунизмге өтудің кең, экономика жағынан дәлелді программасын жасап берді де, оны ойдағыдай іс жүзіне асырып жатыр.

Партия ленинизм рухына жат деген нәрсенің бәрін батыл сыпырып тастады. Партия жеке адамға табынушылықты, содан туған қателіктерді, ұнамсыз құбылыстарды ашықтан-ашық, қатал сынға алды, оның зардаптарын және көбейіп кеткен кемшіліктерді жою жолында дәйекті күрес жүргізді; партия ескі түсініктерді қиратып отырды, заманы өткен, совет қоғамының дамуына бөгет жасайтын нәрсенің бәрін де батыл лақтырып тастады. Лениннің мәңгі жасайтын ілімінің негізінде тәрбиеленген жетекші партия кадрлары, коммунистер лениндік дәстүрлердің толық қалпына келтіріліп, онан әрі өрістетілуі жолында белсені күрес жүргізді, лениндік дәстүрлер Орталық Комитет пен бүкіл партиямыздың жұмысында бұл жылдары бұрынғыдан да күшейе түскен еді.

Партия демократиялық централизм, басшылықтың коллективтігі, өзара сын принципін және партиялық өмірдің басқа да сыннан өткен лениндік нормаларын дәйекті түрде іс жүзіне асыру және творчестволықпен онан әрі дамыту негізінде партия жұмысын қайта құрды. Партияның ішкі демократиясының бұзылуы жойылды, партия ұйымдарының, партия мүшелерінің инициатива көрсетуіне кең жол ашылды. Орталық Комитет ішкі және сыртқы саясаттың ең маңызды мәселелерінің бәрін де коллектив болып талқылап, шешіп отырды. Коммунистердің, партия ұйымдарының шаруашылық-саяси міндеттерді талқылауға және партия саясатын әзірлеуге қатысуы едәуір кеңейе түсті. Партия басшылығын қайта құру, оның әдістері мен стилін жақсарту жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді. Партия ұйымдары коммунистік құрылыстың нақтылы учаскелеріндегі істің жайын жете білетін бола бастады, неғұрлым маман, жедел басшылық ете бастады, саяси және шаруашылық өмірдің түбірлі мәселелерін шын мәні жағынан алға қойып, шешіп отыратын болды.

Партия жеке адамға табынушылықтың идеология саласындағы тұсау болып келген ықпалын жойды, творчестволық марксизм бағытын қорғап, бұлжытпай жүзеге асырып отырды, теориялық жұмыс пен практикалық жұмыстың ленинизмге тән, бірақ жеке адамға табынушылықтың кезінде бұзылған табиғи бірлігін қалпына келтіріп, баянды етті. Марксистік-лениндік ой-пікірді тездеп дамыту үшін, бұқараның тәжірибесін теория жүзінде қорыту үшін және коммунизм құрылысының ең маңызды мәселелерін ғылым жүзінде әзірлеу үшін жаңа мүмкіншіліктер туды.

Партиялық және мемлекеттік жұмысты лениндік принциптер рухында қайта құрудың және жеке адамға табынушылықтың зардаптарын жоюдың арқасында партия өзінің жауынгерлігін арттырды, бұқарамен бұрынғыдан да тығыз байланыс орнатты, өз қатарының бірлігін нығайтты. Партияның мемлекеттік, экономикалық, мәдени өмірдегі бағыттаушы және жетекші ролі арта түсті.

Партия, оның Орталық Комитеті бірсыпыра ірі-ірі саяси және шаруашылық шараларды теория жағынан әзірлеп шықты да, бүкіл халықтың қолдауына сүйеніп, оларды іс жүзіне асырды, бұл шаралардың программалық сипаты бар, бұл шаралар марксистік-лениндік теорияны дамытуда алға қарай жасалған ірі кадам болып табылады. Партияның шешімдерінде коммунистік қоғам орнатудың нақты жолдары теория жүзінде дәлелденіп, практика жүзінде белгіленді.

Өнеркәсіпті басқару ісі түбірінен қайта құрылды, халық шаруашылығын жоспарлау ісі жақсартылды, техникалық прогресті тездету, өндірісті мамандандырып, кооперациялауды жетілдіру жолдары белгіленді.

Партия ауыл шаруашылығын мықтап көтеру жолындағы бүкіл халық күресін өрістетіп түсті. Колхоздар мен колхозшыларды материалдық жағынан ынталандыру жөніндегі социалистік принцип дәйекті түрде іске асырылуда, МТС-тер қайта құрылды, ауылшаруашылық өнімдерін дайындау системасы өзгертілді, колхоздардың материалдық-техникалық базасы нығайтылды; тәжірибелі кадрлар колхоздарға көмекке жіберілді. 1953 — 1958 жылдарда ауыл шаруашылығы саласында коллективтендіру кезінен бері қарай болмаған ең ірі өзгерістер жүзеге асырылды, бұл өзгерістер ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін едәуір көтерді, колхоз құрылысын нығайтты, колхозшы шаруалардың әл-ауқатын көтерді.

Саяси салада маңызды шаралар жүзеге асырылды. Одактас республикалар мен жергілікті Советтердің праволары кеңейтілді, совет органдарының жұмысы едәуір жандана түсті. Жеке адамға табынушылыққа байланысты социалистік заңдылықты бұзу реттері жойылды, азаматтардың конституциялық праволарын сақтауды қамтамасыз ететін шаралар қабылданды. Кәсіподақтардың жұмысы жанаша ұйымдастырылып жатыр, олардың мемлекет пен өндірісті басқару ісіндегі ролі арта түсті. Колхоз демократиясын кеңейтуде жаңа адымдар жасалды. Совет мемлекетінің саясатын әзірлеуге, мемлекетті басқаруға еңбекшілердің қатысуы артты. Совет адамдарының саналылығы мен мәдениеті көтерілді. Бұл шаралардың тек практикалық қана емес, сонымен қатар теориялық та маңызы бар. Бұл шаралар коммунизмге өту процесінде социалистік демократизмді дамытудың нақтылы жолдарын белгілеп береді және халық бұқарасының коммунистік құрылысқа қатысуының неғұрлым нәтижелі формаларын әзірлеуде алға қарай жасалған ірі адым болып табылады.

Партияның іске асырған шаралары бұқараның творчестволық бастамасын өрістетуде, өндірісті өсірудің жаңа резервтерін табуда неғұрлым кең мүмкіншілік берді, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, ғылым мен техникада зор табыстарға жеткізді. Мұның ең айқын көрсеткіштерінің бірі Жердің совет жасанды серіктерінің және күн системасының жасанды планетасының ұшырылуы болды, бұл өзі дүниежүзілік ғылым мен техниканың дамуы тарихында жаңа заман ашты.

Халық шаруашылығын өркендетудегі ірі табыстардың негізінде партия халықтың әл-ауқатын жақсартты: жұмысшылардың нақтылы жалақысы артты, колхозшылардың нақтылы табыстары өсті, жұмыс күні қысқартылды, пенсиялардың мөлшері едәуір арттырылды.

Осы шаралардың барлығының қорытындысында социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту жолында жаңадан ірі адым жасалды және халық шаруашылығының барлық тарауларының қаулап өсуі үшін, негізгі экономикалық міндетті тезделіп шешу үшін, ең молшылық жасау үшін, тұтыну заттарының молшылығын туғызу үшін берік негіз жасалды.

Экономикалық шараларды жүзеге асырудың барысында партия коммунизм құрылысының ең маңызды мәселелеріне — коммунистік қо-

ғамның материалдық-өндірістік базасын жасау жолдары, негізгі экономикалық міндетті шешудің қарқындары туралы, техникалық прогрестің негізгі бағыттары туралы, коммунизмге өту процесінде колхоз құрылысының даму перспективалары туралы және керекті затты толық жеткілікті ету, ал сонан кейін тамақ өнімдерінің молшылығын жасау жолдары туралы, өндірісті басқару ісіне халық бұқарасын неғұрлым кең қатыстырудың ұйымдық формалары туралы мәселелерге ғылыми дәлелді, практикада сынап көрілген жауаптар берді. Партияның шешімдері және оның басшылығымен жүзеге асырылып жатқан шаралар коммунизм құрылысының теориясы мен практикасын байытып отыр.

Бұл жылдары КПСС өзінің сыртқы саясат жөніндегі жұмысында аса көрнекті табыстарға жетті. В. И. Лениннің өсиеттерін адал орындайтын партия ең қиын халықаралық мәселелерді шешуге творчестволықпен кірісудің тамаша үлгілерін көрсетіп, Совет мемлекетінің сыртқы саясатының пәрменділігінің едәуір күшеюін қамтамасыз етті, сыртқы саясат жұмысының кәзіргі талаптарға неғұрлым толық сай келетін жаңа түрлері мен әдістерін тапты.

Совет Одағының Коммунистік партиясы марксизм-ленинизм идеялары негізінде, пролетариаттың интернационализм принциптерін дәйектілікпен сақтау негізінде социалистік лагерь елдерінің ынтымағын нығайтып, дамытуда бағалы үлес қосты. Туысқан партиялармен бірге Коммунистік партия халықаралық қатынастардың, экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастық пен социалистік мемлекеттердің бір-біріне көмек көрсетуінің жаңа, социалистік принциптерін дамытып отырды. Туысқан партиялармен бірлесіп КПСС-тің жүргізіп отырған саясаты социалистік елдердің өндіргіш күштерінің дамуын тездетуге, еңбек өнімділігі мен халықтарының әл-ауқатының өсуіне, бүкіл социалистік лагерьдің экономикалық және саяси қуатының күшеюіне себепкер болды. Социалистік елдердің арасындағы достық бұрынғыдан да нығая түсті.

Совет Одағының дұрыс ішкі және сыртқы саясаты, коммунизм құрылысындағы орасан зор табыстары халықаралық жұмысшы қозғалысы мен коммунистік қозғалыстың дамуына зор игілікті әсерін тигізді. Дүниежүзілік азаттық қозғалысының кәзіргі тәжірибесіне Совет Одағы Коммунистік партиясының жасаған ғылыми қорытындысы капитализмнен социализмге өтудің заңдылықтары жөніндегі марксистік-лениндік ілімді байыта түсті.

Шытырман халықаралық жағдайдың барлық бұрылыстарында партия совет сыртқы саясатының В. И. Ленин жасап берген сара бағытына — түрліше әлеуметтік-экономикалық системадағы елдердің бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ету бағытына берік болды. Партия мен Совет мемлекеті бейбітшілік жолындағы, халықаралық шиеленісті жою жолындағы, барлық елдермен саяси және экономикалық тату көршілік қатынастар орнату жолындағы күресте белсенділік пен бастама көрсетуді үздіксіз күшейтіп отырды.

Осындай саясат жүргізудің нәтижесінде бейбітшілікті жақтаушылардың тобы едәуір кеңейді, көп мемлекеттермен достық қарым-қатынастар орнатылды. СССР-ден әлдеқайда тыс жерлерде Совет елінің сыртқы саясаты мен ішкі жағдайы туралы дұрыс мағлұмат тарайтын болды.

Империалистік агрессорлар әшкереленді, оларды тез оқшау қалдыру процесі басталды. Мұның өзі олардың тұтандырып жіберген соғыс өртің сөндіріп (Кореяда, Үнді-Қытайда, Египетте, Ливанда), бейбітшілікті сақтап қалуға мүмкіндік берді. Барлық елдердің халықтары бейбітшілікті сақтаудың мүмкіндігіне сенетін болды. Бейбітшілік пен халықтардың қауіпсіздігі жолында Совет Одағының табанды күрес



жүргізуі оның халықаралық майдандағы беделі мен ықпалының күшейе түсуіне себеп болды.

Партия тарихи ірі міндеттерді шешу үстінде антипартиялық топтағылардың — Маленков, Каганович, Молотов, Булганин, Шелюговтардың қарсылығына кез болды, бұлар партияның лениндік жолына қарсы шыққан еді. Бұлар ішкі және сыртқы саясаттың ең маңызды мәселелерінде теріс позиция ұстады, партия әзірлеп, халық мақұлдаған саяси және шаруашылық шараларды жүзеге асыруға қарсыласты, фракциялық, жікшілдік іс жүргізу жолына түсті, СССР-дің коммунизмге қарай ойдағыдай алға басуына кедергі жасады. Партия оларды әшкерелеп, совет халқы бара жатқан тарихи жолдан лақтырып тастады.

Партияның сыннан өткен лениндік дәстүрлердің рухында жүргізіліп отырған ішкі және сыртқы саясатын бүкіл совет халқы батыл қолдауда, совет халқы партияның бұл саясатын белсенді түрде іс жүзіне асыруда.

Совет Одағының Коммунистік партиясы социализмнің капитализмнен артықшылығын неғұрлым толық ашып берді, дүние жүзі жұртшылығының ең қалың тобының сүйіспеншілігі мен тілектестігіне ие болды. Мұның өзі сан миллиондаған адамдарды социализм жағына тартты, халықаралық майданда социализмнің позицияларын нығайтты.

Ұлы табыстарға жетіп, өз ісінің толық салтанат құратындығына берік сенген совет халқы жана міндеттерді шешуге кірісті.

# Ұлы Достық

(Қытай Халық Республикасының 10 жылдығына)

Қ. ЕҒІЗБАЕВ,

*Совет-Қытай достығы қоғамының Қазақстандағы бөлімшесі  
председателінің орынбасары*

Бұдан он жыл бұрын Қытайдың қаһарман Коммунист партиясы бастаған ұлы қытай халқы империалистік, феодалдық реакциялық күштерге қарсы күресте үлкен жеңіске жетті. Қытай халқының бір ғасырға еозылған азаттық жолындағы күресі тарихи жеңіспен аяқталды. 1949 жылдың 1 октябрінде Қытай Халық Республикасы жарияланды. Сонан бері өткен он жылдың ішінде қытай халқы жұмысшы табы басшылығындағы жұмысшылар мен шаруалардың берік одағын негіз еткен демократиялық мемлекетінің іргетасын құрып, қуатты социалистік елге айналдыру жолындағы күрестің жеңістерімен отан даңқын биік ұстап келеді.

Қытай халқының ұлы мерекесін совет елі мен социализм орнатып жатқан барлық елдердің еңбекшілері де қуанышпен ерекше атап өтті. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің председателі Н. С. Хрущев жолдас бастаған еліміздің партия-үкімет делегациясы Пекинде болып, совет халқының, партия мен үкіметтің қызу құттықтау сөзін жеткізді, салтанатты мерекені туысқан қытай халқымен бірге өткізді. Сол сықылды барлық халықтық демократия елдерінен де партия, үкімет делегациялары болды. Бұл социализм елдерінің туысқандық ынтымағының айқын салтанаты, бейнесі болды.

Қытай революциясы Октябрь Социалистік революциясынан кейінгі дүние жүзіндегі ең ірі оқиға еді. Қытай революциясының жаңа кезеңін туғызған 1919 жылғы «4 май қозғалысы» туралы Мао Цзэ-дун жолдас ол «дүниежүзілік революция ұранына, орыс революциясының ұранына, Лениннің ұранына жауап ретінде туып еді» деген болатын.

Қытай пролетариаты 1921 жылы өзінің Коммунистік партиясын құрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының, орыс пролетариатының тәжірибесі, үлгі-өнегесі, Мао Цзэ-дун жолдас айтқандай, қытай революциясының тағдырын шешкен пәрменді ықпал болды. Қытай революциясы тарихында жаңа бет ашылды.

Жартылай отарлық, жартылай феодалдық жағдайдағы ескі Қытайда бірден социалистік революция жасау мүмкін емес еді. Сондықтан Қытай Коммунист партиясы нақтылы қытайлық жағдайды марксизм-ленинизмнің революциялық теориясы тұрғысынан терең талдай келіп, жаңа демократиялық революцияның программасын жасады. Бұл программаның негізгі мақсаты феодализм мен империализмге қарсы елдегі барлық күштерді ұлт азаттығы жолындағы революцияшыл күреске түгел жұмылдыру, бірыңғай халық демократиясы майданын ашу болды.

Бірыңғай майданның таптық негізі жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағы бола тұра, бұған жұмысшы табы ынтымақтас аларлық елдегі еңбекші емес элементтер, орташа ұлт буржуазиясы да кіруге тиіс еді. Өйткені халық революциясының феодализмге, империализмге қарсы бағытталуы, ұлт буржуазиясы мен империализм, феодализм және компрадорлық капиталдың арасындағы қайшылықтар белгілі кезеңде ұлт буржуазиясын халық революциясына қатыстырмай қоймады.

Революцияның барысында осындай бірінші майдан құрылды да. Марксизм-ленинизммен қаруланған қаһарман Коммунистік партияның саяси жетекшілігімен жұмысшы табы бастаған жұмысшылар мен шаруалардың берік одағына қалалық ұсақ буржуазия, ұлт буржуазиясы және буржуазиялық интеллигенция қосылды, бұлардың бірлескен демократиялық біртұтас майданы қалыптасты.

Коммунистік партия бастаған Қытай революциясы талай тарихи кезеңдерден өтті. Ол әсіресе 1924—1927 жылдары болған революциялық бірінші азамат соғысында, 1927—1936 жылдарғы екінші азамат соғысында кең өріс алды. Осы тұста шығыстан жапон агрессорлары қытай жеріне басып кіргені белгілі. Коммунистік партия қытай халқының ынтымаққа шақырды, жапон агрессиясына бүкіл ел болып қарсы күресу туралы декларация жариялады. Халықтың жапон империализміне қарсы ұлт-азаттық соғысына белсене қатынасты. Бұл күрес 1946—1949 жылдардағы революцияшыл үшінші азамат соғысына ұласты.

Дүниежүзілік екінші соғыстың тағдырын шешкен Совет армиясы 1945 жылы Солтүстік Шығыс Қытайдағы Жапонияның ең күшті Квантун армиясына күйрете соққы бергені мәлім. Бұл Қытайдың үшінші азамат соғысының басталуына мүмкіндік берді, қытай халқының жапон агрессиясына қарсы ұлт-азаттық соғысына зор көмек етті, революциялық азамат соғысының шешуші кезеңі болды. Қытайдың халық революциясы 1949 жылы шетел империалистері мен реакцияшыл гоминдан өкіметін талқандап, тарихи ұлы жеңіске жетті. Бұл жеңіс қытай халқының ұзаққа созылған ұлт-азаттық күресінің табиғи жемісі, қытай пролетариаты мен оның компартиясының ұзақ мерзімді күресінің нәтижесі еді.

Қытай халқы шетел қанаушыларын және чанкайшилерді Тайвань аралынан басқа жердің бәрінен аластап қуып шықты. Бүкіл елде ірі помещиктер мен компрадорлық буржуазия жойылды. Қытай біртұтас тәуелсіз дербес мемлекет болып құрылды. Шаруалардың одағы мен халықтың қалың бұқарасының қолдануына сүйенген жұмысшы табы елдегі билеуші тапқа, ал Қытай компартиясы жетекші партияға айналды. Қытай Халық Республикасы құрылуымен революцияның демократиялық кезеңі негізінен аяқталып, оның пролетарлық социалистік кезеңі, социализмге өту кезеңі басталды.

Қытай революциясының халықаралық маңызы да үлкен. Ол Октябрь революциясынан кейін империализм системасына тиген ең күшті соққы болды. Қытай сияқты 650 миллион халқы бар ұлы мемлекеттің әділетті, парасатты қоғам құру жолына түсуі социалистік лагерьдің дүние жүзіндегі ара салмағын едәуір көтеріп тастады. Социалистік система аса қуатты дүниежүзілік ұлы системаға айналды. Октябрь революциясы мен Қытайдағы революциялық күрестің жеңісі тәуелді және отар елдердің халықтарына үлкен өнеге, зор сүйеу болды.

Өткен он жылда қытай халқы үлкен тарихи өрлеу кезеңінен асты. Тұрмыс тақсыретін көп тартқан жүздеген миллион шаруалар ғасырлар бойғы құлдықтың бұғауынан босады. Қытай Халық Республикасының Орталық үкіметі жүргізген революциялық жер реформасы нәтижесінде 47 миллион гектар егістік жер 300 миллиондай жерсіз немесе жері аз шаруаларға бөлініп берілді. Олардың өндірістік кооперативтерге бірігуіне жол ашылды. Халық шаруашылығын қалпына келтіру, өндіргіш күштерді өркендету, соның негізінде халықтың тұрмысын жақсарту үшін бір жылдық жоспарлар жасалып, жүзеге асырылып отырды. Бұл халық шаруашылығын жоспарлы жолмен дамыту саласындағы алғашқы адым, тұңғыш тәжірибе еді.

Ал, идеологиялық жұмыс саласында бұқараға еңбекті, еңбек адамдарын қадірлеу, мемлекеттің заң жобалары мен тәртібін саналы түрде сақтау сияқты тәрбие берілді. Қызметтегі бюрократтық, мемлекет мүл-

кін ысырап ету, халық қазынасына қиянат жасау сияқты буржуазиялық идеологияның қалдықтарына қарсы күрес жүргізілді. Сонымен қатар контрреволюциялық элементтерге күйрете соққы берілді. Халық бұқарасы ұйымшылдық, отаншылдық, социализм идеясына шын берілуді рухында тәрбиеленді.

1949—1952 жылдардың арасында осы тәрізді кейбір дайындықтар жасағаннан кейін халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспары жарияланды. Ауыл шаруашылығын, майдагерлік өнеркәсіпті, сондай-ақ капиталистік сауда мен өнеркәсіпті социалистік жолмен қайта құру үшін негіз салу бірінші бесжылдықтың басты нысанасы еді. Түпкі мақсат елді индустрияландыруға көшу болды.

Бұл зор міндетті Қытай компартиясы бастаған ұлы қытай халқы ойдағыдай орындады. Бірінші бесжылдықтың (1953—1957 жылдар) қорытындысында өнеркәсіп өндірісі 1949 жылға қарағанда 7,7 есе өсті. Әсіресе шойын мен болат, көмір мен электр қуаты көп және тез қарқынмен өндіріле бастады. Бұрын Қытайда болмаған авиация, автомобиль, трактор, химия өнеркәсібі, электр аспаптары мен түрлі станоктар жасап шығаратын кәсіпорындары жанадан ұйымдастырылып, өнім беріп келеді.

Қытай Компартиясы бүкіл халықты 1958 жылы экономиканың барлық саласында зор қадам жасауға шақырған еді. Қытай жұмысшылары бұл шақыруға үн қосып, ерлік еңбек етті. Өнеркәсіптің 1958 жылы берген жалпы өнімі 1957 жылғымен салыстырғанда 60 процент асып түсті. Қытай шаруалары егістен 1958 жылы бұрын-соңды болмаған мол өнім алды.

1959 жылы да халықтық Қытай 1958 жылғыдай қарыштап зор қадам жасап келеді. 1959 жылдың бірінші жартысында өнеркәсіптің жалпы өнімі 1958 жылдың бірінші жарты жылдағысынан 65 процент асып түсті.

Өткен дақты он жыл ішінде өнеркәсіп өнімі 11 есе, ауылшаруашылық өнімі 2,5 есе өсті. Халықтың тұрмыс жағдайы анағұрлым жақсарды. Сонымен жаңа Қытайда елдің бүкіл экономикалық, қоғамдық өмірін социалистік негізде қайта құру ісі негізінен аяқталды. Қалада да, селода да социалистік өндірістік қатынастар берік орын тепті.

Қазір қытай халқы өнеркәсіптің негізгі өнімдерінің жалпы мөлшері жағынан таяудағы 10 жылдың ішінде (1958 жылдан бастап) Англияны қуып жету міндетін алға қойып отыр.

Қытай Коммунист партиясы мен Орталық Халық үкіметі ғылым мен әдебиеттің, мәдениет пен искусствоның шарықтап дамуына да зор мүмкіндік туғызды. Өткен он жыл ішінде ескі оқу системасы өзгертіліп, мектептерде, орта және жоғарғы оқу орындарында социалистік принципке сай оқу системасы мүлде жаңарды. Бұл салаға мемлекет жылына бес миллиард юаньге жуық қаржы бөліп отыр.

Қытай Халық Республикасында социализмнің барлық салада жеңуі марксизм-ленинизм идеясының салтанаты болды.

Ұлы қытай халқы өзінің дана көсемі Қытай компартиясының басшылығымен социализм орнату жолында айтарлықтай табысқа ие болды. Бұл сапарында қытай халқы жалғыз болған жоқ. Ол Совет Одағының және басқа халықтық демократия елдерінің риясыз көмегіне қол артты. Әсіресе екі ұлы халықтың—совет және қытай халықтарының мызғымас достығы, бір-біріне көмегі аса маңызды роль атқарды.

1949 жылғы 1 октябрьде Қытай Халық Республикасы жарияланғанда күллі совет халқы бұл хабарды зор қуанышпен қарсы алды. Сол күннің ертеніне-ақ Совет үкіметі Қытай Халық Республикасымен дипломатиялық, достық қатынас орнатуға әзір екенін білдірді. Сол жылдың қысында Қытай Халық Республикасының Орталық Халық үкіметінің председателі Мао Цзэ-дун жолдас, Мемлекеттік әкімшілік совет-

тің премьері Чжоу Энь-лай жолдас Москвада болды. Келіссөздер қорытындысында екі ел арасында достық, одақ және өзара көмек туралы договорға, Қытай Чанчунь темір жолы, Порт-Артур және Дальний туралы, Қытай Халық Республикасында ұзақ мерзімге қаржы беру туралы келісімдерге қол қойылды. Бұл договор мен келісімдер екі ұлы мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдениет құрылысы саласында жан-жақты ынтымағы күшейе беруіне берік негіз салды.

Осы шарттар бойынша келісілген мерзімде Совет үкіметі патшалық Россия тұсында алынған Қытайдың Порт-Артур, Дальний порттары мен Чанчунь темір жолын ешбір ақысыз өзіне қайтарды. 1953—1959 жылдардың арасында жасалған келісімдер бойынша Совет Одағы Қытай Халық Республикасына 289 ірі-ірі кәсіпорындар салысуға, қайта құруға көмектесуге тиіс еді. 1959 жылдың басында сонан 80 ірі-ірі кәсіпорны іске қосылды. Совет үкіметі Қытай үкіметінің өтінуі бойынша өзінің мамандарын жіберіп, социалистік құрылыс істеріне үздіксіз көмектесіп келеді. Жуық арада біткелі тұрған Ланчжоу—Алматы темір жолы да осы достық ынтымақтың жемісі.

Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағы арасында сауда қатынасы өте күшті. Оның жалпы мөлшері 1950—1959 жылдары 3 есе артып, 7 200 миллион сомға жетті. Екі мемлекет арасында сауда арқылы 20 мың түрлі жабдық пен зат алыс-берісі бар.

1949 жылдан бері екі мемлекет арасында ғылыми-техникалық ынтымақ нығая түсті. Осы мерзімнің ішінде Совет Одағы туысқан Қытай Халық Республикасына 8 500 шамасы түрлі техникалық документтерді тегін берді. Соның негізінде 300-дей жаңа өнім түрін жасап шығаруға мүмкін болды. Қытайдың барлық машина жасайтын өнеркәсібі шығаратын машиналардың тең жарымы совет мамандары ұсынған техникалық документтер бойынша жасап шығарылады.

1951 жылдан бері 8 мыңға жуық қытай мамандары мен жұмысшылары Совет Одағына келіп тәжірибе алып қайтты. Осыған орай біздің еліміз де қытай оқымыстылары мен мамандарының өнеркәсіптің бірсыпыра саласында қолы жеткен озат үлгілерінен үйреніп отырады.

Совет Одағының жоғары оқу орындарын 6 500 қытай студенттері бітіріп шықты, кәзір 5 500-дей адам оқып жүр. Қытайда оқып жатқан совет студенттері де аз емес.

Екі ұлы халық өзара жақын достық қатынастар орнатып, бір-біріне осылайша көмектесуін социализм және коммунизм орнату жолындағы ортақ мақсатты іске қосқан интернационалдық үлесі деп біледі.

1958 жылы Совет Одағы Коммунистік партиясының Бірінші Секретары және Министрлер Советінің Председателі Н. С. Хрущев жолдас пен Қытай Халық Республикасының Председателі Мао Цзэ-дун жолдасының арасында болған келіссөз қытай-совет достығын бұрынғыдан да әрі нығайта түсіп, жер жүзі бейбітшілігі үшін тағы да берік сенім орнатты.

Мәдени байланыс—халықтарды рухани жағынан жақындастыра түсетін тиімді шара. Бұл жөнінен де совет-қытай халықтары он жылдан бері мәдениеттің барлық саласынан делегациялар алмасу істерін үздіксіз жүргізіп келеді. Советтік шығыс республикаларының қай-қайсысы болсын бұл күндері Қытай Халық Республикасымен тікелей мәдени байланыс жасап отыр. Мысалы, Қытай мен іргелес Қазақстанның мемлекеттік Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрі Қытай Халық Республикасының астанасы Пекинде және басқа да ірі қалаларында болып, қытай еңбекшілерін қазақ халқының ұлттық искусствосымен таныстырып қайтты. Оркестр құрамын Мао Цзэ-дун жолдас қабылдап, өнеріне жоғары баға берді. Бүгінгі күні қазақ халқы атақты қытай жазушылары Лу Синьнің, Го Мо-жонның, Мао-Дунның, Чжао Шу-лидің еңбектерін өз тілінде оқи алатын болса, қытай халқы Абай мен Жам-

былдың, М. Әуезовтың, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсірепов пен Ғ. Мұстафиннің еңбектерімен танысуда. Қазақстанның атакты әншілері Роза Барланова, Бибігүл Төлегенова қытай халқының әндерін шырқаса, қытайлықтар өз артистерінің орындауында қазақ әндерін сүйсіне тындауда.

Қазақстанға Қытайдың спорт делегациясы үш рет келіп қайтты. Ал, Қазақстанның жастар делегациясы екі рет Синьцзянда болды.

Әсіресе республикамыз қоян-қолтық жатқан Қытайдың шекара өлкесі Синьцзян ұйғыр автономиялы ауданымен үздіксіз мәдени байланыс жасап келеді. 1952 жылдан бәрі Синьцзянға қазақ көркемөнерпаздары, жастар мен спорт делегациясы бірнеше рет барып қайтты. Синьцзян халқы оларды жылы қарсы алды. Ал Синьцзянның әдебиет пен көркемөнер делегациясы, жастар делегациясы Алматыда және ірі өнеркәсіпті қалаларымызда болып, өздерінің қазақстандық достарымен мәдени, өндірістік тәжірибелер алмасты.

Кәзір Қазақстанның ірі өнеркәсіпті қалалары мен астықты тындарында көптеген қытай жастары өндірістік практикада жүрсе, мемлекеттік университет пен жоғары оқу орындарында қытайлық қазақ, ұйғыр жастары тәрбие алуда. Ал, Қытай университеттерінде қытай тілінде жоғары білім алып жатқан совет жастары да аз емес.

Қытай Халық Республикасы жарияланған күннен бастап, Чехословакия, Болгария, Польша, Румыния, Венгрия, Албания, Корей Халық Демократиялық Республикасы, Монғол Халық Республикасы сияқты социалистік лагерьдегі елдермен де өзара тең праволы, достық қарымқатынас, сауда байланыстарын орнатты. Бұл жер жүзінде күн сайын қуатты күш алып келе жатқан социализм мен демократия күштерінің, бейбітшілік лагеріндегі елдердің туысқандық достығының онан әрі күшейе түскендігінің дәлелі.

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің және СССР Жоғарғы Советі Президиумының Қытай Халық Республикасына даңқты он жылдығы күні жолдаған құттықтауында былай деді: «Совет және қытай халықтары ізгі ниетті ортақ мақсаттарға жету жолындағы бірлескен күреспен нығайтылған мәңгі достықтың біте қайнасқан берік дәнекерлерімен байланысып отыр. Халықтарымыздың мызғымас одағы бүкіл дүниежүзілік тарихты дамытудағы аса маңызды факторға, интернационализмнің лениндік принциптеріне негізделген жаңа, шын мәнісінде туысқандық қарымқатынастың үлгісіне айналды. Совет адамдары елдеріміздің халықтары арасындағы туысқандық достықты дамытып, тереңдете беру үшін дүниежүзілік социалистік системадағы барлық халықтардың достығын онан әрі нығайтып, көркейте беру үшін алдағы уақытта да не қажеттің бәрін істейді».

900 миллионға жуық халқы бар экономикалық қуаты ерен күшті екі ұлы мемлекеттің, сондай-ақ басқа да халықтық демократия елдерінің мызғымас берік достық ынтымағы, олардың бейбіт қатар өмір сүру ниетін алға ұстап, бейбітшілік үшін тапжылмай күресуі империалистік соғыс өртің тұтандырушылардың жолында тұрған зор кедергі.

Қытай халқының тарихи жеңісі мен табысын совет халқы және социализм орнатып жатқан елдердің барша халықтары зор қуаныш тамақтанып етеді. Ұлы қытай халқы өзінің айбынды компартиясының басшылығымен социализм орнату жолында мұнан бұлай да зор табысқа жете беретініне ешбір күмән жоқ.

# Неміс жұмысшылары мен шаруаларының тұңғыш мемлекеті

Жетінші октябрь неміс халқының өміріндегі елеулі кезең болды. Осыдан он жыл бұрын бір адамның өмірінде дүниежүзілік қырғын соғысты екі рет ашқан Германияның шығыс бөлігінде жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш мемлекеті құрылды. Европа тарихына жаңа бет қосылды. Осы игі өзгерістің маңызына тоқтай келіп, Германия Социалистік біртұтас партиясының бесінші съезіне арнаған телеграммасында Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті былай деп жазды:

«Германия жерінде жұмысшылар мен шаруалардың бейбітшіл демократиялық тұңғыш мемлекетінің—Герман Демократиялық Республикасының құрылғаны—неміс халқының тарихында бет бұрыс жасалған кезең болды, оның алдына бейбіт дамып, жаңа тұрмыс орнатудың тамаша болашағын ашып берді».

Германияның 108 мың шаршы километрге жуық жерінде Социалистік біртұтас партияның басшылығымен, Совет Одағы бастаған социалистік лагерь елдерінің жанжақты қалтқысыз көмегімен, 18 миллион халық социализм орнатуға жұмыла кірісті. Өткен он жыл ішінде қол жеткен табыс ұшан-теңіз. Оның неміс халқының тағдыры, социалистік системаның дамуы үшін, сондай-ақ Европадағы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін маңызы өте зор.

Герман Демократиялық Республикасының 10 жылдығын мерекелей отырып, бүкіл прогресшіл адамзат неміс халқының социалистік құрылыстағы ерен табысын қуанышпен атайды. Рас, табыс өзінен-өзі келген жоқ. Оған көп еңбек, күш-жігер, мол қаражат жұмсалды.

Герман Демократиялық Республикасының үлесіне соғыста әбден күйзелген шаруашылық тиді. Ел байлығының дені Америка, Англия және Франция әскерлері орналасқан Германияның батыс бөлігінде қалды. Герман Демократиялық Республикасы болат қорының 7 процентіне, көмірдің—3 процентіне, шойынның—1,3 процентіне ғана ие болды. Ауыр өнеркәсіп жоқтың қасы еді. Жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнеркәсібі, тоқыма және полиграфия өнеркәсібі, жоғары сапалы механика мен оптика кәсіпорындары да айтарлықтай болмады. Бұлардың көбі соғыс кезінде іске жарамсыз болып қалды. Рурдың тас көмірі орнына қоңыр көмір өндіруге тура келді. Металлургия базасын салып, ауыр машина жасау кезек күттірмес міндет болды. Германияның екі бөлінгені елдің экономикасына үлкен зардабын тигізді. Өнеркәсіп орындары жеке адамдардың меншігінде болды. Міне осындай қолайсыз жағдайда Герман Демократиялық Республикасы экономиканы социалистік жолмен қайта құруға кірісті.

Экономиканы қайта құру аграрлық реформаны жүзеге асырудан басталды. Саксония, Тюрингия, Мекленбург—Померания жерлері мен Саксония—Ангальт, Бранденбург аймақтарында 1945 жылы жер реформасы өткізіліп, 100 гектардан астам жері бар адамдардың жері, меншігіндегі байлығы түгел шаруаларға берілді. Көшіп келген 90,5 мың шаруа 765 мың гектар жер алды. Бұған қоса халыққа көмекке машина

беретін станциялар құрылды. Соғыс қылмыстыларының, фашистердің жері де шаруаларға үлестірілді. Олар иемденіп келген өнеркәсіпорындары қоғам меншігіне өтті. Бұрын Флик, Сименс, Хейнкель, Маннесман, тағы басқаларының монополистік концерндерінде болған кен, химия, электротехника өнеркәсіп орындары мемлекет қарамағына алынды. Ірі банктер мен қамсыздандыру компаниялары да халыққа қызмет ете бастады.

Өндіріс құрал-жабдыктарын қоғам меншігіне айналдыру империализмнің Шығыс Германиядағы түп тамырын қырқып, социалистік экономиканың негізін қалауға жағдай жасады.

1949—1950 жылдары өнеркәсіптің негізгі салалары мен ауыл шаруашылығы қалпына келтірілді, сөйтіп елдің экономикасын жоспарлы түрде өркендетуге мүмкіндік туды. Бірінші бесжылдық жоспар (1951—1955 жылдар) көңілдегідей орындалды. Соғыстан бұрынғы жылдармен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі екі есе артты. Ауыр машина жасайтын 24 кәсіпорын салынды. Химия өнеркәсібі едәуір ұлғайып, түрлі тыңайтқыш, жасанды мата, түрлі қышқыл мен бұйым бұрынғыдан көп шығарылды.

Бұрын өзінде болмаған кеме жасау өнеркәсібі кең өріс алды. Балтық теңізі жағалауында «Варнов-верфт», «Маттиас-Тезен-верфт», «Нептун-верфт», тағы басқалары салынды. 1955 жылы қоныр көмір 1936 жылғы 100 миллион тоннадан 200 миллион тоннаға, электр қуаты—14 миллиард киловатт-сағаттан 28,7 киловатт-сағатқа, газ—940 мың текше метрден 2,4 миллион текше метрге жетті.

Бірінші бесжылдықта Герман Демократиялық Республикасы өзінің болмашы металлургия өнеркәсібін қайта құрып, металл мұқтажын өтей бастады. Фюрстенбергтің түбінде және Кальбе-зааледе екі ірі металлургия комбинаты салынды. Риза, Хенигсдорф, Бранденбург-Хафель, Гредитцтегі болат-прокат заводтары кеңейтілді. Бірінші бесжылдықта шойын өндіру 4,5 есе, болат қорыту 2,5 есе артты. 1936 жылы 250 мың тоннаның орнына 1955 жылы 1,5 миллион тонна шойын өндірілді.

Бірінші бесжылдықта жана өнеркәсіп орындарын салу елдің экономикалық тәуелсіздігін, ең алдымен социалистік секторды нығайтты. 1955 жылы қоғамдық жалпы өнімнің 62,5 процентін қоғамдық кәсіпорындар, 5,8 процентін кооперативтер берді.

Ауыл шаруашылығында да едәуір табысқа қол жетті. Бірінші бесжылдықтың аяғында 6,5 миллион тонна дәнді дақыл жиналды; бұл 1950 жылдағыдан 1 миллион тоннадай көп. Егіннің 20 процентін ауыл шаруашылық кооперативтері өңдеді. Шошқа, қой, үй құсын өсіру жоспары да артығымен орындалды.

Экономиканың нығаюы, Совет Одағы бастаған туысқан социалистік елдердің қалтқысыз көмегі 1956—1960 жылдарға арналған екінші бесжылдық жоспарды жүзеге асыруға даңғыл жол ашты. Германия Социалистік біртұтас партиясының 1956 жылғы март айында өткен үшінші конференциясы ГДР халық шаруашылығын өркендетудің екінші бесжылдық жоспары туралы директивалар қабылдап, халық палатасы оны бекітті. Өткен жылдың июль айында Германия Социалистік біртұтас партиясының V съезі болып өтті. Съезд азық-түлік пен тұтыну бұйымдарын жан басына өндіру жөнінен аз уақыт ішінде Германия Федеративтік Республикасын қуып жетіп, басып озу ұранын тастады.

«Біз социалистік лагерьдің шеткі шебінде, дүниежүзілік екі системаның Батыс Европада ашық түйіскен жерінде тұрамыз. Германия жерінде социализм мен капитализм бір-біріне қарама-қарсы тұр. Сондықтан Германияда, ғылыми социализмнің туған жерінде, Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің елінде, социалистік қоғамдық құрылыстың қай салада болмасын артықшылығын іс жүзінде көрсету біздің максам-



тымыз» деп мәлімдеді В. Ульбрихт жолдас өзінің съезде жасаған баяндамасында. Герман Демократиялық Республикасының еңбекшілері осы игі мақсатты жүзеге асыру үшін қажырлы еңбек етуде.

Социалистік құрылыстың артықшылығы кәзір-ақ айқын көрінуде. Өнеркәсіп өнімін өндіру өткен жылы соғысқа дейінгі дәуірмен салыстырғанда 2,5 есе артық болды. Өнеркәсіп өнімі жөнінен Герман Демократиялық Республикасы Европада бесінші орын алады. Ал химия өнеркәсібінің өнімдерін шығару жағынан ол дүние жүзіндегі алтыншы орынға ие.

Герман Демократиялық Республикасының экономикасы тез дамып, нығаюуда. Өнеркәсіп өнімі жан басына шаққанда өткен жылы Батыс Германияда 80 маркаға өссе, Герман Демократиялық Республикасында 320 маркаға өсті. Мұнда өнеркәсіп өнімін түгелдей дерлік социалистік сектор береді. Оның халық шаруашылығындағы үлесі 70 процентке тең. Егістік жердің тең жартысы ұйымдасқан түрде өңделеді. Жүздеген деревнялардың шаруалары түгелімен кооперативке тартылды. Елде он мындай ауылшаруашылық кооперативтері бар. Ауылшаруашылық өнімінің 40 процентін социалистік сектор береді.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын социалистік жолмен дамытудың жемісі мол болды. Батыс Германияның бөлінуінен туған экономикалық ауыр жағдай жеңілдеп, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Жан басына негізгі азық-түлік өнімдерін тұтыну жағынан Герман Демократиялық Республикасы Германия Федеративтік Республикасын артта қалдырды. Мысалы, ГДР-дің халқы ұнды, етті, сары майды, тон майды, картопты, қантты, оwoщты, жемісті Батыс Германияның халқынан көбірек тұтынады.

Өнеркәсіп бұйымдарынан ГДР жасанды жүн мен жібек өндіру жағынан алға шықты, аяқ киім тігу, шұлық-ұйық тоқу жағынан ГФР-мен тең түседі. Тұтыну заттары мен азық-түлік өнімдерінің бағасы 1950 жылдан бері 17 рет арзандатылды. Өткен жылдың май айында карточка системасы жойылып, ет, май, қант, сүт бос сатылатын болды. Баға тұрақтандырылып, айына 380 марка жалақы алатындардың ақшасы көбейтілді. Ауылшаруашылық өнімдерін дайындау бағасы тәртіпке келтірілді. Жұмыс күні 7,5 сағатқа дейін қысқартылды.

Халыққа білім беру, оқу-ағарту жұмысы біржола өзгерді. Мектеп жоғары оқу орындары негізінен еңбекші бұқараның балаларын қабылдайды. 90 мың студенттің 60 проценті жұмысшылар мен шаруалардың балалары.

Денсаулық сақтау ісі жеңге қойылды. Курорттар мен демалыс үйлері еңбекшілердің мұқтажын өтейді. Заводтар мен фабрикаларда дәрігерлік пункттер мен поликлиникалар, түнде істейтін санаторийлер ашылды. Селолар мен деревняларда емханалар құрылды. 145 тіс емдейтін кабинет ұйымдастырылды. ГДР-дың ауруханаларында 1000 адамға 11,7 орын болса, ГФР-де небәрі 10,6 орын бар. Онда аптека да аз. Герман Демократиялық Республикасында 10,5 мың адамға бір аптекадан келетін болса, Батыс Германияда 16 мың адамның үлесіне бір аптекадан тиеді. Үш дәрігерлік академия мен алты дәрігерлік факультет жылына екі мыңнан астам студент қабылдайды.

Германия Федеративтік Республикасында жағдай мүлде өзгеше. Мұнда шаруалар үлкен күйзеліске ұшырап отыр. Үкімет оларды қурып-сапып, «жер ауыстыру» саясатын жүргізіп келеді. Ауыл шаруашылығында істейтін жұмысшылардың көрген күні қараң. Олар жетісіне 63,5 сағат жұмыс істейді. Жері 10 гектардан кем болса техника қолданылмайды. Феодалдық тәртіп әлі жойылған жоқ. Шаруа өзінің жерін жыртып, өңдеуге ат не трактор алатын болса, жалдау ақысын төлеу

үшін қожаға жұмыс істейді. Қиындыққа төзе алмаған шаруалар қалаға шұбыруда. Соның салдарынан кейбір общиналарда жердің 70 проценті өңделмей қалады.

Қаладағы жағдай да мәз емес. Жалпы жұмыссыздардың саны 1,4 миллион адамға жетеді. Өткен жылы азық-түліктің бағасы 3,8 процент көтерілді. Пәтер ақы 1,4 процент, жарық пен отын 2,7 процент, үй шаруасына керекті бұйымдар 3,7 процент, киім 5 процент қымбаттады.

Салық жылдан жылға көбейіп, халықтың жанына батып барады. Ол 1950 жылғы 21,6 миллиард маркадан 1958 жылы 50,8 миллиард маркаға жетті. Халықтан тонап алған ақша кекшілдер армиясы—бундесверді жасақтауға жұмсалуда. Оның есесіне елде 60 мың мектеп класы жетпейді. Жоғарғы оқу орындарының есігі жұмысшылар мен шаруалардың балалары үшін жабық. 160 мың студенттің ішінде еңбекші халық балаларының үлесі небәрі 5,8 процент.

Германия Федеративтік Республикасы қырғын соғысқа даярланып жатса, Герман Демократиялық Республикасы халықтың камын ойлап, керегін толық өтеу үшін аянбай еңбек етуде. Бірақ қол жеткен табыс социалистік елді масаттандырып, жайбарақаттыққа сала алмайды. Герман Демократиялық Республикасы ежелден күшті Германия Федеративтік Республикасымен экономикалық жарысқа түсті. Негізгі мақсат—осы айқаста ұту. Азық-түліктің бәріне дерлік түрін жан басына тұтыну жөнінен ГДР Батыс Германияны кәзірдің өзінде басып озды. Ендігі басты мақсат—1961—1962 жылдарға дейін жан басына халық көп тұтынатын аса маңызды өнеркәсіп бұйымдарын өндіру жөнінен Батыс Германияны қуып жетіп, басып озу. Осыған байланысты екінші бесжылдықтың соңғы екі жылының бақылау цифрлары қайта қаралып, халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған жетіжылдық жоспары жасалды. Жетіжылдық 1965 жылы өнеркәсіптің жалпы өнімін 88 процент арттыру мақсатын көздейді. Оның ішінде алдағы үш-төрт жылдың өзінде-ақ былғарыдан 1957 жылғы 16,5 миллион пардың орнына 1961 жылы 23,5 миллион пар аяқ киім тігілмек, жүннен 24,5 миллион шаршы метрдің орнына 48,7 миллион шаршы метр мата, 3,9 миллион шаршы метрдің орнына 6,5 миллион шаршы метр кілем тоқылмақ. 1961 жылы халық 400 мың телевизор, 130 мың тоңазытқыш, 68 мың жеңіл машина сатып алуы керек. 1960 жылы ауыл шаруашылығындағы жұмыстардың 90 проценті механикаландырылады.

Герман Демократиялық Республикасы еңбекшілерінің алға қойған зор міндеттерді орындап шығатыны сөзсіз. Өйткені ол жалғыз емес. Оған бүкіл социалистік лагерьдегі елдер жанжақты көмектесіп келеді. 1957 жылмен салыстырғанда үш-төрт жыл ішінде ГДР Совет Одағынан мұнай мен шойынды 4 еседен артық, мысты — үш еседей, трубалар мен болат прокатын — екі жарым есе, қалайыны — бес еседей, тілінген ағашты — үш есе, целлюлозаны — төрт жарым есе артық алады.

Герман Демократиялық Республикасы барлық социалистік елдермен туысқандық қарым-қатынас орнатты. Әсіресе Совет Одағымен екі арадағы қатынас айтарлықтай. Неміс халқы мен совет халқының бір-біріне сүйіспеншілігі шексіз. Бұл өзара ынтымақ 1955 жылы СССР мен ГДР арасында жасалған договорға негізделген. ГДР ішкі және сыртқы саясат мәселелерін өз бетімен жеке шешетін іргесі тең, тәуелсіз мемлекет.

Тең праволылық және өзара тиімділік принциптері негізінде ГДР барлық елдермен іскерлік байланыс орнатты. Ол социалистік елдер арасындағы өзара көмек кенесінің мүшесі. ГДР 100-ден астам елмен сауда жасайды. Оның сыртқы саудасында Совет Одағы бірінші орын алады. Сыртқа негізінен мынадай товарлар: оптикалық приборлар, автомашиналар, станоктар, музыка аспаптары, химия өнімдері, баспа-

ханаға арналған машиналар және басқалары сатылады. ГДР жылына 50-ден астам халықаралық жәрменке мен көрмеге қатысады.

Герман Демократиялық Республикасының халықаралық беделі жылдан-жылға артып келеді. Оны 12 мемлекет танып, дипломатиялық қатынас орнатты. ГДР-де ондаған елдің сауда өкілдері бар. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымы экономикалық комиссиясының мүшесі. ГДР 80-нен астам халықаралық ұйымның қатарына алынды. Герман Демократиялық Республикасын тану, онымен іскерлік байланыс орнату талабы көп елдерде кезектегі мәселеге айналды. Жуырда Оксфорд университетінде сөз сөйлеген фельдмаршал Монтгомери: «Шығыс герман үкіметі өмір сүріп тұрған кезде оны жоқ деп қимыл жасау ақылға сыймайды» — деді. Осындай пікір көзір жиі айтылып жүр. Оның өкілі Женевада өткен үш ел сыртқы істер министрлерінің кеңесіне ГФР-дің өкілімен бірдей қатысты.

Совет Одағымен, басқа да социалистік елдермен бір бағытта болып, Герман Демократиялық Республикасы дүниежүзілік екінші соғыстың зардабын жойып, бітім договорын тезірек жасасу, елді біріктіріп, Европада бейбітшілік аймағын құру саясатын жүргізіп келеді. Екі неміс мемлекетінің конфедерациясын құру, бір-біріне қарсы соғыс ашпау туралы договор жасасу жайлы ГДР үкіметінің ұсыныстары, міне, осы мақсатқа бағытталған. Неміс жұмысшылары мен шаруаларының тұңғыш үкіметінің сыртқы саясатын прогресшіл адамзат өте жоғары бағалайды.

«Батыс герман милитаристері мен кекшілдерінің халыққа қарсы бағытталған, апатқа ұшырататын саясатына қарсы күресіп жатқан неміс халқының барлық прогресшіл күштерінің тірегі бола отырып, — делінген КПСС Орталық Комитетінің Германия Социалистік біртұтас партиясының V съезіне жолдаған құттықтау телеграммасында, — Герман Демократиялық Республикасы Европада және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту ісіне баға жетпес үлес қосуда».

Дүниежүзілік екінші соғыстың ұшығынан айығып, Германиямен бітім договорын жасауды Н. С. Хрущев жолдас 5 августа баспасөз конференциясында жасаған баяндамасында ең басты мәселе деп әділ айтты. Германия Федеративтік Республикасы агрессияшыл атлантика одағына мүше болып, кекшіл армия құрып жатқанда, жерін атом қаруын қолдануға беріп отырғанда бейбітшілікті сақтау герман мәселесінің негізгі мазмұны болып отыр. Осыған байланысты неміс халқы Н. С. Хрущев жолдастың Америкаға барған достық сапарына үлкен үміт артты. Н. С. Хрущев жолдас пен Эйзенхауэрдің Германиямен бітім договорын жасасу туралы әңгімесінде екі жақтың көзқарасы баяндалды. Берлин мәселесі жөнінде оны шешуге тікелей қатысы бар елдердің ризалығымен келіссөздерді қайта бастау туралы келісілді.

Бірақ неміс халқы Германияның біртұтас бейбітшіл демократиялық мемлекет болып қайта қосылуы оңай мәселе емес екенін, ол үшін көп уақыт керек екенін жақсы түсінеді. Бұл жөнінде Германия Социалистік біртұтас партиясының Орталық Комитеті Саяси Бюросының ГДР-дің 10 жылдығына арналған тезистерінде былай делінген: «ГДР-да социализм жеңіп, Батыс Германиядағы милитаризм жойылмай тұрып, Германияның қайта бірігіп, ұлттық қайта тууы мүмкін емес».

Ер жетіп, кемеліне келген Герман Демократиялық Республикасы Европаның бел ортасында, капиталистік система мен социалистік системаның түйіскен жерінде бейбітшілік пен социализмнің күзетінде тұр. Қазақстан еңбекшілері бүкіл совет халқымен бірге неміс халқының табыстан табысқа жетуіне шын жүректен туысқандық тілек білдіреді.

М. ФАЗЫЛОВ.

## Сәбит Мұқановтың Қытай туралы очерктері

Таяуда ғана 650 миллион қытай халқы өзінің ұлттық мерекесін— Қытай Халық Республикасының құрылғанына он жыл толу күнін асқан қуанышпен, салтанатпен атап өтті. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Қытай халық революциясының жеңісі адамзат тарихындағы зор оқиға болды. Өзінің туысқан коммунистік партиясының басшылығымен ұлы қытай халқы іріп-шіріген ескі қоғамдық құрылысты қиратып, жұмысшылар мен шаруалардың қуатты социалистік мемлекетін орнатты.

Бұдан 105 жыл бұрын Шоқан Уәлиханов: «Қытай кәзір тұнумен асылын түбіне жинаумен келеді. Бір кезде бұл ұлы мұхит толқиды, өзінің кім екенін сонда көрсетеді» деп жазған екен. Сол кектің тұнған мұхит толқыны 1949 жылы серпілді. Сол жылы Коммунистік партия бастаған қытай халқы жеңіске жетті. Елде азаттық таңы атып, шұғыла шашты.

Билікті халық өкіметі өз қолына алып, Қытай Халық Республикасы болып жарияланғаннан бері өткен он жыл ішінде ұлы халықтың қолы жеткен орасан зор табыстары бар. Бұған барша совет адамдарымен бірге қазақ халқы да шексіз қуанады. Социалистік қоғам орнатып жатқан ұлы Қытай республикасының қуатты қадамы туралы, замана шындығын көрсететін, еңбекші халықтың кәзіргі қажырлы күресін, жана адамдардың жанқияр ерлігін суреттейтін Мао Дунь, Го Мо-жо сияқты ұлылы-кішілі жазушылардың шығармаларымен қазақ оқушылары бұрыннан да таныс еді. Енді міне, қазақ оқушыларының Қытай жөніндегі бұрынғы ұғымдары қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі жазушы Сәбит Мұқановтың «Алыптың адымдары»<sup>1</sup> атты кітабын оқығанда бұрынғыдан да молая түседі.

Совет жазушылары делегациясы құрамында 1956 жылдың жазында Қытай Халық Республикасына барып қайтқан С. Мұқанов қытай халқының өмірінен өз көзімен көріп білген, көкейіне түйген көп жайларынан жазылған жол-жөнекей очерктерін екшеп, кітап етіп бастырды. Автор бұл кітабында бергі шеті көсіліп жатқан кер далалы Гоби шөлінен бастап, шың-шатқалдары шаншыла шырқап аспанға өрлеген Памир мен Тяньшаньға дейінгі ұлан-байтақ Қытай жерін аралағанда өзі көрген қытай (хансу) халқының ерен ерлігін паш етеді. Жазушы «Коммунист—коммунизм құрылысын бастаушы адам. Осы іске белсене қатынасып жүрген оның түпкі арманы—коммунизм бағының жер шарында түгел гүлдеп, түгел жемістеуі» (7-бет) десе, сол коммунизм бағының келешек гүл ашып жайқалар жерінің бірі Қытай Халық Республикасы болмақ. Қытай Халық Республикасын алпыс күн аралаған сапарында автор бұрынғы көз талып, көңілсіз күй шертетін сағымды даланың жабырқаңқы кейпінің, ағаш омашпен жер жыртатын бейнетқор қытай шаруасының күнкөріс қалпының, гоминдан тұсында ошарылған шаруашылық сыйқының түбірінен өзгергенін жазады.

<sup>1</sup> С. Мұқанов, «Алыптың адымдары», Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1959 жыл, 363-бет. Бағасы 6 сом 80 тиын.

Халық өкіметі орнағанға дейінгі Қытайда 500 миллион халық бар деп саналған болса, оның тең жартысы жұмыссыз еді, ал 200 мыңға жуығы рикшалық қызмет атқарған. Халықтық өкімет ең алдымен жұмыссыздықты жою шараларын жүзеге асырды. Бірақ бұл іс ел билеу тізгінін жаңа ғана қолға ала бастаған Қытай үкіметіне оңайға түспеді. Оның үстіне халықтық өкімет тұсында тұрмыс күйі, әл-ауқаты жақсара бастаған елдің жыл сайынғы өсімі де көбейе берді. Мысалы, тек 1955 жылы ғана дүниеге 23 миллион жас нәресте келген. Осынша халқы бар ұлы мемлекетті ескі мешеулік қалыптан социалистік жолға салу Қытай Компартиясы үшін үлкен іскерлікті, білімдарлықты қажет еткені мәлім.

Автор өмірдің өшпес шам-шырағы болған марксизм-ленинизм ілімімен қаруланған, халықтың айнымас адал басшысы Қытай Компартиясының елде тұңғыш рет социалистік қоғам орнату үшін алғашқы адымды халық тұрмысын жақсартудан бастағанын жазады.

Академик-жазушы салған жерден өз оқушысын қызықтыра, інкәрдандыра жөнеледі. Оқушы «енді не болар екен, еңбекші елдің тағы да нендей ғажайып өнері бар екен» деп ынтығып отырады. С. Мұқанов көрген-білгендерін жүйелі баяндаумен бірге оқушыны бірте-бірте Қытайдың көне тарихымен де орағыта таныстырып, өзімен ілестіре, кешегі революцияның дауылды жылдарын да елестете, бүгінгі жаңа өмірдің ортасына әкеледі, оқушы алдына социалистік Қытайдың жаңа белес, жарқын болашағын жайып салады.

Кітабының өнбойында әрқилы, мол деректерді қамтыған автор әрдайым тарихи фактілерге сүйеніп отырады. Тарихи жәйттер баяндау кезінде жүдеп, қораштанып кетпей, оқушыға ой тастарлық көркем дәрежеде жазушының зейін қоя, зер сала түйіндегендерімен қабысып жатады. С. Мұқанов кітабының негізгі арқауы—қытай халқының бастан кешкендері. Оның өткені мен бүгінгі, болашағы. Бір кезде әлемге әйгілі ұзын тұрқы 6 мың километр Қытай қорғаны миллиондаған құлдар мындаған күн қолдан соққанда жаулап алушыларға төтеп бере алмаған болса, енді социалистік Қытайды ешуақытта да ешбір жауға алдырмайтын берік қамал—ленинизм қамалы бар халық екенін, оны ешқандай коқан-лоққымен ешкім қорқытпақ емес екенін сүйсіне жазады автор.

Жазушы бүгінгі Қытайдағы социализм орнату ісіне құлшына кіріскен еңбекшілердің тіршілігінен айқын аңғарған жаңа қасиет, жаңа сезімдерді шынайы пейіл, жақсы ниетпен жазады. Ел билігі өз қолына тиген халық кәзір еңбек қызығына құныққан. Ұзақ жылдар бойына созылған қанау салдарынан мәдениеті, экономикасы тоқырап қалғанын сезген еңбекшілер бүгінгі күннің үлес сыбағасын барынша қарпып қалу жабдығында.

Еңбексіз жүру ежелден сүйегіне сіңіп көрмеген қытай халқы әрдайым өз ісіне ұқыпты, тиянақты қарайды. Сол қасиетіне баққан олар социализм мүлкінің де мінсіз болуын қалайды. Ел болып, ұлт санатына енгелі қанша қиыншылық, жоқшылық көрсе де, қарапайым халық ешуақытта ұрлық-қарлықты білмеген. Оның есесіне ерінбей еңбек ете берген. Міне осылардың бәрі жазушы назарынан қалт қалмайды. Қайта «сан жыл сарылып, еңбек сіңіргендіктен сапасы жоғары жасалған, шеберлігіне адам қайран қаларлық кереметтерде қисап жоқ» (76-бет) дейді автор.

Тарихта талай жаналықты ойлап тапқан қытайлықтардың іскерлікпен жасалған жиһаз өнерлері көп. Солардың қатарында химиялық құрамы әлі анықталмаған неше ғасырлар бойы жауын-шашынға, жел-борандарға онып, түсін жоғалтпаған сыр-өрнектер бар. Автор қытай еңбекшілерінің көп еңбек сіңіріп жасаған ата мұрасы, асыл заттарын қадірлей де білетінін еске салады. Адам басы азапқа түскен Чан Кайши билеген шақта, жасауына екі-үш ұрпақтың жүз жылға таяу уақыты кеткен, пәлдің азу тісінен ойылған тоғыз қабат үйдің мүсінін шетелге

алтынға сатылған жерінен музей қызметкерлері жасырып қалады. Мұны білген Чан Кай-ши жендеттері мүсінді тауып бермегені үшін табанда бірнешеуінің басын кеседі. 1949 жылы халық өкіметі орнағаннан соң музейдің тірі қалған қызметкерлері оны мемлекетке қайырады. Қадірлейтін ұлттық мүлкін, өз өнерін қымбат көретін қытай дәстүрі кітапта осылай суреттеледі.

Жазушы бейнелеген Сайрам өлкесіндегі «Мың үйдің» тарихы да қызық. Биіктігі 200 метрге жететін, ұзындығы үш километрдей табиғи қымбат тасты жарқабақтан ойып жасалған «мың үй»—архитектуралық жағынан сәулет өнерінде теңдесі жоқ, аса бір ғажап мұра екен. Бірінен бірі өткен, бояу-нақысы сан алуан мыңнан асатын осы үйлер азаттыққа дейін бұзыла бастаған екен. Тіпті оның біреуін ағылшындар түгелімен ойып алып, ХІХ ғасырда Лондондағы Британия музейіне апарып қойыпты. Қазір қытай халқының бұл қымбат ескерткіші мемлекет қарауында.

Қазіргі кезде өз халқына шексіз берілген, коммунистік идеямен шынайы суарылған жаңа ұрпақ-жас жалқын социалистік қоғам орнату үшін жаппай ат салысуда.

1954 жылы асау да долы Янцзы өзенінің тасу мезгілі төніп, Ухань қаласының жойылып кету, адамдарының опат болу қаупі төнгенде халық өкіметі бұрын-соңды болмаған шапшаңдықпен өзенді бұғаулап тежеген. Осыны суреттеген автор аз ғана күннің ішінде тентек өзеннің қаһарлы ашуын басып, бөгет жасау үшін айналасы 25 мың адамның жұмыс істегенін мысалға келтіреді. Ажалды қауіппен алысқан құрылысшылар бекініс бойын 31 метрге жеткізеді, су 30 метрден асып тоқтайды. Осы қорғаныс кезіндегі көзге түскен жеке адамдар қайраты мен халық ерлігі ел аузында аңыз боп кетті. Үкімет қорғаныс кезіндегі ерекше ерлігі үшін 15 адамға «Еңбек озаты» деген құрметті атақ береді. С. Мұқанов соның айрықша екеуіне тоқталып өтеді.

Соның бірі 18 жасар Ли Ю-цзин дейтін қыз, Янцзы өзені арнасынан асып, бекініске тірелген шақта жақын маңдағы балалар бақшасындағы тәрбиеші Ли Ю-цзин судың жол тауып, сімірлеп жарып келе жатқанын көреді. Суды дереу тоқтату қамына кіріскен ол қасындағы серік қызын шақырып, ұйқыдағы балаларды үй төбесіне шығаруды өтінеді, өзі де көмектеседі. Бұлардан өзге жақын маңда кісі болмайды. Барған сайын көбейген су бекіністі бұза бастағанда тесікті бітер еш нәрсе таппаған батыл қыз Ли Ю-цзин өз денесімен су жолын тығындайды. Ли Ю-цзиннің жанталасқан серігі барлық баланы үй төбесіне түгел шығарып бола бергенде жиналған су Ли Ю-цзинді атып тастап, лақылдай жөнеледі. Енді бір сәтте үй төбесіне жеткен су балаларды қаптай бастағанда батыр қыз суда жүзе жүріп, балаларды тегіс бекініс басына тасиды. Міне осы ерлігі үшін үкімет оған ең жоғары—«Еңбек озаты» деген құрметті атақ береді.

Жаналық атаулыға жаны құмар жазушы жаңа Қытайды аралай жүріп, алған әсерлерін парасатты түрде баяндайды. Қайда барса да совет елінің өкіліне сезімтал, ізгі достар сыйлау қаде-қауметін көрсетеді. Сырын бүкпей ортаға салады. Жазушы қай өлкеде болмасын социализм елінің үлкен өмір арнасын көреді. Совет Одағының көңілінде қаяуы жоқ, риясыз достық көмегі, ынтымақты қамқорлығына сүйеніп, бел алып, белеске шығып отырған ақпейіл достар құшағында жүреді.

Көңілді өткен көп кештердің бірінде совет жазушылар делегациясы мүшелеріне ақын әйел Тянь Юнь-вэнь қазақ әні «Дударайды» шырқап береді. Екі ұлы елдің арасындағы достықтың шегі жоқ. Шын достықтың әруақытта бойға тәтті ләззәт құйып, жанға рақат себетініндей, бұл кеш те аса бір жылы шырайда өтеді. Тянь Юнь-вэньнің қазақ әнін күмістей сылдыраған таза да нәзік даусымен салғаны жазушы жанын

қытықтап, достықтың ең бір нәзік сезімдерін қозғаса керек. Сондықтан да автор «қалың қытай ішінде... ешбір қазақ тұрмайтын жерде... қытай әйелінің өз тілінде қазақ әнін айнытпай орындауына жаным иіп кетті де, қытайлардан кешірім сұрап, Тянь Юнь-вэньді бауырыма баса құшақтап, құшырлана маңдайынан сүйіп-сүйіп алдым» дейді (83-бет).

Азаттыққа дейін Қытайдағы қырықтан астам ұлттың ана тілінде мектебі, ұлттық баспасөзі болмаған болса, кәзір социалистік Қытайда өмір сүретін сол ұлттардың мәдениеті күн санап өркендеп келеді. Қытай мемлекетіндегі ең аз ұлттар саналатын «и», «яо», «қа луң-соң» халықтарының өкілдері Пекиндегі аз Ұлттар институтында оқып жатыр.

Бұдан жүз жыл шамасы бұрын ағылшындар басып алып, еріккеннен ермек іздеп, тауда өмір сүруші «са-ни» атты халықты атып қырып жіберген. Ал оның тірі қалғандары тау шатқалдарында жүріп күнелткен. Міне енді сол халықтың кәзір «Ахи-Асьма» сияқты тамаша операсы бар.

Кітаптың соңғы тарауы «Шыңжан» деп аталады. Жазушының бұл тарауда әсіресе көп көңіл бөлгені Шыңжан өлкесін мекендеуші халықтардың дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ойын-сауықтары, олардың бүгінгі бақытты өмірі.

С. Мұқановтың бүгінгі Қытай Халық Республикасының шындығын суреттейтін бұл кітабы қазақ оқушысына жақсы сыйлық. Жазушы кітаптың өнбойында социалистік Қытайдың жаңа тұрмысын тапқырлықпен түсіндіріп отырады. Автордың жылы лебізді юморы, зілсіз әзіл-оспағы да оқушыға әсерлі. Очерктердегі табиғат көріністері келісті де көркем суреттелетін жерлері де қызыға оқылады. Мысалы, жазушы Сайрам көлін былай суреттейді: «Сәнді киінген сұлу келіншектей мөлдіреп, бетіндегі әлсіз толқынның әр тамшысы батысқа еңкейген күннің сәулесіне алтын балықтай шағылысып, шалп-шұлт, жарқ-жұрқ ойнаған көлдің өзінің де, мұнарта маужыраған төңірегінің де көркіне қайран қалған біз, машинаны жарқабақта тоқтаттық та өзіміз домалай төменге түсіп, жүгіріп көл жағасына келдік. Жағасы құм-қайран екен. Желсіз тымық ауада әлденеге ақырын ғана қозғалған су, жұқа ғана ирелеңдеп, көл шетінде көбікпен көмкерілген сарғылт құмға шылп етеді де кейінгі иректердің астына сүңгіп, кері кетеді. Жеңіл қимылды судың мөлдірлігі көздің жасындай, шетінен қараған кісі күс тандайланған түбін алысқа дейін айқын көреді» (338-бет).

Сәкеннің бұл кітабында бірсыпыра жаңа деректер де бар. Солардың бірі Шоқанның Қашқарияда болуы жайлы (бірақ жазушы Шоқан жайлы деректерін көп айтпайды, сірә оны болашақ романына қалдырса керек), екіншісі өзбек әдебиеті классиктерінің бірі Фуркаттың (1858—1909) Яркенд қаласындағы сақталған мазары туралы, үшіншісі «Әсеттей сал, ән салсаң» деп басталатын, қазақ арасына кең тараған тамаша әннің авторы ақын Әсет Наймантайұлы турасында.

Сәбит Мұқанов Қытай Халық Республикасында болған саяхат сапарынан жазған бұл кітабында социализм орнатып жатқан ұлы қытай халқының шынайы бейнесін, олардың алып адымын дастандай жыр етеді. Сол жыр дастанды Қытай Компартиясының айбынды ұраны «Бай Хуа Цифан» («сен социализмге өз бойыңдағы бар қасиетпен, яғни өз қолыңнан келетін іспен пайда келтір; осы істе іркіп қалатын ештеңені болмасын, яғни бойыңда барша гүлдеп, даусың жеткенше сайра!») — деп түйіндейді.

Жақсы шығарма—әруақытта оқушы қуанышы. Сондықтан да бұл жаңа туындыны он жылдығын салтанатпен мерекелеп өткізген қытай халқына ғұлама жазушының тойға тартқан байғазысы дейді оқушы жұртшылық.

Ш. ЕСМҰРЗАЕВ.

## Насихатшыларды тәрбиелеу тәжірибесінен

Республика партия ұйымдары соңғы жылдары насихат жұмысының көптеген тәжірибелеріне ие болды. Қазақ мемлекет баспасы жуықта басып шығарған Қ. Байқожин жолдастың «Насихатшыларды тәрбиелеу тәжірибесінен» деген кітапшасы насихат жұмысының осындай тәжірибесінен бірсыпыра мағлұмат береді. Кітапшаның авторы—Қазақстан Компартиясы Семей облыстық комитетінің секретары.

Бұл кітапшада коммунистердің және барлық кадрлардың теориялық, идеялық дәрежесін арттыруда, насихат жұмысын жергілікті өмірмен, коммунистік құрылыстың практикасымен үнемі байланыстыра жүргізуде Семей облысы партия ұйымдарының едәуір жұмыс істегені атап көрсетілген.

Партияның XX съезінен кейін,—деп жазады автор,—партия қолданған шаралардың арқасында партиялық насихаттың теориялық дәрежесі артты, оның өмірмен, коммунистік құрылыстың практикасымен байланысы күшейді. Бір сарындылық, жаттампаздық партиялық насихаттан жылдан жылға ада болуда.

Бұл пікірді дәлелдейтін мысалдар кітапшадан табылады. Насихат жұмысын жолға қою, оның мазмұнын жақсарту бәрінен бұрын насихатшы кадрларына, олардың біліміне, қабілетіне, тәжірибесіне байланысты. Сондықтан насихатшыларды іріктеп алу, олардың білімін, әдістерін жетілдіру, сөйтіп бүкіл насихат жұмысының мазмұнын арттыру жөніндегі тәжірибені тарату мәселелеріне кітапшада көп орын берілген.

Автор партиямыздың жалынды сөзін қалың бұқараға жеткізе білетін, біліміне тәжірибесі сай интеллигенция өкілдерінің, партия, совет шаруашылық қызметкерлерінің өсіп жетілгенін еске салады.

ҚПСС XX съезінен кейін жергілікті партия ұйымдарының насихатшылар құрамын қайта қарап, олардың қатарын білімді, іскер адамдармен толықтыруы арқасында партия оқуы жүйелерінде сабақтың дәрежесі арта түскен. Егер облыста 1955—1956 оқу жылында 825 насихатшының тек үштен біріне жуығының жоғары және ортадан жоғары білімі болса, 1957—1958 оқу жылында 1187 насихатшының 65 проценті жоғары және ортадан жоғары білімі барлар болды.

Партия ұйымдарының насихатшыларға көмектесу тәжірибесі де кітапшада сөз болады. Облыстық партия комитеті кадрлардың экономикалық білім алуына, өмірді терең зерттеуіне қамқорлық жасап отырады. Соңғы жылдары Семей облысында саяси және нақты экономиканы оқып үйренуге тілек білдірушілер көбейе бастаған. Өткен оқу жылында саяси экономия жөнінен 56, өнеркәсіп экономикасынан 54, ауыл шаруашылығы экономикасынан 102 үйірме мен семинар және 17 экономикалық мектеп жұмыс істеген. Соған байланысты оқудың бұл түріндегі үйірме мен семинар жетекшілеріне тыңғылықты көмек көрсетілген.

Соңғы төрт жыл ішінде облыстық партия комитетінің жанындағы бір айлық курстан өткен 839 насихатшының 378-і саяси экономия жөніндегі, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының нақты экономикасы жөніндегі үйірмелер мен семинарлардың жетекшілері.

Курстың сабағы белгілі программа бойынша жүргізілген. Онда лекция оқуға, семинар сабақтарын жүргізуге таңдаулы лекторлар, жоғары оқу орындарының оқытушылары тартылған. Биыл насихатшылардың курсында 12 ғылым кандидаты, институттардың 6 аға оқытушысы, басшы партия, совет қызметкерлері лекция оқыған. Солардың ішінде ғылым кандидаттары Клочков, Жоламанов, Бутлер жолдастар оқыған лекциялардың мазмұны терең, көпшілікке түсінікті, тартымды болғанын автор мысалға келтіреді. Семинар сабақтарын ұйымдастырудың жолдары мен әдістері жетіле түскенін де Қ. Байқожин нақты фактілермен атап отырады. Семинар жетекшілері сабақ үстінде тыңдау



шылардың әңгімеге белсене қатысуына баса назар аударып, теориялық мәселелерге жақсы талдау жасайды, сонымен қоса әркімнің өз тәжірибесін ортаға салуын естен шығармайды. Автор бұл жөнінде көптеген мысалдар келтірген.

Кітапшада аудандық, қалалық партия комитеттері жанындағы тұрақты семинарлардың жұмысына талдау жасалған. Атап қетерлік бір жай, насихатшылар өз кәсіпорнының экономикасын жақсы білуі үшін тұрақты семинарлар ірі кәсіпорындардың партия ұйымдары жанынан ұйымдастырылған. Бұл семинарларда әралуан тақырыпта лекциялар оқылады. Насихатшылар жергілікті материалдармен толық қамтамасыз етіліп, олардың өткізген сабағы өмірмен ұштасып жатады. Бұл жөнінде әсіресе Семей қалалық, Аякөз, Новошұльба аудандық партия комитеттері едәуір тәжірибеге кенелген.

Қ. Байқожин жолдас семинар сабақтарының кемшіліктерін де жасырмайды. Мысалы, Шар, Абай аудандық партия комитеттерінің тұрақты семинарлар жұмысына басшылық, көмегі жеткіліксіз.

Облыстық, аудандық, қалалық партия комитеттерінің қызметкерлері үйірмелердің сабағына үнемі қатысып, насихатшыларға көмек көрсетеді, жақсы тәжірибені жинақтайды, кемшіліктердің бетін ашады, оларды түзетуге ат салысады. Кітапшада сабақты өмірмен ұштастыра жүргізетін насихатшылардың тәжірибесі, сол сияқты сабақты қызықты, тартымды өткізуге талаптанбайтын кейбір насихатшылардың кемшілігі саралап айтылған.

Айталық, кітапшада Көкпекті ауданынан КПСС тарихын үйрену жөніндегі үйірменің насихатшысы Демченконың өнеге аларлық әдісінен мысалдар бар. Автор бірде Семейдің Володарский атындағы тігін фабрикасының партия ұйымы жанындағы КПСС тарихын оқып үйрену үйірмесінің насихатшысы Митрофанова жолдасты ауызға алады. Митрофанова жолдас әрбір сабаққа жақсы әзірленеді, теориялық мәселелерді коллектив алдында тұрған міндеттермен байланыстыра біледі, көрнекі құралдарды жақсы пайдаланады. Сондықтан оның өткізген сабақтары қызықты, әсерлі болады. Бірақ осы насихатшының жұмысында мынадай бір кемшілік аңғарылды. Өткен тақырыптарға әңгіме жөнді өткізілмейді, әрі оған тындаушылар тегіс қатыспайды.

«Насихатшыға көмектесу мақсатымен,—дейді Қ. Байқожин жолдас,—бұл үйірменің сабағына облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің қызметкерлері қатысып жүрді. Олар насихатшының сабақ өткізудегі кемшілігінің себебін зерттеді. Кемшіліктің негізгі себебі насихатшының әңгіме өткізу әдісін жеткіліксіз меңгергендігінде екені анықталды. Әңгіме өткізгенде ол сұраққа жауап берген жеке жолдастармен ғана болып, басқа тындаушыларды айтысқа тарта алмағаны байқалды» (26-бет).

Биылғы оқу жылында КПСС тарихын үйренетін үйірме саны көбейіп отыр, өткен жылғы 244 үйірменің орнына 344 үйірме жұмыс істейді, ал тындаушылар саны екі есе артады. Кадрлардың едәуір бөлегі марксизм-ленинизм кешкі университетінде, экономикалық мектептер мен семинарларда оқиды және нақты экономиканы үйренеді. Сонымен қатар Семей облысында өздігінен оқып, теориялық білімін көтеретін кадрларға ерекше қамқорлық жасалады.

Партия оқуы жүйелерінде сабақтардың КПСС ХХІ съезі алға қойған манызды міндеттерге байланыстырыла жүргізілетіні кітапшада әдейі атап көрсетілген.

Қорыта айтқанда, Қ. Байқожин жолдастың бұл кітапшасынан жергілікті партия қызметкерлері насихат жұмысының бірқатар тәжірибесімен, әдісімен танысады, насихатшы кадрларды тәрбиелеу жайын біледі.

Г. ШЕҢГЕЛОВ.

## Қазақ ССР Конституциясы туралы кітапша

Биыл Қазақ мемлекет баспасы шығарған «Қазақ ССР Конституциясы туралы» (авторы С. Құлбаев) деген кітапша—Қазақ ССР Конституциясының қалай қабылданғанын және оның тарихын зерттеуде алғашқы қадам.

Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасының одақтық республика болып құрылуы республика еңбекшілерінің өміріндегі саяси мәні зор оқиға болды, мұның өзі қазақ халқының ұлы орыс халқымен және еліміздің басқа да халықтарымен туысқандық достығын бұрынғыдан да нығайта түсті. Автордың дұрыс көрсеткеніндей, Қазақ ССР Конституциясын қабылдауға республика еңбекшілерінің белсене қатысуы бұған айқын мысал бола алады. 1937 жылы жарияланған Қазақ ССР Конституциясының жобасын жұртшылық кеңінен талқылады.

Советтердің Бүкілқазақстандық төтенше X съезі 1937 жылғы 26 мартта Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Конституциясын (Негізгі Заңын) бекітті. Қазақ ССР Конституциясын қабылдау совет мемлекетінің демократиялық принциптеріне негізделді.

Сол сияқты С. Құлбаев жолдастың еңбегінде Қазақстанның партия, совет, қоғам ұйымдарының Қазақ ССР Конституциясын қабылдауға әзірлік жұмыстары талданады. Кітапшада біздің Конституцияның буржуазиялық елдердің конституцияларынан негізгі артықшылықтары жанжақты баяндалады. Советтік сайлау системасының буржуазиялық елдердің сайлау системасынан түбірлі айырмашылығын да автор бір жөн тәуір жазады.

Кітапшада Қазақ ССР Конституциясының мазмұнына толық талдау берілген. Автор архив материалдарына сүйене отырып, СССР-дің 1936 жылғы Конституциясы мен Қазақ ССР-інің 1937 жылғы Конституциясы біздің елімізде социализмнің тамаша жеңісі нәтижесінде қабылданғанын мақтаныш сезімімен атап өтеді.

Кітапшаның соңғы тарауында республика Жоғарғы Советінің тұңғыш сайлауында коммунистер мен партияда жоқтар блогінің жеңіп шығуы сөз болады. Осы тараудан Қазақ ССР Жоғарғы Советінің тұңғыш шақырылған бірінші сессиясының жұмысы туралы, онда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Халық Комиссарлары Советінің сайланғанын және басқа маңызды мәселелердің талқыланғанын оқимыз.

С. Құлбаев жолдастың кітапшасында кейбір кемшіліктер байқалады. Автор Қазақ ССР Конституциясының тарихын ғана айтып қоймай, сонымен бірге республикамыздың соңғы кездегі дамуы мен өзгерістеріне де тоқталуы керек еді. Олай дейтініміз, Қазақ ССР Конституциясы қабылданғаннан бергі дәуір ішінде Қазақстанда елеулі-елеулі өзгерістер болды, демек, біздің Конституциямыздың көптеген статьясына толықтырулар, түзетулер енгізілді.

С. Құлбаев жолдастың 1918 жылғы РСФСР Конституциясы туралы мәселені сөз ете отырып, «Россия халықтары праволарының Декларациясы» мен «Еңбекші және қаналушы халықтар праволары Декларациясының» маңызына тоқталмауы дұрыс болмаған.

Сол сияқты кітапшада біздің мемлекетіміздің соңғы жылдардағы заңдары туралы да айтқан мақұл еді. Мысалы, одақтас республикалардың праволарын кеңейту туралы мәселе Конституцияға тікелей қатысы бар мәселе болғандықтан, мұны айта кеткен орынды болар еді.

Жалпы алғанда «Қазақ ССР Конституциясы туралы» деген кітапшаның қалып оқушы жұртшылыққа пайдасы мол.

**С. ДОСЫМБЕКОВ,**  
заң ғылымының кандидаты.

## Тиянақты желі, байсалды сын жоқ

Тың және тыңайған жерді игеру арқасында Ақмола облысы астықты өлкеге айналды. Бес жылдың ішінде облыста 4 миллион гектардан аса жаңа жер игерілді. 78 жаңа совхоз — шын мәнісіндегі астық фабрикалары. Осы уақыттың ішінде астықтың жалпы түсімі 7 есе көбейді. 1958 жылы облыс Отан қоймасына 221,1 миллион пұт астық құйып, Ленин орденімен наградталды.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы күресте Ақмола облыстық «Есіл правдасы» газетінің де белгілі роль атқарғанында күмән жоқ.

Кәзір облыс еңбекшілері жетіжылдықтың алғашқы жылының жоспарын абыроймен орындау үшін қажырлы күрес жүргізуде. Әсіресе егін даласында еңбек қыза түскен. Облыс биыл Отан қоймасына кемінде 180 миллион пұт астық құюға серт берді. Ақмолалықтар бұл міндеттемесін еңсеріп те тастады. Осы нысанға жету жолындағы күресте қол жеткен елеулі табыстар бар.

Бірақ соған қарамастан облыстық «Есіл правдасы» газеті егін жинау мен астық дайындау науқанын нашар жазып отыр, оның облыс партия ұйымына беріп отырған көмегі айта қаларлықтай деуге болмайды. Рас, газетте ауыл шаруашылығы тақырыбына жазылған материалдар көп. Егін жинау мен астық дайындау жөніндегі материалдар да аз емес. Бірақ солардың сапасы, дәрежесі қандай, көздеген нысансына дәл тие ме?

Міне, 1 августтағы номер. Бұл облыста егін орағының қауырт жүріп жатқан кезінде шыққан номердің бірі. Номерде «Егін орағына әзірлікті жедел аяқтайық!» деген үш бағаналық бөлім бар. Бірақ әңгіме шапкада емес, газеттегі материалдарда ғой. Осы бөлімнің негізгі материалы «Макин ауданында жайбарақаттық басым» деп аталады. Корреспонденция Аманкелді атындағы колхозда егін жинауға әзірліктің нашар екенін көрсететін цифрлар мен фактілердің тізбегінен басталады да, орта шенінде бір колхоз бен РТС-тің арасындағы дауға төрелік айтылады; одан кейін Макин қабылдау пунктінде қанша астық қоймасының, қанша астық кептіргіш пен элеватор мұнарасының жөнделмей жатқаны ауызға алынады. Алайда осы кемшіліктердің бірдебірінің сыры ашылмайды, оларды жоюдың жолдары көрсетілмейді. Оның есесіне «қарқынсыз да мардымсыз», «сапасыз да берекесіз» деген сөз тіркестерінен аяқ алып жүру қиын. Ақырында келіп, автор өзінің корреспонденциясын: «Сөйтіп егін жинауға жан-жақты әзірлікпен кіріскен жөн» деп аяқтайды.

Жөні — жөн-ау. Бірақ сол жұмысты қалай ұйымдастыру керек, қайткенде егін орағына жан-жақты әзірленуге болады? Міне, бұл сұрақтарға газет ешбір жауап бермейді.

2 және 4 август күндері газет егін жинау мен астық дайындауға әзірлік жөнінде жұмған аузын ашқан жоқ деуге болады. Бұл мәселеге редакция тек 5 августа барып оралды. Бірінші бетке тұтас «Егін жинауға техниканы да, кадрларды да толық әзірлейік!» деген аңпағ берілген.

Газет «Курский», «Заря», Шортанды, Кеңбидайық совхоздарында егін жинауға әзірліктің жақсы екенін хабарлайды да, фактілер мен цифрларды тізбектеудің қызығына түсіп, озаттардың тәжірибесін көрсетуді ұмытып кетеді. Басмақала «Партия ұйымдарының айбынды міндеттері» деп аталғанымен, сылдыр сөз, цифрлар мен адам аттарының тізбегі болып шыққан. Алғашқы үш абзац — кіріспе, сонан кейін «алдыңғы қатарлы партия ұйымдары» тізбектеліп, «Новосельск» совхозының шаруашылықты өркендетудегі көрсеткіштері айтылады да, осының бәрі партиялық-ұйымдастыру және саяси-көпшілік жұмыстарының нәтижесі делінеді. «Сол сияқты, — деп жазады газет, — Атбасар ауданының Карл Маркс атындағы колхоз партия ұйымы (секретары Литвинов жолдас) егін орағына мұқият дайындық жасауда». Содан кейін «егін жинауға дайындық жұмыстарын қамтамасыз етпей отырған» оншақты партия ұйымының аты аталады. Бас мақаланың соңғы бөлегінде газет: «Егін жинау — ауыл шаруашылығындағы аса маңызды, өте күрделі, жауапты жұмыс болып табылатынын» ескерте келіп, «социалистік жарысты өрістетудің шараларын кәзірден бастап қолға алған жөн... Барлық ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстарын жетілдіре отырып, егін жинауға дайындықты үлгілі аяқтау және оны ұйымдасқан түрде өткізу партия ұйымының айбынды міндеттері болып табылады» — деп аяқтайды.

Біз бұл бас мақаланы әдейі талдадық. Өйткені ол егін орағына әзірлік және оны өткізу жұмыстарының нағыз өларасында жазылған еді. Оның мақсаты — егін жинау мен астық дайындауға әзірліктің қорытындыларын шығарып, жұмыстың барысына талдау жасау, облыс партия ұйымдарының астық үшін күрестегі міндеттерін айқын көрсетіп беру болатын. Бірақ бас мақала өзінің бұл міндетін орындай алмады, жалпылама сөз бен үйреншікті ескі қалыптан ұзап шықпады.

Газеттің бұдан кейінгі номерлерінде облыста егін жинау мен астық дайындауға әзірліктің анық жайын көрсететін бірде-бір материал жарияланған жоқ. Егін орағына әзірліктің жайын білмеген оның оқушылары бұл жұмыстың қашан басталғанын да білмей қалды. 14 августа газет «Мемлекетке астық тапсыру жоспарын 10 сентябрьге дейін орындайық!» деген ұран көтерді, «150 гектар қара бидай орылды», «Алғашқы табыстар», «Екі күнде 90 гектар» деген хабарлар басып, облыста егін орағының жаппай басталғанын білдірді.

Реті келгенде айта кететін бір жай мынау. Біз «Есіл правдасының» егін жинау мен астық дайындау мәселелеріне арналған бұдан кейінгі бас мақалаларын да түгелдей оқып шықтық (августың екінші жартысы мен сентябрьдің алғашқы жартысы). Неліктен екені белгісіз, олар егіз қозыдай бірінен бірі айнымайды. «Егін орағы кешеуілдетуді көтермейді, мезгілінде жинап алсаң — ұтқанын, егін жинауда кешіксең — ұтылғанын» деген сөздер солардың көбінен кездеседі. Әдетте, бас мақала бірер абзац кіріспемен басталып, онан соң екі-үш «озат шаруашылықтың», сонан кейін екі-үш «артта қалған шаруашылықтың» аттары аталады, он шақты цифр мен екі-үш фамилия келтірілгеннен кейін партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының алдына міндеттер қоюмен аяқталады.

Соңғы кезде редакция облыста егін жинау мен астық дайындау қарқынының баяу екенін мойындай бастады. Мұндай пікірлер 30 августары, сентябрьдің 5-імен 15-інің аралығындағы екпінді онкүндік кезінде жарияланған бас мақалалар мен басқа да хабарлардан жиі кездесіп отырды. Осыған байланысты редакцияның міндеті — өткір сынды өрістету, олқылықтың сырын аша жазу, кінәлі адамдардың кемшілігін бетіне басу, жұмыс қарқынын үдетудің нақтылы жолдарын көрсету еді. Бірақ «Есіл правдасында» сын атымен жоқ деуге болады, ал әлдеқалай жарияланған сын мақалалардың дәрежесі өте төмен. Олар

ешкімнің қытығына тимейді, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» сырғи береді.

«Есіл правдасының» сын мақалалары колхоз бен совхоздан аспайды, оның өзінде де көбінесе ешкімнің аты аталмайды. Газет «кейбір», «бірқатар» шаруашылық басшылары «өйтпей отыр, бұйтпей отыр» деген адрессіз сынға әуес. Жалтақ сынның жайы, әлбетте, осылай болады.

Астық үшін күресте облыс партия ұйымының аса зор саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп келе жатқаны мәлім. Алайда «Есіл правдасынан» осы жұмыстың бірде-бірін көру қиын. Мұнда партия тұрмысы тақырыбына материал жазудың екі түрлі әдісі бар көрінеді. Оның біріншісі: шаруашылық жұмыстарының табыстарын айта келіп, осының бәрі партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстың нәтижесі деп бірақ қорыту да, екіншісі: партия ұйымы бұқара арасындағы саяси және ұйымдастыру жұмысын пәрменді жүргізгендіктен, пәлен шаруашылық аса күрделі табыстарға жетіп отыр деп тұжыру. Газет коммунистердің жетекшілік ролін, социалистік жарыстың қалай ұйымдастырылғанын, партиялық жұмыстың әдістерін, ондағы жанаалықтарды көрсетпейді. Бұған 5 август пен 5 сентябрьде жарияланған бас мақалалар, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары Б. Мұқаметжанов, Ә. Маулин, Ақмола аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Е. Мақанов, Еркіншілік аудандық партия комитетінің секретары А. Қанапиянов жолдастардың мақалалары мен басқа да корреспонденциялар толық дәлел. Тіпті, Қанапиянов жолдастың мақаласында «партия ұйымы» немесе «коммунистер» деген бірде-бір сөз жоқ.

Соңғы уақытта газет «Үгітші бұрышын» жиі бере бастады. Бұл қуанарлық нәрсе. Бірақ «осы бұрышқа» кейде кез келген материалдар беріліп жүр. Солардың бірі 8 сентябрьде жарияланған «Пәрменді үгіт—табыс кілті» деген корреспонденция. Ол былай аяқталады: «Механизаторлар арасында пәрменді жүргізілген үгіттің жемісі ауа райының жақсарып, күннің ашылуына байланысты одан әрі ұлғая түсті». Сонда, үгіт жұмысы мен ауа райының арасында қандай байланыс бар?

Мемлекетке астық тапсыру және сату жөніндегі социалистік міндеттемелерді абыроймен орындау жолындағы күресте көптеген жанаалықтар шығып, талай-талай бастамалар туды. Тек август айының өзінде ғана газетте 6 үндеудің жарияланғаны мұны айқын дәлелдейді. Оның ішінде ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық кеңесіне қатысушылардың үндеуі, автомобиль қызметкерлерінің екі үндеуі, берліліктердің үндеуі және басқалары бар. Ақырында келіп, 29 августа Ақмола облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің барлық егіншілерге арнаған үндеуі жарияланды. Алайда редакция осы үндеулерді жариялаған күннің ертеңінде-ақ ұмытып отырды, сөйтіп кейіннен оларға қайтып оралмады. Газет оқушылар сол үндеулердің немен тынғанын, оларды қостаушылардың болған-болмағанын, социалистік жарыста алынған міндеттемелердің қалай орындалып жатқанын әлі күнге білмейді.

12 августа «Есіл правдасы» Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «1959 жылғы егінді жинаудың және астық сатып алудың барысы туралы» қаулысын жариялады. Онда астық үшін күрестің табысты болуын қамтамасыз ететін нақты шаралар белгіленген еді. Алайда газет бұл аса маңызды документті насихаттау және оны жүзеге асыру жөнінде ешбір жұмыс жүргізген жоқ, кейіннен оны да мүлде ұмытып кетті, сөйтіп саяси жағынан үлкен дәйексіздік жасады.

Тағы бір айта кететін жай: міндеттемелердің орындалуын жазуды, озаттардың жұмыс тәжірибесін таратуды «Есіл правдасы» ескер-

мей келеді. Соңғы екі айдың ішінде мұнда жергілікті егіншілердің жұмыс тәжірибесі жөнінде бірде-бір материал басылған жоқ. Редакция тәжірибені баяндайтын материалдарды Россия Федерациясында шығатын «Омская правда», «Приокская правда» газеттерінен көшіріп басуды тәуір көреді. Ал тап сондай тәжірибенің Ақмола тыңында да көп екені даусыз. Бірақ газет оны елемейді.

Аса маңызды саяси-шаруашылық науқандардың кезінде баспасөз рейдтерін өткізудің, тілшілер постыларын құрудың зор маңызы бар. Өзін өзі әлдеқашан ақтаған бұл әдісті қолданудан Ақмола журналистері де тыс қалған жоқ. Бірақ жұмыс өте кеш басталды. «Егін орағына әзірлікті тексереміз» деген алғашқы рубрика тек 9 августа ғана пайда болды. Бұдан кейін осы рубрика небәрі екі-ақ рет жарық көрді (14 және 15 август). Кейіннен рейд «Есіл правдасы» тілшілерінің посты хабарлайдымен» ұласты. Бұл рубрика да небәрі екі-ақ рет жарық етіп (16 август, 4 сентябрь), кейіннен ұшты-күйді жоқ болып кетті. Мұның үстіне 18 августа «Астық тасуға әзірліктің барысын тексереміз» деген жаңа рубрика тағы шықты. Әрине, тым кеш. Сондықтан болса керек, бұл рубрика да кейіннен көрінбей кетті. Міне, осының бәрі редакцияның жұмысты жоспарсыз істейтінін, үнемі оқиғалардың соңында жүретінін көрсетеді.

Сын жалтақ, объектілері ұсақ болғандықтан, редакция кездейсоқ материалдарға місе тұтып, жұмысты жоспарсыз істегендіктен газеттің беделі нашар, дабылдары аз. «Есіл правдасы» кәзір тап осындай жағдайда отыр. Соңғы екі айға жуық уақыттың ішінде «Біздің дабылымыздан кейін» деген рубриканың небәрі екі-үш-ақ рет көрінуі бұған толық дәлел бола алады.

Кәзір кең байтақ Отанымыздың жер-жерлерінде КПСС Орталық Комитетінің алдағы Пленумына әзірлік жүріп жатыр. Газеттер халқымыздың Пленум құрметіндегі еңбек вахтасында қол жеткен жаңа табыстары жөнінде күн сайын көптеген жаңалық хабарлар басуда. Мұндай материалдарды «Есіл правдасы» да жариялап келеді. Бірақ олар тым ұсақ және өте бытыраңқы.

Қорыта айтқанда, «Есіл правдасының» жұмысында тыянақты желі байсалды сын жоқ. Газет озат тәжірибені таратып отырмайды, қолға түскен кездейсоқ материалдарды қанағат тұтып, ұйымдастыру жұмысын жүргізбейді.

## НАСИХАТШЫЛАРДЫҢ СЕМИНАРЫ

Жақында Алматы облыстық партия комитеті КПСС тарихы насихатшыларының онкүндік семинарын өткізді.

Насихатшылар партия тарихы жөнінде бірсыпыра теориялық және методикалық лекциялар тыңдады. Олар «СССР-дегі техникалық прогресс және коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау», «Партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөніндегі шаралары» (1953—1958 жылдар) деген тақырыптарда өткізілген семинарларға белсене қатынасып, онда көтерілген мәселелерді қызу талқылады. Сонымен бірге семинарға қатынасушылар өз тәжірибелерін ортаға салды. Талдықорғандық насихатшылар Мәденова, Селин, Текеліден келген Микулин, Алматының насихатшысы Радченко жолдастардың іс тәжірибесі семинарға қатысушылардың ерекше назарын аударды.

Насихатшылар Алматы ауыр машина жасау зауытында, Қаскелен ауданындағы Ленин атындағы колхозда болды, Алматы киностудиясының жұмысымен танысты.

## КОММУНИСТІК ЕҢБЕК ОЗАТТАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ КЕҢ ТАРАТЫЛСЫН

Жамбыл қаласы кәсіпорындарында 120 бригада, цех, смена коммунистік еңбек жарысына қосылып, жетіжылдықтың алғашқы жылының тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау жолында қажырлы еңбек етіп жүр. Кәзірдің өзінде олардың 22-іне коммунистік еңбек бригадасы деген атақ берілді. Бұлардың ісі мен өмірінде үлгі аларлық, өнерге боларлық жаңалықтар көп. Мысалы, суперфосфат зауытының бу электр станциясындағы Виткин жолдас басқаратын коммунистік еңбек бригадасында оның барлық мүшелері дерлік екінші мамандықты меңгерді,

9 адам рационализатор, 14 адам кешкі химия-техникалық техникумда оқиды, бригаданың барлық мүшелері қоғам жұмысына белсене қатынасады.

Жақында Жамбыл облыстық партия комитетінің бюросы коммунистік еңбек озаттары тәжірибесін кең тарату туралы мәселе қарап, қалалық партия комитетінің бұл іспен жеткілікті дәрежеде шұғылданбай отырғанын атап көрсетті. Сонымен бірге озат тәжірибені кең тарату жөнінде тиісті шаралар белгіледі.

Облыстық партия комитетінің бюросы қалалық партия комитетін коммунистік жарысқа қосылған коллективтердің тәжірибесін қорытып, өндірістік кенес, радио, баспасөз, плакат арқылы кең таратып отыруға міндеттеді.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БАСШЫЛЫҚТЫ ЖАҚСARTУҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Жақында Алматы облыстық партия комитетінің бюросы артта қалған колхоздар мен совхоздарды кадрлармен нығайту туралы мәселе қарады.

Еліміздің жалынды патриоты — коммунист В. Гаганованың бастамасын Алматы облысы ауыл шаруашылығының қызметкерлері де қызу қолдады. Облыста жүзден астам агроном, зоотехник, мал дәрігері және партия, совет, комсомол қызметкерлері озат шаруашылықтардан артта қалған шаруашылықтарға ауысып, колхоз председателдері, совхоз директорлары, ферма меңгерушілері, бригадир болып жұмыс істеуге тілек білдірді.

Облыстық партия комитетінің бюросы аудандық партия комитеттерін бұл патриоттардың жемісті жұмыс істеуіне жағдай жасап, оларға күнделікті көмектесіп отыруға міндеттеді. Сонымен бірге облыстың Балқаш, Бөрлітөбе, Андреев және басқа аудандық партия комитеттерінен артта қалған шаруашылықтарды кадрлармен нығайту жөніндегі жұмысты жақсартуды талап етті.

## Әлеуметтік-экономикалық терминдер

**Берклеанство** — берклишілдік (философиядағы реакцияшыл субъективті идеологиялар, тағы басқалары мен көпшілік философы епископ Берклидің есімінен туған. Берклидің субъективті идеализмі дүниедегі заттардың бәрі тек адамның түйсігі ғана деп қарайды, ал түйсіктің өзі құдайдың ісі дейді. Сөйтіп ол дүниедегі заттардың бәрін шын бар объективті болмыс емес, тек адамның сезіну нәтижесі деп қарады, бүкіл материялық дүниені, соның ішінде адамның өзін де жоққа шығаруға дейін барды. Беркли материализмнің барып тұрған қас жауы, дінді барынша қорғаушы; дін халықты ауыздықтап ұстау үшін керек дейді ол).

**Бернштейншілдік** — бернштейншілдік (жұмысшы қозғалысындағы марксизмге жат оппортунистік, ревизионистік ағым; бұл ағым Батыс Европадағы ревизионизмнің, оппортунизмнің басты өкілі Бернштейннің есімімен осылай аталған. Бернштейн мен бернштейншілдер марксизмді «қайта қарау керек» деген болып, тап күресі, капитализмнің сөзсіз күйрейдігі және социалистік революция мен пролетариат диктатурасы жөніндегі марксизмнің негізгі қағидаларына қарсы шығып, олардың өңін айналдырып, бұрмалады, былайша айтқанда марксизмге ревизия жасауға әрекеттенді. Бернштейншілдер жұмысшы табы саяси күрес жүргізбеуі керек, тек экономикалық тұрмыс халін «жақсарту» үшін қажетті реформа жасатқызу бағытында ғана күрес жүргізуі керек деді).

**Библиография** — библиография (баспасөз шығармаларына түрлі көрсеткіш, тізім, шолу жасау әдістерін қарастыратын ілім; әр салаға арналған шығарма-

лардың тақырыбын, шыққан уақытын, авторын көрсетіп тіркеп, қысқаша мазмұнын да беру; баспадан шыққан кітаптарға қысқаша талдау жасалып, мазмұнын түсіндіретін күнделіктегі баспасөздің арнаулы бөлімі).

**Биметализм** — биметализм (күн өлшеуші ретінде екі бірдей металл айналыста жүретін ақша системасы — алтын, күміс).

**Биология** — биология (жан-жануарлардың, өсімдіктің, жалпы тірі организмнің өмірін, дамуын зерттейтін ілім).

**Биржа** — биржа (капиталистік елдерде бағалы қағаздар — акциялар, облигациялар, тағы басқалары мен көтере сатылатын товарлар өткізілетін, түрлі сауда-саттық келісімдері болып жататын өзінше бір ерекше рынок. Мұндай сауда жүргізетін орындарды фонды биржасы, товар биржасы деп атайды. Мұның үстіне капиталистік елдерде еңбек биржасы деген мекеме де болады, бұл мекеме жұмыссыздарды тізімге тіркеп, жұмысқа орналастыруда делдал есебінде араға жүреді).

**Бланкизм** — бланкизм (Францияның социалистік қозғалысындағы XIX ғасырда болған ағым; француздың утопиялық социализмі мен революциялық қозғалысының көрнекті өкілі Бланкидің есімімен аталып кеткен. Ленин айтқандай, бланкизм дегеніміз тап күресін мойындамайтын теория. Бланкизм адамзатты жалдамалы құлдықтан пролетариаттың таптық күресі арқылы азат етпей, шағын ғана революционерлердің завогор жасап, өкімет басына келуі арқылы азат етуге болады деп есептеген. Бұл ағым партияның, жұмысшы қозғалысының рөлін мойындамағанды).

### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З., Әбілдаев Қ., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т., Омаров Б., Хайдаров С. (жауапты секретарь), Ыдырысов Т.

Редакция адресі:

Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 103  
Тел. 23-03, 24-95.

13/Х-59 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—3,5 к.—9,59 авт т.

УГ05605. Тиражы 16150. Алматы, КҚП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 757



ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ  
АЙ САЙЫН ШЫҒЫП ТҰРАТЫН ТЕОРИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ САЯСИ

*Қазақстан*  
**КОММУНИСТІ**

журналына 1960 жылға  
жазылу басталды

«Қазақстан коммунисті» журналы маркстік-лениндік философия, Коммунистік партияның тарихы мен теориясы, саяси экономия мен нақты экономика жөнінде мақалалар, лекциялар және консультациялар жариялайды.

Журналда республика партия ұйымдарының ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстары жазылады, партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибелері қорытылады.

Журналда облыстық газеттерге және республикалық салалық журналдарға шолулар, жаңа кітаптарға рецензиялар жарияланады, сол сияқты әдебиет пен көркемөнер мәселелері бойынша мақалалар, оқушылардың сұрауларына жауаптар беріледі. Журналда әлеуметтік-саяси термин сөздерге қысқаша түсінік те беріліп жүр.

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

12 айға—24 сом,

6 айға—12 сом.

Журналға „Союзпечатьтің“ барлық бөлімдерінде, байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.